

ЕСИМГАЛИЕВА ТЛЕКШИ МАХСОТОВНА

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру

6D010300 – Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:
пед.ғыл.докт., проф.
Көшербаева А.Н.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Prof. Doctor Gıyasettin Aytaş

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2020

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ	17
1.1 Көптілді білім беру – Қазақстанның дамуындағы маңызды стратегия	17
1.2 Отандық және шетелдік зерттеулердегі көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің зерделенуі	31
1.3 Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары	46
2 ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ КЕЗЕҢІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ	61
2.1 Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мектептегі жаңартылған білім берудің ықпалы	61
2.2 Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда заманауи білім беру бағдарламаларының мүмкіндіктері мен болашағы	74
2.3 Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі	86
3 БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ	97
3.1 CLIL интеграциялық технологиясы көптілді білім беру жағдайында педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құралы	97
3.2 Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру бағдарламасының мазмұны мен жүйесі	114
3.3 Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қорытындылары	132
ҚОРЫТЫНДЫ	152
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	155
ҚОСЫМШАЛАР	167

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер көрсетілген:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Педагогтің кәсіби стандарты. // «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығына қосымша.

ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. //Егемен Қазақстан. 31.12.2019 ж. №250.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2003. – 26 желт. // Қолжетімділік тәртібі: www.eni.kz/downloads/tyzhyrymdamasy.pdf

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қараша №17669.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

Типтік оқу бағдарламалары: «Білім» мамандықтары үшін. //ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесінің 2016 жылдың 30 маусымындағы №2 хаттамасы. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016.

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 29 маусым 2011 жылғы №110 Жарлығы.

Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (мақалалар, сұхбаттар, баяндамалар, сараптамалық түсініктемелер және анықтамалық материалдар) – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2017. – 512 б.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Педагог-психолог – жеке тұлғаның психикалық күйлеріне, процестеріне, қасиеттеріне диагностикалау, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізе алатын кәсіби маман.

Педагог-психологтың кәсіби білімі – бұл жоғары білім беру жүйесінде оқытушының тікелей басшылығымен және білім алушының өздік жұмысы арқылы алынатын білімдердің жиынтығы.

Құзыреттілік – жеке тұлғаның өмірде алған білімі мен тәжірибесін өзбетінше қолдана алу.

Кәсіби құзыреттілік – тұлғаның кәсіби дамуында белгілі бір ғылым саласы бойынша білімі, ептілігі, дағдысының болуы және оларды тиімді қолдана алу қабілеті.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қабілеті.

Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі – пәнін көптілді білім беру мәселелеріне бағыттап алуға негіз болатын білімдері, ақпараттық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ұлттық және әлемдік жауаптылықты сезіну қабілеттерінен тұратын, көптілді азаматты қалыптастыруға дайындығын көрсететін олардың кіріктірілген күрделі сапасы.

Көптілділік – әлеуметтік ортада жеке адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін бірнеше тілдік құралдарды пайдалану арқылы қарым-қатынас жасауы.

Көптілді білім беру – білім беру кеңістігінде қоғамның қажеттіліктеріне байланысты оқу жоспарындағы пәндерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде меңгеруді мақсат ететін үдеріс болып табылады.

Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру – тұлғаның эмоционалды-интеллектуалды дамуын, әлеуметтік-мәдени этикалық мінез-құлық нормалары мен коммуникативтік дағдыларын және психологиялық қолдауды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін іс-әрекеттің кешенді құрылымы.

CLIL технологиясы – пән мазмұны мен тілді интеграциялай отырып, оқытушының сөйлесуін азайтып, студенттердің тұлғааралық вербальды қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған оқыту технологиясы.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы

ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы

ЖОО – Жоғары оқу орны

ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ХҒПК – Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

PhD – философия докторы

ҚазҰПУ – Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

КМТЖИУ – Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті

ОБСӨЖ – Оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмыстары

ЭТ – Эксперименттік топ

БТ – Бақылау топ

АКТ – Ақпараттық коммуникативті технологиялар

CLIL – Content and Language Integrated Learning

ОН – Оқу нәтижесі

ПП – Педагогика және психология

ЭПК – Элективті пәндер каталогы

ЖОЖ – Жұмыс оқу жоспары

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы

ББ – Білім беру бағдарламасы

КІРІСПЕ

Зерттеудің көкейкестілігі. Жаңа ғасырда көпшіліктің назарын адаммен байланысты ғылымдар қызықтыруда. Осының айғағы ретінде – адамның ішкі психикалық әлемі мен рухани дамуын зерттейтін психология ғылымы саласындағы мамандарды даярлау – өзекті мәселе болып отыр. Қазіргі кезде білім беру жүйесінде және әлеуметтік ортаның көптеген салаларында педагог-психолог мамандарына сұраныс мол болып отыр. Білім беру жүйесінде педагог-психолог оқушыларға, олардың ата-аналарына, педагогтарға көптеген мәселелерді тиімді шешудің психологиялық негіздерін анықтауға, балалардың жас және тұлғалық қасиеттерін анықтауға, отбасында және мектептерде балалармен тіл табыса алмай жүргендерге психологиялық кеңес беру, психологиялық ағарту, түзету жұмыстарын ұйымдастыруға және ерекше қиын жағдайларда оқушыларды психологиялық дағдарысының оңтайландыру жолдарын қарастыруға, кәсіби білім беру саласының да сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

«Кәсіптік білім берудің бүкіл жүйесін еңбек нарығында талап етілетін құзыреттерді қалыптастыруға қайта бағдарлауға тиіспіз», - деп атап көрсетілген Президент Қ.К.Тоқаевтың Жолдауында білім беру мекемелерінде, болашақ мамандарды дайындаудағы басты басымдылықтың сапалылыққа негіздеуде екені аңғарылады [1].

Болашақ мамандардың, соның ішінде педагог-психолог мамандарының кәсіби құзыретті болуы, көптілді меңгеруі, практикалық тәжірибеге бейім, өзінің болашақтағы кәсіби іс-әрекетіне қызығатын, кәсіби іскерлігі мен дағдылары қалыптасқан, білімді де білікті маман болуы қажеттілігіне мән берілген.

Жоғарыда аталған мәселені шешудің құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы [2], Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [3], Қазақстан Республикасының Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары [4], Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [5], «Педагогтің кәсіби стандарты» [6], ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы [7] және басқа мемлекеттік нормативтік құжаттар мен Елбасы мен Президенттің жыл сайын Қазақстан халқына Жолдау ретінде ұсынатын стратегиялық бағдарламалары құрайды.

Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасының 76, 77 және 79 қадамында «адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту, жоғары оқу орнында білікті кадрларды даярлау, кейіннен бұл тәжірибені еліміздің басқа оқу орындарында тарату, білім беру жүйесінде ЖОО-да ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу» бағыттары көрсетілген. Ал бұл болса, педагогтардың кәсіби ұтқырлығы мен өзінің кәсіби өсуін жүзеге асыруды, алдында тұрған міндеттерді жеке шеше алу іскерліктерін қалыптастыруды талап етеді [8].

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кәсіби білім беру жүйесін әлемдік озық тенденциялар мен контекстінде модернизациялау, болашақ мұғалімнің практикалық даярлығын арттыру міндеттелген [5, с.5].

Бүгінде еліміз әлемнің озық отыз елінің құрамына кіру стратегиясының жүзеге асырылуы және соған сәйкес әлемдік біртұтас білім беру кеңістігіне ену жағдайына байланысты жоғары оқу орындарында нарық талаптарына сай: кәсіби білім, білік, дағдылары қалыптасқан, тұлғалық сапалары дамыған бәсекеге қабілетті, көптілді білімі бар мамандарды қалыптастыру міндеттері іске асырылуда.

Осыған байланысты, болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады. Өйткені, 2019 жылдың желтоқсан айында қабылданған Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» заңының қабылдануы және соған сәйкес педагогқа қатысты қызметтері, іс-әрекеттері, құзыреттіліктеріндегі өзгерістерінің болуы жұмысымызға жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Біріншіден, зерттеу жұмысымызда құзыреттілік ұғымы қарастырылса, екіншіден, еліміздің орта білім беру жүйесінің жаңартылған білім беру мазмұнына көшуі және оның негізі – үштілділік болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты мақаласында: «Біз білім беру саласының өзекті мәселелерін қайта қарастыруды талап ететін, адам қызметінің барлық салалары жаһандану үдерісін кешіп жатқан дәуірде өмір сүріп, жұмыс істейміз. Егемен еліміздің болашақ бағдарының үштұғырлы тілдер саясатын негізге алып отырғаны – бүгінгі ақпараттық қоғамның және қашанда өз өктемдігін жүргізетін уақыт пен заманның талабы», - деп қарастырған [9].

Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдері де назардан тыс қалған жоқ. Өйткені, мәдениет пен тілдердің саналуандығы – бұл Қазақстанның ұлттық байлығы. Яғни, еліміздегі кез-келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын ерікті түрде таңдай алады. Қоғамымызда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр.

Қазақстанда әлеуметтік-экономикалық, рухани қалыптасуының жаңа міндеттерін іс жүзінде асыруға дайын жас ұрпақты тәрбиелеудің негізгі факторларының бірі – білім беру мекемелерінде көптілді білім беруді жолға қою болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі жас ұрпаққа ана тілімен қоса бірнеше шет тілдерін оқу бағдарламасына енгізіп оқытуды қарастыруда, яғни, болашақта көптілді білім алған мектеп түлектеріміздің халықаралық еңбек нарығындағы сұранысқа жауап беретін білікті маман болып жетілуіне септігін тигізеді [10]. Көптілді білім беру мәселесіне отандық ғалымдар мен шетелдік ғалымдар қызығушылық танытуда. Шетелдік зерттеулерде көптілді білім беру мәселесі туралы терең қарастырылған, ал отандық зерттеулерде көптілді білім беру мәселесі бойынша жеткілікті ғылыми

зерттеу жүргізіліп, осы бағыттағы жұмыстар өз бастамасын тапқанмен, әлі де зерттеуді қажет етеді.

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі болып келетіндігі күмән келтірмейді. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және көптілді ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызады.

Біздің ойымызша, қазіргі таңда болашақ педагогтарды бәсекелестікке дайындаудың бірден бір жолы – көптілділік.

«Көптілділік» ұғымы кең мағынада қолданылады. Бұл термин кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы сөзімен дәл бүгінгі дамыған күнге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, энциклопедист ғалым, әлемде Аристотельден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігін аңғаруға болады. Мұның өзі сол кезеңнің өзінде тілдерді меңгеру мәселелерінің өзекті болғанын аңғартады [11].

Көптілді білім беру мәселесін зерттеуде өз үлестерін қосқан ғалымдар: Л.Балаян [12], Ю.Д.Дешериев [13], Б.Хасанов [14], А.Мартине [15], Ф.П.Филин [16], В.Г.Костомаров [17], Я.А.Коменский [18], Ж.Пиаже [19], Л.С.Выготский [20], Б.Жумагулова [21], О.П.Коваль [22], А.Аренова [23], В.А.Ершов [24], Г.Д.Дмитриев [25], К.Ж.Кожаметова [26], М.Надырмағамбетова [27], А.Карбаева [28], Б.Шультер [29], К.Т.Баймуханова [30], Б.А.Жетпісбаева [31], Grimes Barbara [32], Comrie Bernard [33], Crystal David [34], Dutcher Nadine [35], Richard Tucker [36], Lambert Wallace [37], Alan Pritchard [38], S.L.Walter [39], John W.Creswell [40], Nakuta [41] т.б.

Көптілділік мәселесін шет тілін оқыту теориясы бойынша С.С.Құнанбаева [42], көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыруын Д.Э.Гаипов [43], Д.Н.Кулибаева [44], И.И.Халеева [45], С.Ж.Берденова [46], А.Н.Жорабекова [47], Э.Д.Сүлейменова [48], С.З.Темірғалиева [49], С.Е.Байболсынова [50], М.К.Исаев [51], Б.Хасанұлы [52], Г.А.Ғабдуллина [53], Н.Ж.Шаймерденова [54], тілдің психолінгвистика мәселелері Ж.Қ.Ибраева [55], St.Pinker [56] еңбектерінде талқыланған.

«Көптілді білім беру» ұғымының ЮНЕСКО-ның тұжырымдамасына сәйкес кем дегенде үш тілді қамтиды: аймақтық немесе ұлттық және халықаралық тілді [57]. Көптілді білім беру мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары осы жүйе аясында жұмыс жасауда. Көптілді білім беру – өскелең ұрпақтың әлемдік білім кеңістігінде еркін тыныстауға, жұмбақ ғылымдардың сырын ашуға, тілдік сананың дамуына жол ашады.

Жалпы «Көптілді білім беру» ұғымы 1999 жылы ЮНЕСКО-ның конференциясында бекітілген. Бұл білім беру саласында үш тілден кем емес тілдерді (ана тілі, аймақтық және ұлттық және халықаралық тілдерді)

қолдануды білдіреді [57, с.38].

Осы тілдерді қолдану «Білім берудің инклюзивтілігі мен сапасының маңызды факторы» болып табылады [58].

ЮНЕСКО халықаралық ұйымының көптілділік туралы ресми құжаттарында дүниежүзіндегі барша халықтарға өз тілдерін киберкеңістікте, яғни, электрондық түрін шығарып интернет желісіне қосуды ұсынады. Нәтижесінде, дүниенің кез-келген жерінде интернет желісіне байланысу арқылы қалаған тілмен танысып, үйренуге мүмкіндік болады. Сонымен қатар, көптілді білім беру жүйесі арқылы шетелдік ғалымдардың еңбектерімен және дүниежүзінде күнделікті болып жатқан жаңалықтар және өзгерістермен тікелей танысу мүмкіндігіне қол жеткізуге болады. Тіл саясаты мен көптілділік қағидасы Еуропалық Одақ құрудағы басым мәселелерге айналды. 1995 жылы Еуропалық Комиссия үш еуропалық азаматтар үшін үштілділік мақсатын қойған білім туралы ресми баяндама жасады. Комиссия ақпараттық кезеңде бірыңғай нарықта көптілді қарым-қатынас дағдысының маңыздылығын атап өтті. «Көптілді және танымдық электрондық Learning Management жүйесі мәселелері көптілділік, білім беру және мәдениет жыл сайын электрондық оқыту құралдары мысалы, Вавилон және Онтология жобасы пайдаланып, Көптілділік бойынша зерттеу үшін Еуропалық Комиссия гранттарды, сонымен қатар 2007 жылдан бері Еуропалық комиссияның отырыстарында қаралды» [57,с.38].

Қазақстанда алғаш рет үштұғырлы тіл идеясы 2006 жылдың қазан айында ҚР Тұңғыш президентінің XII отырысында Ассамблея халқы кем дегенде үш тілді білу біздің болашағымыз үшін маңызды екенін растады. Ал қазірдің өзінде 2007 жылы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауында Қазақстан халқына Н.Назарбаев біз үш тілді дамыту керектігін айтты, соған сәйкес мәдени жобасын «Тілдердің үштұғырлылығы», кезең-кезеңмен іске асыруды бастауды ұсынды: мемлекет ретінде қазақ, ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде орыс және ағылшын көптілді білім беру экономикаға сәтті кірігу тілі: «Қазақстан бүкіл әлемде үш тілде қолданатын жоғары білімді ел ретінде қабылдануы керек» [59]. Осы сәттен бастап Қазақстанның жаңа тіл саясаты басталады. Көптілді білім беру туралы мәселе Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы [60], Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [61], «Білім туралы» [62], «Тілдер туралы» заңнамасы [63], Қазақстан Республикасының Конституциясы [64], Қазақстан Республикасының Заңы бекітілген болатын және басқалардың құқықтық негізін қалыптастырды. Жоғарыда аталған құжаттар көптілді білім берудің рөлі мен орнын, көптілді білім беруді басқарудың заманауи және тиімді жүйесін құру принциптерін анықтайды. Бұдан 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруды институционалдық қолдау туралы айтуға болады [65]. Көптілділіктің негізгі құзыреттіліктері Еуразиялық мультикультурализм, байланыс және технократиялық болады. Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы үш кезеңде жүзеге асырылып келеді. Бірінші кезеңде (2011-2013 ж.ж.) тілдерді

одан әрі дамыту және дамыту үшін құқықтық және әдіснамалық базаны жетілдіруге бағытталған шаралар кешені жүзеге асырылды. Екінші кезеңі (2014-2016 ж.ж.) практикалық мемлекеттік тілді зерттеу және пайдалану, жаңа технологиялар мен әдістерді іске асыру жөніндегі шаралар, сондай-ақ тілдік әралуандықты сақтау пакетін жүзеге асыру жоспары. Үшінші фаза (2017-2020 ж.ж.) қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің, оның дұрыс қолдану және басқа да тілдерді лауазымдарының одан әрі сақтау меншік деңгейінің сапасын өзектілігі дәрежесін жүйелі мониторинг арқылы нәтижелерін топтастыруды жүзеге асырылатын болады. Мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың бағдарламасы үлесін қорытындысы бойынша, 2014 жылы – 20%, 2017 жылы – 40%, 2020 жылы – 80% құрайды, 2020 жылға қарай орыс тілін білетін қазақтардың үлесі кемінде – 90% құрайды. Ағылшын тілін меңгерген республика халқының үлесі: 2014 жылы – 10%, 2017 жылы – 15%, 2020 жылы – 20% дейін болатынын атап көрсеткен. Құжаттарды талдай келе, болашақ педагог-психологтарды көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілік негізінде бәсекеге қабілетті, шығармашылық, өзін-өзі дамытуға қабілеттерін арттыру бүгінгі күннің талабы екенін көріп отырмыз.

Құзыреттілік амал «Еуропалық білім беру жобасында» (1996 ж.) негізі қаланып, еліміздегі білім беруді ұйымдастыруға қатысты барлық құжаттардың басты парадигмалық идеясы ретінде басшылыққа алынады.

Осыдан біз көздеп отырған болашақ педагог-психологтарды көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттіліктер негізінде бәсекеге қабілетті, шығармашылық, өзін-өзі дамытуға қабілеттерін арттыру бүгінгі күннің ерекше талабы болып көптеген ғалымдардың назарын аударып отыр. Осы бағыттағы ғылыми еңбектерді төмендегідей топтастырса болады:

- болашақ педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру және өзін-өзі әрі қарай үздіксіз білім алу арқылы дамытуының моделін құрылымдау (М.Фуллан [66], А.А.Вербицкий [67], П.Мак-Ларен [68] және т.б.);

- маманды кәсіби даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздері, мамандықтың мәні, өзіндік ерекшеліктері мен қызметтері және өздігінен дербес білімін жетілдіруге байланысты ғылыми-әдістемелік бағдар ұсыну (М.Барбер [69], Н.В.Кузьмина [70], Брунер Дж. [71], Н.Д.Хмель [72], А.К.Маркова[73], С.М.Кеңесбаев [74], К.М.Беркімбаев [75], Ұ.М.Әбдіғапбарова [76] және т.б.);

- болашақ педагог-психологтардың танымдық, коммуникативтік әрекеттерінің түрлері мен оларды белсендіру мәселелері (Қ.Б.Жарықбаев [77], С.М.Жақыпов [78], М.Ә.Перленбетов [79], Н.Б.Жиенбаева [80], А.Р.Ерментаева [81] және т.б.);

- болашақ педагогтардың шығармашылық әлеуетін, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру (Б.А.Тұрғынбаева [82], М.А.Абсатова [83], Т.Б.Тажибаев [84], Г.К.Айжанова [85], Г.У.Кунакова [86] және т.б.);

- білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін (Ш.Х.Құрманалина [87], К.С.Кудайбергенова [88], Б.Т.Кенжебеков [89], Г.Ж.Менлібекова [90],

Б.Р.Қасқатаева [91], М.В.Семёнова [92], С.И.Ферхо [93] және т.б.).

Аталған ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып соңғы он жылдықтағы жаңа сын-қатерлердің туындауына байланысты кәсіби даярлау бағыты бірқатар мәселелерді шешуді талап ететінін айту қажет. Осындай қажеттіліктің басты факторларын атап айтсақ:

- әлемдік қоғамдастықтағы әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістер;
- Қазақстанның Болон жүйесі мен ашық білім беру кеңістігіне қосылуы;
- жаңартылған білім беру мазмұны және заманауи мектептің көптілді аясы, оқушылардың ағылшын тілінде білім алуы;
- қашықтықтан (online) оқытуға сұраныстың болуы және виртуалды әлемде өмір сүру т.б.

Әрине, аталған факторлардың қазіргі заманғы тұлғалардың дамуына оң және теріс ықпалы бар. Бүгінгі таңда білім беру стандартында белгіленген кәсіби құзыреттіліктер педагог-психолог үшін жеткіліксіз екендігін айтқан жөн. Білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, сүйемелдеу міндетті түрде жаңа құзыреттерді талап етеді және біз қарастырып отырған мәселені өзектендіреді. Сонымен қатар, зерттеу барысында жоғары оқу орындарында педагог-психологтарды кәсіби әрекетке дайындау үдерісін көптілді білім беру талаптарына сай қайта қарау, оның теориясы мен ғылыми-әдістемелік негіздерін жаңарту мәселесі арнайы зерттелмегендігі анықталды.

Атап айтсақ, ЖОО болашақ педагог-психолог мамандарын көптілді білім беру талаптарына сай дайындауға деген қоғамдық сұраныс пен оған негіз болатын теориялық тұғырлардың айқындалмауы арасындағы, болашақ педагог-психологтарда көптілді білім беру жағдайына байланысты заманауи құзыреттіліктерін қалыптастырудың объективті қажеттілігі мен оның жүзеге асуын қамтамасыз ететін ғылыми негізделген тиімді әдістері мен жолдарының айқындалмауы арасындағы **қарама-қайшылықтардың** бар екендігін көрсетеді.

Осы аталған қарама-қайшылықтардан көптілді білім беру жағдайындағы педагог-психологтардың өз педагогикалық іс-әрекетін тиімді атқаруларына қажетті құзыреттіліктердің құрылымы қандай, оны кәсіби білім алу барысында қалыптастыру қандай жолдар мен әдістер арқылы іске асырылуы тиіс деген зерттеу мәселесі туындайды. Мәселенің көкейкестілігі мен аталған қарама-қайшылықтардың шешімін іздестіру зерттеу тақырыбын «Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру» - деп таңдауға негіз болды.

Зерттеу мақсаты: болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыруды теориялық және әдіснамалық тұрғыда негіздеу, құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну, әдістемесін жасау және олардың тиімділігін эксперименттік жұмыста сынақтан өткізу.

Зерттеу нысаны: жоғары оқу орындағы біртұтас педагогикалық үдеріс.

Зерттеу пәні: болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттілігі.

Зерттеу болжамы: егер, болашақ педагог-психологтардың заманауи

кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру теориялық және әдіснамалық тұрғыда негізделсе, мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттерден тұратын әдіс-тәсілдер, құралдары мен көрсеткіштері айқындалған модель жүзеге асырылып, білім алушылар көптілді білімдер мен кәсіби білік, дағдыларын белсенді меңгерсе, онда олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың тиімділігі артады, өйткені бұл жағдайда жоғары оқу орынының білім беру бағдарламасы көптілді білім беру талаптарына сәйкес құрастырылып жүзеге асады.

Мақсат пен гипотезаға сәйкес зерттеу міндеттері анықталды:

1. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігін негіздеу және «көптілділік», «көптілді білім беру», «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мәнін нақтылау;

2. Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын айқындау;

3. Мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны мен ЖОО-да білім беру бағдарламаларының талдау негізінде олардың өзара байланысы мен сабақтастығын және педагог-психологтың заманауи кәсіби құзыреттілігін анықтау;

4. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілді білім беру жағдайында қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну және тиімділігін практика жүзінде дәлелдеу;

5. «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» бағдарламасының мазмұны мен жүйесін әзірлеп, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізу.

Зерттеудің жетекші идеясы – болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру, олардың кәсіби іс-әрекетке даярлығын ғана емес, көптілді білім берудің заманауи талаптарына сай қажетті құзыреттіліктерін қалыптастыру жаңа сапалық деңгейге көтереді.

Зерттеудің теориялық әдіснамалық негіздері:

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру бойынша тарихи-қоғамдық заңдылықтар дамуын ашатын философиялық қағидалар, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтардың өзара бірлігі туралы тұжырымдамалары, ғалым педагогтардың, психологтардың, философтардың, әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушылардың еңбектері, көзқарастары, тұжырымдары, зерттеулерімен анықталады.

Зерттеудің қайнар көздері: Зерттеу мәселесі бойынша философтардың, психологтардың, педагогтардың және әлеуметтану бойынша мамандардың ғылыми еңбектері, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңдары, Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім және жоғары білім берудің мемлекеттік стандарттары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің білім беру мәселелеріне қатысты нормативті құжаттары, Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Педагог мәртебесі» заңы, ғылыми педагогикалық мерзімді басылымдар және автордың педагогикалық тәжірибесі.

Зерттеудің негізгі кезеңдері: Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тәжірибелік-педагогикалық жұмысқа қойылған мақсатқа сай үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезең (2016-2017 ж.ж.) зерттеу мәселесі анықталып, оның мақсаты мен міндеттері айқындалды, зерттеудің ғылыми аппараты дайындалды. Отандық, шетелдік іргелі ғылыми зерттеулерге талдау жасау барысында қарастырылып отырған мәселенің теориялық-әдіснамалық негіздері анықталды. Тақырып бойынша материалдар сұрыпталып, жинақталды. Ғылыми мақалалар дайындалып, басылымдарда жарық көрді. Тәжірибелік алаңдар анықталып, эксперименттік жұмыстың жоспары, бағдарламасы дайындалды.

Екінші кезең (2017-2018 ж.ж.) теориялық материалдарды жүйелеу жалғасын тапты, анықтау эксперименті барысында болашақ педагог-психологтардың тест, сауалнама арқылы алғашқы білім деңгейлері тексерілді, нәтижелері қорытындыланды, қалыптастыру эксперименті жүргізілді. Студенттерге арналған жұмыстар (семинар, тренинг) байқаудан өткізіліп, тәжірибеге енгізілді.

Үшінші кезең (2019-2020 ж.ж.) қалыптастыру эксперименті жалғасын тапты, алынған нәтижелер сұрыпталып, өңделіп, құрылымы бойынша жүйеленді, ұсыныстар әзірленді, диссертация талаптарға сай рәсімделді.

Зерттеудің әдістері: диссертациялық жұмысты жүргізу барысында қолданылған теориялық (зерттеу мәселесі бойынша философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық, педагогикалық ғылыми әдебиеттерге теориялық әдіснамалық талдау жасау, салыстыру, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, зерттеудің нәтижесін жобалау, үлгілеу, тұжырымдау), эмпирикалық (сауалнама, тест, педагогикалық бақылау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізу), статистикалық (зерттеу бойынша алынған нәтижелерді математикалық-статистикалық тұрғыдан өңдеу).

Зерттеу базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі:

1. Болашақ педагог-психологтардың заманауи кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру қажеттілігі ғылыми тұрғыда негізделді және «көптілділік», «көптілді білім беру», «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мәні нақтыланды.

2. Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың заманауи кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары жүйеленді.

3. Мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны мен ЖОО-да білім беру бағдарламаларын жан-жақты талдау негізінде олардың өзара байланысы, сабақтастығы және педагог-психологтардың қажетті кәсіби қызметтері мен заманауи құзыреттіліктері негізделді.

4. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілді

білім беру жағдайында қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленіп тиімділігі тәжірибе арқылы дәлелденді.

5. «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» тақырыбында дайындалған үш бағытты (**тілдік, танымдық, психологиялық**) бағдарламасы жасалынып және ұсынылған заманауи құзыреттіліктердің тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмысында интегративті CLIL технологиясы шеңберінде сынақтан өткізілді.

Зерттеудің практикалық мәні: болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың моделі ішінара жоғары білім беру жүйесінің тәжірибесіне енгізілді, зерттеу барысында қол жеткізген теориялық қағидалар мен тұжырымдар білім беру мазмұнын жаңартуға арналған практикалық оқу материалдарын жасауға мүмкіндік берді. «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» тақырыбында дайындалған (үш бағыттағы: тілдік, танымдық, психологиялық) бағдарламаны, «English Club» жоспары, психологиялық тренингтер мектепте, жоғары оқу орындарында, педагогикалық колледждерде қолдану арқылы педагог-психологтарды дайындау сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру қажеттілігінің басты факторлары мен көптілді білім беру жағдайындағы әдіснамалық тұғырлар;

- мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны мен ЖОО-ы білім беру бағдарламаларының өзара байланысы мен сабақтастығы және көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың заманауи кәсіби құзыреттіліктерінің тиімділігі;

- болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі психологиялық қызметті жүзеге асыру мен педагог-психологтарды даярлау тұжырымдамаларына негізделген;

- «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» тақырыбындағы үш бағытты (**тілдік, танымдық, психологиялық**) арнайы бағдарлама, интегративті CLIL технологиясы және тиімді әдістемелер зерттеудің негізгі мәселесін шешуге бағытталған.

Зерттеудің дәлелділігі мен негізділігі: Зерттеудің мақсаты мен міндеттерінің ғылыми аппаратқа сай болуымен, зерттеу әдістерінің, тәжірибе-эксперимент жұмыстарының жоспарлы және жүйелі іске асуымен, ұсыныстардың жалпы білім беретін мектептердің, орта және жоғары оқу орындарының іс-тәжірибелеріне енгізілуімен, сондай-ақ зерттеудің негізгі мәселелері мен нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда талқылануымен қамтамасыз етіледі. Докторанттың өзіндік іс-әрекетінің қалыптасуына арналған философиялық, психологиялық, педагогикалық еңбектердегі қағидалардың басшылыққа алынуымен, ЖОО оқу үдерісіне зерттеудің нәтижелерін енгізуімен дәлелденді.

Зерттеу нәтижелерінің мақұлдануы: Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда және Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялар жинақтары материалдарында жарық көрді.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертация мазмұнын кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар құрайды.

Кіріспе бөлімінде зерттеудің көкейкестілігі, ғылыми аппараты, мақсаты, объектісі, пәні, міндеті, болжамы, әдіснамалық негіздері, зерттеудің кезеңдері, зерттеудің ғылыми жаңалығы, практикалық мәнділігі, зерттеу базасы, қорғауға ұсынылатын қағидалары сипатталады.

«Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастырудың әдіснамалық негіздері» атты бірінші тарауда көптілді білім беру Қазақстанның дамуындағы маңызды стратегиясы ретінде сипатталады, отандық және шетелдік зерттеулердегі көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерінің зерделенуі талданады.

«Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жаңартылған білім беру кезеңінде болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы» атты екінші тарауда болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мектептегі жаңартылған білім берудің ықпалы сипатталады, ЖОО-ның заманауи білім беру бағдарламаларының мүмкіндіктері мен болашағы айқындалады және құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылады.

«Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастырудың тәжірибелік-эксперименттік жұмыстары» атты үшінші тарауда CLIL интеграциялық технологиясы көптілді білім беру жағдайында педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құралы ретінде айқындалады, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру бағдарламасының мазмұны мен жүйесі жасалады, зерттеу жұмыстары бойынша жүргізілген эксперименттік жұмыс қорытындыларының тиімділігі сынақтан өткізіледі.

Қорытындыда зерттеу жұмысы бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелеріне негізделген тұжырымдар жасалынып, ғылыми тұрғыдан ұсыныстар берілді.

Қосымшада зерттеу барысында пайдаланылған диагностикалық материалдар, білім беру бағдарламалар, студенттерге арналған сауалнамалар, тренингтер және тест сұрақтары ұсынылады.

1 БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Көптілді білім беру – Қазақстанның дамуындағы маңызды стратегия

Бұл тараудың мақсаты – еліміздің дамуындағы маңызды стратегиясы көптілді білім беру мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу.

Тұңғыш президентіміз Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады [94]. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифрлы Қазақстан», «Үш тілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы» - деп қарастырылған.

Бұл бүгінгі таңда бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау – ХХІ ғасырдағы жоғары оқу орнының басты міндеттерінің бірі екендігін көрсетеді. Осыған сәйкес, болашақ педагог-психолог – зерттеуші, еңбекқор, ұйымшыл, гуманист, белсенді патриот, көп тілді меңгерген, үштұғырлы тіл талаптары деңгейінде жүргізе алатын болғанда ғана қоғамның мықты да білікті, көп мәдениетті, жан-жақты дамыған, шығармашылық қабілеті жоғары маман тұлғасын қалыптастырып, даярлау нәтижелі болады.

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Еліміз бірнеше ұлттан тұратындықтан, сол ұлттың тілін, дәстүрін білу мәдениеттілікке жатады. Сонымен қатар бір немесе бірнеше шет тілін меңгеру, тұлғаның тілдік сана дамуының халықаралық бірізділікті қамтамасыз ету – мемлекеттің басты стратегиялық міндетіне жатады. Мемлекеттік бағдарлама бойынша елімізде жаңа буын оқулықтары алты тілде: қазақ, орыс, өзбек, ұйғыр, түрік және ағылшын тілдерінде жарияланады. Ағылшын және орыс тілдері міндетті түрде жалпы білім беретін мекемелерде, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, ЖОО-да оқытылады. Яғни, осы оқытылатын тілдердің оқу бағдарламалары мен жоспарлары жасалған. Осы ретте Қазақстанда қалыпты жағдайда екі тілді немесе көптілді білім беру үдерісі көрініс табады [95].

Қазіргі таңда жаһандану жағдайында білім беру кеңістігінде үлкен рөлге ие болған көптілді білім беру мәселесі жан-жақты қарастырылып, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне кеңінен енгізілуде. Дүние жүзінде көптілді білім беру мәселесінің қарастырылуы – экономика, саясат, мәдениет пен білім және ғылым саласындағы түбегейлі өзгерістермен байланысты заңды үдеріс.

Осыған байланысты, көптілді білім беру саясаты «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында» [96], Қазақстан Республикасының «Білім туралы»

Заңдарында [97] көрінісін тапқан:

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгілі мақсат пен міндеттер қойылған:

- әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын көпдеңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптастыру үшін білім беруді дамытудағы стратегиялық басымдықтарды анықтау;

- азаматтық пен патриотизм, ұлтжанды қасиеттер бойына дарыған шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктері, даралығы дамыған тұлғаны қалыптастыру;

- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгерту;

- оқытудың жаңа технологиялары, оның ішінде кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану [96, с.2; 97, с.3].

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты мақаласында: «Біз білім беру саласының өзекті мәселелерін қайта қарастыруды талап ететін, адам қызметінің барлық салалары жаһандану үдерісін кешіп жатқан дәуірде өмір сүріп, жұмыс істейміз. Егемен еліміздің болашақ бағдарының үштұғырлы тілдер саясатын негізге алып отырғаны – бүгінгі ақпараттық қоғамның және қашанда өз өктемдігін жүргізетін уақыт пен заманның талабы», – деп қарастырылған [98].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуы керектігі жөнінде айтылды [99].

Қазақстан халқының, әсіресе, болашақ мамандардың еркін меңгеруі шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистік белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізу бағытталуы көптілді білім беруді енгізуді негізі екендігін көре аламыз.

Қазіргі заманғы қоғамда адамнан тек білімді болуын талап етіп қана қоймай, жоғары деңгейдегі мәдениет, ғылым мен техниканың түрлі салаларында терең мамандануын ғана емес қоғамда өмір сүріп, тіршілік ете білуді талап етеді. Болашақ педагогтардың тұлғалық дамуының негізгі өлшемдері оның жалпы адамзаттық құндылықтарға бағытталуы, ізгілік, зиялылық, креативтілік, белсенділік, үш тілді меңгерген білікті маман болып табылады.

Осыған орай, білім беру саласын жаңғыртудың негізі ретінде көптілді білім беру мәселесінің мәнін ашу үшін, «тіл», көптілділік, «көптілді білім беру» ұғымдарына тоқталуды жөн көрдік.

Көптеген ғылыми әдебиеттерде тіл мәселесіне жан-жақты анықтамалар келтірілген. Атап өтсек:

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау құралы, белгілі бір ұлттың сана-сезімі, халықтың қасиеті, оның жалпы тарихы, әдет-ғұрпы, мәдениеті қатарлыларды тұтастай өз бойына қамтып жататын күрделі ұғым.

Тіл – адамзат баласының ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік төл мәдениетімен ұштасып, ұлт болмысының тікелей көрінісі болып табылатын қымбат дүниесі.

Тіл – әр халықтың рухани өмірін, тарихын, ұлттық нақышын, дүниенің тілдік бейнесін, сипаттау құралы.

Тіл – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қазынасы, рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізуші формасы.

Тіл – мәдениет тасымалдаушысы, әрбір мәдениет өзін дүниеге әкелген халықтың немесе қауымның іс-әрекетінің нәтижесі.

Тіл – үйренушінің коммуникациялық хабардарлығы қазақ елінің, халқының, тарихы мен мәдениетін, экономикасын салыстыра, салғастыра дамытуға қызмет етудегі қажеттілік.

Тіл – адам өміріндегі ең шешуші рөл атқарады. Ол – танудың, түсінудің, дамудың құралы [95, с.93-97].

Сонымен, жоғарыда қарастырылған «Тіл» мәселесіне байланысты ой-пікірлер мен тұжырымдарды негізге ала отырып, біз анықтамамызды беруге тырыстық.

Тіл дегеніміз – әрбір халықтың ұлттық болмысының дамуындағы тарихы мен тағдырын, тәрбиесі мен тағылымын, тұлғааралық қарым-қатынасты жүзеге асыруды сипаттайтын рухани құнды қазынасы.

Бүгінде кәсіби қызметтің барлық салаларында көптілділік, цифрландыру үдерісінің ықпалы кеңінен орын алып отырғандықтан, жоғары білім беру саласында да қайта қарастырылып, зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Осыған орай, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, көпмәдениеттілік бүгінгі уақытта әлемдік білім беру кеңістігін қалыптастыратын білім беру құзыреттілігінің басты бағыттарының бірі болып есептеледі.

Еліміздің болашағы ойлау дәрежесі биік, дүниетанымы мол, парасатты азаматтарын дамыту үшін қазіргі таңда ұрпаққа ұлттық рухани құндылықтарды дүниежүзілік озық ой-пікірімен өзара байланыстырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет.

Көптілді білім беру ұғымының мәндік сипаттамаларына анықтамалық талдау нәтижесі келесі «көптілді білім беру» ұғымын анықтауға мүмкіндік береді.

«Көптілділік» ұғымы кең мағынада қолданылады. Бұл термин кезінде халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген аталы

сөзімен дәл бүгінгі дамыған күнге сәйкес айтылғандай. Тарихи деректерге жүгінсек, энциклопедист ғалым, әлемде Аристотельден кейін екінші аға ұстаз аталған ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыз өз өмірінде 70-ке жуық ұлттың тілін жетік білгендіктен, артына мәңгі өшпес мол рухани құнды мұра қалдырып кеткендігін аңғаруға болады. Мұның өзі сол кезеңнің өзінде тілдерді меңгеру мәселелерінің өзекті болғанын аңғартады.

Көптілділік мәселесін көптеген отандық ғалымдар шет тілін оқыту теориясы бойынша С.С.Құнанбаева [100], көптілді білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздерін Б.А.Жетпісбаева [101], көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыруын Д.Ә.Гаипов [102], Д.Н.Кулибаева [103], С.Г.Тер-Минасова [104], С.Ж.Берденова [105], А.Н.Жорабекова [106], тіл білімінде көптілділік мәселелері Э.Д.Сүлейменова [107], З.К.Ахметжанова [108]. Жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері бойынша Б.Әлмұхамбетов [109], Р.К.Толеубекова [110], Б.Т.Кенжебеков [111], О.К.Оразбаева [112], А.К.Аманова [113] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Осы талдаулар негізінде, көптілділік, көптілді білім беру ұғымын былайша тұжырымдап көрсетуге болады.

- В.Д.Стариченок «Үлкен лингвистикалық сөздікте»: *көптілділік* (гр.тілінен «*poli*» – «көп» – «*lingua*» – «тіл») – белгілі бір жерде бірнеше тілді қолдану, әрбір тіл өзіндік айқын міндеттерге сәйкес қолданылады деген анықтамалар беріледі [114].

- көптілді әлемдегі білім беру, ЮНЕСКО-ның негізгі құжатында көптілді білім беру – кем дегенде үш тілді меңгеру, соның ішінде білім беруде ана тілі, өңірлік немесе ұлттық тіл және халықаралық тілді қолдану, яғни, көптілділікті өзгелерге ашық болу құралы әрі мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларының компоненті ретінде қарастырады [57, с.39].

- *көптілді білім беру* – екі не одан да көп тілде үйрену, білім беру, мәдениетаралық көзқарас және өңірлік, ұлттық, жаһандық деңгейде білім беру болып табылады [95, с.92].

- Б.А.Жетпісбаева [115] «*көптілді білім беру*» – бұл мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылған, үштүрлі оқыту үрдісі, жеке адамды тәрбиелеу мен дамытуда көптілді тұлға ретінде бір мезгілде бірнеше тілді меңгеру адамзат тәжірибесіндегі әлеуметтік маңызды фрагмент тілдік және сөйлеу қызметіндегі тілдік білім мен дағды, тіл мен мәдениетке деген эмоционалды құндылықты қарым-қатынас», - деп көрсетті.

- А.Н.Садыкова [116] «*көптілді білім беру* дегеніміз – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру» екендігін қарастырды.

- Е.Д.Аманбекова [117] *көптілді білім беру* – үш немесе одан да көп тілді меңгеру арқылы көптілді тұлғаны қалыптастыру үрдісі;

- үш тілді меңгеру: ана тілі, өңірлік тіл, халықаралық тіл, оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде жүйелі түрде оқыту;

«Көптілді білім беру» дегеніміз – оқу үрдісі барысында оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, тәрбиелеу, дамыту үдерісінде көптілді тұлғаны қалыптастыру.

Көптілділік – бүгінгі таңда қоғам дамуындағы дүниежүзілік басты мәселе болып табылады.

Көптілділік – адамдар арасындағы келісім мен өзара түсінушілікті шешуге көмектеседі.

Педагогикалық тұрғыдан алып қарағанда, көптілділік лингвистикалық, психолінгвистикалық және әлеуметтік лингвистикалық аспектілерге сүйенеді.

Педагогикалық аспектінің негізгі міндеті – екі тілді де оқытудың әдістері мен тәсілдерін жасау және тәжірибеде қолдану, оны меңгеру деңгейін зерттеу.

Энциклопедиялық сөздіктерде «Көптілділік» – белгілі бір көпұлтты аймақта бірнеше (үш және одан да көп) тілдердің әрекет етуі ретінде және сөйлесу қажеттілігіне қарай адамның бірнеше тілді білуі мен қолдануы. Көптеген аймақтарда көптілділік құбылысы қостілділік сияқты жиі кездесе бермейді, себебі бірнеше тілдерді қолданудың деңгейі және қызметтік мәртебесі шағын аймаққа ие. Ол көбінесе жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісімен шектеледі [118].

«Көптілділік» термині (ағылшын тілінде – multilingualism, mehrsprachigkeit) – қоғамда әртүрлі тілдердің таралуы, жеке тұлғалардың бірнеше тілдік құралдар арқылы сөйлесу мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі [119]. Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Қазақстан – жалпы тарихи тағдыры байланысқан 130-дан астам этникалық топтар өкілдерінің ұлт бірлігі топтасқан, серпінді даму үстіндегі ел. Соңғы жылдары еліміздегі көптілділіктің негізгі басымдығы – ана тіліне беріледі. Өйткені, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгеру – азаматтардың бірігуіне ықпал етсе, орыс тілі ғылыми-техникалық ақпарат көзі болып табылса, ал ағылшын тілі – адамдардың әлемдік мәдениетке негізделген жаһандану, цифрландыруға сәйкестендіру қабілеттерін дамыту үшін аса қажет.

Соңғы жылдарда ғалым-зерттеуші Р.Таккер [120] әлемдегі көптілділік мәселесі бойынша мынадай ой тұжырымдайды:

- Тұрмыстағы тіл мен ресми ғылыми тіл бір-бірінен ерекшеленеді;
- Саналы тілді немесе ана тілді қалыптастыру үшін көп уақытты қажет етеді (төрт жастан жеті жасқа дейін);
- Жеке адам өзінің ана тілінде сауаттылық дағдысын өте оңай дамытады;
- Жеке адам ана тілінде берілген материалдың мазмұнын, жоғары деңгейде қабылдап саналық дағдыларын (cognitive skills) өте оңай дамытады;
- Саналық/тілдік дағдылар дамытылып, материалдың негізгі мазмұны қабылданса, ол оңай түрде өңделеді;
- Екінші тілдегі саналы тілдің ең жақсы дамуы ана тілдегі саналы тілдің жеткілікті деңгейін көрсетеді;
- Балалар екінші тілді әр түрлі жолмен өздерінің мәдениетіне, топтарына және жеке дара тұлғаларына байланысты үйренеді.

Сондықтан, егер мақсат білім алушыға сапалы білімді екінші тілде мүмкін болған ең жоғары деңгейде үйрету болса, алдымен тілді үйретудегі уақытты

бағалау қажет [120,с.864]. Таккердің көзқарасымен келісе отырып, яғни, әртүрлі жағдайда білім алушыға көптілді білім беретін болсақ, бала кезінде немесе 7-10 жасына дейін білім алушының ана тілін саналы түрде қалыптастыру керек және білім алушыға ұлттық және мәдени құндылықтары үйретілуі тиіс.

Жоғарыда қарастырылған көптілді білім беру мәселелерін талдайтын болсақ, елімізде көптілді білім беру жүйесін жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісіне енгізіп, дамыту қажеттілігі туындап отыр.

Көптілділіктің қажеттілігі – жан-жақты сараланған конференцияның тағы бірі 2001 жылдың қараша айында Вена қаласында өтті. Осы конференцияның нәтижесінде жалпы тілдік стратегияның негіздері қарастырылды. *Ол тілдік стратегияның басты принциптері мен ұсыныстарын жинақтайтын құжат ретінде қабылданды. Оның негізгі мазмұны мен міндеттері мынадай:*

а) барлық азаматтардың өз мемлекеттік тілін және шет тілдерін үйрену және қолдану құқығы;

ә) барлық азаматтардың мектеп кезеңінде ең кемі екі шет тілін оқу құқығы;

б) барлық үкіметтердің мектептен кейінгі кезде шет тілін оқуға ынталандыру және қолдау міндеті;

в) барлық үкіметтердің көптілдікті насихаттайтын іс-шараларды, онымен айналысатын ұйымдарды, салықтық секілді түрлі жеңілдіктермен қолдау міндеті.

Сондықтан біздің еліміздегі жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді тиімді ұйымдастыру арқылы көпмәдениетті маманды тәрбиелеу мүмкіндігі жоғары. Орта қалыптастыру мүмкіндігі орасан. *Дегенмен*, көп мәдениетті негіздегі көп ұлтты қоғамның білім беру жүйесін құру педагогикадағы басым бағыттардың біріне айналып отырғанымен, бүгінгі таңда бұл мәселені шешудің механизмдерін қалыптастыруда бірқатар қиындықтар тудырып келеді.

Көптіл білу – біздің еліміздің халықаралық ынтымақтастығын дамытуға мүмкіндік беретін тұлғааралық және мәдениаралық қарым-қатынастардың аса маңызды құралы болып табылады. Осыған орай, еліміздің шетелдермен халықаралық ынтымақтастық мәселесі жылдан жылға өз маңыздылығын арттыра түсуде. Сол байланыстарды дамыту үшін шет тілін білетін мамандар қажет болатыны сөзсіз. Біздің тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауындағы білім беру жүйесінде үш тілдің – мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін, ұлтаралық қатынас тілі ретінде орыс тілін және әлемдік экономикаға үйлесімді кірігу тілі ретінде ағылшын тілін меңгерген, бәсекеге қабілетті маман даярлау міндетін атап көрсеткені белгілі [99, с. 4].

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарындағы маман даярлау саясатының негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен ептілігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзыреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру болып

табылады. Тек жоғары оқу орындарында ғана емес, сонымен бірге мектептерде де көптілді білім беру үшін тілді терең меңгерген мұғалімдер дайындау жұмысы да талап етіліп келеді. Өйткені, жоғары оқу орнында білім алушылар құзыреттілігі мектептен бастау алады. Бір жағынан, мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту бізде шешімін таппай жатырған мәселе. Ол – ұлттық келісім мен қазақстандық патриотизмнің рөлін арттырудағы ең басты мәселелердің бірі. Қазіргі күнде орыс тілінің лингвистикалық белсенділігін сақтау және ағылшын тілін жаһандану экономикасындағы ғылыми ақпарат алудағы желісін кеңейту – өзекті мәселенің негізгі түйіндік мәніне айналуы сөзсіз. Сондай-ақ, еліміздің басқа мемлекеттермен қарым-қатынасы артып отырған уақытта ағылшын тілін еркін меңгерген, келешекте білімін түрлі саладағы қарым-қатынас жағдайында пайдалана алатын адамды мектеп қабырғасынан оқытып шығару – біздің бүгінгі таңдағы басты мақсатымыз болып табылады.

Сонымен, бүгінгі таңдағы білім саласына қойылатын негізгі талап – жас маманның кәсіби білімділігін, біліктілігі мен дағдысын жаһандық мазмұнмен сабақтастыруды қойып отыр. Сондықтан, жоғары оқу орнының білім беру міндеттерінің бірі – студентті шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау [98, с.6]. Солай бола тұра, болашақ мамандарды даярлауда шетел тілдерін меңгерту маңызды болғанымен де, мемлекеттік тілді білу – басты мақсатымыз болып қала беретініне күмән келтірілмейді. Бұл жөнінде ел бірлігі доктринасында мемлекеттік тіл ұлттық және рухани бірліктің басты факторы, негізгі басымдығы ретінде анықталған. Оны меңгеру – еліміздің әрбір азаматының азаматтық парызы мен міндеті ретінде есептеліп, өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы механизм болуы тиіс.

Бүгінгі таңда білім алушыларға ағылшын тілін оқытудың әртүрлі деңгейлеріне сәйкес, оқытудың жаңа технологияларын, ақпараттық және компьютерлік жүйелер арқылы ізденіс жұмыстарын жандандыра түсудің барлық мүмкіндіктері жасалған. Шетел тілін оқытуда лингафондық құрал-жабдықтар, аудио, видео кешені – білім алушылардың ауызша және жазбаша аударудағы білімін жетілдіру, сөздік қорын қосымша жаңа сөздермен байыту, толықтыру, ой-өрісін дамыту мақсатында қолданылады. Сондай-ақ, оқыту үдерісінде мультимедия бағдарламасының көмегімен, ғаламтордан алынған әлемдік жағдайлар, педагогикалық технологиялардың түрлі әдіс-тәсілдері, коммуникативтік бағыттағы оқыту элементтері кеңінен пайдаланылады. Тілге байланысты оқу үдерісінде жүйелі жетілдіру жұмыстары жүргізіліп отырады, атап айтсақ, ашық сабақтар, пікірсайыстар, семинар, конференциялар, практикалық сабақтар, дөңгелек үстелдер, кездесулер, өзара сабаққа қатынасып талдау, білім алушылардың зерттеу жұмысымен айналысулары, студенттерді жеке ізденіс жұмыстарына басшылық ету және т.б.

Көптілді білім беру – бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілдерде аудармасыз оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі қажеттілік.

Көптілді білім беру дегеніміз – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру.

Әлемдегі көптілді білім беру мәселесінің даму өзгерістерін қарастыратын болсақ, шетелдік зерттеуші Граймздың анықтауынша, дүниежүзінде 6000-ға жуық тілдің бар екенін байқауға болады [32, p.31].

Датчер мен Таккердің зерттеулерінше, білім алушыға көптілді білімді үйрету мәселесінің міндеттеріне жатқызды:

- Сананы дамыту үшін және көптілді үйретудің негізі ретінде ана тілді жан-жақты үйретуге мүмкіндіктер туғызу керек;

- Барлық сәтті бағдарламаларға ата-аналар мен қоғамның қолдауы қажет;

- Оқытушылар көптілді білу керек, яғни, ана тілдегі және басқа тілдегі пәндердің жүргізілетін тілдерін жоғары деңгейде түсіну және сөйлеу керек;

- Оқытушылар тілдік деңгейі туралы мәдени және кәсіби білімі жоғары болуы қажет және үнемі өздерін жетілдіріп тұруы керек;

- Инновациялық бағдарламаны жүйелі пайдалану қажет [35, p.30].

Көптілді білім беру туралы ұйымдастырылған халықаралық конференциялардың бірі 2001 жылы қазан айында Мәскеуде өткізілді. Қазақстан өкілдерінің де қатысқан бұл халықаралық конференция «Жаңа ғасыр босағасында тіл және қоғам: қорытындысы және перспективалары» (Язык и общество на пороге нового тысячелетия: итоги и перспективы) тақырыбында іске асырылды.

Көптілді білім – көп мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың өзегі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ал орыс тілі мен шетел тілдерінің бірін білу тұлғаның ой-өрісін кеңейтеді, оның «сегіз қырлы, бір сырлы» тұлға болып дамуына жол ашады, ұлтаралық қатынас мәдениетін, толеранттылығын және көптілді ойлауының қалыптасуына мүмкіндік туғызатыны сөзсіз. Қазақ тілін тереңдетіп оқыту, сонымен қатар көптілділікті меңгертуді жолға қою – бүгінгі таңда орта білім жүйесіндегі педагогикалық үдерістің негізгі бағыттарының бірі болып отыр.

Бүгінгі таңда болашақ маманның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдық деңгейіне өмірдің өзі жоғары талаптар қойып отыр. Сондықтан көптілді білім беру бағдарламасы аясында көптілді меңгеру тәжірибесін жинақтап, әлемдік деңгейде көтерілуіміз қажет. Бұл студенттердің халықаралық жобаларға қатысуын кеңейту, шетелдік әріптестермен ғылыми байланыстарын нығайтуға, шетел тілдеріндегі ақпарат көздеріне қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Елдің болашағы өресі биік, дүниетанымы кең, парасатты азаматтарды дамыту үшін бүгінгі ұрпаққа ұлттық рухани қазынаны әлемдік озық ой-пікірімен байланыстырған сапалы білім мен тәрбие берілуі қажет. Көп мәдениетті ортада көп тілді құрылымды оңтайландыру жағдайында тұлғаның коммуникативтік қабілеттерін дамыту мәселесі ерекше маңызға ие болуда.

Сонымен, Еуропадағы көптілдікпен тікелей байланысты. Дегенмен, қазіргі таңда көптеген елдер білім беру саласында Еуропалық Стандартты ереже немесе өлшем ұстануда.

Көптілділік білім беру ұғымы – дүниежүзінде көптеген елдерде ғылыми-техникалық, әрі әлеуметтік кәсіби пікірталастық дамудың негізгі көзі болып табылды. Көптілділік туралы білімге қажеттілікті бірқатар көп ұлтты мемлекеттердің ғалым педагогтары мен психологтарының зерттеу объектісі және мемлекеттік саясаттың бірі болып отыр.

Канадада көптілді білім беру мәселелерін зерттеген Джим Камминз білім беру мәселесіне басқа тұрғыдан қарайды. Ол екі тілді немесе көптілді білім беру үрдісінде оқушылардың ана тілінің, ұлттық мәдениетінің, ұлттық құндылықтарының кемсітілуі сияқты себептермен білімге болған қызығушылығын және құштарлығының әлсіреу қаупінің болғанын айтады. Дж.Камминздың пікірінше, бала екі немесе үш тілді бір уақытта үйренсе, тілді терең түсінуге және оны тиімді пайдалануға мол мүмкіндігі болады. Екі немесе үш тілден сауат ашқан бала сол тілдерді бір-бірімен салыстырып, олардың ортақ ұқсастықтарын және айырмашылықтарын үйреніп, тілді қалай қолданатынын жақсы меңгеріп алады [40, p.20].

В.А.Ершов [24, с.85] жалпы білім берудің төрт бөлікті құрамының жалпы дидактикалық теориясына (В.В.Краевский [121], И.Я.Лернер [122], М.Н.Скаткин [123]) сүйене отырып, көптілді білім берудің негізгі мазмұнын ұсынды. Осы ғалым-зерттеушілердің ой пікірімен келісе отырып, көптілді білім беру мазмұнының құрылымын келесі суретте 1 арқылы көрсетуді жөн көрдік.



Сурет 1 - Көптілді білім беру мазмұнының құрылымы

Сызбада көріп отырғанымыздай, көптілді білім беру мазмұнының құрылымы 5 бөліктен құралады. Оның мазмұны мынадай болады:

- Көптілді ортаны түсіну және оған ену шарты ретінде білім алушының әлеуметтік-мәдени даралығын дамыту;

- Дүниежүзінің түрлілігін бейнелейтін негізгі ұғымдарды меңгеру;
- Қоғамның әрбір мүшесін әртүрлі тілге және мәдениетке оң көзқараспен қарауға тәрбиелеу;
- Әлемдік тілдердің мазмұнын құрайтын білім, ептілік және дағдыны қалыптастыру.
- Әлемдік мінез-құлық мәдениетін құрайтын біліктілікті қалыптастыру.

Осыған байланысты, көптілді білім беру мазмұнын таңдағанда мынаны ескерудің маңызы зор:

- білім алушының әлеуметтік-мәдени ортасы (тілі, ұлты және діни ұстанымы орныққан ұғым-түсініктер, оқушылардың жалпы көптілділік және көпмәдениеттілік мәселелеріне немесе жеке әлеуметтік-мәдени топтарға жеке қызығуы);
- аймақтың ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері (ұлттардың бірігіп тұру себептері, негізгі шаруашылық түрлері);
- аймақтағы, елдегі, әлемдегі әлеуметтік-мәдени жағдайдың өзгерістері (елдердің, ұлттық және діни топтардың жақындасуы, қақтығыстардың дамуы және олардың себептері, мәдени экспансия мен ұлтшылдықтың қалыптасуы, т.с.с.);
- жеке педагогтың, білім беру мекемесіндегі бүкіл педагогтар ұжымының әдістемелік және тұлғалық мүмкіндіктері.

ЮНЕСКО халықаралық ұйымы көптілділікті пайдалану, дамыту және цифрландыруды жүзеге асыру мақсатында дамып келе жатқан мемлекеттердің әл-ауқатын арттыруға барынша жағдайлар туғызу қажеттілігін нақтылайды.

Бүгінгі қоғамның дамуы көпұлттық, көптілділік және көпмәдениеттілік жағдайында болғандықтан, педагогика және психология ғылымдары мен білім беру саласының алдына кешенді теориялық және тәжірибелік мәселелерді шешуді қойып отыр.

Осы ойдың мысалы ретінде БҰҰ, Еуропа Кеңесі, ЮНЕСКО және т.б. іргелі ұйымдардың құжаттарынан көрініс тапқан жаңа әлеуметтік-мәдени дәстүрлер: дүниежүзілік жаһандану, ұлттық құндылықтардың айқын болуы, көпмәдениетті және көптілді қоғам мәселелерінің пайда болуына тек әлемдік педагогикалық ой-пікірлердің дамуы жауап беруі айқын. Осы орайда, шетел ғалымдарының көптілді және көпмәдениетті білім беру, мәдениетаралық білім беру (П.Бателаан [124] және т.б.) көптілді білім беру мәселелерінің өз тұжырымдамаларында кеңінен қарастырып, жан-жақты зерттеліп отырғандығын байқауға болады.

Г.Д.Дмитриевтің [25, с.25] «Көпмәдениеттілік білім беру» тұжырымдамасы көпмәдениеттілік және ықшам мәдениеттілік білім беру идеяларының өзіндік бір үйлесімі тәрізді. Автор «Көпмәдениеттілік білім беру» терминін жоғарыда айтылғандардың синонимі ретінде пайдаланады. Дегенмен, көпмәдениеттілік ұғымына берген анықтамасы: Көпмәдениеттілік – білім беру барлық оқушылардың ұлтына, туыстық және жыныстық даралығына, діни, таптық, тілдік, білімдік және басқа мәдениеттік сипаттарына қарамастан толық білім алуға, құрметтеуге, өз қажетіне сай әлеуметтік дамуға тең дәрежедегі

мүмкіндікке ие болу идеясынан бастау алады.

Көпмәдениеттілік білім беруді «еркіндік сыйлаушы білім беру» деп атауға болады. Өйткені, ол білім алушыларды идеялар мен құндылықтарға сын көзімен қарауға, өзімен-өзі болудан қорықпауға, ізденімпаздықпен қызығып сұрақтар қоюға, топтағы адамдардың мәдениетіне қызығушылық танытуға, әлеуметтік-белсендікке, мәдени сауатсыздықтан, қасаңдықтан арылуға итермелейді [25, с.46].

В.К.Шаповалов [125] бойынша, *ұлттық идентификация* – қалыптасушы азаматтың өзін-өзі танудың басқа элементтерімен тең мәнді болуы үшін азаматтық даралықтың қалыптасуын жақтайды.

Н.М.Лебедеваның пікірінше, жеке тұлғада ұлттық даралық қасиетпен ұлттық мәдени толеранттық бірдей қалыптасқанда ғана мәдениеттердің кірігуі мен өзара бірін-бірі байытуына жол ашады [126].

Отандық ғалым педагог К.Ж.Қожахметова [127] *өзінің ғылыми еңбегінде*: «Көптілділік және көпмәдениеттік білім беру үрдісінде төзімділікке тәрбиелеу – этностар арасындағы интеграцияның басты шарты», -деп көрсеткен. Этносаралық интеграция – тілі және мәдениеті жөнінде айырмашылығы бар ұлыстар арасындағы өзара қарым-қатынастар. Осы қарым-қатынас нәтижесінде жалпыға ортақ бір сипат, ортақ сана-сезім элементтері қалыптасады.

Біздің ғалым-зерттеушілеріміздің пікірінше, көптілділік және көпмәдениеттік білім беру – таптық, саяси, экономикалық және діни қарама-қайшылықтарды, ұлттар арасындағы қақтығыстар сияқты қазіргі замандағы өзекті мәселелерді шешуде маңызды рөл ойнайды деп есептейді. Мұндай келеңсіз оқиғаларды болдырмау үшін, мәдени төзімділікке тәрбиелеу үшін оқушылардың бойында әр ұлттық мәдениетіне түсіністікпен қарау және танып білуге тырысу, қызуқандылыққа салынбау, құрметтеу сезімдерін дамыту керек.

М.Надырмағамбетованың [27, с.30] *пікірінше*, жалпы білім беретін мектептерде білім алушыға көпмәдениеттік білім берудің негізгі түсініктері мен категорияларына мыналарды жатқызады: бірегейлік, мәдени дәстүр, рухани мәдениет, мәдениеттің жалпы шығу тегі, мәдениеттердің көп түрлілігі, мәдениеттер арасындағы айырмашылықтар, мәдениеттердің өзара ықпал етуі, мәдениетаралық қатынас, мәдени үндестік, ұлтаралық қатынастар мәдениеті, қақтығыстар, өзара түсіністік, келісім, ынтымақтастық, қызметтестік, зәбірлемеу, төзімділік және т.б.

Көптілді білім беру мәселесі жүйелі түрде зерттелуде. Атап айтсақ, XX-ғасырдың 80-жылдары М.Сигуан мен У.Макки [128] көптілді білім беруді жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін, алдымен жеткілікті материалдық базаға ие болу керек, ата-аналардың жоғары әлеуметтік деңгейі, ата-аналардың мектепке көмегімен бірге мектепте екі немесе одан көп тілде сөйлейтін ортаның қажеттігін айтады.

Жоғарыда айтылғандардан, зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттеріне сәйкес, келесі ұсыныстарды беруді жөн көрдік.

– жоғары оқу орнында көптілділікті үйретудің экстенсивтік формасының орнына интенсивтік формасын қолдану;

– біз жоғары оқу орындарында оқытылатын пәндердің 50 пайызын қазақ тілінде, 30 пайызын ағылшын тілінде, 20 пайызын орыс тілінде жүргізу арқылы білім алушылардың көптілділік білім деңгейін белсендендіру;

– цифрландыру жағдайын есепке ала отырып, пән сабақтарында мультимедиялық электрондық оқу құралдарын қолдануды жетілдіру.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған «Көптілді білім беру» ұғымы туралы отандық және шетелдік ғалымдардың ой-тұжырымдарын жан-жақты талдап, зерделей келе, келесі 1 кестеде жүйелеп көрсетуді жөн көрдік.

Кесте 1 – «Көптілді білім беру» ұғымы туралы отандық және шетелдік ғалымдардың ой-тұжырымдары

Отандық ғалымдар	Шетелдік ғалымдар
Жетпісбаева Б.А.: ... – бұл мақсатқа бағытталған, ұйымдастырылған, үштүрлі оқыту үрдісі, жеке адамды тәрбиелеу мен дамытуда көптілді тұлға ретінде бір мезгілде бірнеше тілді меңгеру адамзат тәжірибесіндегі әлеуметтік маңызды фрагмент.	Стариченок В.Д.: белгілі бір жерде бірнеше тілді қолдану, әрбір тіл өзіндік айқын міндеттерге сәйкес қолданылады деген анықтамалар беріледі.
Садыкова А.Н.: ... – оқу үрдісі барысында екі не одан да көп тілде білім беру.	ЮНЕСКО-ның негізгі құжаты: ... – кем дегенде үш тілді меңгеру, соның ішінде білім беруде ана тілі, өңірлік немесе ұлттық тіл және халықаралық тілді қолдану, яғни, көптілділікті өзгелерге ашық болу құралы, әрі мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларының компоненті.
Аманбекова Е.Д.: ... – үш немесе одан да көп тілді меңгеру арқылы көптілді тұлғаны қалыптастыру үрдісі.	Вайне Е.: ... – ана тілі, өңірлік тіл, халықаралық тіл, оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде жүйелі түрде оқыту.
Энциклопедиялық сөздіктерде: ... – белгілі бір көпұлтты аймақта бірнеше тілдердің әрекет етуі ретінде және сөйлесу қажеттілігіне қарай адамның бірнеше тілді білуі мен қолдануы.	Датчер мен Таккер: ... – сананы дамыту үшін және көптілді үйретудің негізі ретінде ана тілді жан-жақты үйретуге мүмкіндіктер туғызу керек және т.б.
Қожахметова К.Ж.: ... – этностар арасындағы интеграцияның басты шарты. Этносаралық интеграция – тілі және мәдениеті жөнінде айырмашылығы бар ұлыстар арасындағы өзара қарым-қатынастар.	Дж.Камминз: ... екі немесе үш тілден сауат ашқан бала сол тілдерді бір-бірімен салыстырып, олардың ортақ ұқсастықтарын және айырмашылықтарын үйреніп, тілді қалай қолданатынын жақсы меңгеріп алады.
Надырмағамбетова М.: ... – мәдениетаралық қатынас, мәдени үндестік, ұлтаралық қатынастар мәдениеті, қақтығыстар, өзара түсіністік,	Ершов В.А.: жалпы білім берудің төрт бөлікті құрамының жалпы дидактикалық теориясына сүйене отырып, көптілді білім берудің негізгі мазмұнын ұсынды.

келісім және т.б.

Сигуан М., Макки У.: ... жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін, алдымен жеткілікті материалдық базаға ие болу керек, ата-аналардың жоғары әлеуметтік деңгейі, ата-аналардың мектепке көмегімен бірге мектепте екі немесе одан көп тілде сөйлейтін ортаның қажеттігін айтады.

«Көптілді білім беру» ұғымы туралы отандық және шетелдік ғалымдардың ой-тұжырымдарын салыстырмалы талдау арқылы біз көптілді тұлғаны қалыптастыру үшін көптілді білім берудің қажеттілігін, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда аса маңызды өзекті мәселе екендігін байқауға болады.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған ғалым-зерттеушілердің айтқан ой-пікірлерін негізге ала отырып, өз анықтамамызды беруге тырыстық.

Көптілділік – әлеуметтік ортада жеке адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін бірнеше тілдік құралдарды (сөздік қоры, тілдің заңдылықтары, көпмәдениеттілік) пайдалану арқылы қарым-қатынас жасауы).

Көптілді білім беру – білім беру кеңістігінде қоғамның қажеттіліктеріне байланысты оқу жоспарындағы пәндерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде меңгеруді мақсат ететін үдеріс болып табылады.

Тілдің үштұғырлық негізінің сипаты – еліміздің білім беру кеңістігінде шетел тілін білудің ерекшелікке ие тұстарын туындатады. Осыған орай, бүгінде тек үштұғырлы тіл аясында емес, яғни, қазақ-орыс-ағылшын, орыс-қазақ-ағылшын үштілділігімен қоса, қазақ-араб-ағылшын, қазақ-қытай-ағылшын және т.б. сияқты үштілділіктер де жарыса жүретіндігі анықталуда. Халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде араб, қытай тілдері де басым бағыттарға ие болмақ.

Демек, шетел тілін ана тілі негізінде үйрету, үйренетін тілдің қарым-қатынасқа қажетті тілдік аспектілерімен қатар, сөйлеу рәсімі мен әдебиетін ұлттық мәдениет пен мәдениетаралық байланыстарға негіздеу шетел тілін үйрету әдістемесінің жаңа тұрпатты сипатына айналуы тиіс.

Көптілді білім берудің өзегі – бұл көптілді тәсіл, оның мақсаты білім алушылардың көптілділікке қол жеткізуі, яғни оқылатын пәннің тақырыбы аясында ана тілінде, сондай-ақ шет тілінде қарым-қатынасты жүзеге асыру мүмкіндігін жүзеге асырады. Бұдан педагог-психолог мамандарын ана тілінен өзге, шет тілдермен де оқып, үйренуді қажет ететінін байқаймыз.

Жоғарыда қарастырылған заманауи талаптар Елбасының «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында дәйектеліп, негізделген [129]. «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының 4 бағытындағы міндеттерді нақты жүзеге асырсақ, Қазақстан озық отыз елдің қатарына енуге мол мүмкіндік алады. Мұнда өндірісті жаһандық жаңғырту, цифрландыру және т.б. осындай стратегияларды жүзеге асыру көзделіп отыр. Бұл стратегияларды келесі сурет арқылы жүйелеп көрсетуді ұйғардық (сурет 2).

Сурет 2 - Көптілді білім беру – Қазақстанның дамуындағы
маңызды стратегиясы



Сызбадан көріп отырғанымыздай, зерттеу міндеттерімізге байланысты рухани жаңғыру жағдайында елімізде маңызды стратегия ретінде жүзеге асырылып жатырған көптілді білім беру мәселесінің тұлғаны жан-жақты қалыптастыруға оң ықпал ететіні сөзсіз деп айтуға болады.

Сонымен, зерттеу міндеттерімізге байланысты рухани жаңғыру жағдайында көптілді білім беру мәселесі туралы мынадай ұсыныстарды беруге тырыстық:

- Қазақстанның дамуындағы стратегияларды (9 стратегия) болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастырудың әдіснамалық тұғыры ретінде негіздеу (1.3 параграф);

- Көптілді білім беру барысында бірінші кезекте білім алушының ана тіліне көңіл бөліп, орыс және ағылшын тілдерін жетілдіруге мүмкіндіктер туғызу қажет;

- Білім алушының бойына ұлттық құндылықтарды бойына жақсы сіңіру - басқа тілдерді, мәдениетін, дәстүрін және тарихын оқып-меңгеруге мотивация болуы тиіс;

- Шетел тілдерін оқу барысында тек қана жүйелі пәндік сабақтармен шектеліп қалмай, аудиториядан тыс орындарында түрлі тілдік клубтарға барып, шетелдік адамдармен вербалдық қарым-қатынасқа түсуді ұдайы дамытып отыру қажет;

- Шетел тілін оқу үшін қоғамдық өмірде қарым-қатынас жасау және білім алудың құралы ретінде әдебиеттерді пайдалану қажет;

- Көптілді білім алуды ұдайы жақсарту, дамыту үрдісін сақтау керек;

- Көптілді білім беру еліміздің стандарттары мен халықаралық стандарттарға сәйкес болу керек;

- Көптілді білім беруде түрлі халықтар мәдениетінің құндылықтарына адамдарды бейімдеу және түрлі дәстүрдегі адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеуді саналы түрде қалыптастырып, сол бағытта тұлғаны тәрбиелеу;

- Көптілді білім беру нәтижесінде тек бүкіл дүниежүзін танып қалумен шектелмей, ғаламдану және цифрландыру арқылы елімізді дүниежүзіне таныту қажет.

1.2 Отандық және шетелдік зерттеулердегі көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселелерінің зерделенуі

Қазақстанның білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне енуге деген талпынысы, білім беру парадигмасының өзгеруі, жаңа ұлттық модельдің қалыптасуы болашақтың жаңаша ойлайтын, дүниеге көзқарас мәдениеті мен санасы дамыған ұрпағын оқытып, тәрбиелейтін педагогикалық кадрларды дайындау сапасын арттырудың қажеттігі заңды құбылыс. Соған орай, білім берудің негізгі мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, құзыретті тұлғаны қалыптастыру. Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» білім беру жүйесіне жаңалық әкеле отырып, педагогтарға үлкен жауапкершілікті жүктеді [130]. Сонымен қатар, қоғамдық дамудың қазіргі үдерісі

өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогына түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын білім алушылар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да, бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни, өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.

Қоғамда әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық – білім. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту болып табылады. Олай болса, біз зерттеуде мақсат етіп отырған көптілді білім беруге негізделген заманауи қоғам құрылысының негізгі басымдықтарын есепке ала отырып, педагог мамандардан аса жоғары кәсіби құзыреттілік талап етіледі. Ең алдымен, зерттеудің мәнін ашатын негізгі ұғымдардың жан-жақты сипаттамасын ашуды жөн көрдік.

Құзыреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Оқытушының құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлылық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Осыған орай, дамыған елдердің оқу жүйесінде кеңінен қолданыла бастаған «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдары жаңа білім стандарты ұстанған басты бағыт ретінде біздің еліміздің білім беру жүйесіне енгізілген. Біздің мақсатымыз жаһандану жағдайында құзыреттіліктің әрекет категориясына қатысты мәнін, кәсіби құзыреттілік деңгейінде жүргізілген зерттеулерді зерделеу арқылы ашуға ұмтылыс жасау.

«Құзыреттілік» ұғымы «құзыр» сөзінен алынған туынды сөз екендігіне қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама берілген: «құзыр» - жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» дегенді білдіреді [83, с.38].

Қазақ Ұлттық энциклопедиясында «құзырет» – нақты органның не лауазымды тұлғаның заң жүзінде белгіленген өкілеттіліктерінің, құқықтары мен міндеттерінің жиынтығы деп көрсетілген [131].

Сонымен қатар, педагогикалық білім беру теориясында құзыреттілік маманның өзінің қызметіндегі мәселелерін нақты жағдайларда шеше алу мүмкіндігін анықтайтын интегралды сипаттама, ол үшін білімі мен өмірлік

тәжірибесін және құндылықтар мен қабілетті қолдану керек [100, с.340].

«Құзыреттілік» түсінігін анықтауда өзіндік тәсілді Н.К.Кабардов пен Е.В.Арцишевскаядан [132] байқауға болады. Берілген тәсіл «құзыреттілік», «қабілет» түсініктерін салыстыру әрекетінде бекітілген. Аталған авторлар құзыреттілік – дегеніміз мінез-құлықтың сипаттамасы, жеке тұлғаның белсенділігі, қажетті дағдылардың қалыптасуы деген тұжырым жасай отырып, «құзыреттілік» – меңгеру сатысы және үйретудің нәтижесі ретінде анықталатындығына тоқталған.

М.А.Холодная [133] құзыреттілікті белгілі бір қызмет саласында тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін арнайы пәндік білімнің ерекше түрі ретінде анықтайды.

Л.М.Митинаның [134] пікірі бойынша, «құзыреттілік» ұғымына «білім, дағды, білік, сонымен қатар тәжірибеде, тілдесуде, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда қолданатын тәсілдері» деген анықтама береді.

А.Ф.Присяжная [135] педагогика ғылымында құзыреттілік - тұлғаның белгілі бір сала қызметі мен уәкілеттігін анықтайтын, оның интегративті қасиеті ретінде қарастылатындығын жатқызады.

М.В.Рыжков [136] өз еңбегінде:

- «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық (когнитивтік) және технологиялық құраушы ғана емес, әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтық, яғни, оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;

- құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе, мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;

- құзыреттілік ұғымында «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұны интеграциясы;

- құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни, дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады деп көрсетеді.

Н.Г.Милорадованың [137] айтуынша білім беру жүйесінде құзыреттілікті тудыратын төрт негіз бар:

- біріншісі, кәсіби-әдістемелік құзыреттілік;
- екіншісі, іс-әрекет негізіндегі құзыреттілік;
- үшіншісі, әлеуметтік қарым-қатынас құзыреттілігі;
- төртіншісі, жеке тұлға негізіндегі құзыреттілік.

Сонымен қатар, сыншыл ойлауды, рефлексияны, өз позициясын анықтау қабілеттілігін, өздігінен бағалайтын ойдың дамуын және өмір бойы үйрену қабілеттілігін талап ететіні анық, - деп көрсеткен.

Психологиялық зерттеулерде, құзыреттілік – адамның белгілі бір қызметті тиімді атқаруын қамтамасыз ететін психологиялық сапаның жиынтығы ретінде көрсетіледі. Құзыреттілік қай салаға қатысты болса да, ол жүйелі түрде жаңа ресурстармен толықтырылады [107, с.117].

Кейбір ғалымдардың ойынша, құзыреттілік – жалпы бағалау термині, ол мүмкіндікті, қызметтегі «істі білуді» көрсетеді. Әдетте, бұл ұғым белгілі бір әлеуметтік-кәсіби статусы бар тұлғаларға қолданылады, ол шешілетін

мәселелер, орындалатын тапсырмалардың күрделілігінің нақты деңгейіне олардың білімінің, түсінігінің, дағдыларының сәйкестігінің өлшемін сипаттайды [108, с.408].

Белгілі психолог И.А.Зимняяның [138] пікірінше, құзыреттілік – ішкі, әлеуетті, жасырын психологиялық жаңа құрылым, білім, көріністер, бағдарламалар, құндылықтар, қарым-қатынастар жүйесі дей келе, адамның құзыреттілік әрекет ете білетін бейнесін төмендегіше сипаттайды:

Адамға жеке тұлға, субъект, болашақ мұғалім ретінде қарайтын құзыреттіліктер:

- денсаулық сақтау құзыреттілігі: салауатты өмір сүру нормаларын сақтау, темекі шегудің қауіптілігін білу, адамның дене тәрбиесі, бостандық, өмір сүру түрін таңдаудағы жауапкершілік;

- интеграция құзыреттілігі: білімді құрылымға бөлу, алынған білімді кеңейту;

- азаматтық құзыреттілігі: азаматтың құқығы мен міндеттерін білу және сақтау, бостандық және жауапкершілік, өзіне-өзі сенімді болу, азаматтық борыш;

- өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі: өзін-өзі реттеу, өзін-өзі дамыту, өмірдің мәні, тілдік даму, ана тілінің мәдениетін меңгеру, шет тілін меңгеру.

Адам мен әлеуметтік салаға әлеуметтік әсер ету құзыреттілігі:

- әлеуметтік өзара әрекеттесу құзыреттілігі: қоғаммен, қауыммен, ұжыммен, жанұямен, ынтымақтастық, төзімділік, басқа нәсіл, жыныс, ұлт, статус, дін, рөл т.б. қабылдау және сыйлау;

- араласудағы құзыреттілігі: ауызша, жазбаша, диалог, монолог, салт-дәстүрді білу, сақтау, іскерлік хат т.б.

Адам қызметіне қатысты құзыреттілік:

- танымдық қызмет құзыреттілігі: танымдық мәселелерді қою және шешу, стандартқа сай емес шешімдер, проблемалық жағдайлар;

- қызмет құзыреттілігі: ойын, оқу, еңбек, қызметтің, іс-қимылдың құралдары мен түрлері;

- ақпараттық технологиялар құзыреттілігі: ақпаратты қабылдау, қайта өңдеу, жіберу, бұқаралық ақпарат құралдары, мультимедиялық технологиялар, компьютерлік сауаттылық, электронды меңгеру [109, с.394].


Қазіргі таңда көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтың бойындағы маңызды кәсіби сапалар мен құзыреттіліктердің бірі - коммуникативтілік қабілеттілік пен көпмәдениеттілік деп айтуға болады. Өйткені, көптілді білім беру жағдайында педагог-психологқа қажетті қасиет - ол көпмәдениеттілік пен коммуникативтілік. Біз осыған байланысты, «көпмәдениеттілік» пен «коммуникативтік қабілеттілік» ұғымдарына кеңірек тоқталып, қарастыруды жөн көрдік.

Көпмәдени және көптілді білім беру мәселесінің өзектілігі – бүкіл әлемнің экономикалық, мәдени және саяси салаларының интеграциясына бет алуымен тығыз байланысты.

Біздің көзқарасымызша, көптілді білім беру – бірнеше тілді меңгерумен қатар, арнайы білім алу және әртүрлі елдер мен ұлттардың тарихи мәдени және

әлеуметтік тәжірибелерін меңгеру және соның көмегімен әлемдік мәдениетке мақсатты түрде қосылу үдерісі», – деп айтуы бүгінгі көпмәдениетті болашақ мамандарды қалыптастыру қажет болып табылады [9, с.8]. Осыған байланысты, қазіргі педагогика ғылымының алдында ХХІ ғасырдың білім беру стратегияларын дайындау қажеттілігі тұр. Көп мәдениетті негіздегі көп ұлтты қоғамның білім беру жүйесін құру педагогика ғылымындағы басым бағыттарының біріне айналып отырғанымен, қазіргі таңда бұл мәселені жан-жақты зерттеудің нақты механизмдері даму үстінде болып отыр.

В.А.Крутецкийдің [139] көзқарасымен келісе отырып, педагогтың бойынан табылуға тиіс қабілеттіліктердің түрлерін жіктеп көрсетуге болады. Оны келесі 1-сурет арқылы көрсетуді ұйғардық.



Сурет 3 - В.А.Крутецкий бойынша педагогтың қабілеттіліктердің түрлері

Дидактикалық қабілеттілік – білім алушыларға оқу материалын неғұрлым түсінікті етіп беру қабілеті, оларға материалды немесе мәселені айқын және нақты мәнді түрде келтіру, пәнге қызығушылық тудыру, оларды танымдық белсенділікке баулу. Дидактикалық қабілеті бар педагог қажет жағдайда оқу материалын бейімдеп, қиынды – жеңіл, күрделіні – қарапайым, түсініксізді – түсінікті ете алады.

Академиялық қабілеттілік – ғылымның сәйкес аймағына деген қабілеттер (математикаға, физикаға, биологияға, әдебиетке және т.б.). Қабілетті педагог пәнді тек ғана оқу курсының көлемінде ғана емес, елеулі терең және кең түрде біледі, ол үнемі өз ғылымында жаңалықтарды бақылап жүреді, материалды абсолютты еркін игереді, оған үлкен қызығушылық көрсетеді, кем дегенде қарапайым зерттеу жұмысын жүргізеді.

Тілдік қабілеттілік – өз ойлары мен сезімдерін тілдің, мимика және пантомимика көмегімен айқын және нақты білдіре алу қабілеті. Қабілетті педагогтың тілі сабақ кезінде қашанда білім алушыларға бағытталған. Педагог жаңа материалды хабарласын, білім алушы жұмысына түсініктеме берсін, мақұлдау немесе сөгіс айтсын, қашанда оның сөзі ішкі күшпен, сенімділікпен, өзі айтып тұрған нәрсеге қызығушылықпен ерекшеленеді. Ойын білім алушылар үшін түсінікті, айқын, қарапайым түрде білдіру.

Перцептивті қабілеттілік – білім алушының, тәрбиеленушінің ішкі дүниесіне ене білу қабілеті, білім алушы тұлғасын және оның уақытша психикалық күйлерін түсінумен байланысты психологиялық бақылампаздық. Қабілетті педагог, тәрбиеші елеусіз белгілер арқылы, болар болмас сыртқы көрінулер бойынша білім алушының ішкі дүниесінде болып жатырған өзгерістерді байқап қалады.

Ұйымдастырушылық қабілеттілік – бұл, біріншіден, білім алушылар ұжымын ұйымдастыру қабілеті, оны жаңа міндеттерді орындауда топтастыру және дем беру, екіншіден, өз жұмысын дұрыс ұйымдастыру қабілеті, өз жұмысын ұйымдастыру дұрыс жоспарлау және өзін бақылау іскерлігін ұйғарады. Тәжірибелі педагогтарда өзіндік бір уақытты сезіну қалыптасады – жұмысты уақытқа дұрыс бөлу, белгіленген мерзімде үлгеру ептілігі.

Авторитарлық қабілеттілік – білім алушыларға тікелей эмоционалды-еркін әсер ету қабілеті және осы негізде олардың алдында беделді бола білу қабілеті (бірақ, әрине, беделдік тек осы негізде ғана жасалмайды, мысалға, білімді өте тамаша білу, педагог сезімталдығы мен әдебінің негізінде де және т.б.). Авторитарлық қабілеттілік педагогтың тұлғалық сапаларының бірқатар жиынына байланысты, соның ішінде оның ерік сапалары (шешімділік, төзімділік, табандылық, талап қоюшылық және т.б.) және де білім алушыларды оқыту мен тәрбиелеуге жауапкершілік сезіміне, педагогтың өзінің дұрыстығына сенімділігіне, осы сенімділікті өз білім алушыларына бере алу іскерлігіне байланысты.

Коммуникативтік қабілеттілік – білім алушылармен қарым-қатынас жасау қабілеті, олармен қарым-қатынас жасауда дұрыс тәсіл таба алу, олармен педагогикалық көзқарас тұрғысынан, орынды өзара әрекеттесуді орнату іскерлігі, педагогикалық әдептің болуы.

Оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасындағы шешілетін коммуникативтік және тілдік міндеттер түсіну, есте сақтау, жаттау, меңгеру, қорытынды жасау, жауап беру, теріске шығару, дәлелдеу. Оқытушының педагогикалық шеберлігінің басты бір белгісі – оның сөз байлығынан, сөйлеу мәдениетінен байқалады. Сөйлеу функциялары мыналарды жүзеге асырады: оқытушы мен білім алушы арасындағы байланысты орнатады, білім алушының

санасына, мотивіне, сезіміне әсер етіп, оны қалыптастырады, оқу материалының студент санасында қабылданып, нығайтылуына әсер етеді.

Оқытушы сөзі айқын анықтылығымен, ақылға қонымды, дәйекті дәлелдігімен тыңдаушыларды баурап алып кетеді. Оның сөзі білім алушыларға өтімді болып, жақсы әсер беру үшін дауыс ырғағының, сөйлеу сазының зор мәні бар.

Коммуникативті қабілеттілік – педагогтардың бір-бірімен және білім алушыларымен коммуникация тәсілдерін нәтижелі қолдана білу арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті.

Коммуникативтік қабілеттілік педагогтар мен білім алушылардың педагогикалық қарым-қатынасы барысында байқалады. Мұнда педагогтың *коммуникативтік қабілеттілігі келесі түрде байқалады:*

- тұлғааралық коммуникацияға деген қабілеттілік;
- бір-бірін қабылдауға және түсінуге қабілеттілік;
- тұлғааралық өзара әсер ету деген қабілеттілік.

Педагогтардың коммуникативтік қабілеттілігін қалыптастыратын психологиялық сипаттамалар – қарым-қатынас жасау икемділігі, білім алушылармен тығыз қарым-қатынасы, қарым-қатынасты дамытуы, педагогтармен және басқа да адамдармен өзара әрекеттесуі, түрлі әлеуметтік жағдайларда араласуы, озық педагогикалық тәжірибелерді жинауы, түрлі педагогикалық әрекет жасауы негізінде құралады.

Келтірілген педагогикалық қабілеттілік анықтамасынан көрініп отырғандай, олар өз мазмұнында, біріншіден, көптеген тұлғалық сапаларды қамтиды және екіншіден, белгілі бір әрекеттерде, іскерліктерде ашылады.

Заманауи жағдайда педагогикалық қабілеттілік құрылымындағы компоненттің бірі ретінде коммуникативті қабілеттілік алға қойылды. Педагогтардың білім алушылармен және педагогтармен қарым-қатынасты жеңіл орнатуы, қарым-қатынастың тиімділігі коммуникативтік қабілеттілік пен құзыреттіліктің даму деңгейіне тәуелді екені белгілі. Қарым-қатынас білім берумен ғана шектелмейді, эмоционалдық еліктіру, қызығушылықты ояту, өзара әрекеттесу сияқты т.б. қызметтерді де атқарады.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі, яғни, педагогикалық іс-әрекеттің жүзеге асыратындай оның теориялық және практикалық даярлығының бірлігі ретінде айқындалып, оның кәсіптілігін көрсетеді. Осы анықтаманы профессор Н.Д.Хмель [140] қолдаса, ғалымдар Г.М.Коджаспиров және т.б. [141, с.284] педагогтың кәсіби құзыреттілігі ол оның педагогикалық қарым-қатынасын және педагог тұлғасы ретінде арнайы құндылықтардың, педагогикалық сананың, педагогикалық іс-әрекеттің қалыптасқанын анықтайтын қажет білімді, іскерлік пен дағдыны меңгеруі болып табылады.

«Қарым-қатынас» ұғымының көп анықтамаларының ішінде біз оны «коммуникативті іс-әрекет» түсінігімен синоним деп қарастыратын (Kosherbaeva A.N. [142], Г.Дэвид [143], Х.Т.Шерьязданова [144], М.А.Измайлова [145], Ж.А.Әбішева [146] және т.б.) позицияларына жүгініп анықтамасын арқау етеміз. Қарым-қатынас дегеніміз – екі (немесе одан да көп) адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп,

келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттесуі.

Қарым-қатынас – жеке тұлғалардың өзара әрекет ету барысында танымдық және эмоциялық-бағалаушы сипатты ақпаратпен алмасу болатын, өзара әрекетті, өзара түсінікті, өзара әсерді қамтамасыз ететін мақсатқа бағытталған және ақпараттық-энергетикалық үдерістердің өзгеше жүйесі. Жағдайларға байланысты қатынас әр түрлі аспектілерде: қызметтің ерекше түрі ретінде, қызмет шарты ретінде, қызметтің бір бөлігі ретінде, құрал ретінде, өзара әрекеттесу ретінде, қарым-қатынас ретінде, белсенділіктің дербес түрі ретінде, зияткерлік және адамгершілік даму негізі ретінде алға шығуы мүмкін.

Сонымен қатар, қарым-қатынаста адамдардың әлеуметтік қатынасы жүзеге асады. Қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын ашып көрсетуге болады: біріншіден, коммуникативті жағы, мұнда қарым-қатынас жеке тұлғалар арасындағы ақпарат алудан тұрса, екіншіден, интерактивті жағы – жеке тұлғалар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастыру, үшіншіден, перспективті жағы – қарым-қатынасқа түскен жеке тұлғалардың бір-бірін қабылдау негізінде өзара түсінушіліктің пайда болуы.

Қарым-қатынас құралы – бұл қарым-қатынас үдерісінде біреуден екіншісіне берілетін ақпаратты көшіру, жеткізу, қайта өңдеу және түсіндіру тәсілі. Адамдар арасындағы ақпарат сезім, сөйлеу мүшелері және басқа да белгілік жүйелер, жазбаша, техникалық құралдарға жазу және сақтау арқылы беріле алады.

«Коммуникативтік құзыреттілік» (лат. *Competere* – «қол жеткізу», «сәйкес келу» сөзінен шыққан) – білім алушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі, қатысымдық мақсатты іске асыруда білім алушылардың тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер білім алушылар сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені болып саналады.

Қарым-қатынастың коммуникативті құзыреттілігін жүйелі-ажырамас кезеңдегі мақсатты үлгіде қарау төмендегідей түрде көрсетілген:

- *коммуникативті-анықтамалық:* әлеуметтік-психологиялық жағдайды анықтау, әлеуметтік мүмкіндіктерді анықтау, әлеуметтік-психологиялық және онда жеке тұлғаның қарым-қатынасы басқа да қарама-қайшылықтарға тап болуы мүмкін);
- *коммуникативті-бағдарлаушылық:* қарым-қатынас бағдарламасын дайындайды, қарым-қатынас үшін мәтін жасайды, қарым-қатынастың қашықтығы мен ұстанымын, түрін таңдайды;
- *коммуникативті-ұйымдастырушылық:* қарым-қатынас туралы серіктестің назар аударуын ұйымдастыру, оның коммуникативтік белсенділігін және т.б. ынталандыру;
- *коммуникативті-орындаушылық:* коммуникативті жағдайды анықтау, онда жеке тұлғаның белсенділігі, бұл жағдайдағы болжамды дамыту, маңызды жеке бағдарламадағы қарым-қатынасты жүзеге асыру.

Коммуникативті құзыреттілік – қарым-қатынастың нормалары мен

ережесін білу, технологиясын меңгеру сияқты «тұлғаның коммуникативті әлеуеті» атты кең түсініктің құрамдас бөлігі.

Н.Е.Щуркованың [147] жіктеуін негізге ала отырып, біз кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастағы коммуникативті қызметтің функцияларын бөліп көрсетуге тырыстық. Мәселен,

Бірінші қызметі – әріптесті қарым-қатынасқа шақыру: ықылас білдіру, тілдесуге шығу, психологиялық қысымды түсіру, бейтаныстың алдындағы қорқынышты жою, қарым-қатынас сипатының түрін еркін таңдауға әріптестің көзін жеткізу, өзін бағалауды және өзіне сенімділікті арттыру, сонымен қатар басқа адаммен жағымды қарым-қатынас жасауға сендіру.

Екінші қызметі – тілдесуге шыққанда әріптесті қолдауға бағытталған, оның қиындықтарының бір бөлігін өзіне қабылдау, серіктеске аяушылық білдіру: оған көмек беру, оның ішкі дүниесіне қызығушылық білдіру, оның тұлғалық ерекшеліктерінің өзіне тән белсенді көріністерін қолдау және шабыттандыру. Серіктесу қызметі ортақ рөл атқарады: әріптеспен серіктес болу арқылы, біріншіден, басқаның ішкі дүниесіне енуге, рухани оқиғаларына кіруге қол жеткізілсе, екіншіден, өзінің «Мен» бөлігі басқалар алдында ашылады. Бұл қызмет коммуникативті қызмет үшін маңызды қасиет - эмпатияның дамуымен байланысты.

Үшінші қызметі – педагогтардың балалармен, ата-аналармен, әріптестерімен қарым-қатынасында заманауи мәдениет деңгейін сақтауға, рухани және физикалық күштің әсерінен рухани жаңа күш пайда болуға ықпал етеді.

Алайда, В.А.Кан-Калик өзінің зерттеулерінде білім беру үдерісін басқаруда педагог пен білім алушылардың коммуникациялық байланыстарын анықтаудағы және дамытудағы педагогикалық қатынастың рөлін қарастырады [148]. Педагогикалық қарым-қатынасты кәсіптік қатынастың алуан түрі ретінде зерттеп, ғалым педагогтың коммуникациялық қызметінің көп қырлылығын айрықша баса айтады. Оның пікірінше, педагогикалық қарым-қатынас – бұл «педагог пен тәрбиеленушілердің негізгі әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттесу жүйесі (тәсілдері мен дағдылары), оның мазмұны ақпаратпен алмасу, тәрбиелік әсер ету, коммуникациялық құралдардың көмегімен өзара қатынастарды ұйымдастыру болып табылады, педагог осы үдерісті ұйымдастырады және басқарады.

Коммуникативтік құзыреттіліктер мынадай компоненттерден тұрады:

- коммуникативтік тәртіп аймағындағы білімі (қажетті тілдерді білуі, педагогика және психология, конфликтология, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі);

- коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттілігі (іскерлік қатынастарды нақты және жедел орнату, белсенділік таныту, тұлғаны дұрыс қабылдау және түсіну негізінде психологиялық әсер ету, қоршаған ортамен және оқшауланған адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау);

- эмпатияға қабілетті болу (түсіне білу іскерлігі, өзгені сезіне білу т.б.);

- өзіндік бақылауға қабілеттілігі (көршісінің және өзінің мінез-құлқын реттей алу іскерлігі, әңгімелесушіні модельдей алу, жағымды психологиялық климатты тудыру, субъектаралық қарым- қатынасты болжай алу);

- вербалды және вербалды емес қарым-қатынас мәдениеті (сөйлеу техникасы, риторикалық амалдар, дәлелдеу техникасын және келісім-шарттарды жүргізу, кәсіби педагогикалық әдеп ережелерін сақтау, ұғымдық категориялық ақпаратты мақсатты түрде қолдану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербалды емес құралдарды қолдану).

Қазіргі заманғы зерттеулерде берілген ұғымдарды талдау мен пайымдау жалғасуда, ол жаңа мазмұнмен толықтырылуда. Осыдан аз уақыт бұрын коммуникативтік құзыреттілік «тиімді қарым-қатынас жасауға қажетті дағдылар мен икемділіктердің жиынтығы» деп түсіндірілсе, ал қазіргі таңда неғұрлым кең мағынаны қамтып, тұлғалық аспектіні кірістіріп отыр.

Сонымен, *коммуникативтік құзыреттілік* – өзара әрекеттесуді ұйымдастыру үшін қажет білім, икемділік пен дағдылардың жиынтығы және тиімді коммуникативтік тұлғааралық қарым-қатынасты құруға негізделген тұлғаның ішкі жоспары ретінде қарастыруға болады.

Коммуникативтік құзыреттілік – педагогтың педагогикалық қарым-қатынаста туындайтын коммуникативтік міндеттерді шығармашылық тұрғыдан шеше білу қабілеті. Осыған орай, коммуникативтік құзыреттілік қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын білім, икемділік пен құндылықтық бағыт-бағдардың қосындысы деп айтуға болады.

Педагогтың кәсіби қарым-қатынасы – педагогикалық міндеттерді шешуде әртүрлі коммуникативті құралдарды тиімді пайдалану арқылы шешім қабылдауға бағытталған күрделі коммуникативті өзара әрекеттесу жүйесі. Педагог білім алушының сөйлеу ерекшелігін болжай алуға, тілдік қатынасты талдай білуі тиіс, айтылатын ойды жеткізуде, тілдік әдепті сақтау арқылы диалогтық қарым-қатынасты орнатуы шарт.

Сонымен қатар, педагогикалық шеберлікте коммуникативті қызметті ұйымдастыру техникасы негізгі орын алады. *Педагог үшін қарым-қатынас* – бұл кәсіби қызметтің бір түрі десек, онда оның тәсілдері: сөз, дауыс, интонация, көзқарас, ымдау, жымию, сезу және қобалжу.

Кан-Калик тұжырымымен келісе отырып, педагогтың қарым-қатынас жағдайын ұйымдастыру үшін бірқатар талаптардың орындалуы қажеттігін айтуға болады. Мысалы, сенімділік, диалогтық, өзара түсіністік, нақты психологиялық байланыс, әсер етуден бас тартуға қабілеттілік және өзара іс-әрекетке көшу [148, с.190].

Егер педагог үшін қарым-қатынас – кәсіби қызметтің түрі болса, ал білім алушы үшін – ол өмірлік іс-әрекет. Осы жерде қарым-қатынас кезінде педагог пен баланың ұстанымы арасында айтарлықтай айырмашылық болады. Білім алушы өзіне жасалған жағдайға сай өмір сүреді, педагогтар, ата-аналар және құрбыларымен қарым-қатынас орнату – оның өмірінің бір бөлігі. Педагог білім алушылармен сөйлесе отырып, жұмыс істейді және ол әрқашан білім алушылармен өзінің арасында не болып жатқанына өзіне есеп беруі керек.

Педагогтың кәсіби сөйлеудегі дауысын келесі негізгі сапаларға бөліп

көрсетуге болады: дауыс жеткілікті түрде қатты айтылуы керек, яғни, ол кез-келген аудиторияда естілуі тиіс, тіпті күшейткіш техникалық құралдар болмаса да (дауыстың динамикалық диапазоны-ауқымы), дауыстың жіберілуі, яғни, оның қажетті нүктеге жетуі, әрбір тыңдаушыға дейін баруы, дауыстың құбылмалығы, оралымдығы, ауызша сөйлегенде интонациялық-әуезділігінің өзгеруі, педагогтың ойын жеткізуде оны толықтай және сан қырлы етуге мүмкіндік беретін жоғарғы дыбысты диапазон болуы, дауыс тембрі. Тембрлік бояуда өз дауысының қанша айқын әсерлі шығуы тыңдаушының тез қабылдауына тәуелді болады, дауыстың биіктеп шығуы – оның басқа дыбыстар мен шудан бөлектенуіне, басқалармен араласпай, олардың арасында жоғалып кетпеуіне қабілеттілік, шыдамдылық, яғни, дауыстың шаршаңқылығы – бұл ұзақ қарқынды сөйлеуде, анағұрлым дауыстық салмаққа шыдам беруде дыбысталудың негізгі қасиетін жоғалтпауға мүмкіндік береді.

Құзыреттілік қарым-қатынасты дамыту – оны үйлестірудің маңызды бағыттарының бірі. *Коммуникативтік құзыреттілікті* дамыту үшін, қарым-қатынастың қандай да бір түріндегі заңдылықтары маңызды. Оған қызметтік-іскерлік, рөлдік, жыныстық және жеке тұлғалық жатады. Коммуникативтік құзыреттілік – педагогтың балалармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен, мектепке дейінгі мекеме жетекшілерімен педагогикалық максатқа сәйкес қарым-қатынастар орната алу білігінен байқалады.

Педагог еңбегінің тиімділігі – қарым-қатынас жасау өнерімен тығыз байланысты. Педагогикалық қарым-қатынастың негізінде мынадай ептілік пен дағдылар – жағдайды бағалай білу, топпен байланыс орнату, білім алушыны дұрыс түсіну және т.б. жатады. Мұның барлығы педагогтың кәсіби шеберлігінің құрамдас бөлшегі және коммуникативті компоненттің жемісті болуын қамтамасыз етеді. Заманауи педагогтарды даярлау – бүгінгі күнде адамның коммуникативті іс-әрекет қабілеттерін, әлеуметтік және кәсіби рөлдерін құзыреттілікпен және жауапкершілікпен орындау мүмкіндіктерін ашу үдерісі болып қарастырылады.

Ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, көпмәдениеттілік – жаһандық білім беру қауымдастығының тануынша білім беру саласының негізгі құзыреттілігі және көптілді білім беру кеңістігін қалыптастырудағы басты бағыттардың бірі болып саналады.

Мәдениаралық қарым-қатынас біліктері. Мәдениет – әлеуметтік фактор, қозғаушы күш болғандықтан, оның дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Адам, оның қызметі мен өзара қатынасы бар жерде мәдениет бар. Демек, «мәдениет - адамдардың бірлесе ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастар жиынтығы» - деген тұжырымды қолдауға болады.

Мәдениет – халықтың туған топырағында жинақталған өмірлік тәжірибесінің, тәлімі мен тәрбиесінің, өмір сүру бейнесінің жиынтығы. Бұл тұрғыдан ойды әрі қарай өрбітетін болсақ, шығыс мәдениетінде Батыс пен Шығысты бірдей тербеген Абай көзқарасының маңызы зор. Ол қазақ халқының ойлау жүйесін алғаш рет әлемдегі даму мен өзгеруге, диалектикаға қатысты

зерделеді. «Егер адам мәдениетін дүниежүзілік мұхитқа құятын ағысқа теңесек, онда дәстүрлер сабақтастығын қуат күшіне бірлестіруге болады» [149].

Кәсіби құзыреттілікті зерттей келе, Г.А.Ларионова [150] негізгі құзыретке «мәдениаралық және салаарлық білім, дағдылар, мүмкіндіктер табысты қызметке әр түрлі кәсіби қауымдастықтар үшін қажет», - деп атап көрсеткен болатын.

Ғалым Н.А.Сушкова [151] *өзінің еңбегінде:* мәдениаралық қабілеттер бірнеше мәдениет өкілдерінің өзара әрекеттестігінің алтын көпірі деп санайды. Оның пікірінше, мұндай құзыреттілікке ие адам бірнеше тілді білетін, мәдениеттер жайлы білімдер жинақтаған, салыстырып өзінің шыққан жүйесінің құндылықтары тұрғысынан талдай алатын, тума мәдениетке сәйкестігін жоғалтпай өзгешелікті де қабылдауға дайын болуды көрсетеді.

Мәдениаралық қарым-қатынас – заманауи, көпмәдениетті ортада еңбек ететін, көпмәдениетті білім беретін педагогтарды дайындауда ескерілетін мәселе.

Қазақстанның ашық қоғам құрып, әлемдік өркениетке кірігуі өскелең ұрпақта көпмәдениетті ортадағы өмірге қатысты құзыреттіліктерді қалыптастыру талаптарын күшейтеді. Мемлекетімізде әр жыл сайын білім алушылар шетелдерде тағылымдамалардан өтеді. «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік оқу орындарында білімдерін жалғастырады. Мәдениаралық қарым-қатынас білігі көпмәдениетті тәрбиеге тікелей байланысты десек, онымен айналысатын педагогтардың әсіресе, көптілді білім беру жағдайында бұл саладағы құзыреттіліктерінің болуы білім саласының басты міндеттерінің бірі болып табылады. Мәдениаралық қарым-қатынас білігі негізінен көпмәдениетті білім беру және мақсатты жүргізілетін тәрбие жұмыстары арқылы қалыптасады.

Көптілді білім беру жағдайына байланысты педагогтар бойында болуға тиісті тағы бір сапа – ақпаратпен жұмыс жасай алу. Бұл жерде ақпараттық коммуникациялық құралдарды меңгеру құзыреттіліктерінен басқа мәселе көтеріліп отыр. Осы ойымызды төменде ашатын боламыз.

Ақпараттық біліктіліктер.

«Ақпарат» ұғымына Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында берілген түсінік төмендегідей: ақпарат (информация, лат. Informatio – түсіндіру, баяндау, хабардар ету);

- істің жағдайы, қандай да болмасын оқиға немесе біреудің қызметі туралы хабарлау, мәлімет беру;

- XX ғасырдың ортасынан бастап, адам мен адам, адам мен автомат, автомат пен автомат арасындағы деректер алмасуды, жануарлар мен өсімдіктер арасындағы сигналдар алмасуды, тұқым қуалаушылық белгісін бір клеткадан басқа бір клеткаға, бір ағзадан (организмнен), екінші бір ағзаға жеткізуді қамтитын жалпы ғылыми ұғым;

- кибернетиканың негізгі ұғымдарының бірі. Ақпарат үздіксіз (аналогты) не үзілісті (дискретті) болуы мүмкін. Ақпаратты жеткізу, қабылдау. Түрлендіру және сақтаудың жалпы мәселелерімен ақпарат теориясы айналысады.

- Ақпарат сөзі өте жиі кездеседі. Алайда, ақпарат деген не екенін ешкім

дәл айта алмайды. Өйткені, ақпарат математикадағы нүкте ұғымы сияқты анықтама берілмейтін ұғым [131, с.25].

Басқаша айтқанда, ақпарат – тұтынушының мәлімет алмағанға дейінгі анықталмағандық туғызатын әсерін белгілі бір деңгейде шешетін құрал, объект туралы оның түсінігін кеңейтетін мәлімет.

Д.Қ.Пошаев [152] «Ақпарат сөзі – ғылымдағы, бірқатар мағлұматтар қандай да бір мәліметтер жиынтығын білдіретін ең бір жалпы ұғым болып табылады», - деп көрсеткен.

Ақпарат – қызығушылық тудыратын, тіркеуді және өңдеуді қажет ететін фактілер, құбылыстар, оқиғалар жиынтығы. Ақпарат көзі және қабылдаушысы болады. Олардың әрқайсысы ретінде – ғылым мен техника, қоғам мен табиғат объектілері, адамдар мен жануарлар бола алады. Осылардың өзара әрекеттесу нәтижесінде ақпарат пайда болады. Ақпарат мазмұны жағынан сан түрлі болып келеді де, адам іс-әрекетінің түрлеріне байланысты жіктеледі: ғылыми, өндірістік, басқару (әлеуметтік-экономикалық), медициналық, экологиялық, құқықтық және т.с.с. Ақпараттың әрбір түрінің өзіне тән – өңдеу технологиясы, мазмұндық құндылығы, берілу түрлері және дәлділігіне қойылатын талаптары бар. Ақпаратты техникалық құралдар көмегімен, өңдеу технологиясының талабы бойынша, ақпараттың жеке элементтерімен жұмыс істеп, олардың формалды сипаттамасын дайындап, өңдеп және сақталуын қамтамасыз ету қажет. Формалды түрде бейнеленген ақпарат «мәлімет» деп аталады.

Ақпарат дегеніміз – тұтынушыға бұрын белгісіз болған және оның зерттелетін объект (үдеріс, құбылыс) туралы түсінігін толықтыратын фактілерден тұратын мәліметтер жиынтығы деп анықтама береміз.

Ақпараттық үдерістер – ақпаратты жинау, жіберу, жинақтау, сақтау, өңдеу, іздеу, беру және пайдаланушыға жеткізу үдерістері. Информатика ғылымы, ақпараттық үдерістерді мақсатты түрде зерттеу нәтижесінде пайда болды. Информатика – ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және жеткізу моделдерін, әдістерін және құралдарын зерттейтін ғылым. Зерттеу барысында ақпараттық үдерістерді коммуникативті, диагностикалық құзыреттіліктермен өзара байланыстырылған [153].

О.Б.Зайцева [154] *ақпараттық құзыреттілікке мынадай анықтама берген: «айқындалған тұлғалық сапалар жиынтығы және инновациялық технологиялар аумағындағы теориялық білім мен практикалық біліктерінің бірлігі негізіндегі күрделі тұлғалық-психологиялық білім».*

Бұл тұжырымдар ақпараттық құзыреттіліктің жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті дегенге келіп саяды. Дегенмен, біздің жұмысымыздың аясында құзыреттіліктің бұл түрін кеңірек қарастырған жөн деп санаймыз.

Көптілді білім беру жағдайындағы педагогтың ақпараттық біліктілігі мемлекеттік, қоғамдық, әлеуметтік, жеке құндылық, педагогикалық әрекетте әртүрлі ақпаратты пайдалана алу жүйесі, тұлғаның қажетті ақпаратты іздеп таба алуында көрінетін ішкі қуаты, әрекетін нәтижелі ететін үдеріс.

Бұл айтылғандар негізінде ақпараттық біліктілікке қатысты мынадай

тұжырым жасауға болады: ақпараттық біліктілігі – мұғалімнің ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану арқылы әртүрлі ақпаратты табу, оған сыни баға беру, қабылдау, сақтау, оны пайдалануда көрінетін кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі, педагогтың білім беру қызметінің қажетті бөлігі, ғылыми қызметінің ақпараттық астарларының сапалық көрсеткіші болып табылады.

Көптілді адамға қажетті тағы бір аса маңызды қасиет ол – жауаптылық. Ана тілін және басқада тілдерді білудегі жауапкершілікті сезіну қабілеттілігі – адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет, тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді. Өсіп келе жатырған адамды жауапкершілікке тәрбиелеу – қазіргі заманның өзекті мақсаты. Өмір бойы білім алуға қатысты құзыреттіліктер ішінде тұлғаның өзінің, отбасының, айналасының, елінің, тіпті әлемнің алдындағы жауапкершілігін сезінуді бойына дарыту маңызды орын алады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі – пәнін көптілді білім беру мәселелеріне бағыттай алуға негіз болатын білімдері, ақпараттық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ұлттық және әлемдік жауаптылықты сезіну қабілеттерінен тұратын, көптілді азаматты қалыптастыруға дайындығын көрсететін олардың кіріктірілген күрделі сапасы деп тұжырым жасап, өз анықтамамызды беруді ұйғардық.

Болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына байланысты біз жоғарыда сипаттап өткен кәсіби құзыреттілігі түптеп келгенде Жак Делор ұсынған қасиеттердің негізі қызметін атқарады деп санауға болады.

Өз ойымызбен айту себебіміз, өз мәдениетінің нағыз өкілі бола тұрып, көптілділікті меңгерген, соның негізінде мәдениаралық қарым-қатынас біліктері қалыптасқан тұлға басқалармен бірлесе өмір сүруде қиындыққа тап болмайды, әлемдік ақпараттарды талдауға үйренген жастардың, айналадағыны танып білу, одан қорытынды жасау мүмкіндігі молаяды, жастар бойындағы ұлттық және әлемдік жауапкершілікке қатысты қабілеттері, өмір сүрудің жолдарын дұрыс таңдауға ықпал етеді.

Ал осының барлығы болашақ педагог-психологтардың пәнінің мазмұнын әлемдік материалдармен толықтыра оқытуда, озық әлемдік педагогикалық әдістер мен технологияларды тиімді пайдалануда жүзеге асады деп сеніммен айтуға болады. Осы айтылғандарға сәйкес көптілді білім беру жағдайындағы педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігін төмендегідей сурет 4 түрінде бейнеледік.

Сурет 4 - Болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттілігінің құрылымы



Біздің түсінігімізше, көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі әлемдік мәселелер, өмірдің жаңа бейнесі, ондағы мәдениеттер әртүрлілігі жайындағы білімдер, ғаламдық ортамен тиімді әрекеттесе алу біліктері, ақпараттық сауаттылық, қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарудағы және өзіне жүктелген жауапкершілікті сезіну сияқты сапаны өзгеріп жатқан әлемнің білім беру кеңістігіндегі педагогикалық әрекетте жүзеге асыруда көрінетін педагог-психологтардың кәсіби даярлығының көрсеткіші.

Мұндай педагог-психологтар барлық жаңалықтармен хабардар, ізденімпаз, өз пәнінің практикалық бағыттылығын айналадағы өзгерістерді қарастыру арқылы жоғарылатып отырады, білім алушыларда әртүрлі идеяларды қарастыру негізінде жаңа білімдерді жинақтауға қызықтыра біледі.

Болашақ педагог-психологтарды кәсіби дайындық барысында құзыреттілігін қалыптастыру бір күнгі жұмыс емес. Ол күнделікті оқытушыдан шеберлікті, ізденісті, білім алушыдан оқуға деген құлшынысты, ынта-жігерді талап етеді. Білім алушының құзыреттілігі жинаған білімін тәжірибемен ұштастыра білгенде ғана байқалады. Құзыреттілікті әрдайым дамытып, жетілдіріп отыру керек. Құзыреттілік тек бір пән төңірегінде қалыптаспайды. Ол үнемі толықтырып, дамытып отыруды қажет етеді. Құзыреттіліктің қалыптасуына әлеуметтік орта, қарым-қатынас, білім, қабілет, дағды әсер етеді. Осы қасиеттердің барлығы бір арнаға тоғысқанда ғана білім алушының кәсіби құзыреттілігін белгілі бір дәрежеде қалыптастыруға мүмкіндік туады.

Біз қарастырып отырған құзыреттілік ХХІ ғасырда өмір сүріп, еңбек ететін әрбір азамат бойында болуы тиіс. Олар тұлғаның ең алдымен жақсы білім алуының, еңбекте алда болуының, лайықты өмір сүруінің, өзгелермен шынайы, ізгілікті қарым-қатынаста болуының негізі. Тек осындай жағдайда ғана білімділік, табыстылық, ұтқырлық нәтижесінде тұлғаның тіршілік етуі сапалық тұрғыда жоғары деңгейге көтеріледі. Демек, өскелең ұрпақтың ұстазы осындай әлемдік шақырғыларға дайын болуы тарихи қажеттілік.

Сондықтан, жоғары оқу орындарында көптілді білім беру бойынша өзгерістер жағдайында жұмыс істеп, өмір сүре алатын болашақ педагог-психологтың дайындығын жүзеге асыру педагогика ғылымының теориялық және практикалық салалары қарастыратын маңызды мәселе қатарына жатады деп санаймыз. Бұл басқа да ғылым салалары бойынша мамандар дайындауда зерттеу нысанына алынуға тиісті пәнаралық күрделі мәселе. Біз оның өз зерттеуіміз аясындағы аспектілерін ғана қарастырып отырмыз.

1.3 Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары

Параграфтың мақсаты – Қазақстанның дамуындағы маңызды стратегияларының негізінде болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын айқындау.

Көптілділік адамзат дамуының бағыты ретінде ертеректен жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі күні тек бір тілді ғана қолданатын халқы бар елдерді елестету

мүмкін емес. Шындығында бір ұлтты ғана өркениетті мемлекет жоқ. Көпұлтты мемлекеттерде қалыпты жағдайда жұмыс жасауда көптілділікті қалыптастыру өте маңызды.


Көптілді – бірнеше мәдениетті меңгерген тұлғаны қалыптастырудың негізі. Көптілді меңгерген адам әртүрлі қарым-қатынас жағдайында, әртүрлі ортада сөйлесе алатын, түсінетін тұлға.

Елімізде халықаралық стандартқа сәйкес шетел тілдерін оқыту үшін көптілді білім беру тұжырымдамасы әзірленген. Елдің индустриялық-инновациялық дамуы жағдайында білім беру қызметінде көптілді мәдениет пен көптілді білім беруді дамыту және енгізу қажеттілігі аса өзекті болады. Көптілді білім беру ең маңызды стратегиялық мақсат болғанмен, ана тілінде білім берудің үздік дәстүрлері сақталған. Шындығында да ағылшын, орыс тілдерін оқығанмен, қазақ жерінде қазақ тілі ғана үстемдігін жүргізе алады. Шетел тілі – еліміздегі әрбір тұлғаның әлемге бойлауына, жан-жақты болуына себеп болады. Ағылшын тілі – кәсіптің тілі, технологияның даму тұсындағы әлемдік қарым-қатынас құралы, ал қазақ тілі – мемлекеттік тілі, ұлттың тілі. Қазіргі жағдайда біртіндеп, үштілді қатар меңгеріп келе жатқаны байқалады. Осыған байланысты қазіргі әлемдегі тілдердің рөлін түсіну бізге тілдерді оқытудың тиімділігі мен оқушыларға тілдік дайындық деңгейін арттыру мәселесі болып табылады. Қазақ, орыс және шетел тілдерін білу – қазіргі қоғамдағы адамның жеке және кәсіптік қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады. Мұның бәрі бірнеше тілді меңгерумен қатар, қоғамда неғұрлым беделді және кәсіби мамандарды дайындау қажеттілік болып табылады. Бәсекеге қабілетті маман даярлау, әлем талабына сай жас ұрпақ дайындау мақсатында тиімді құрал ретінде көптілді білім беру қарастырылады.

Қазіргі технологияның дамуы мен жаһандану әлемінде көптілді білім беру кеңістігін әлеуметтік және философиялық мәселелерді тұжырымдамалық шешу – басқа халықтардың тілдерін екінші бір халыққа ана тілімен қоса оқытуға бейімдеу, жалпы мәдениетін тану үшін белгілі бір жүйе ұсынудың әдіснамалық принципі болып табылады.

Көптілділік жеке басын куәландыратын белсенді көп тілді қолдау болып табылады: сөйлеу жеке басын куәландыратын – жеке бірнеше тілде бір мезгілде сөйлеу қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кешенді психологиялық-физиологиялық қасиеттері, жеке қарым-қатынас – ауызша мінез-құлық және әртүрлі тілдік қоғамдардың өкілдерімен қарым-қатынас құралы ретінде бірнеше тілдерді пайдалану қабілеттерінің жиынтығы, сөздікке жеке немесе этносемантикалық-дүниетанымның симбиозы [9, с.10] бірнеше тілде лексикалық жүйесінде көрініс ықпалдастырушы бағытын, мінез-құлық эксперименттер бағалайды.

Көптілді білім беру теориясы мен практикасының пайда болуы мен дамуы үшін мынадай тарихи әлеуметтік және педагогикалық алғышарттар қарастырылуы мүмкін. Оны біз 5-сурет арқылы көрсетуді жөн көрдік.



Сурет 5 - Көптілді білім беру дамуының тарихи әлеуметтік және педагогикалық алғышарттары

Суретте жүйеленген алғышарттардың түйіні: Қазақстанда көптілді білім беруді дамытуды көздеп отыр. Қазақ тілі мен орыс тілдерінің функционалдық қызметін дамыта келе, әлемдік қоғамдастыққа интеграциялау үшін ағылшын тілін енгізу қажеттігін көрсетіп отыр. Осы алғышарттармен қатар, көптілді білім беру жағдайындағы тұғырларды анықтағанымыз жөн.

Ғылыми әдебиеттерде әдіснамалық тұғыр белгілі бір педагогикалық-психологиялық мәселені зерттеудегі қолданылатын ұстанымдар, әдістер мен тәсілдер жиынтығы деп қарастырылады. «Тұғыр» ұғымы педагогикада ғылымның пайдаланатын нақты тәсілі, элементі ретінде қолданылады. Тұғыр – бұл ғылыми-педагогикалық қызметтің қандайда бір үдерісінің элементі, жеке әрекеті. Егер «әдіс» ұғымы ғылыми-педагогикалық әрекет тәсілдерінің жиынтығын білдірсе, «әдіснамалық тұғыр» ұғымы аталмыш тұғырдың зерттеушінің ғылыми-педагогикалық әрекетінің бүкіл кезеңінде пайдаланатынын білдіреді. Зерттеу тұғырларының жиынтығы олардың қолдану дәйектілігі мен логикасын, педагогикалық зерттеуді жүргізу технологиясын анықтайды.

Ғалым педагогтар әдіснамалық бағдар ретінде «тұғыр» ұғымын жиі қолданады. Осы орайда, педагогикалық зерттеулерде жүйелік, жүйелік-қызметтік, кешендік, тұтастық, аксиологиялық, праксиологиялық, әрекеттік,

жеке тұлғалық және т.б қолданылады.

Педагогикалық құбылыстарды зерттеудің мазмұндық ерекшелігіне байланысты әдіснамалық тұғырларды үш топқа бөліп қарастырған. Мысалы, мега, макро, микро әдіснамалық тұғырлар. Мегаәдіснамалық тұғырлар: жаратылыстанулық-ғылымилық және гуманитарлық. Макроәдіснамалық тұғырлар: мәдени, синергетикалық, инновациялық, экологиялық. Микроәдіснамалық тұғырлар: тұлғалық, жүйелілік, әрекеттік және т.б.

Осыған сәйкес, В.И.Беляев [155] әдіснамалық тұғырлардың ішінен мәдени-танымдық, аксиологиялық, өркениеттік, инновациялық тұғырларды нақтылап ұсынды.

Отандық ғалымдар Г.Қ.Нұрғалиева [156], А.Қ.Құсайынов [157], Ш.Т.Таубаева [158] және т.б. педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық тұғырларының мазмұнын айқындады. Бұл ғалымдар дүниежүзілік тәжірибеге сүйене отырып, педагогикалық зерттеулердің әдіснамалық тұғырларының мазмұнын нақтылады.

Ш.Т.Таубаеваның [158, с.384] әдіснамалық тұғырларға жүргізілген талдауы, педагогика мен мәдениеттанудағы тұғырлардың жүйесін: жүйелік, тұтастық, кешендік, жеке-тұлғалық, іс-әрекеттік, тарихилық, антропологиялық, аксиологиялық, мәдениеттанымдық, психологиялық, технологиялық, әлеуметтанулық, өркениеттік, инновациялық, типологиялық, акмеологиялық, аксиоматикалық, этнопедагогикалық, этнографиялық, ақпараттық, мәндік, болжамдық және т.б. - деп көрсетеді.

Педагогика және психология ғылымдарында әдіснамалық тұғырларға сүйену – әлеуметтік педагогикалық құбылыс, жалпы мәдени өрістегі педагогикалық әрекет ретінде педагог-психологтың зерттеу мәдениетін қарастыруға, білім және ғылым саласында фактілер, құбылыстар, механизмдер мен заңдылықтарды жан-жақты зерттеп, қарастыруға мүмкіндік береді.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерді талдай отырып, зерттеу жұмысымыздың мақсат-міндеттеріне сәйкес және зерттеудің бірінші бөлімінде қарастырылған Қазақстанның даму стратегиясына негізделіп, біз тұлғалық, құзыреттілік, мәдениеттанымдық және коммуникативтік тұғырларды сипаттауды жөн көрдік. Бұл тұғырлар Қазақстанның «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» стратегияларынан туындап отыр: Толеранттық; Ұлттық идентификациялау; Шығармашылық қабілеттілік пен креативтілік ойлау, Жаһандану, конфессияаралық және дипломатиялық келісім; Коммуникативтілік; Бейбітшілік пен өркениеттің дамуы; Цифрландыру; Көпмәдениеттілік. Мысалы, тұлғалық тұғыр толеранттықты, коммуникативтілікті, көпмәдениеттілікті, шығармашылық қабілеттілік пен креативтілік ойлауды цифрландыруды, бейбітшілікті талап етеді. Сол сияқты мәдениеттанымдық тұғырдың мәні коммуникативтілікті, көпмәдениеттілікті, конфессияаралық және дипломатиялық келісімді көздейді. Жалпы айтқанда, стратегия мен тұғырлар бір-бірімен тығыз байланысты және әр стратегия тұғырлардың мазмұнынан шығып тұр.

Тұлғалық тұғыр – болашақ педагог-психологтың көптілді меңгерген тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуына, кәсіби қалыптасуына, кәсіби құзыреттілік

тұрғысынан өзін іс-әрекет тұрғысынан өзін іс-әрекет субъектісі ретінде қабылдауына, өзінің кәсібіне қажетті тұлғалық сапаларының дамуы мен ішкі әлеуетінің артуына мүмкіндік береді.

Тұлғалық тұғыр – көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі бойынша өзара байланысты түсініктер, идеялар және іс-әрекет тәсілдері жүйесіне сүйену, педагог-психолог тұлғасының өзін-өзі тану және өзін-өзі жетілдіру үдерісіне қолдау көрсету, оның дербестігін дамыту. Тұлғалық ықпал тұрғысынан әр тұлғаға оның жас ерекшелігімен қоса мінез-құлқы, өзінің туа біткен темпераментіне, психологиялық жаратылысына байланысты әрекет ете отырып, оның бойындағы рухани адамгершілік құндылық қасиеттерін дамытуға ықпал ету.

Тұлғалық тұғыр – білім алушыны әлеуметтендіруді, оның тұлғалық қасиетін субъект деңгейінде дамытуды көздейді. Тұлғаның жан дүниесін қозғалысқа түсіру – оның ішкі дүниесін дамытудың бірден-бір жолы. Осыған орай, педагог-психолог тұлғасының жан дүниесіне түрткі тудыру және дамытуды ұйымдастыру – педагог-психологтың басты қызметіне айналуы шарт.

Тұлғалық тұғыр – оқу-тәрбие үдерісінде тұлғаның жеке басына назар аударылып, қарым-қатынастар әр түрлі деңгейде іске асырылады: қарапайым түрдегі пікірлесу (тәрбие үдерісіндегі қарым-қатынас), мазмұндық сұхбат (белгілі тақырып мазмұнында пікірлесу), тұлғалық-мәнді сұхбат (құндылық бағдарлы тұлғалық-бірлесуді қамтамасыз ететін пікірлесу).

Білім берудегі тұлғалық тұғыр – оқыту мен тәрбиелеу үдерісіндегі әрбір білім алушы тұлғасын ең жоғарғы құндылық ретінде қабылдауды көздейді. Педагогикалық сөздіктерде оқу-тәрбие барысындағы тұлғалық бағдар тұғыры деп педагог-психологтың білім алушыны тәрбиелік ықпалдың саналы, жауапты субъектісі ретінде қабылдайтын бірізді қатынасын атайды. Бұл тұғырдың философиялық, психологиялық-педагогикалық қырларын Аронсон Эллиот [159], А.Г.Асмолов [160], М.С.Каган [161] т.б. көптеген ғалымдар зерттеген.

Бұл тұғыр бойынша педагог-психолог әрбір білім алушыны *объект* ретінде емес, керісінше, оны белсенді позицияға қойып, білім алушы тұлғасын *субъект* ретінде қабылдауы қажет. Яғни, әрбір білім алушының жеке дара тұлға екені ескеріліп, оның құндылығын басты мәселе ретінде қарастырған абзал. Бұл идеяның негізгі мақсаты – білім алушыға құрмет көрсете отырып, оның өзін-өзі жеке тұлға ретінде сезінуіне жағдай жасау, өзіндік санасын, өзін-өзі іске асыра алу, өз күшіне деген сенімділікті арттыру, тұлғалық әлеуетін дамыту. Білім беру үдерісінің тұлғаны дамытуға бағдарлануы білім алушылардың білімді меңгеру арқылы нақты нәтижелерге қол жеткізе алатындығын басты назарға алады.

Құзыреттілік тұғыр – оқу-тәрбие мақсаттарын анықтаудың, тәрбие үдерісін ұйымдастыру мен оның нәтижелерін бағалаудың, білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыруда және олардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз ететін ортақ ұстанымдар жиынтығы.

Болашақ педагог-психологтарды кәсіби даярлау үдерісіндегі құзыреттілік тұғыр әртүрлі құзыреттілік түрлерінің жиынтығы арқылы күтілетін нәтижені

қалыптастыруды көздейді. Күні бүгінге дейін педагогика және психология ғылымдарында кәсіби құзыреттілікке байланысты бірыңғай пікір қалыптаспаған. Кейбір ғылыми еңбектерде кәсіби құзыреттілік мәселесін танымдық, технологиялық, мотивациялық, мінез-құлықтық, құндылық бағдарлардың жүйесі ретінде қарастырылады. Сондай-ақ, білім алушының алған білімі, іскерлігі, тәжірибесі, мінез-құлық тәсілдерін жағдаятта, практикалық іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті немесе «нәтижеден» қалыптасатын білім мазмұнының интеграциясын қамтитын үдеріс деп қарастыратын ғылыми еңбектер көптеп кездеседі. Ғылымда болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттіліктері жоғары оқу орнының оқыту үдерісінде ғана емес, практикалық іс-әрекетте немесе өзбетімен ізденіс нәтижесінде қалыптасатындығы жайында пікірлерде бар.

Кәсіби құзыреттілік ұғымы кәсібиліктің жоғары деңгейін бейнелеуде қолданылады. Кейбір авторлардың еңбектерінде кәсіби қызметке даярлық немесе педагогикалық кәсібилік сияқты түсініктермен теңестірілген.

Алғаш рет ғылыми айналымға «құзыреттілік» ұғымын XX ғасырдың орта шенінде Н.Хомский [162] енгізді. Бастапқыда «құзырет» түсінігі ана тілінде нақты тілдік қызметті орындау үшін қажетті қабілеттіліктің мәнін түсіндірген. Құзыреттілік – болашақ педагог-психологтың өзінің және қоғам өмірінің өркендеуіне жауапкершілігін сезінуі, оған дайындығы мен қабілет деңгейін көрсететін кәсіби маңызды сапа ретінде қарастырылады.

Болашақ педагог-психологтардың маңызды сапасы ретінде «құзырет» түсінігі – субъектінің қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындығы болып саналады. Сыртқы ресурстарға білім, іскерлік, дағды, іс-әрекет тәсілдері, ішкі ресурстарға психологиялық тұлғалық ерекшеліктер, құндылықтар жатады.

Жоғары оқу орнының білім беру жүйесінде кәсіби құзыретті маман қалыптастыру мәселесінің зерттелуі XX ғасырдың 80-90 жылдары қарқынды дами бастады. Кәсіби құзыреттіліктің жекелеген түрлерінің жалпы феноменологиясы В.А.Адольтың [163] және т.б. сияқты білікті ғалымдардың ғылыми еңбектерінде көрініс тапты. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің әртүрлі аспектілерімен К.А.Абульханова [164], Л.И.Мищенко [165], М.В.Прохорова [166], Е.И.Рогов [167], Д.С.Савельев [168], К.Жанпеисова [169], Д.П.Шульц., С.Э.Шульц [170] және т.б. ғалым-зерттеушілер айналысты.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын мәселелер мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілет, білім алушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі, іскерліктер мен дағдылардың жиынтығынан тұрады.

Ғылыми зерттеудің теориялық негіздерінде қарастырылғандай, болашақ педагог-психологтың құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі түрлі бағыттарда зерттеген шетелдік ғалымдар:

- дифференциалдық-психологиялық құзыреттілік мәселесі А.А.Реан [171], К.Швабс [172] және т.б.;
- басқарушылық құзыреттілік мәселесі – А.В.Прохорова [173] және т.б.;
- педагогикалық білім берудің әдістемелік мәселесі – В.А.Дегтерев [174]

және т.б.;

- педагог-психологтың кәсібилігінің бір бөлігі ретінде – құзыреттілік – К.С.Кудайбергенова [88], Ю.В.Вардарян [175], Т.В.Новикова [176] және т.б.;

- педагог-психологтың педагогикалық қызметін жүзеге асыру үшін қажетті білім, іскерлік, дағды және қабілеттіліктің, психологиялық сапалардың жүйесі жайындағы мәселелер – Ш.Колумбаева [177] және т.б.;

- педагог-психологтың тұлғалық қасиеттерінің негізінде педагогикалық қызметті орындау формасы түріндегі құзыреттілік мәселесі – А.Н.Көшербаева [178] және т.б.

- кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі – Э.Ф.Зеер [179] және т.б.;

- кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруда интерактивті оқыту әдістерін қолдану мүмкіндіктері – Ю.Н.Бахметова [180] және т.б.;

- кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне әдіснамалық тұғыр негіздері – В.А. Слостенін [181], Е.В.Яковлев [182] және т.б.;

- «құзырет» және «құзыреттілік» түсініктерінің арақатынасы туралы М.Д.Ильязова [183], А.В.Хуторской [184] және т.б.;

- болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру шарттары жайында Н.А.Зиминова [185], Л.М.Репета [186], С.С.Савельева [187] және т.б.;

- кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалау тұғырлары мәселесі – В.А.Богословский [188], А.В.Хуторской [189] және т.б.;

- кәсіби құзыреттіліктің мәні мен оның түрлерін дамыту әдістемесі жайында - Л.Анаторопов [190], А.Кузьмицкая [191] және т.б.;

- кәсіби еңбек нәтижелілігін анықтайтын білім мен іскерліктер жиынтығы жайында – Е.П.Тонконогая [192] және т.б.;

- кәсіби сапалар мен жеке-дара қасиеттердің үйлесімі жайындағы мәселелер – Л.М.Митина [193] және т.б.;

Сонымен қатар, отандық ғалымдардың еңбектерінде кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері көрініс тапқан. Айталық,

- колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі – Ш.Х.Құрманалина [194] және т.б.

- жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі жайында Б.Т.Кенжебеков [195] және т.б.;

- болашақ педагогтың әлеуметтік құзыреттілігі – Г.Ж.Меңлібекова [196] және т.б.;

- болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы – Б.Қасқатаева [197] және т.б.;

- жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіптік құзыреттілігі – М.В.Семенова [198] және т.б.;

- болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-көркемдік құзыреттілігі - Б.Ж.Еспенбетов [199] және т.б.;

- студенттердің жалпы мәдени құзыреттілігі – К.А.Жолдасбекова [200] және т.б.

Бүгінгі ақпараттық қоғамда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне,

ішкі әлеуетіне қарай бір мамандықты немесе кәсіпті дұрыс таңдауы маңызды. Мамандықты терең меңгеруге байланысты *кәсіби құзыреттілік* ұғымы кеңінен талқылануда, себебі, қоғам кәсіби құзыреттері, практика сұранысына жауап бере алатын мамандарды талап етуде.

Қазіргі білім берудегі негізгі нормативті құжаттардың басым көпшілігінде «*құзыреттілік*» ұғымы негізгі түйін сөздер қатарында қарастырылып келеді. Алдымен «*құзыреттілік*» ұғымының этимологиясына тоқталатын болсақ, ол латын тілінің «*competence*» деген сөзінен аударғанда «білу», «істей алу», «қол жеткізу» деген мағынаны білдіреді.

Педагогикалық терминологиялық сөздіктерде құзыреттілік ұғымы екі тұрғыдан сипатталған:

1) *құзыреттілік* – нақты білімдері мен дағдылары арқылы кейбір міндеттерді шешуге қатыса алатын немесе мәселені өз бетінше шеше алатын жеке тұлға мүмкіншіліктері;

2) *құзыреттілік* – танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттің теориялық тәсілдерін меңгеру дәрежесімен анықталған жеке тұлғаның білімділік деңгейі.

Сонымен, «*құзыреттілік тұғыр*» ұғымы педагог-психолог тұлғасының кәсіби білімінің деңгейімен, жеке қабілеттерімен, өзін-өзі үздіксіз жетілдіру іскерлігімен, өз ісіне деген шығармашылығымен, жауапкершілігімен, теориялық білімдерін практикада тиімді қолдана алуымен анықталады.

Мәдениеттанымдық тұғыр – қоғамдағы оқу-тәрбие үдерісі мәдениеттің жалпыадамзаттық құндылықтарына негізделініп, жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық мәдениет нормаларына сәйкес құрылуы тиіс. Мәдениеттанымдық тұғыр тұрғысынан – ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани-мәдени дәстүрлер ұлттық сананың, танымның негізі болып табылады.

Мәдениеттанымдық тұғыр – адамзат игілігі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа, материалдық және рухани байлық жасауынан көрінетін, қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі, қазақ халқының мәдени мұраларында мемлекет құраушы ұлттың дүниетанымы, тілі мен ділі, болмыс-бітімі көрініс тауып, олар ұлттық мәдениетті адамды қоғамға лайық тәрбиелеу, жетілдіру, қызмет ету, Отан, адам, тұлға, өмір, адамдардың бір-біріне мейірімділік қарым-қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, өнер адамның өмір сүруіне деген материалдық жағдайдың болуы.

Мәдениеттанымдық тұғыр – көптілді білім беру жағдайында мәдени тұлғаны тәрбиелеуді көздейді. Көп ұлтты қоғамда әр адам бойында толеранттылық қабілеттерін дамытып, өзара сыйластық және сенімділік қағидаларын қалыптастыру өте маңызды. *Көпмәдени тұлғаны қалыптастыру* ретінде әр елдің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, адамның салт-дәстүрлерге бай түрлі мәдениеттер, құндылықтар жағдайына бейімделуін, олардың түрлі мәдениеттер арасындағы ынтымақтастықта өмір сүруге ұмтылушылықтарын нығайту қарастырылады. Әр халықтың мәдени өзгешеліктерін сақтай отырып, халықтар арасындағы достықты, түсіністікті нығайту көпмәдениеттілікке тәрбиелеудің маңызды бағыттарының бірі. Ал сол көпмәдени тұлғаны қалыптастыру – білім беру үдерісінде іске асырылып, оның нәтижелерінің бірі болып табылады.

Коммуникативтік тұғыр – педагог-психологтың коммуникативтік қарым-қатынасын, мәдениетін, іскерлігін сипаттауға мүмкіндік береді. Мұнда педагог-психологтың түрлі категориядағы тұлғалармен тез тіл табысып, тиімді қарым-қатынас жасай алуы, қарым-қатынас тәсілдері, сөз сөйлеу техникасы, қимылдар, мимиканы игере білуін көрсетеді. Бұл әдіснамалық тұғырды түсіндіру үшін үш жағдайды есепке аламыз. Мәселен, біріншіден, педагог-психолог басқа адамдарды түсіне білуі, тани білуі және өзін де таныта білуі керек. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін, көзқарасын, мақсатын сөйлескен адамға, тыңдаушылар ұжымына түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге ұмтылуы қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында толеранттылыққа негізделіп, оң шешім таба білуі маңызды.

Педагогика және психология ғылымдарында педагог-психологтың кәсіби педагогикалық қарым-қатынас барысында коммуникативтік тұғырға сүйене отырып, бірқатар міндеттерді шешудің кезеңдерін анықтайды:

- педагогикалық қарым-қатынас жағдайын бағдарлау;
- аудиторияны басқара алу, өзіне көңіл аударту;
- білім алушылардың педагогикалық қарым-қатынасқа даярлығын анықтау;
- вербальды және вербальды емес қарым-қатынасты орнату;
- педагогикалық қарым-қатынаста мазмұнды және эмоционалды кері байланысты ұйымдастыру.

Педагог-психологтың коммуникативтік қарым-қатынас мәдениеті – педагогикалық іс-әрекет жетістігінің басты шарты. Коммуникативтік қарым-қатынас мәдениеті – ол, тұлғааралық қарым-қатынас жасаудың тілдік құралдарын дұрыс таңдай алуы, әдеби тілдің жазбаша және ауызша нормаларын меңгеру арқылы ойды айқын және әсерлі жеткізе алуы. Педагогикалық қарым-қатынас жасауда тіл мәдениетін толығымен меңгере алу көптеген жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Болашақ педагог-психолог өздерінің кәсіби дайындығы кезінде негізгі арнайы педагогикалық-психологиялық білімдерімен қатар, сөз сөйлеу мәдениетін де жоғары деңгейде қалыптастырулары қажет.

Педагог-психологтың коммуникативтік мәдениеті – көптілді білім беру жағдайында сөздік, тілдік құралдарды дұрыс пайдалану ережелерінің жиынтығын көрсетуге мүмкіндік береді. Педагог-психолог үшін коммуникативтік мәдениетін дұрыс меңгеру оның абыройының, өзіне деген сенім мен құрметке бөленуінің негізі. Адамдар арасындағы қарым-қатынас моральдық нормалармен реттелгендіктен бойында дұрыс қалыптастырылған тіл мәдениеті оның тәрбиелілігі, жалпы мәдениеттілігі, тұлғалық сапаларының өлшеміне айналады. Коммуникативтік мәдениетті орнату өнерін жақсы меңгерген педагог-психолог кәсіби және тұлғалық әрекетінде көптеген жетістіктерге қол жеткізеді, жұмысында да беделі мен абыройы жоғарылап, қоршаған адамдардың сый-құрметіне бөленетіні сөзсіз.

Педагог-психологтар үшін ойды дұрыс, түсінікті, анық, дәл, әсерлі әрі әдеби тіл нормасы мен тіл тазалығын сақтай отырып, жеткізе білу қабілеті – олардың коммуникативтік тұғырдың мәнін ашуға ықпал етеді. Осыған

байланысты, ғалымдардың пайымдауынша, педагог-психологтардың сөйлеу мәдениетінің жоғары болуына бірқатар негізгі көрсеткіштер ықпал етеді. Оны келесі 6-сурет арқылы көруге болады.



Сурет 6 - Болашақ педагог-психологтардың сөйлеу мәдениетінің жоғары болуына ықпал ететін негізгі көрсеткіштер

Сызбадан көріп отырғанымыздай, ықпал ететін негізгі көрсеткіштердің маңыздылығына байланысты, жеке-жеке қарастыруды жөн көрдік. Мәселен,

- *Сөйлеген сөздің дұрыстығы* – әдеби тілдік нормалардың сақталуы (лексикалық, морфологиялық, стилистикалық, синтаксистік). Сөйлеу барысында сөздің дұрыс айтылмауы білім алушының назарын бөліп, оның мазмұнын толық қабылдауға кедергі болады.

- *Сөздің анықтылығы*. Сөздің анық айтылуы білім алушылардың қызығушылығын оятып, зейінін күшейтіп, сөйлесу үдерісінің нәтижесін тиімді етеді. Сөздің анықтылығы педагог-психологтың ойлау қабілетімен, өз ойына деген сенімділігімен, тілдік стильдерді меңгергендігімен анықталады.

- *Сөздің нақтылығы*. Педагог-психологтың айтып тұрған ойын терең білуімен, логикалық ойлау қабілетінің толық пайдаланылуымен, өз ойын нақты жеткізе алуымен, сөздерді орынды қолдана алуымен ерекшеленеді. Сол сияқты педагог-психологтың айтатын ойы нақты болу үшін сол ойдың мән-мағынасын ең алдымен өзі жақсы түсініп алуы керек.

- *Сөйлесу барысындағы сөздің түсініктілігі* тілдік құралдардың дұрыс таңдалуына байланысты. Сөздің түсініктілігі біріншіден, әңгімеге қатысушылардың қай тілде (орыс, қазақ, қытай, ағылшын т.б.) сөйлейтіндеріне байланысты. Екіншіден, педагог-психолог өз білім алушыларының жас ерекшеліктерін ескеруі қажет, себебі күрделі ғылыми тіл қаншалықты маңызды болғанымен, білім алушылар санасына сыйымсыз болуы мүмкін.

- *Тіл байлығы* – оның сөздік қорының жеткіліктілігі. Әр педагог-психологтың сөз байлығы оның лексикалық қорындағы сөздердің санымен байланысты болып келеді. Әдеби кітаптарды көп оқу, көптеген мағыналы бағдарламаларды тыңдау, газет-журналдарды көп оқу сөздік қордың байи түсуіне көп септігін тигізеді. Бірақ тіл байлығын тек сөз санымен өлшеу де дұрыс болмауы мүмкін, себебі ол педагог-психологтың ой байлығымен де тығыз байланысты. Мысалы, өткен ғасырларда бұқаралық ақпарат құралдары болмаған кездің өзінде қазақ даласында қаншама шешен-билеріміз, ақындарымыз, жырауларымыз, жазушыларымыз ой шеберлігінің шыңынан орын алып отырғанын ұлттық тарихымыздан білеміз. Ана тілінің мол байлығын игерген адам оның құдыретін, қадір-қасиетін түсіне алады.

- *Тіл тазалығы* – коммуникативтік мәдениеттіліктің негізгі шараларының бірі. Кейбір мамандарда коммуникативті қарым-қатынас барысында қисынсыз бір сөздерді қыстырып сөйлеу әдетке айналып кеткен. Тіл тазалығы сөйлеу барысында қажетсіз артық сөздердің, бөтен, бөгде элементтердің болмауын талап етеді. Қисынсыз қолданылған сөздер немесе қажетсіз болса да қайталана беретін сөздер педагог-психологтың тілін шұбарлап, тыңдаушының көңілін бөліп, онда жағымсыз әсер қалдырады. Мысалы, «яғни», «әрине», «демек», «жалпы», «жаңағы», «мысалы» т.с.с. сөздердің орынсыз қайталана беруі тыңдаушыларға жақсы әсер береді деп айту қиын. Керісінше, мұндай сөздердің көп қайталануы адамның сөз қорының аздығын немесе коммуникативтік мәдениетінің төмендігін аңғартады.

Көптілді білім беру жағдайы салдарынан басқа тілдерді үйрену қажеттілігі туындап, білім беру жүйесінде үштілділік тұжырымдамасы жүзеге асырылуда, бірақ сол тілдердің ішінде әр адам мемлекеттік тілді еркін меңгеріп, оны келер ұрпаққа жеткізіп отыруы оның азаматтық парызы.

Сонымен, жоғарыда ғалым-зерттеушілердің көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің әдіснамалық тұғырлары жайында қарастырылған ой-пікірлерін жүйелеп, келесі кесте арқылы көрсетуді жөн көрдік.

Кесте 2 - Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің әдіснамалық тұғырлары

Әдіснамалық тұғырлар	Авторы	Сипаты	Ұстанымы
1	2	3	4
Тұлғалық	Н.Д. Хмель А.А.Бейсенбаева А.К.Маркова В.А.Сластенин Н.В.Кузьмина Ш.Т.Таубаева М.А.Перленбетов және т.б.	Көптілді меңгерген тұлға ретінде жан-жақты қалыптасуына, кәсіби қалыптасуына, кәсіби құзыреттілік тұрғысынан өзін іс-әрекет тұрғысынан өзін іс- әрекет субъектісі ретінде қабылдауына, өзінің кәсібіне қажетті	Табиғилық, әлеуметтік субъектілік

		тұлғалық сапаларының дамуы мен ішкі әлеуетінің артуы.	
Коммуникативтік	Б.Г.Ананьев А.Н.Леонтьев Т.О.Балықбаев С.М.Жақыпов Т.М.Шалғынбаев және т.б.	Педагог-психологтың түрлі категориядағы тұлғалармен тез тіл табысуы, тиімді қарым- қатынас жасай алуы, қарым- қатынас тәсілдері, сөз сөйлеу техникасы, қимылдар, мимиканы игере білуі.	Көптілділік, ақпараттық, гумандық
Құзыреттілік	Г.А.Уманов А.В.Хуторской К.С. Кудайбергенова И.А.Зимняя Дж.Равен А.К.Аманова Б.Т.Кенжебеков А.З.Әліпбек және т.б.	Педагог-психолог тұлғасының кәсіби білімінің деңгейімен, жеке қабілеттерімен, өзін-өзі үздіксіз жетілдіру іскерлігімен, өз ісіне деген шығармашылығымен, жауапкершілігімен, теориялық білімдерін практикада тиімді қолдана алуымен анықталады.	Үздіксіздік, шығармашылық, теория мен практиканың өзара байланыстылығы
Мәдениеттанымдық	Е.В.Бондаревская А.Н.Көшербаева М.А.Абсатова И.Ф.Исаев, Б.С.Гершунский және т.б.	Көптілді білім беру жағдайында мәдени тұлғаны тәрбиелеуі, көп ұлтты қоғамда әр адам бойында толеранттылық қабілеттерін дамытуы, өзара сыйластық және сенімділік қағидаларын қалыптастырудың нәтижесі.	Көпмәдениеттілік, толеранттық, ұлттық құндылықты

Қазақстанның көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат болып табылады және ол төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі тиіс деп белгіленген. Мәселен, педагог-психолог бойынша, арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілет, әлеуметтік құзыреттілік – кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті, білім беру құзыреттілігі – педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Ғалым Г.Халаж (G.Halasz) [201] бойынша, тұлғалық-кәсіптік құзыреттілікті ХХІ ғасырдың дүниежүзілік қауымдастығының алдында тұрған басты міндеттердің бірі ретінде қарастырады: демократиялық ашық қоғамды сақтап қалу, қаржылық-экономикалық дағдарысты жеңу, экологиялық мәселелерді шешу, көптілділік пен көпмәдениеттілікті сақтау, өндіріске жаңа ғылыми технологияларды енгізу, еңбек өнімділігін арттыру. Бұл міндеттердің орындалуы, ең алдымен, біліктілік деңгейі жоғары мамандардың еңбегін

пайдалануды қажет етеді.

Зерттеу жұмысымыздың басты мәселесінің негізін айқындау аясында қарастыратын тағы бір құжат 1996 жылы Еуропалық Кеңес қабылдаған негізгі құзыреттіліктерге тоқталатын болсақ:

- Ана тілін жетік білу, сол тілде ойлап, әрекет ете алу.

- Жауапкершілікті өз мойнына алу, топтық шешімдер қабылдауға қатысу, күш қолданбай дау-жанжалдарды шешу, демократиялық институттарды қолдау және жағдайын жақсартуға қатысу қабілеті сияқты саяси және әлеуметтік құзыреттілік.

- Көп мәдениетті қоғам өмірімен байланысты құзыреттілік. Нәсілшілдік, үркек (ксенофобия) және толеранттылық емес ахуалдың болмауын қадағалау үшін «жас ұрпаққа өзгешеліктерді қабылдау, басқаларды сыйлау және басқа мәдениет, тіл, дін адамдарымен өмір сүре алу қабілеті сияқты мәдениетаралық құзыреттілік жайлы білім беру қажет.

- Ауызша және жазбаша қарым-қатынасты меңгеруге қатысты құзыреттілікке, олар жұмыс істеу үшін және әлеуметтік қоғамда өмір сүру үшін өте қажет. Өйткені, осы құзыреттіліктерді меңгермеген адам әлеуметтік тұрғыдан оқшаулануы мүмкін. Қарым-қатынастың осы мән мәтінінде бір тілден артық тілді меңгеру өте үлкен маңызға ие.

- Математикалық құзыреттілік және техникалық, іргелі жаратылыстану ғылымдары саласына байланысты құзыреттіліктер;

- Оқи алу құзыреттіліктері немесе білім алуға қабілеттілік;

- Қоғамды ақпараттандырудың артуына байланысты құзыреттіліктер. Бұл технологияларды меңгеру, олардың қолданысын, мықты және осал тұстары мен жарнама, БАҚ арқылы таратылатын ақпараттарды сыни тұрғыдан талқылау тәсілдерін түсіну.

Жеке кәсіби және әлеуметтік өмір мән мәтінінде үздіксіз оқу негіздері ретінде өмір бойы білім алу құзыреттіліктері.

Бұлар әрбір еуропалық адам үшін меңгеруге міндетті тірек құзыреттіліктер болып саналады. Аталған құзыреттіліктер сыни ойлауды, креативтілікті, белсенді өмірлік позициясын қамтамасыз ете отырып, еуропалық өлшемдерге сәйкес тұлғаның дамуын, мәдениетаралық қарым-қатынасқа түсуін, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін молайтады деп есептеледі.

Педагог-психологтарды даярлаудағы жоғарыда талданған шетелдік тәжірибелердегі көтерілген мәселелер отандық жүйеде де орын алып отырған көріністер. Қазақстанның қазіргі уақытта экономикалық, саяси, әлеуметтік бағытта дүниежүзілік қауымдастыққа кірігуі жаһандану жағдайының болашақ азаматтарын қалыптастыру қажеттілігін тудырады.

XXI ғасырдың басында пайда бола бастаған адамзат баласының алдында туындаған түйіткелді жағдайларды қазіргі көптілді білім беру туралы мәселелер деп атайды. Көптілді білім беру туралы өзекті мәселелер – әлемді тұтас қамтитын әлеуметтік-қоғамдық құбылыстар, халықаралық қатынастар және жаһандық әлеуметтік экономика саласына енуі және т.б. Бұған жататындар: халықаралық байланыстар, шетелдік озық тәжірибелерді игеруі,

экономикалық дағдарыстан шығу, әлемдік тілді меңгеруі және т.б. Бұл мәселелерді дер кезінде және дұрыс шешу адамзаттық прогресс пен өркениеттің дамуына жеткізеді. Жаһандық мәселелер өзара байланысты және адам өмірінің барлық салалары мен тұтас елдерді қамтиды. Білім алушылардың арасында адамзат алдында тұрған ғаламдық мәселелер және ұлтаралық қарым-қатынас негіздеріне дайындайтын халықаралық білім алуға жағдай жасау керек, - деп ойлаймыз.

Осы орайда, ЖОО-да педагог-психологтарды даярлау бағдарламаларын жаңғырту кезек күттірмейтін мәселе. Біздің ойымызша, ең алдымен ХХІ ғасыр педагог-психологының кәсіби тұлғасы мен оның ұлттық және трансұлттық білімдік кеңістіктегі кәсіби әрекетінің роліне шынайы баға берілуі тиіс. Сонымен қатар, көптілді білім беру жағдайындағы халықаралық әрекеттестікке дайындығының теориялық-әдіснамалық негіздері жаңартылуы жөн.

Көптілді қоғамның азаматына тән құзыреттіліктер көп өлшемді құбылыс болғандықтан, көтеріліп отырған мәселені шешу үшін ЖОО профессорлық оқытушылық құрамының академиялық ұтқырлық бағдарламаларына қатысулары, оқу жоспарларында арнайы пәндердің қарастырылуы, студенттерді халықаралық тағылымдамаларға, іс-шараларға қатыстыру, кәсіби педагогикалық пәндер мазмұнын интернационалдандыру, шетел тілдерін оқып үйрену үдерісін жетілдіру сияқты шаралар оңтайлы шешілуі тиіс деп ой-тұжырымдауға болады.

Отандық ЖОО-да кәсіби даярланып жатырған болашақ педагог-психологтардың арнайы, түйінді, пәндік құзыреттіліктері жайында ізденістер жүргізіліп, сипаттамалар берілген. Алайда, ХХІ ғасыр педагог-психологының жан-жақты әрекетіне қатысты құзыреттіліктер жиынтығы да әр алуан болатындығы белгілі. Сондықтан өз зерттеу жұмысымыздың аясында бізге дейінгі зерттеулерде қарастырылмаған көптілді білім беру жағдайында педагог-психологтардың құзыреттіліктерінің жаңа бағыттарын ұсынып отырмыз.

Ғылымтануда бағыт – даму жолы, ғылыми ағым, топ, ғылыми мектеп, ортақ мақсат пен дүниетанымының бірлігі, зерттеу әдістері арқылы біріккен жұмыстар тобы деген түсініктерге сай келеді. Олардың пікірінше, ғылыми бағыттың құрылымдық бірліктеріне: кешенді мәселелер, тақырыптар және ғылыми сұрақтар жатады. Біздің зерттеуіміздің аясында бұл ұғым білім беру жүйесінің көптілді білім беру жағдайына байланысты болашақ педагог-психологтың құзыреттіліктерін дамытудың жаңа жолдары мен салалары.

Жұмысымыздың алдыңғы бөлімдерінде тоқталып кеткендей, кәсіби құзыреттілік маманның кәсіби білімдері, білік-дағдыларының, қарым-қатынас қабілеттерінің жиынтығы болғандықтан, болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін көпбағытты құрылым ретінде қарастыруды жөн деп есептедік.

Жаңа ғасыр педагог-психологының бүгінгі таңда қажетті әмбебап маман болуының жоғары орынға қойылып жатуы мұның басты себебі деуге болады. *Осыған орай, болашақ педагог-психологтың бойында бірқатар қабілеттіліктер қалыптасқан болуы керек.*

1) кәсіби пәндеріне қатысты көптілді білім беру мәселелеріне бағыттай

алуға негіз болатын білімдері;

2) білім алушыларын көпмәдениетті ортада өмір сүруге дайындау біліктері;

3) білім алушыларды әлемдік ақпараттарды, әртүрлі көзқарастарды талдауға үйрететін педагогикалық біліктері;

4) білім алушылардың бойында өзінің, отбасының, айналасының, жалпы қоғамның алдындағы жауапкершілікті қалыптастыруға қабілеттілігі қалыптасқан болуы керек деп санаймыз.

Жоғарыда қарастырылған мәселелер біз қарастырып отырған көптілді білім беру жағдайында еңбек ететін педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымын жасауға негіз болды. Көптілді білім беру жағдайындағы педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігінің құрылымына біз: өз пәнін көптілді білім беру мәселелеріне бағыттай алуға негіз болатын білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, коммуникативтік біліктері, тұлғалық жауапкершілікті сезіну қабілеттілігін жатқыздық.

2 ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ КЕЗЕҢІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ- ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

2.1 Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мектептегі жаңартылған білім берудің ықпалы

Тараудың мақсаты – әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен жаңартылған білім беру кезеңінде болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуын айқындау.

Біз осы мақсатты анықтауда алдымен мектептердегі педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің мазмұны мен жүйесін қарастыруды жөн көрдік.

Білім беру жүйесіндегі психологиялық қызмет: ғылыми, қолданбалы және практикалық тұрғыда қарастырылады.

Ғылыми жағы – білім берудегі психологиялық қызмет мәселелерінің зерттелуін, теориялық және әдіснамалық негіздемесін, психодиагностика жүргізу, қазіргі мектептегі білім берудің нақты жағдайына сай психологиялық білімді қолдану түрлері мен әдістерін дамыту және психологиялық түзетулер енгізу.

Қолданбалы жағы – оқыту мен тәрбиенің, оқулықтың дидактикалық және әдістемелік материалдардың, оқу бағдарламаларының психологиялық негіздерін жасау және барлық үрдістерді психологиялық жағынан талдау жасауды қамтамасыз ету.

Практикалық жағы – педагог-психологтардың білім беру мекемелеріндегі (мектепке дейінгі білім беру мекемелері, мектептер, гимназиялар мен интернаттар) педагогикалық-психологиялық қызмет орталықтарындағы жұмыстарына тікелей қатысты.

Педагог-психолог жалпы орта білім беретін мектептердің жұмыстарын көрсететін құжаттар мен материалдарды, педагогикалық және жас ерекшелігі психологиясы жайында арнайы әдебиеттерді, қазіргі психодиагностиканың және психологиялық түзетудің әдістерін пайдаланып, зерттеу материалдарын талдауды, педагогиканың жалпы негіздерін, дидактиканың сабақ беру әдістемесін білуге, мектептің психологиялық қызметі құжаттарының толтырылу тәртібін, мектеп құжаттары мен нормативті құжаттарды білуге тиісті.

Педагог-психологтың негізгі мақсаты – психологиялық саулықтың негізін қалыптастыру және баланың рухани өсуіне, оның жанының жайлы болуына психологиялық жағдай жасау, оқушылар мен мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ашу.

Бұл мақсат келесі міндеттер арқылы нақтыланады.

Тәрбиелік міндет – оқушыларды рухани-адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, креативті ойлауға, эстетикалық талғамының жоғары болуына, ұйымшылдыққа, патриоттыққа, қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелеу.

Дамытушылық міндет – оқушының бойындағы интеллектуалдық жеке және арнаулы қабілетін, тіл байлығын, өз бетінше жұмыс істеуін, ізденімпаздық белсенділігін дамыту және қорытынды жасауға үйрету.

Педагог-психологтың мектептерде психологиялық қызметін ұйымдастыру бірнеше бағытта жүзеге асырылады және ол келесі міндеттерді жүзеге асыруды көздейді:

- Балаларға мектепке дейінгі өмірден оқушы міндетін атқаруға көшуіне көмек көрсету;
- Баланың психологиялық дамуын шешу мәселесінде мектеп ұжымына қажетті көмектерді көрсету;
- Барлық мәселелерді шешуде балалардың жас және дара ерекшеліктерін есепке алу;
- Кәсіптік құпияны жарияламау;
- Өзінің кәсіби білімін үнемі жетілдіріп отыру;
- Барлық психологиялық зерттеу нәтижелерін жазып, арнайы құжаттарға тіркеп отыру;
- Психологиялық көмек қажет ететіндерге дер кезінде қажетті іс-шараларды ұйымдастыру.
- Мектепте оқу параллельдерін анықтап алуға ықпал жасау;
- Жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдап алуға бағыт-бағдар беру;
- Оқушыларды болашақ отбасы өміріне даярлау.
- Психологиялық және әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан қиындық көріп жүрген балалардың мәселелерін анықтап, оларға дер кезінде көмек көрсету;
- Жеке басында қиындықтарға тап болған балаларды жан-жақты зерттеп, оның пайда болу себебін анықтау және түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу;
- Дамуында ауытқуы бар балалардың психологиялық қасиеттерін өңдеу үшін психологиялық тренингтер ұйымдастыру;
- Оқу-тәрбие жұмыстарына ғылыми жетекшілік жасап, әр оқытушының ата-аналардың психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіру және біліктілігін арттыру жұмысын ұйымдастыру.

Педагог-психологтың құқығы:

- Оқушылармен және басқа талапкерлермен жүргізілетін жұмыстың нақты міндеттерін өз бетінше шешуге, әдіс-тәсілдерін дербес таңдап, жұмыстардың кезегін анықтауға;
- Кәсіби міндеттерін сапалы орындауға қажетті жағдай жасауды мектеп басшыларынан талап етуге;
- Жоғары орындарда түскен нұсқаулар этикалық ұстанымдарға қайшы келген жағдайда оны орындаудан бас тартуға;
- Қажетті құжаттармен танысуға;
- Психодиагностикалық, психокоррекциялық әдіс-тәсілдерді іріктеп алуға және оларды дайындауға;
- Мектеп оқушыларын топтық және жеке зерттеулерден өткізуге;
- Медициналық және түзету-оңалту мекемелеріне сұраныс жасауға;

- Баланың болашағын анықтау үшін медициналық, педагогикалық-психологиялық т.б. комиссиялар кеңсесіне қатысуға;
- Тәжірибе алмасу мақсатында ғылыми-әдістемелік көпшілік журналдарына материалдар жариялауға;
- Психологиялық ағартушылық білімдерді насихаттауға;
- 240 сағат көлемінде нормативтік және факультативтік сағат алуға;
- Оқушыларды мамандыққа баулу және кәсіби бағдар беруге;
- Отбасына психологиялық қызмет көрсетуге.

Педагог-психологтың негізгі қызметтік міндеттерінің бірі – оқушыларды психологиялық тұрғыда зерттеп, оқушының психологиялық-педагогикалық статусын анықтау және психодиагностикалық минимум жүргізу.

Мектеп оқушыларының психологиялық-педагогикалық статусын анықтау мынадай көрсеткіштерге негізделеді:

Бірінші блок – бала өмір сүретін әлеуметтік орта ерекшеліктері;

Екінші блок – оқушы таным үрдістерінің және жалпы интеллектуалдық дамуының ерекшеліктері;

Үшінші блок – мотивациялық жекелік сферасын бағалау;

Төртінші блок – баланың өзіне және қоршаған дүниеге қатынасы;

Бесінші блок – мектепішілік қарым-қатынас барысындағы оқушының мінез-құлқы.

Бірінші блок көрсеткіштері:

- отбасы құрамы, ата-анасының мамандықтары, жұмыс орны, лауазымы, отбасы типі, адамдар саны, олардың бір-бірімен қарым-қатынасы;
- отбасының материалдық жағдайы, тұрғын үйі, жұмыс орны;
- оқушының отбасындағы статусы;
- отбасының бос уақытын өткізуі, спорт, дене шынықтыру, мәдениет көздерін қолдануы;
- оқушының күн тәртібі және оны үлкендердің қадағалауы;
- оқушының өз құрбыларымен, өзінен үлкен және кіші балалармен қарым-қатынасы.

Екінші блок көрсеткіштері:

- баланың хронологиялық жасы мен ақыл-ой дамуының бір-біріне сәйкестігі;
- танымдық үрдістердің дамуы: ойлау түрлерінің қалыптасқандығы, ой қызметінің көрінісі, тіл байлығы, майда қимыл әрекеттерінің қалыптасуы;
- танымдық үрдістердің жекелік ерекшеліктері: интеллектуалдық белсенділігінің жоғары болуы, вербальдылығы, шизоидтығы, интеллектуалдық пассивтігі;
- баланың жеке тұлғасында кездесетін қабілеттілігінің түрі (психомоторлық, музыкалық, лингвистикалық, физика-математикалық, бейнелеу өнері, педагогикалық, ұйымдастырушылық);
- ақыл-жұмысын ұзақ уақыт орындауға қабілеттілігі, жұмыс темпі.

Үшінші блок көрсеткіштері:

- Оқушылардың оқуға деген ынтасын және жалпы танымдық әрекетінің себептерін, баланың ішкі қайшылықтарының деңгейін анықтауға бағытталған.

- оқу себептерінің қалыптасқандығы және оның мазмұны (танымдық, әлеуметтік, бағыттылық және т.б.)

- танымдық әрекет барысында табысты болу себебін анықтау және т.б.;

Төртінші блок көрсеткіштері:

- баланың қатынас жүйелерін эмоционалды бағалау бойынша талдануы;

- баланың өз қатарларымен қарым-қатынасының қалыптасқандығы;

- отбасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері;

- оқытушылармен қарым-қатынаста эмоционалдық оң мағынада болуы;

- мектепшілік іс-шараларға көзқарасы;

- оқушының өзі-өзіне көзқарасы.

Бесінші блок көрсеткіштері.

- оқушының жекелік психологиялық қасиеттерімен байланысты мінез-құлық және қарым-қатынас ерекшеліктеріне сипаттама;

- жауапкершілікті сезінуі, шешім қабылдауы, адамдарға ықылас қоюы, қайырымдылығы, ашықтығы, іскерлігі, шыншылдығы;

- әлеуметтік-психологиялық адаптациясының төмендігі, эгоистігі, дөрекі, өтірікші, принципсіздігі;

- мінез-құлық нормативтеріне бағынуы, әлеуметтік орта талаптарына икемделуі, ашықтығы, шыншылдығы;

- тәртіп сақтауы, қимыл әрекеттерінің үйлесімдігі.

Осы аталған көрсеткіштерді негізге ала отырып, педагог-психолог қызметінің психограммасын 3-кесте арқылы көрсетуді жөн көрдік.

Кесте 3 - Педагог-психолог қызметінің психограммасы

Тұлғалық ерекшеліктер	Жұмыс икемділігі
Сыпайылық, ұқыптылық	Басқалардың позициясын түсінуге тырысу
Достық қарым-қатынас	Қарым-қатынасқа бейімділік
Сенімділік, шешендік	Лидер болуға бейімділік
Ақылдылық	Дұрыс жетекшілік ету
Көтеріңкі көңіл-күй	Коммуникативтік
Төзімділік, табандылық	Жауапкершілігінің басымдығы
Шығармашылық қабілет	Жұмысты орындауға қабілеттілік
Есте сақтау қабілеті мен интеллектуалды қабілетінің жоғарылығы	Өз болашағын жоспарлауға қабілеттілік

Р.В.Овчарова бойынша, педагог-психологтың тұлғасына қойылатын талаптарды келесі сипаттамалар бойынша көрсетуге болады [203]:

- жоғары ақыл-ой қабілеттері;

- адамдармен жұмыс жасауға, белсенді топтарды оңай құрастыруға бейім;

- есте сақтау қабілеті жоғары;

- бірлескен іс-әрекеттерді жақсы көру, жауапкершіл, өзіне бағындыра алу, практикалық сұрақтарды тез шеше алатын маман.

Педагог-психолог жұмысының жалпы принциптері мен ережелері:

- Оқушылар, зерттеушілер, тексерушілер алдындағы педагог-психологтың ерекше жауапкершілігі.
- Оқушылармен жұмыс кезінде психолог сыпайылық танытуы.
- Педагог-психологтың жұмысы әр адамның тәуелсіз интеллектуалды және тұлғалық даму жолындағы шектеулерді жою бағытталған.
- Педагог-психолог өз жұмысын оқушы тұлғасының құқығын сақтай және белсенді түрде қорғай отырып, істейді.
- Педагог-психолог психодиагностикалық және психокоррекциялық әдістерді таңдауда, сонымен қатар өзінің талдаулары мен ұсыныс беруінде мұқият және ұқыпты болуы тиіс.
- Педагог-психолог адамның дамуында және бостандығына физикалық және психологиялық құқығына қол сұқпауы және шектемеуі керек.
- Педагог-психолог өзін басқарушы тұлғаға ақпараттандырып отыруы міндетті, сонымен қатар басқа тұлғалардың адам құқығын бұзуын байқаған жағдайда өзінің кәсіби бірлестігімен мәлімдеуі керек.
- Педагог-психолог тек, өзі жетік меңгерген білімі және құзыреттілігі бойынша ғана көмек көрсетуі тиіс.
- Психодиагностикалық және психокоррекциялық әдістерді, барлық ғылыми стандарттарға жауап беруші немесе толық сынақтан өтпеген жағдайда амалсыздан өткізу керектігін, қызығушылық танытқан тұлғаларды ескертіп және өз таңдаулары мен ұсыныстарында ерекше мұқият болуы тиіс.
- Педагог-психолог психодиагностикалық, психокоррекциялық және психотерапиялық әдістерді құзыреттілігі жоқ тұлғаларға беруге құқығы жоқ.
- Психологиялық білімі жөнінде дайындығы жоқ және осы сферада білімсіз психологиялық қызмет көрсетіп жүрген адамдарға психодиагностикалық және психологиялық әсер ету әдістерін қолдануға қарсылық танытып, оларды ескертіп, қолдануға психолог тыйым салуы қажет.
- Педагог-психолог мұғалімдерге, ата-аналарға, олардың орнын басушы тұлғаларға, оқу-тәрбие мекемелерінің әкімшілігіне бала жайындағы мәліметтер, тек балаға олар зиян келтірмейтін болған жағдайда ғана мәлімдеуге болады.
- Педагог-психолог оқушыға өзі қолынан келмейтін, орындай алмайтын уәделер бермеуі тиіс.
- Егер баланың зерттелінуі немесе психологиялық әсер етулер басқа қызмет тұлғалардың талаптарымен жүзеге асырылатын болса, психолог осы жайында баланың ата-аналарын немесе олардың орнын алмастырушы тұлғаларға мәлімдеуі тиіс.
- Педагог-психолог өзінің жұмыс жүргізіп жүрген клиенттер жайындағы ақпараттарды құпия түрде сақтауда жауапкершіл болуы тиіс.
- Педагог-психолог өз жұмысын ұйымдастыруда өз зерттелінушілерінің денсаулығына, көңіл-күйіне немесе әлеуметтік жағдайына кері әсерін тигізбеу принципін ұстануы керек.
- Зерттелінушілерге жүргізілетін әдістемелерді қауіпсіздік ережелері. Педагог-психолог зерттеу әдістемелерінің, зерттелінушінің денсаулығына,

көңіл-күйіне, әсер етуші жалған ақпараттар бермейтін әдістемелерді қолдана алады.

Педагог-психологтың мектеп оқушыларымен жұмыс жүргізуде келесі кәсіби қабілеттері ерекше рөл атқарады: ұйымдастырушылық, коммуникативті, психодиагностикалық, жас ерекшелік индивидуалды және жанұялық кеңес беру, даму нұсқауларының болжамдары, психопрофилактика және психокоррекциялар. Педагог-психологтың балаларға қатысты қарым-қатынасында эмпатия, мейірімділік, ұқыптылық және бақылаушылық, ұстамдылық, төзімділік, табандылық танытуы керек.

Мұғалімдермен жұмыс жүргізу үшін педагог-психолог білуі қажет:

- педагогтың психологиясын және оқыту мен тәрбие психологиясын, педагогикалық ұжымның психологиялық ерекшеліктерін, педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық негіздерін білу керек.

- педагогтармен жұмыс кезінде жалпы коммуникативті ұжымдық, психодиагностикалық, психопрофилактикалық және педагогтардың кәсіби тәжірибелер мен мінез-құлықтарына ерекше мән беру керек. Бұларға көбіне педагог-психологтың кәсіби маңызды қасиеттерінің мына түрлері сәйкестендіріледі: дипломатиялық, әріптесін түсінуге тырысу, эмпатия сезімі, өзін-өзі игеру, ұқыптылық, достық қарым-қатынас, жоғарғы кәсіби құзыреттілік және кең дүниетаным.

Педагог-психолог жұмысының тиімді болуы үшін оған жеке кабинет және топтық зерттеу жүргізу үшін кеңістік керек. Кабинет автоматтандырылған жұмыс орнымен қамтамасыз етілуі керек, яғни қажетті бағдарламасы бар компьютер, аудио-видео аппараттар, психодиагностикалық мәліметтерді және құжаттарды сақтайтын орындар болуы керек.

Психологиялық сабақтар, факультативтер, ата-аналар мен мұғалімдерге арналған лекциялар оқу сыныптарында немесе арнайы психологиялық кабинеттерде жүргізіледі. Онда оқыту – методологиялық материалдар: психологиялық күнтізбе, психологтың хат жәшігі, бір күндік психологиялық кеңес, мұғалімдер, ата-аналар және әртүрлі жастағы оқушыларға берілетін ұсыныстар.

Педагог-психологтың жұмыс орны келесі блоктардан тұрады:

- Іс-әрекетін жоспарлайтын құжаттар;
- Психодиагностикалық зерттеулер қорытындысын көрсететін құжаттар;
- Коррекциялық-дамытушы жұмыстарды жоспарлау, ақпараттармен, құрал-жабдықтармен қамтылған;
- Әртүрлі тренингтерді жүргізуге арналған жоспарлар мен құрал-жабдықтар;
- Психологиялық диагностикалар, коррекциялар, профилактикалар, кеңес беруші әдістер мен мәліметтік базалар;
- Психологиялық орталықтар жайында мәліметтер;
- Кітапхана, картотекалар, видеотекалар.

Психологиялық кабинет мектептің педагог-психологының жұмыс тиімділігін жоғарылату, оқушыларға психологиялық ыңғайлы жағдай орнатуға және психологпен сенімді қарым-қатынас орнатуға көмек береді.

Мектептердегі педагог-психолог қызметін келесі бағыттарда ұйымдастыруға болады: психодиагностикалық, психопрофилактикалық, психологиялық кеңес беру, психокоррекциялық, психологиялық ағартушылық және әлеуметтік-диспетчерлік қызмет көрсету.

Психологиялық диагностика – адамның жеке индивидуалды психологиялық ерекшеліктерін (оның өзінің жеке ерекше интеллект қасиеттерін) тануды, өлшеуді зерттейді. Тану және өлшеу психодиагностиканың әдістері негізінде жүзеге асады.

Психодиагностика өлшемдерінің нәтижесі – тек белгілі бір қасиеттің шегін, даму деңгейін және т.б. анықтап қоймай, әртүрлі психологиялық бағыттардағы теориялық мәліметтерді тәжірибе, эксперимент жүзінде көрсетеді.

Психодиагностика – жеке адамның психологиялық мәселесін шешу үшін оған өзін тереңірек түсінуге және хал-жағдайы мен мінез-құлқын өзгертуге, адамның ішкі мүмкіндіктерін табуға жәрдемдеседі.

Психологиялық ағартушылық – бұл үлкендер (тәрбиешілер, мұғалімдер, ата-аналар) мен балаларға психологиялық білім беру. *Мұндай психологиялық ағартушылықтың негізгі мәні мынада:*

1. Тәрбиешілер, мұғалімдер мен ата-аналарды бала психикасының дамуының негізгі заңдылықтары мен жағдайларымен таныстыру;
2. Жаңашыл психологиялық зерттеулердің нәтижесін анықтау;
3. Психологиялық білімге сұранысты, оларды балалармен жұмыс істеу кезінде немесе тұлғаның өзінің дамуына деген қызығушылығында қолдануға ынта-ықыласты қалыптастыру;
4. Практикалық психологияның және балаларды оқыту мен тәрбиелеу ұйымдарында психолог жұмысының қажет екендігін түсіндіру [22, с.150].

Психологиялық ағартушылық әр түрлі формада болуы мүмкін: лекция, семинар, әңгіме, көрме және т.б.

Психопрофилактикалық іс-әрекеттің мәні – оқушылардың психикалық денсаулығын сақтау және алдын-алу. Психологиялық профилактика – мектеп жасындағы балалардың психологиялық денсаулығын сақтауға, қорғауға және дамытуға бағытталған психологтың іс-әрекетінің арнайы түрі.

Психокоррекция бағыты – индивидтің бүтіндік дамуы мен қызметіне психологиялық әсер ету болып табылады. Жеке басының дамуына әсер ету жас және дара психологиялық ерекшеліктеріне (танымдық, эмоционалды-еріктік, қалыпты мінез-құлық және қасиеттеріне) қарай жүретін қалыпты процесс.

Психокоррекциялық жұмыстың мақсаты – баланың психикалық даму заңдылықтарын түсіне отырып, үлкендермен серіктестікте жүргізілетін белсенді әрекет түрі.

Психокоррекцияның негізгі міндеттері:

Мектеп оқушыларының жеке басының дамуына қажетті когнитивті (ақыл-

ой), эмоционалды және мінез-құлықтық өрістер бірге қарастырылады. Субъектінің мәдени және жас ерекшелігі ескеріле отырып, ішкі ресурстарды белсенділеу болып табылады. Психокоррекциялық жұмыстарды жүргізу жағымды тәжірибе жинақтау мақсатында құрылуы және жүзеге асырылуы қажет.

Психокоррекциялық жұмыста әсер ету деңгейі педагог-психологтың кәсіби біліктілігі мен құзыреттілігіне байланысты:

Теориялық жағынан (баланың психикалық даму заңдылығы мен жас кезеңдерін, оқу-тәрбие мәселесіндегі қатынасты, жеке және шығармашылық қабілетті білуі) дамуы, арнайы әдістерді (бір әдістің немесе ықпалдың мүмкіндіктерін) және жағдайларды білуі және дайындығы жатады.

Тәжірибелік жағынан кәсіби деңгейде психокоррекциялық әдістер мен әдістемелерді қолдануды меңгеруі, қызметіндегі құпияларды сақтай білуі мен сенімділігі.

Психологиялық кеңес беру – тұлғааралық қарым-қатынастағы қиындықтармен байланысты әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуге бағытталған адамдармен тәуелсіз жұмыс. Онда әсер етудің негізгі құралы ұйымдастырылған әңгіме болып табылады.

Психологиялық кеңес берудің мазмұны – психолог өзінің кәсіптік-ғылыми білімін қолдана отырып, екінші адамға өзінің жаңа психологиялық тапсырмаларын шешу қабілетін сездіретін жағдай жасайды.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған педагог-психологтың кәсіби қызметін талдау арқылы біз «Педагог-психолог» және «Педагог-психологтың кәсіби білімі» ұғымына өз анықтамамызды беруге тырыстық.

«Педагог-психолог» – адамдардың психикалық күйлеріне, процестеріне, қасиеттеріне диагностикалау, түзету-дамыту жұмыстарын жүргізе алатын кәсіби маман.

Педагог-психологтың кәсіби білімі – бұл жоғары білім беру жүйесінде оқытушының тікелей басшылығымен және білім алушының өздік жұмысы арқылы алынатын білімдердің жиынтығы.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту. Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту бірнеше ерекшеліктермен сипатталады.

Бірінші ерекшелігі – пән мазмұнының спиральді берілуі. Спиральділік қағидаты бойынша құрылған білім беру бағдарламасы Джером Брунердің «Білім беру үдерісі» (1960) атты еңбегінде қарастырылған танымдық теорияға негізделеді.

Екінші ерекшелігі – Блум таксономиясының оқу мақсаттарының иерархиясы. Оқу үдерісінде білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау сатыларында оқушылар іс-әрекет етеді.

Үшінші ерекшелігі – ортақ тақырыптардың меңгерілуі. 5-7 сыныптарда қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндері бойынша ортақ тақырыптардың болуы.

Төртінші ерекшелігі – оқу мазмұнының ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарларының құрылып, құрылған жоспарлардың жүйелі іске асуы.

Бесінші ерекшелігі – оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушы бойында адамгершілік-рухани қасиеттерді қалыптастыру керек.

Алтыншы ерекшелігі – еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады.

Кесте 2.2 Оқушылардың бойында қалыптастыруды қажет ететін рухани құндылықтар мен дағдылар:

№	Түрлері	Мазмұны
1	Рухани құндылықтар	Дағдылар
2	Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау	Сын тұрғысынан ойлау
3	Қарым-қатынас жасау қабілеті	Білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті
4	Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау	Мәселелерді шешу қабілеті
5	Жауапкершілік	Ғылыми-зерттеу дағдылары
6	Денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету	Қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда)
7	Өмір бойы оқуға дайын болу	Жеке және топпен жұмыс істеу АКТ саласындағы дағдылар

Критериалды бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқу-танымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі.

Критериалды бағалаудың басты ерекшелігі: алдын-ала ұсынылған бағалау шәкілі, анық, айқындылығы, бағаның әділдігі, өзін бағалауға мүмкіндіктің берілуі.

Критериалды бағалаудың функциялары: ынталандыру, белсенділік, түзету, дамытушы.

Жетінші ерекшелігі – оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұсыным (Оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысуы). Белсенді оқу – оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс екендігін түсіндіреді.

Қашықтықтан оқытудың артықшылықтары:

- Кез-келген уақытта білім алу мүмкіндігі.
- Өз қалауыңыз бойынша білім алу мүмкіндігі.
- Кез-келген жерде білім алу мүмкіндігі.
- Негізгі жұмысыңызға кедергісіз оқу.
- Оқудың жоғары нәтижелері.
- Мобильділік.
- Жайлы жағдайда оқу.

Кемшіліктері:

- Жаңа форматқа көшудегі қиындықтар, бейвербальды жағдайда әңгімелесушіні түсінудегі жайсыздық.

- Күшті мотивация қажет.

- Қашықтықтан білім беру коммуникативтік икемділікті дамыту үшін қолайсыз.

- Практикалық білімнің болмауы.

- Компьютерлік сауаттылықтың жеткіліксіздігі.

- Шалғай өңірлердің қашықтығы.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Құзыреттіліктерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым пайдаланылады. Бұл ретте құзыреттілік «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзыреттілік болып табылады».

Жоғарыда қарастырылған қазіргі таңдағы көптілді білім беру жағдайында педагог-психологтың кәсіби қызметінің сипаттамасын құрайтын бөліктерді талдай отырып, оны келесі 7-сурет арқылы көрсетуді ұйғардық.



Сурет 7 - Көптілді білім беру жағдайында педагог-психологтың кәсіби қызметінің сипаттамасы

Сонымен, педагог-психологтың кәсіби қызметінің сипаттамасы жоғарыда қарастырылған бағыттармен ғана шектелмейді. Сонымен қатар, елімізде болып жатқан соңғы әлеуметтік-саяси реформалардың әсерінен білім алушыларды жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту және қашықтықтан білім беруде психологиялық қызметтің мазмұны күрделеніп, педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің ауқымы кеңеюде. Осыған байланысты біз мектептегі жаңа нысандардың мазмұнын қарастыруды жөн көрдік.

Жоғарыда қарастырылған мектептердегі педагог-психологтардың кәсіби іс-әрекетінің мазмұнын талдай келе, бүгінгі таңда білім беру жүйесінде болып жатқан әлеуметтік-саяси реформалардың мектептегі психологиялық қызмет көрсетудің көлемді өзгеруіне әсер етіп отырғандығын байқауға болады. Осыған байланысты біз зерттеу нысанымызға сәйкес, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына мектептегі жаңартылған білім берудің ықпал етуін салыстырмалы түрде жүйелеп, келесі 5 кесте арқылы көрсетуді ұйғардық.

Кесте 5 - Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мектептегі жаңартылған білім берудің ықпал етуі

Жаңа нысандар атауы	Құзыреттілік (Жаңа нысандарға дейін)	Құзыреттілік (Жаңа нысандардан кейін)
Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту	Логикалық ойлау, шешім қабылдаудағы қиындықтар, жалпы және арнайы қабілет, сыныпта мұғалімнің басшылығымен жұмыс жасау және жеке үй тапсырмасын орындау, типтік бағдарлама бойынша оқыту және т.б.	Креативті және сыни ойлау; жылдам шешім қабылдау; жоғары шығармашылық қабілет, жеке және топтық командада жұмыс жасай алу; өмір бойы оқуға дайын болу және т.б.
Қашықтықтан оқыту	Механикалық дағды, компьютерлік сауаттылық, ақпараттық мәдениеттің төмендігі, перцептивті және интерактивті қабілет, мақсатты ерікті әрекет, адамгершілік нормалары мен ережелерін сақтау және ұстану, өзін-өзі тану, ұлттық сана және т.б.	Ақпараттық, коммуникативтік технологиялық дағды; цифрлық сауаттылық, ақпараттық мәдениет, коммуникативтік және конструктивті қабілет, рухани, қарым-қатынас, денсаулық құндылықтарына негізделген білім, еркіндік, техникалық сана және т.б.
Үш тілде білім беру	Барлық пәндерді ана тілінде меңгеру, ана тілінде ойлау, түсіндіру, жеткізу, қолдану. Оқушылармен психологиялық ағарту, психокоррекциялық, психодиагностикалық жұмыстарды ана тілінде жүргізу, ұлттық сана, ұлттық мәдениет және т.б.	Жаратылыстану циклы бойынша ағылшын тілінде білім алатын оқушыларға психологиялық ағарту, психокоррекциялық, психодиагностикалық жұмыстарды ағылшын тілінде жүргізуге бейімдеу, көптілді ойлау, көпмәдениеттілік және т.б.

Сонымен, бүгінгі таңда педагог-психологтың кәсіби маман ретінде алған қойған мақсаты – оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру, әлеуметтік ортаға бейімдеу, сыни ойлауын дамыту, зейінін тұрақтандыру, тілдік және тілдік емес

таңбаларды дұрыс қолдану, үш тілдегі сөздік қорын байыту, тұлғалық және психикалық даму ерекшеліктерін диагностикалау, олардың өзіне-өзі, қоршаған ортаға деген көзқарасының және қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуына жетекшілік жасауды көздейді. Осы параграфтың мақсатын жүзеге асыру үшін біз болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда мектептегі жаңартылған білім берудің ықпал етуіне SWOT талдау жасауды жөн көрдік. Оны келесі 6 кестеден көруге болады.

Кесте 6 - SWOT талдау

S (Strength) – Жағымды тұсы (позитивті қабілеттің ішкі факторлары)	W (Weakness) – Әлсіз тұсы (негативті қабілеттің ішкі факторлары)
1. Мектептерде «Жаратылыстану» бағыты бойынша ағылшын тілінде білім алу және сол тілде психологиялық қызмет көрсетуге бейімделу, көптілділік, көпмәдениеттіліктің дамуы және т.б. 2. Оқушылардың тұлғалық дамуында креативті және сыни ойлау, тез шешім қабылдау; 3. Ақпараттық коммуникативтік білім, ептілік, дағдыны АКТ пәндері арқылы қалыптастыру; 4. Мектептегі психологиялық қызмет көрсетуде оқушының жас және дара ерекшеліктерін есепке алуы; 5. Педагог-психологтың нақты жоспарларының болуы және жүйелі жүзеге асыруы.	1. Еліміздің НЗМ, ҚТЛ, Көптілді мектеп-гимназияларда ғана ағылшын тілінде білім алу және сол тілде ағылшын тілінде психологиялық қызмет көрсетуге бейімделу; 2. Оқушылардың логикалық ойлауын дамытатын арнайы пәндердің болмауы; 3. Оқушылардың креативті ойлауын дамыту үшін оларды өз бетімен еркін ойлауына жоғары басымдық берілуі; 4. Оқушының жеке тұлғасын диагностикалау мақсатында қолданылатын зерттеу әдістемелерінің сабақтастығының болмауы; 5. Ағылшын тілінде психологиялық қызмет көрсетудің жеткіліксіздігі.
O (Opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер (позитивті қабілеттің сыртқы факторлары)	T (Threat) – қауіп (негативті қабілеттің сыртқы факторлары)
1. Әр оқушының қашықтықтан білім алуға қолжетімді интернеттің болуы; 2. Мектеп оқушыларының жеке қызығушылықтарына байланысты телефон, планшеттер арқылы ағылшын тілін қарқынды үйрету қосымшаларын жүктеп алып, үйрену; 3. Көптілді ойлау және көпмәдениеттіліктің қалыптасуына мектептегі ағылшын тілі пәніне көп сағаттардың бөлінуі және әлеуметтік желіде шетелдік достармен виртуалды коммуникативті қарым-қатынастың орын алуы.	1. Үш тілде психологиялық қызмет көрсететін педагог-психологтардың педагогикалық өтілі жағынан тәжірибесінің жетіспеуі; 2. Техникалық сананың қарқынды даму салдарынан ұлттық сана мен логикалық ойлаудың төмендеуі; 3. Онлайн арқылы қашықтықтан оқытуда рухани, қарым-қатынас, денсаулық құндылықтарына негізделген білімнің әлсіреуі. 4. Онлайн арқылы оқытудың салдарынан тілдік және жазу сауаттылығының төмендеуі.

2.2 Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда заманауи білім беру бағдарламаларының мүмкіндіктері мен болашағы

Бұл параграфтың мақсаты – болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы білім беру бағдарламаларының мүмкіндіктерін талдап, оның бәсекеге қабілеттілігін анықтау.

Диссертацияның 2.1 параграфында қазіргі таңда мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны, қашықтықтан білім берудің ерекшеліктеріне сай педагог-психологтың кәсіби қызметтері нақтыланып, қоғамдағы жұмыс берушілердің сұраныстарын негізге ала отырып, соңғы жылдары 2019 жылдардан бастап, әрбір жоғары оқу орны білім беру бағдарламаларын даярлап, оқу үрдісіне қолданысқа енгізе бастады.

ЖОО-да кәсіби білім беруде құзыреттілік парадигмасы шешуші рөл атқарады. Қазіргі таңда бұл мәселе білім берудегі негізгі әдіснамасы ретінде қарастырылып, инновациялық талаптарды орындауда, тұлғаны қалыптастыру мен Болон үдерістерінің қағидаттарын жүзеге асыруда қолданылып келеді. Демек, қазіргі таңда білім беру жүйесіндегі парадигманың өзгеруі, еліміздегі жоғары оқу орындарының Болондық жүйеге енуі, өз тарапынан құрылымдық қайта құруды, сондай-ақ, алдыңғы қатарлы әлемдік беталысқа сәйкес болу мақсатында кәсіптік білім беру жүйесінің ішкі өзгерісін қажет етті. Осыған орай, жоғары білім беру жүйесі мен әр педагогтың міндеті – білім алушының ізденімпаздығы мен дербестігін дамыта отырып, өз қабілеттерін жүзеге асыруда шығармашылық сипатта іс-әрекет етіп, мәдениет деңгейінің жоғары сатысына жетуде білімі мен іскерліктерін үнемі жетілдіру болып өзгереді. ЖОО нәтижелі жұмысы білім алушылардың кәсіби білімдерінің сапасы арқылы көрінеді.

Еліміздің жоғары оқу орындарында педагог-психолог мамандарын даярлау 20 жылдан астам уақытты қамтитыны белгілі. Аталмыш мамандықты даярлаудың өзіндік ерекшеліктері болады. Болашақ педагог-психолог маманы кәсіптік білімді жоғары оқу орнында меңгереді және өз мамандығына сай кәсіби іс-әрекетті нәтижелі атқаруына қажет болатын кәсіптік білім мен құзыреттіліктерді игереді, практикалық іскерліктері мен дағдысы қалыптасады. Болашақ маманның меңгерген білім, ептілік, дағдысы заман талабына сай келсе, соншалықты деңгейде кәсіптік қызметін сәтті атқарады. Осыған орай, кәсіби құзыретті педагог-психолог болып жұмыс атқаруы оның жоғары оқу орнында алған теориялық білім мен практикалық іскерліктеріне байланысты болып келеді.

Біздің зерттеу нысанымыздағы «Педагог-психолог» кәсіби іс-әрекеті тұрғысынан алғанда, «Адам – адам» типіндегі мамандыққа жатады. Е.А.Климов [202] осы типтегі мамандарға қажетті келесі қасиеттерді сипаттайды: адамдармен жұмыс жасау барысында өзін үнемі жақсы сезіну, қарым-қатынасқа түсу қажеттігі, өзгенің орнына өзін қоя алу, өзге адамдармен ойын, ниетін, көңіл-күйлерін тез түсіне алу қабілеті, өзгенің тұлғалық сапаларын есте ұстау.

Сонымен қатар, педагогика және психология ғылымдарында педагогтардың бойынан табылуы тиіс бірқатар кәсіби маңызды сапалар аталады. Олар: білім беру, тәрбиелеу, ұжымды басқара алу, өзгені тыңдай білу, қарым-қатынас және сөйлеу мәдениетін сақтау, өзгенің сезіміне, жеке басына құрметпен қарау, бақылампаздық, шиеліністі жағдайлар мен қалыпты емес жағдаяттарда жылдам шешім қабылдай алу, өзінің әрекеттеріне есеп беру және т.б.

Ресей ғалымы Р.В.Овчарова [203] педагог-психологтың іс-әрекеті мен тұлғасына қойылатын талаптарды қарастыра келе, идеальды маманның келесі кәсіби сапаларын бөліп көрсетеді:

- Жоғары ақыл-ой қабілетіне ие, көрегенді, талдай білетін, еркін ойлай білетін тұлға;
- Қарым-қатынаста ашық, белсенді, адамдардың есімдерін тез жаттай біледі, сыпайы, епті;
- Бірлескен әрекеті ұнатады, жеке тұлғалық қызығушылықты топтық қызығушылықтарға бағындырады, ар-намысты, жауапкершілігі мол, күшті энергиялық, өзін-өзі бағындыра біледі. Практикалық сұрақтарды жылдам шеше алады;
- Эмоционалды тұрақты, сабырлы, жағдайды шынайы бағалай біледі, стресске төзімді.

О.А.Фроликова [204] педагог-психологтардың кәсіби сапасы ретінде іс-әрекет субъектісінің оқу-кәсіптік әрекетінің нәтижелі орындалуына септігін тигізетін интегралды психологиялық қасиеттерді түсіндіреді.

Сонымен қатар, білім алушы психологтардың оқу-кәсіптік іс-әрекет құрылымындағы кәсіптік маңызды сапаларының дамуын келесі бағыттарға жіктеді:

- *Рефлексивті* – психологиялық бақылампаздық, өзін және басқа адамдарды адекватты қабылдау, бірінші көріскендегі адекваттылық, клиентке концентрация;
- *Эмоционалды* – эмпатия, эмоционалдық, басқа адамдарға көмек көрсетуге ұмтылу, жақсылығына ортақтасу, стресске тұрақтылық;
- *Когнитивті* – кәсіптік білім, өзбетінше жұмысты атқара білу, сыни пікірлей білу, адамның мінез-құлқын болжамдай білу қабілеті;
- *Мінез-құлықтық* – иілгіштік және адекватты мінез-құлық, өзін-өзі бақылау, басқаларға шыдамды болу, жағдайда жылдам, әрі адекватты бағдарлану;
- *Коммуникативті* – қарым-қатынасқа дайын болу, тыңдай және ести білу, басқа адамның позициясын қабылдауға дайын болу, сөздік қорының болуы;
- *Құндылық-мәндік* – гуманистік бағыттылық, этикалық принциптер, мотивациялық-мәндік ұстанымдар, тұлғаның адами құндылықтарын тани білу [204, с.23].

Сонымен, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі – білім алушылардың функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Білім алушы қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жана технологияларды меңгерген,

ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол және т.б. қасиеттерді бойына қалыптастырғанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады.

Педагог-психологқа тән кәсіби құзыреттіліктің төрт түрі бар:

1. Арнайы немесе қызметтік кәсіби құзыреттілік жоғары кәсіби деңгейде қызметті меңгерумен және тек арнайы білімді игеріп қоймай, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдануды білумен сипатталады.

2. Жеке кәсіби құзыреттілік өзін-өзі көрсету және өзін-өзі дамыту әдістерін, кәсіби деформацияға қарсы тұру құралдарын меңгерумен сипатталады.

3. Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдерін, біріккен кәсіби қызмет және серіктестік әдістерін игерумен сипатталады.

4. Жеке (индивидуальды) кәсіби құзыреттілік өзін-өзі басқара білу тәсілдерін, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби қартаюға берілмеу, кәсіби мотивацияның табанды болу қасиеттерін меңгерумен сипатталады. Құрамына білім мен қабілет қамтитын жеке маманның тұлғасының ерекшеліктері мен ішкі психологиялық құраушылардың күрделі жүйесі болып табылады.

Болашақ педагог-психологтың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруда мынадай негізгі қасиеттерге көңіл бөлу қажет:

- оқушыларға деген сүйіспеншілігі;
- педагогикалық процесті жүйелі жүргізе алуы;
- бақылағыштығы;
- педагогикалық құбылыстарға талдау жасай алуы;
- педагогикалық, ойлаудың қалыптасуы;
- қарым-қатынас жасай алуы;
- ұжымшылдық пен шығармашылығы және т.б.

Жоғары білім беру жүйесіндегі кез-келген мамандық бойынша кәсіби даярлық мазмұны мемлекеттік білім беру стандарттарымен белгіленеді. Кез-келген оқу орнының білім беру құжаттарында болашақ маманның кәсіптік дайындығы мен кәсіби сапаларына қойылатын талаптар көрсетіледі. Оқу жылының соңында білім алушы білім беру бағдарламасында көрсетілген құзыреттіліктерді меңгерген болуы шарт. Сонымен қатар, оның бойында өзі таңдаған мамандығының кәсіби іс-әрекеттерін орындауға қажет болатын кәсіби маңызды сапалардың дамуы да маңызды саналады.

Болашақ педагог-психологтарды дайындаудың сапасының өлшемі – білім алушылардың мемлекеттік білім беру стандартындағы біліктілік талаптарына сәйкес, анықталған теориялық-практикалық дайындық деңгейі арқылы бағаланады.

Осыған байланысты, біз ЖОО-ның көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтарды даярлаудың сапасына бірқатар талаптар қойылу қажет екендігін айтуымызға болады:

- Білім туралы зандарға, педагогтың кәсіби стандартына, білім беру бағдарламасының мазмұны мен мамандықтың оқу жоспарының жүйелілігіне;

- ЖОО-ның ішкі тәртібіне, материалдық және техникалық базаның қамтамасыз етілу деңгейіне;

- ЖОО-дағы білім алушыны кәсіби даярлау жолдарына, оқыту жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктері мен болашақ педагог-психолог тұлғасына қойылатын ішкі талаптарға;

- Жоғары білім беретін оқытушылардың біліктілігі мен құзыреттілігіне, білім алушыға деген көзқарасы мен қарым-қатынасына және т.б.

ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «Педагогика және психология» мамандығы – білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті және психологиялық іс-әрекетті ұйымдастыру, оқу-тәрбие шараларының жоспарларын, жобаларын, бағдарламаларын жасап, оларды мектепке дейінгі, жалпы орта, бастапқы кәсіби және орта кәсіби білім беру мекемелерінде жүзеге асыру дағдысын меңгеруі, білім беру сапасын жақсарту мен көтеру, психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешуде құзыретті маман.

ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында [205] 5B010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім бакалаврын даярлаудағы басты ерекшеліктерге тоқталғанды жөн көрдік.

Кәсіби қызметінің объектілері:

- мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу мекемелерінің барлық типтері;
- жалпы білім беретін орта мектеп жүйесі, соның ішінде лицейлер, гимназиялар, шағын комплектілі мектептер, санаторилік мектептер, спорт мектептері, балалар үйі;

- арнайы түзету мекемелері (ақыл-ойы және дене дамуында кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерге арналған сыныптар мен мектеп-интернаттар);

- бастапқы кәсіби білім беру мекемелері (лицейлер);

- орта кәсіби білім беру мекемелері (колледж, училищелер).

Кәсіби қызметінің пәндері: оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты мен міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру формалары, Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасы талаптарын жүзеге асыру жолдары, потенциалды мүмкіндіктерін дамыту мақсаты мен психиканың тұлғалық және когнитивтік аймақтарын зерттеу, тұлғаға бағдарланған білім беруді жүзеге асыру.

Кәсіби қызметінің түрлері:

- ұйымдастырушылық-технологиялық (педагогикалық технология негізінде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру).

- өндірістік және басқару («субъект-субъектінің» өзара әрекеті);

- жобалау (жалпы білім беретін орта мектептегі білім беруді моделдеу);

- ғылыми-зерттеу (түрлі ғылыми-зерттеу ұйымдарындағы ғылыми-зерттеу жобаларын модельдеу және жүзеге асыру, ұйымдастыру);

- білім беру (психология және педагогиканы оқыту, мамандарды дайындау және қайта дайындау).

Кәсіби қызметінің функциялары:

- оқушылардың субъектілік іс-әрекеттерін ұйымдастыру және тұлғаның

қалыптасуы мен даму процесін басқару;

- оқушылардың әлеуметтік және психологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды жасауға атсалысу;

- білім беру мекемелерінде педагогикалық процесті ұйымдастыруға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету;

- әлеуметтік бейімделуге кедергі тудыратын жағдайлардың алдын алу;

- ата-аналардың психологиялық-педагогикалық сауатын ашу.

Кәсіби қызметінің типтік міндеттері:

- оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру мен дамытуда қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау;

- отандық және әлемдік стандарттардың талаптарына сәйкес білім берудің сапалық деңгейін көтеру;

- озық педагогикалық технологияны меңгеру және оны тәжірибелік іс-әрекетке ендіру;

- педагогика және психология саласында ғылыми-зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру және өткізу.

Кәсіби қызметінің мазмұны:

- оқушылардың әлеуметтік және психологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған психологиялық-педагогикалық іс-әрекет;

- психология, педагогика ғылымындағы өзекті мәселелерді зерттеуге бағытталған ғылыми-зерттеу іс-әрекеті;

- тәрбиеленушілердің психологиялық-педагогикалық диагностикасы;

- педагогикалық ұжым мен ата-аналарды, тәрбиеленушілердің әлеуметтік дамуы мен жеке тұлғалық мәселелеріне бағыттау мақсатында жүргізілген зерттеу жұмысының деректері бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасау.

- дарынды балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

- педагогика және психологиядан алған теориялық білімдерді тәжірибеде қолдану мәселелері бойынша тәрбиешілерге, педагогтарға кеңес беру;

- 12 жылдық бейіндік оқытуға көшуге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

5B010300 – «Педагогика және психология» мамандығының бойында бірқатар құзыреттіліктер қалыптасуы қажет:

1. Жалпы құзыреттіліктерге қойылатын талаптар: жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық білім саласынан іргелі білімдерді меңгеруі; психологиялық-педагогикалық білім берудің мақсаты мен міндеттерін түсіну құзырлылығына ие болуы; гуманитарлық, жаратылыстану және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар саласындағы ғылыми-практикалық жағдайларды білуі: өзінің міндеттерін орындауға кешенді түрде қарау, ойлау мәдениетін меңгеруі, ойлау операцияларының түрлерін жоғары дәрежеде меңгеруі, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі көрсете білу амалдарын меңгеруі; өз ойын жазбаша және ауызша дұрыс жеткізе білуге қабілетті болуы (шет тілінде); қазіргі кездегі жаңа технологияларды меңгеруі, әртүрлі ақпараттармен жұмыс істей білуі, қажетті ақпараттарды өз бетімен іздеп, талдау жасап, олардың ішінен қажеттісін таңдап

алып, қайта құрып, сақтай білуі және оларды тарата білуі керек.

2. *Әлеуметтік-этикалық құзыреттілігіне қойылатын талаптар*: еңбек рыногындағы бәсекеге қабілетті болуы, педагогикалық және әлеуметтік қарым-қатынас амалдарын меңгеруі, саяси-қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық процестердің даму тенденцияларын анықтап, кәсіптік іс-әрекетінде ескере білуі, мемлекеттік тілді, ұлтаралық қарым-қатынас тілді меңгеруі, бір шет тілін қолдана білуі, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижесі үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезінуі, кәсіби бірлестікпен қарым-қатынас жасай білуі қажет.

3. *Экономикалық ұйымдастыру-басқару құзыреттілігіне қойылатын талаптар*: мемлекеттің экономикалық саясатының бағыттары, бюджетті құру саясатының негізгі принциптері, экономикадағы мемлекеттің негізгі қызметтері мен рөлі туралы білімдерді меңгеруі, менеджмент негізінде оқу-тәрбие процесін басқару мен ұйымдастыру дағдыларын, оқушылар ұжымын басқару дағдыларын меңгеруі, психологиялық-педагогикалық менеджмент бойынша білімін жүйелі көтеріп отыруы қажет.

4. *Кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптар*: өзінің педагогикалық іс-әрекетті, педагогикалық қарым-қатынас пен белгілі бір педагогикалық сана мен идеалдардың, құндылықтардың иесі ретіндегі тұлғалық қасиеттерінің қалыптасқандығын анықтайтын пәндік, психологиялық-педагогикалық әдістемелік білім, білік, дағдылар жүйесін меңгеруі, адамдармен қажетті қарым-қатынас орната білуі, өзінің даму мүмкіндіктерін анықтау, өзін дене, рухани және интеллектуалдық жағынан дамыту, өзінің көңіл-күйін реттеу және өзін-өзі қолдау амалдарын меңгеруі, өзінің жұмыс нәтижелерін жақсартуға, жекелік-тұлғалық ерекшеліктері мен кәсіби психологиялық мүмкіндіктерін пайдалану негізінде еңбек тиімділігін көтеруге даярлығының болуы, оқыту бейінділігіне байланысты білім беру мазмұнын таңдай білуі, оқыту бейінділігіне байланысты білім беру процесін жобалай және ұйымдастыру білуі, қазіргі заманауи әдістемелер негізінде бейіналды және бейінді сынып оқушыларының өзбетімен және өзін-өзі жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру, дамыту және түзету бағдарламаларын жасау және жобалау, инновациялық әдістерді бейімдеу және модификациялау, таңдау туралы білімдерді меңгеруі қажет.

Білім алушының негізгі құзыреттіліктер түріндегі күтілетін нәтижелер қатарына: талдау жұмыстарын өзбетімен орындай алуы, әрекетін жинақтай алуы, жұмыстарын қорытып, салыстырып, дәлелдеуі, өзін-өзі адекватты бағалауы, меңгерген білік, іскерлік, дағдыларын тәжірибеде қолдана алуы және т.б. жатады.

Педагог-психолог маманның құрамдас бөліктеріне: кәсіби (объективті қажетті) педагогикалық-психологиялық білімдер, кәсіби (объективті қажетті) педагогикалық-психологиялық іскерліктер, кәсіптік психологиялық позиция, педагогтың ұстанымдары, педагог-психологқа кәсіптік білім мен іскерлікті меңгеруге мүмкіндік беретін тұлғалық ерекшеліктер кіреді [205].

Сонымен жоғарыда қарастырылған нақты талаптарды есепке ала отырып, болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі кәсіптік білім, іскерліктер мен дағдылар және кәсіби сапалар негізінде қалыптасады деп тұжырымдауға

болады. Осыған орай, біз болашақ педагог-психологтың кәсіби білімі, іскерлігі және дағдысын жеке-жеке қарастыруды ұйғардық.

Педагог-психологтың кәсіби білімі – бұл жоғары білім беру жүйесінде оқытушының тікелей басшылығымен және білім алушының өздік жұмысы арқылы алынатын білімдердің жиынтығы болып саналады.

Жоғары оқу орнының педагогикалық-психологиялық білімді берудегі міндеті:

- Оқу материалдарымен білім алушылардың жұмыс істей білу іскерлігі, оқу пәнінің кілтті идеяларын түсінуі, пәнаралық байланысты жүзеге асыруы;

- Білім алушының қосымша әдебиеттердегі ақпаратты қорыта білу қабілеті.

Педагог-психологтың кәсіби іскерліктері – бұл педагог-психологтың жоғары деңгейде орындаған әрекеті, оның кәсіптік іс-әрекетінің «техникасы», педагогикалық-психологиялық әрекет тәсілдерін қолдануы, өзінің іс-әрекеттерін талдауы.

Білім алушының кәсіптік іскерліктеріне мыналар жатады:

- Мәселені көре білу іскерлігі және оны тапсырма түрінде рәсімдей алуы;

- Міндеттерді қою барысында жеке мотивтер мен мақсаттарға ие әрекет субъектісіне бағдарлану іскерлігі;

- Тапсырмаларды оперативті нақтылай алуы, анықталмаған жағдайларда негізгі шешімдерді қабылдай білуі, жағдаяттың өзгеруіне қарай, мақсаттар мен міндеттерді дұрыс қоя білу іскерлігі;

- Жағдаяттарды зерттеп, қайта жасау іскерлігі;

- Міндеттерді шешудің жақын және алыс нәтижелерін көре білу іскерлігі;

- Бір міндетті орындаудың бірнеше тәсілдерін таба білу, шешім қабылдаудың әртүрлі нұсқасын меңгеруі.

Педагог-психологтың кәсіби сапаларына – мотивациялық сферасы (мақсатты жобалау, тұлғаның мотивациялық бағыттылығы және т.б.), танымдық сферасы (бақылағыштығы, рефлексия, өзін-өзі бағалауы), қарым-қатынасқа түсу мен эмпатиялық сезімдері жатады [205, с.5].

Сонымен, жоғарыда қарастырылған ҚР МЖМБС «Педагогика және психология» мамандығының кәсіби сипаттамасының мазмұнын талдау, бізге нақты құзыреттіліктерді нақтылауға мүмкіндік берді және оны келесі 7 кестеден көруге болады.

Кесте 7 - «Педагогика және психология» мамандығының құзыреттіліктері

Құзыреттілік атауы	Сипаттамасы
Жалпы құзыреттілік	Жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық білім саласынан іргелі білімдерді меңгеруі, психологиялық-педагогикалық білім берудің мақсаты мен міндеттерін түсіну құзырлылығына ие болуы, ойлау мәдениетін меңгеруі, ойлау операцияларының түрлерін жоғары дәрежеде меңгеруі, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі көрсете білу амалдарын меңгеруі, өз ойын жазбаша және ауызша дұрыс жеткізе білуге қабілетті болуы (шет тілінде), қазіргі кездегі жаңа технологияларды меңгеруі, әртүрлі ақпараттармен жұмыс істей білуі, қажетті ақпараттарды өз бетімен іздеп, талдау жасап, олардың ішінен қажеттісін тандап алып, қайта құрып, сақтай білуі және оларды тарата білуі керек.
Әлеуметтік-этикалық құзыреттілік	Еңбек рыногындағы бәсекеге қабілетті болуы, педагогикалық және әлеуметтік қарым-қатынас амалдарын меңгеруі, саяси-қоғамдық және әлеуметтік-экономикалық процестердің даму тенденциялар анықтап, кәсіптік іс-әрекетінде ескере білуі, мемлекеттік тілді, ұлтаралық қарым-қатынас тілді меңгеруі, бір шет тілін қолдана білуі, өзінің кәсіби еңбегінің нәтижесі үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезінуі, кәсіби бірлестікпен қарым-қатынас жасай білуі қажет.
Экономикалық ұйымдастыру-басқару құзыреттілігі	Мемлекеттің экономикалық саясатының бағыттары, бюджетті құру саясатының негізгі принциптері, экономикадағы мемлекеттің негізгі қызметтері мен рөлі туралы білімдерді меңгеруі, менеджмент негізінде оқу-тәрбие процесін басқару мен ұйымдастыру дағдыларын, оқушылар ұжымын басқару дағдыларын меңгеруі, психологиялық-педагогикалық менеджмент бойынша білімін жүйелі көтеріп отыруы қажет.
Кәсіби құзыреттілік	Өзінің педагогикалық іс-әрекетті, пәндік, психологиялық-педагогикалық әдістемелік білім, білік, дағдылар жүйесін меңгеруі, адамдармен қажетті қарым-қатынас орната білуі, өзінің даму мүмкіндіктерін анықтау, өзін дене, рухани және интеллектуалдық жағынан дамыту, өзінің көңіл-күйін реттеу және өзін-өзі қолдау амалдарын меңгеруі, кәсіби психологиялық мүмкіндіктерін пайдалану негізінде еңбек тиімділігін көтеруге даярлығының болуы, оқыту бейінділігіне байланысты білім беру мазмұнын таңдай білуі, оқыту бейінділігіне байланысты білім беру процесін жобалай және ұйымдастыру білуі, қазіргі заманауи әдістемелер негізінде бейіналды және бейінді сынып оқушыларының өзбетімен және өзін-өзі жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру, дамыту және түзету бағдарламаларын жасау және жобалау, инновациялық әдістерді бейімдеу және модификациялау, таңдау туралы білімдерді меңгеруі қажет.

Жоғарыда кестеден, ҚР МЖМБС-та анықталған «Педагогика және психология» мамандығының кәсіби құзыреттіліктері еліміздегі әлеуметтік-экономикалық даму мен білім беру саласындағы реформаларға байланысты жоғары оқу орындарында кәсіби маман даярлауға қойылатын жаңа талаптарды да салыстырмалы түрде қарастыруды қажет етеді.

Бүгінгі таңда педагог-психолог шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, өзінің құзыреттілік аясын кеңітеді. Жаңа бағдарламаның мектепке енуі,

баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру – педагог-психолог қызметінің нысаны болып табылады. Жоғары оқу орнында болашақ маманның бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз қызметін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдыретті деп санайтын білімді тұлға ғана жұмыс істей алады.

Күнде өзгеріп отырған ғаламда уақыт талабынан қалмай, бәсекеге қабілетті болу үшін бүгінгі педагогикалық-психологиялық білім беру жүйесіне өзгерістер керек. Бұл саладағы өзгерістердің бірі – білім мазмұнының жаңаруына байланысты. Фундаментальды білімнен функционалды білімге ауысу кезеңінде әрине, көзқарастар қайшылығы орын алатыны айқын. Дегенмен, бүгінгі күннің талабы осы. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама [10, с.51]. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Сонымен қатар, білім мазмұнының жаңаруы өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа механизмдерін, озық тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беріп отыр. Ал ең негізгісі – бағалаудың тиімді жаңа стратегиялары. Бағалау жүйесі түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтті. Қазіргі критериялық бағалауда оқушылардың үлгерімі алдын-ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшеніп отыр. Мұндай өзгерістердің оқушы мен ұстаздың жалпы іс-әрекетіне, ой-өрісіне, психикасына әсер ететіндігі анық. Ал осы кезеңде педагог-психологтың іс-әрекеті де ерекше. Бір сөзбен қорытындылағанда: педагог-психолог білім алушыларға инновацияларды бейімдеуге, қабылдауға ғылыми-практикалық тұрғыда көмектеседі.

Осыған байланысты соңғы жылдары 6B01101 – «Педагогика және психология» бойынша білім бакалаврын даярлаудың мазмұнын ашу үшін Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті «Педагогика және психология» кафедрасының ғалымдар ұжымы дайындаған білім беру бағдарламасының паспортын басшылыққа ала отырып, талдауды жөн көрдік.

6B01101 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының мақсаты – Білім беру процесінің барлық деңгейлерінде психологты пәндік, ақпараттық-коммуникациялық, кәсіпкерлік құзыреттіліктермен, психологиялық ағартушылық сабақтар, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі ұйымдастыру және диагностика, психологиялық ағарту бойынша сабақтар өткізу дағдысы, пәндік, ақпараттық-коммуникативтік, кәсіпкерлік құзыреттілігі бар педагог-психологты даярлау.

Кәсіби қызметтің саласы – білім беру қызметі, білім беру саласындағы жұмыс, мамандарды даярлау және қайта даярлау, біліктілігін арттыру саласындағы педагог-психолог.

Кәсіби қызмет түрлері: *Білім беру және әлеуметтік-педагогикалық, оқытушылық, ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-басқарушылық,*

ағартушылық, кәсіби бағдар беру және кеңес беру, профилактикалық және денсаулық сақтау, психодиагностикалық және түзету-дамытушылық.

Кәсіби қызметтің объектілері: Оқу-тәрбие қызметін ұйымдастыруға, өткізуге, мониторинг жүргізуге және бақылауға байланысты мемлекеттік басқару органдары: орта білім беру ұйымдары, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдары, білім беру бөлімдері мен басқармалары, білім беру мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми-зерттеу ұйымдары, білім беру орталықтары, қосымша білім беру ұйымдары.

Негізгі құзыреттілік: Білім алушылардың пәндік және жеке білім беру нәтижелерінің психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүзеге асыру, стандартты түзету-дамыту әдістері мен технологияларын қолдану, білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі айқындауын белсендіру үшін білім беру үдерісі субъектілерінің дамуы мен дамуының психологиялық проблемалары бойынша психологиялық консультациялар жүргізу, критериалды (формативті және жиынтық) бағалау стратегиясын қолдану және оқу нәтижелерінің жетістіктерін тіркеу қабілеті, психологиялық-педагогикалық орта жағдайын талдау және білім беру процесіндегі қауіптерді болжау, олардың алдын алуды жүзеге асыру, білім алушылардың жеке-тұлғалық білім беру бағыттарын әзірлеу және іске асыру, оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманғы технологияларын, сондай-ақ өзінің кәсіби өсуі мен тұлғалық дамуының траекториясын пайдалана отырып, білім беру процесін жобалау.

Құндылықтар: Әлеуметтік жауапкершілік. Инновацияшылдық. Студентке бағдарлану. Кәсібилік. Көшбасшылық.

Бітіруші түлек моделі: Кәсіби және әлеуметтік жауапкершілік, коммуникативтілік, стресске төзімділік, өзін-өзі сынға алу, объективті өзін-өзі бағалау, сыни тұрғыдан ойлау, эмоциялдық интеллект, педагогикалық такт /әдептілік және оптимизм, мақсаттардың айқындығы, еңбекқорлық, эмоционалды тұрақтылық, кәсіпкерлік дағдылар, төзімділік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білу (ICT), көптілділік, ұйымшылдық, креативтілік, конструктивтік коммуникацияға қабілеттілік, рефлексиялық қызметті ұйымдастыра білу.

Сонымен, жоғарыда қарастырылған 6B01101 – «Педагогика және психология» бойынша білім бакалавры бойынша білім беру бағдарламасын талдау бізге нақты құзыреттіліктерді нақтылауға мүмкіндік берді және оны келесі 8 кестеден көруге болады.

Кесте 8 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының құзыреттіліктері

Құзыреттілік атауы	Сипаттамасы
Пәндік және жеке	Білім алушылардың пәндік және жеке білім беру нәтижелерінің психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүзеге асыру, стандартты түзету-дамыту әдістері мен технологияларын қолдану.
Кәсіптік	Білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі айқындауын белсендіру үшін білім беру үдерісі субъектілерінің дамуы мен дамуының психологиялық проблемалары бойынша психологиялық консультациялар жүргізу.
Психологиялық-педагогикалық	Критериалды (формативті және жиынтық) бағалау стратегиясын қолдану және оқу нәтижелерінің жетістіктерін тіркеу қабілеті, психологиялық-педагогикалық орта жағдайын талдау және білім беру процесіндегі қауіптерді болжау, олардың алдын алуды жүзеге асыру.
Жеке-тұлғалық	Білім алушылардың жеке-тұлғалық білім беру бағыттарын әзірлеу және іске асыру, оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі заманғы технологияларын, сондай-ақ өзінің кәсіби өсуі мен тұлғалық дамуының траекториясын пайдалана отырып, білім беру процесін жобалау.

Жоғарыда кестеден, қазіргі таңдағы жұмыс берушілердің сұранысына негізделген педагог-психологтардың бойынан нақты қажетті құзыреттіліктерді анықтадық. Бұл құзыреттіліктердің маңыздылығы болашақ педагог-психологтардың кәсіби функционалдық міндеттерін айқындауға және оны дамытуға мүмкіндік береді.

Біз сонымен қатар, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтарын бұрынғы ҚР МЖМБС көрсетілген құзыреттіліктермен салыстыра отырып, талдадық. Мәселен, оны келесі сызба 8 арқылы көрсетуге болады.



Сызба 8 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары

Жоғарыдағы сызбаны талдау, бізге соңғы жылдардағы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық даму мен білім беру саласындағы реформалар бәсекеге қабілетті, заманауи тұрпатты мамандар даярлаудың қажеттілігінен өзінің кәсіби, пәндік саласына айрықша көңіл бөлуді, жеке тұлғаның бойындағы іскерлік, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруды көздейтіндігі айқындалды.

Сонымен, педагогикалық іс-әрекет қызығы да, қиындығы да мол қызмет. Оның тұлғасын сипаттайтын негізгі кәсіби маңызды қасиеттері маманның педагогикалық әдебінің көрсеткіші де болып табылады. Ал педагог-психологтың кәсіби маңызды қасиеттері ретінде оның балаға деген ынта-ықыласын, сүйіспеншілігін, педагогикалық еңбекке қызығушылығын, психологиялық-педагогикалық сезгіштігін, байқағыштығын, әділдігін, талап қоя білушілігін, табандылығын, ұстамдылығын, өзін-өзі басқара білуін, қайырымдылығын, мейірімділігін, кәсіби еңбекті сүйе білуін, ғылыми ой-өрісінің тереңдігін, рухани танымдық қызығушылығын, интеллектуалдық белсенділігін, өздігінен білім алуға ынталылығын, шығармашылықпен ынтымақтастықты қолдауын, жаңашыл педагогтардың, психолог пен әлеуметтанушының идеяларын түсінуін, қабылдауы деп тұжырымдауға болады.

2.3 Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Параграфтың мақсаты – болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілді білім беру жағдайында қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау.

Біздің зерттеуімізде алға қойған мақсаттардың бірі – болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделін түзу барысында педагогикалық әдебиеттер мен ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде «модель» ұғымының мәнін сипаттаудан бастауды жөн көрдік.

Ғалым Ш.Т.Таубаеваның [158, с.384] «Педагогика әдіснамасы» атты зерттеу еңбегінде педагогика саласындағы модельдеу мәселесіне кеңірек тоқталған. Ол «модель» түсінігінің, латынның «modules» сөзінен туындағандығына, ол «өлшем», «бейне» деген түсінікті білдіретіндігіне тоқталып, «модельдеу» түсінігі ғылым саласында әртүрлі мағынада пайдаланылатындығын атап өтеді. Бұл нақты мағынада «модельдеу» объектінің арнайы жасалған пішінінің, нақты нысанның сипаттамасын өңдеп жасауы деген қорытынды жасауға негіз болады. Логикалық түсіндірме сөздікте «модельдеу» нысанның қолдан құрастырылған нұсқасы, қисындық-математикалық таңбалау формуласы, физикалық конструкциялар, құрастырулар және т.б. [158, с.385].

Модель туралы сөз қозғайтын болсақ, бұл термин латын тілінен (modulus) шыққан, «өлшем» деген ұғымды білдіреді. Модельдің негізінде белгілі бір білім саласындағы фактілер, заттар мен қарым-қатынастың көрініс беруі, - деп түсінеміз.

Г.Қ.Нұрғалиева болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін ұйымдастыруды, мектептегі оқу-тәрбие мәселелерін когнитивтік, мотивациялық-қажеттілік, әрекеттік-мінез-құлықтық компоненттер тұрғысынан талдады [206]. Ғалымның бұл пікірімен келісе отырып, өз жұмысымыздың мәселесі бойынша модель жасауда басшылыққа алдық.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз педагогикада модельдеу мынадай жағдайларда қолданылатынын байқадық:

а) педагогикалық міндеттерді және педагогикалық жағдаяттарды модельдеу;

б) оқыту, тәрбие және үйренушілерді дамыту үдерісін модельдеу;

в) білім беру мекемелерін басқару жүйесі жағдайын модельдеу.

Көрсеткіштері: мотивациялық, танымдық-мазмұндық, іс-әрекеттік.

Ұсынылып отырған көптілді білім беру жағдайындағы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі мотивациялық, танымдық-мазмұндық, іс-әрекеттік көрсеткіштерден тұрады. Бұдан әрі олардың сипаттамасын қарастырамыз.

Педагогика және психология түсіндірме сөздігінде (Мотив; фран. motif, лат. Moveo – қозғаймын) – субъектінің өмір сүру жағдайы ықпалымен

қалыптасатын және оның белсенділігінің бағыттылығын анықтайтын әрекетті туғызушы түрткі ретінде қарастырылады. «Түрткі» термині субъектінің белсенділігін туғызатын түрлі құбылыстар мен күйлерді білдіру үшін қолданылады [207].

Кез-келген іске деген мотивация немесе түрткі табысты болудың алғышарты болып табылады. Мотиві жоғары адамдар үнемі белсенді, бастамашыл, мақсатқа қарай бағыттылығы тұрақты, табандылық сияқты сапалармен сипатталады. Мәселені шешуде олар қалыптан тыс әдістерді таңдап, өзіне жауапкершілік ала біледі. Өзіне деген сенімділігі мен ішкі түрткілердің тегеуріні оны табыстарға жігерлендіреді.

Танымдық-мазмұндық көрсеткіш – тұлғаның дүние және адам туралы жүйелі білімі, дүниені диалектикалық және икемді түсінуі, ойлаудың аналитикалық-синтетикалық қабілеттері, тұлға мәдениетін бағалауы және дәлелді ой-пікірлерін сипаттайды. Танымдық компонент – болашақ педагог-психологтың, білімге ынтасы мен қызығушылығын, әдіснамалық тұғырларды, білімдерінің мазмұндық деңгейін, оны өз тәжірибесінде қолдана білуі мен өзінің әдіснамалық білім, білік, дағды, қабілет және өзінің тәжірибесінде әдіснамалық білім мен білігін бағалай білуінен көрінеді.

Танымдық-мазмұндық көрсеткіш – кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуына негіз болатын теориялар мен жоғары оқу орынында оқытылатын пәндердің мазмұны бағытындағы білімдер жүйесін, оларды жүзеге асырудағы біліктілігін, дағдысы мен қабілеті және теориялық білім, біліктеріне рефлексия жасай білуімен сипатталады.

Танымдық-мазмұндық көрсеткіш – білім берудің мемлекеттік стандартындағы пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ынтасы, дидактикалық біліктер туралы білімдер жүйесі, оларды практикада қолдана білу және әдістемелік білім, білік, дағдыларын іс-тәжірибеде қолдануын және оны бағалау деңгейінен көрінеді.

Танымдық-мазмұндық көрсеткіштері:

- өз пәнін ғаламдық мәселелермен ұштастыруға қатысты білімдерінің болуы;

- әлемнің білім беру кеңістігіндегі жаңашылдықты білу.

Мотивациялық көрсеткіш – оқу-танымдық іс-әрекетте болашақ педагог-психологтардың көптілді ғылыми білімді меңгеруге құштарлығы, жаңашылдыққа белсенді ұмтылуы, танымдық қызығушылығы мен шығармашылық дербестікке саналы талаптануы, өзінің меңгерген білімін құндылық бағдары ретінде түсінуі. Мотив – субъект қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты іс-әрекетке итермелеуші күш, субъект белсенділігін тудыратын және оның бағыттылығын анықтайтын ішкі және сыртқы шарттардың жиынтығы, тұлғаның әрекет таңдауы және қылықтарының негізінде жататын себеп.

Мотивациялық көрсеткіштері:

- болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге қызығушылығы;

- құзыреттіліктердің жаңа бағыттарының мәнін ұғып, машықтануға ынтасы.

Іс-әрекеттік көрсеткіш – білім алушының өзінің танымдық әрекетін ұйымдастырушы өзі болатындай етіп, тұтастай білім берудің әдістемелік және технологиялық жағын инновациялауға бағытталған. Зерттеуімізде әрекеттік компоненттің екі құрамдас бөлігі қарастырылады. Олар: студенттің әрекеті және педагогтың әрекеті. Білім алушының ішкі әлеміне әсер ететін, оның шығармашылық белсенділігін тудыратын, әдіс құралдар арқылы дамытушылық креативтілік орта жасаудан тұрады.

Оларды сипаттай кетсек, оқытушы: білім алушының белсенді танымдық әрекетін ұйымдастырады, басқарады, ғылыми шығармашылық жұмыстарына қызығушылығын белсендіреді, интеллектуалдық өсуіне жағдай жасайды, оқу-білік дағдыларын жоспарлауды меңгеру білігін қалыптастырады, білім алушылардың өзіне сенімділігін қалыптастырады.

Іс-әрекеттік көрсеткіштері:

- көптілді білім беру жағдайында ақпаратпен жұмыс жасау, мәдениаралық диалогқа түсе алуға дағдылану;

- кәсіби өзін-өзі дамытудың жоспарын құрып, жүзеге асыра алуы.

Болашақ педагог-психологтарды даярлаудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес белгіленген міндетті, базалық және элективті пәндері құрайды.

Дегенмен, болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілік дайындығын жүзеге асыруда педагогикалық дағды мен білікті шеберлікті дамытуға негіз болатын пәндермен элективті пәндердің бір-бірімен байланыста оқытылғаны дұрыс деп ойлаймыз.

Анықталған көрсеткіштер негізінде болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптастыру деңгейлері анықталды. Деңгейлері: жоғары деңгей, орташа деңгей, төменгі деңгей.

Жоғары деңгей – болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге қызығушылығы тұрақты, жаңа құзыреттіліктердің мәнін ұғып, машықтануға ынтасы жоғары. Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерінің теориялық әдіснамалық, әдістемелік негіздерін меңгерген, ақпараттық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері қалыптасқан, сабақтарын көптілділік мәселелер тұрғысынан жобалай біледі, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолданып өткізе алады.

Орташа деңгей – көптілді білім беру жағдайына сәйкес, кәсіби құзыреттілікке деген жағымды көзқараста, олар жайындағы теориялық білімдерден хабардар, ақпараттық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері біршама қалыптасқан, болашақта педагог-психологтарды оқытудың әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолдануға, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті бар, бірақ тұрақты қолдануға машықтанбаған.

Төменгі деңгей – көптілді білім беру жағдайына сәйкес кәсіби құзыреттілік жайлы білімдері, қызығушылықтары бар, бірақ тұрақты емес, кәсіби құзыретті педагог-психолог болудың қажеттілігін сезінеді, ақпараттық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері болғанмен, оны іс жүзінде қолдануы нашар, көмек

қажет етеді, сабақтарын ғаламдық мәселелер тұрғысынан жобалауды оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, технологияларын тұрақты қолдануды дағдыға айналдырмаған.

Кесте 9 - Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың көрсеткіштері, өлшемдері мен деңгейлері


№	Өлшемдері	Көрсеткіштері	Деңгейлері
1	2	3	4
Танымдық-мазмұндық	Тұлғаның дүние және адам туралы жүйелі білімі, дүниені диалектикалық және икемді түсінуі, ойлаудың аналитикалық-синтетикалық қабілеттері, тұлға мәдениетін бағалауы және дәлелді ой-пікірлерін сипаттайды.	Өз пәнін ғаламдық мәселелермен ұштастыруға қатысты білімдерінің болуы; - әлемнің білім беру кеңістігіндегі жаңашылдықты білу.	Болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге қызығушылығы тұрақты, жаңа құзыреттіліктердің мәнін ұғып, машықтануға ынтасы жоғары.
Мотивациялық	Оқу-танымдық іс-әрекетте болашақ педагог-психологтардың көптілді ғылыми білімді меңгеруге құштарлығы, жаңашылдыққа белсенді ұмтылуы, танымдық қызығушылығы мен шығармашылық дербестікке саналы талаптануы, өзінің меңгерген білімін құндылық бағдары ретінде түсінуі.	Болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруге қызығушылығы, құзыреттіліктердің жаңа бағыттарының мәнін ұғып, машықтануға ынтасы.	Кәсіби құзыреттілікке деген жағымды көзқараста, олар жайындағы теориялық білімдерден хабардар, ақпараттық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері біршама қалыптасқан, болашақта педагог-психологтарды оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануға, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті бар, бірақ тұрақты қолдануға машықтанбаған.
	Білім алушының өзінің танымдық әрекетін ұйымдастырушы өзі болатындай етіп, тұтастай білім берудің әдістемелік және	Көптілді білім беру жағдайында ақпаратпен жұмыс жасау, мәдениаралық диалогқа түсе алуға дағдылану, кәсіби өзін-өзі	Кәсіби құзыреттілік жайлы білімдері, қызығушылықтары бар, бірақ тұрақты емес, кәсіби құзыретті

9 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Іс-әрекеттік	технологиялық жағын инновациялауға бағытталған.	дамытудың жоспарын құрып, жүзеге асыра алуы.	педагог-психолог болудың қажеттілігін сезінеді, ақпараттық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері болғанмен, оны іс жүзінде қолдануы нашар, әдіс-тәсілдерін, тұрақты қолдануды дағдыға айналдырмаған.

Жоғары оқу орындарында болашақ педагогтарға қазіргі заманның үнемі өзгеріп отыратын жағдайларына жылдам бейімделуге көмектесе алатын арнайы білім алуды қарастыруы тиіс. Білімнің дамуының анағұрлым озық тұжырымдамасы – адамның бүкіл кәсіби қызметінің өн бойында білімнің үздіксіздігі тұжырымдамасы болып табылады. Ғалымдар осы тұжырымдаманың негіз бола алатын сипаттамасы бейімделушілік, қолжетімділік, көпсатылылық, формалардың әралуандығы, уақыт пен кеңістіктегі сапа мен тиімділік болып табылатындығын атап көрсетеді.

Жоғарыда берілген отандық және шетелдік ғалымдардың тұжырымдары, анықтамалары, түсініктемелерін ескеріп және талдау жасау негізінде біз кәсіби құзыреттілікті маманның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындау дайындығын атаймыз. Төмендегі суретте біз көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін ұсынамыз. Оны келесі суреттен 9 көруге болады.



Сурет 9 - Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі

Ұсынылып отырған модель: көптілді білім беру жағдайындағы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің әдіснамалық негіздері айқындалған, мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттерден тұратын, өлшемдері мен көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері анықталған, әдістемелік жолдары негізделген күрделі құрылым. Енді осы модельдің ішкі жүйе элементтеріне сипаттама беруді жөн көрдік.

Мақсаты – көптілді білім беру жағдайында заманауи талаптарға негізделген болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Міндеттері:

- теориялық білімдерін дамыту;
- заманауи кәсіби құзыреттіліктерін нақтылау;
- заманауи кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың шарттарын айқындау;
- кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың әдістемесін жасау және жүзеге асыру.

Шарттары:

- Білім беру бағдарламаларындағы Дублин дескрипторлары негізіндегі құзыреттіліктерді толығымен университеттің педагогикалық үдерісінде жүзеге асыру;
- Академиялық топтардың білім беру үдерісін көптілді бағытта ұйымдастыру;
- Көптілді білім беру жағдайында CLIL технологиясын белсенді түрде қолдану;
- Зерттеуде ұсынып отырған кешенді бағдарламасындағы тілдік, танымдық, психологиялық бағыттарды негізге алу.

Кәсіби қызметтері: психологиялық кеңес беру, психодиагностикалық, психокоррекциялық, психопрофилактикалық және т.б.

Психологиялық диагностика – адамның жеке индивидуалды психологиялық ерекшеліктерін (оның өзінің жеке ерекше интеллект қасиеттерін) тануды, өлшеуді зерттейді. Тану және өлшеу психодиагностиканың әдістері негізінде жүзеге асады.

Психокоррекция – индивидтің бүтіндік дамуы мен қызметіне психологиялық әсер ету болып табылады. Жеке басының дамуына әсер ету жас және дара психологиялық ерекшеліктеріне (танымдық, эмоционалды-еріктік, қалыпты мінез-құлық және қасиеттеріне) қарай жүретін қалыпты процесс.

Психокоррекциялық жұмыстың мақсаты – баланың психикалық даму заңдылықтарын түсіне отырып, үлкендермен серіктестікте жүргізілетін белсенді әрекет түрі.

Психопрофилактика – оқушылардың психикалық денсаулығын сақтау және алдын-алу. Психологиялық профилактика – мектеп жасындағы балалардың психологиялық денсаулығын сақтауға, қорғауға және дамытуға бағытталған психологтың іс-әрекетінің арнайы түрі.

Психологиялық кеңес беру – тұлғааралық қарым-қатынастағы қиындықтармен байланысты әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуге бағытталған адамдармен тәуелсіз жұмыс. Онда әсер етудің негізгі құралы ұйымдастырылған әңгіме болып табылады.

Психологиялық кеңес берудің мазмұны – психолог өзінің кәсіптік-ғылыми білімін қолдана отырып, екінші адамға өзінің жаңа психологиялық тапсырмаларын шешу қабілетін сездіретін жағдай жасайды.

Ұстанымдары: жауапкершілік, құпиялылық, эмпатиялық, коммуникативтік.

Жауапкершілік – оқушылар, зерттеушілер, тексерушілер алдындағы педагог-психологтың ерекше жауапкершілігі.

Құпиялылық – педагог-психолог өз жұмысын оқушы тұлғасының құқығын сақтай және белсенді түрде қорғай отырып, істейді. Педагог-психолог өзінің жұмыс жүргізіп жүрген клиенттер жайындағы ақпараттарды құпия түрде сақтауда жауапкершіл болуы тиіс.

Эмпатиялық – оқушылардың жеке тұлғасында орын алған келеңсіз жағдайларды түсіну және олармен ортақтасып бірге шешуге гумандық қарым-қатынас жасай алуы.

Зиян келтірмеу – педагог-психолог мұғалімдерге, ата-аналарға, олардың орнын басушы тұлғаларға, оқу-тәрбие мекемелерінің әкімшілігіне бала жайындағы мәліметтер, тек балаға олар зиян келтірмейтін болған жағдайда ғана мәлімдеуге болады.

Бағыттары: тілдік, танымдық, психологиялық.

Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру үш бағытта жүзеге асырылды:

Тілдік – білім алушыларды кәсіби бағытталған шет тілі, қазақ (орыс) және ағылшын тілдерін оқыту арқылы және сабақтан тыс кезінде ұйымдастырылған іс-әрекеттер арқылы (English club) пәндік, тілдік және ақпараттық-коммуникативтік, мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталады.

Танымдық бағыт – білім алушылардың элективті курстар, өзбетінше жұмыстары арқылы кәсіби, тұлғалық құзыреттіліктері, зерттеушілік дағдысы, өмір бойы оқу, сыни тұрғыда ойлау және көптілділік қабілеттерін қалыптастыруға бағытталады.

Психологиялық бағыт – психологиялық тренингтерді ұйымдастыру арқылы білім алушылардың ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті, кәсіби құзыреттілігі, көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысын қалыптастыруға бағытталады.

Модельде көрсетілгендей, құзыреттіліктер, компоненттер және олардың көрсеткіштері мен деңгейлері 9-кестеде сипатталған.

Сонымен қатар, модельде оқытуды ұйымдастырудың формалары мен оқытудың және тәрбие әдістері жинақталған.

Оқытуды ұйымдастырудың формалары: Дәріс, семинар, практикалық сабақтар, тренингтер, өздік жұмыстар және аудиториядан тыс педагогикалық практика, курстық және дипломдық жобалар және т.б.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру жүйесінің маңызды компоненті оқытудың формасы, әдістері мен құралдары саналады. Сонымен, біздің модельдің орындауына қажетті деген келесі формаларды, әдістер мен құралдарды іріктедік:

Оқытудың әдістері:

CLIL технологиясының әдістері: Менталды карта, жобалар әдісі, рефлексия

және перефраз және т.б.

«Менталды карта» терминін ағылшын психологы Тони Бьюзен енгізген болатын және де ағылшын тілінен тікелей аудармасы «ақыл-ой картасы» деген мағынаны білдіреді.

Менталды карталар (майндмэппинг, mindmapping) – бұл ойлау қабілетін қалыптастырудың ерекше әдісі емес, ол нағыз қарапайым әдіс, ақпараттың үлкен көлемін есте сақтауға мүмкіндік беретін ойлау қабілетін дамытудың және баламалы жазбаның ыңғайлы әрі тиімді техникасы.

Ментальды карталар – тек идеяны тудыру, визуализациялау, құрылымдау, саралау үшін ғана емес, сондай-ақ қандай да бір мақала жазуда тапсырмаларды орындауды, ұйымдастыруды үйрену, шешімдерді қабылдау құралы ретінде де қолданылады.

Жобалар әдісі – белгілі бір білім жиынтығына ие болуды болжайтын және жобалау іс-әрекеті арқылы шешімін табуды алдын-ала ескеретін мәселелерге деген оқушылардың қызығушылығын ынталандыру, алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана білу икемділігін, рефлекторлық ойлауды (сыни тұрғыдан ойлауды) дамыту. Мәселе ойдың мақсатын белгілейді, ал мақсат ойлаудың үрдісін бақылайды.

Жобалар әдісі – қандай да бір түрде безендірілген, нақты, айтарлықтай тәжірибелік нәтижемен аяқталуы тиіс мәселені толық өңдеу арқылы дидактикалық мақсаттарға жетудің тәсілі.

Рефлексия сөзі латын тілінен кірген *reflexio* – кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Лок 17 ғасырда берген. «Рефлексия – адамның өз істерінің мәнін түсіну, олар туралы ойлану барысында өзіне өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі немесе өзі әрекет барысында басшылыққа алған ережелер мен кестелерді мойындауы не жоққа шығаруы».

Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды меңгерудің жолдарын анықтау.

Педагогикалық рефлексия – мұғалімнің өзіне, өзінің қылықтарына объективті баға беру, оны балалар, басқа адамдар, ең әуелі педагогикалық қатынас процесінде мұғалім әрекеттесетін адамдар қалай қабылдайтынын түсіну қабілеті.

Перифраз (гр. periphrasis – айналым) – құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыру тәсілі. Перифраз мәтіннің идеялық-эстетикалық және көркемдік байлығын арттырады. Мағыналық реңк пен оның әсерін күшейтеді. Мысалы, орман патшасы (арыстан дегеннің орнына), дала кемесі (комбайн), қара алтын (көмір) және т.б. Сөйлемге тілдік өзгерістер жасай отырып, белгілі бір ойды басқа сөзбен жеткізу.

Дәстүрлі әдістер: түсіндірмелі-бейнелеушілік, репродуктивті, белсенді, проблемалық, ғылыми зерттеушілік және т.б.

Түсіндірмелі-бейнелеушілік оқыту дәстүрлі оқыту деп аталады, бұл тарихта ұзақ уақыт бойы өз қолданысын тапты. Дәстүрлі оқыту жаңадан пайда болған түсіндіру жолдары мен көрнекіліктерді өзіне жатқызып отырады. Мұнда оқушылардың негізгі іс-әрекеті берілген білімнің мазмұнын таңдау, қабылдау, есте сақтау.

Түсіндірмелі-бейнелеушілік оқытудың артықшылықтары: уақытты үнемдейді, мұғаліммен шәкірттердің күш-қайратын жетілдіреді, күрделі білімдерді

қабылдауды жеңілдетеді, оқыту процесін тиімді басқаруды қамтамасыз етеді.

Түсіндірмелі-бейнелеушілік оқытудың кемшіліктері: оқушылардың дайын білімді жаттап алуы, оқушылардың өз бетінше ойлануына қажетті көңіл бөлінбеуі, дара және бөліп оқыту мүмкіндіктерінің жетімсіздігі.

Проблемалық оқытудың өзі – бұл шығармашылық процесс: бейқалыпты ғылыми оқу мәселені бейқалыпты әдістермен шешу. Соңғы кезде кең тараған оқу түрінің мәні: мұғалім жаңа білімді дайын түрде баяндамай, оқушылардың алдына проблемалық сұрақтар қойып, олардың шешудің жолдары мен тәсілдерін іздеуге бейімдейді.

Сонымен, проблемалық оқытудың ерекшеліктері: оқушылардың логикалық ойлау қабілетін арттырады, оқу еңбегіне қызығушылығын арттырады, оларды өзідігінен саналы жұмыс істеуге үйретеді, берік білімге, оқытудың жоғары нәтижесіне жеткізеді.

Проблемалық оқытудың кемшіліктері: Оқушылардың танымдық іс- әрекетін басқаруға әлсіз ықпал ету, мақсатқа жету үшін көп уақыт жұмсау.

Тәрбие әдістері: Жеке тұлғаның санасына әсер ету, іс-әрекетін ұйымдастыру және ынталандыру әдістері және т.б.

Жеке адамның санасын әсер ету әдістері – тұлғаның сезім мүшелері арқылы оның ақыл-ойы, санасына ықпал ете отырып, оның өмірлік қағидасын, көзқарасын, сенімін қалыптастырады. Бұл тәрбие әдістеріне – әңгіме, әңгімелесу, лекция, пікірталас, өнеге жатады.

Қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру, іс-әрекетті ұйымдастыру немесе жаттықтыру әдісінің маңызы – тұлғаның тек әрекетте ғана жеке басының жан-жақты қалыптасып және дамитындығында. Бұл топтағы әдістерге: талап қою, жаттықтыру, тәрбиелік жағдай туғызу, тапсырма беру жатады.

Мінез-құлық пен іс-әрекетті ынталандыру немесе мадақтау және жазалау әдістерінің маңызы – тәрбиелеу шараларының сапасы мен тиімділігін арттырады, оларға баға беруде, бала мінезіндегі жақсы қылықты көтермелеп, теріс қылықтарын тежеуді көздейді. Бұған мадақтау, жазалау, жарыс және т.б жатады.

Қалыптастырудың ресурстық қамтамасыз етілуі: Кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандарты, білім беру бағдарламасы, дидактикалық құралдар, техникалық құралдар: компьютерлік, электрондық кітапхана, ғаламтор желілері онлайн платформалары және т.б.

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасындағы педагог-психологтың бейнесі – ақпараттық технологиялық, тұлғалық-танымдық, тілдік мәдени құзыреттіліктері қалыптасқан бәсекеге қабілетті педагог-психолог.

Нәтижесі: Көптілді білім беру жағдайында заманауи талаптарға сай кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан бәсекеге қабілетті педагог-психолог.

Сонымен, болашақ педагог-психологтардың көрсетілген кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру моделі олардың көптілді білім беру жағдайында бәсекелестікке қабілеттілігін қалыптастыруды көздейді.

Болашақ педагог-психологтардың құзыреттілігі мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесінің ғылыми-теориялық еңбектерде қарастырылуын көптілді білім беру ғасырындағы ғалымдардың зерттеулеріне сүйене қорыту, маманның құзыреттілігінің мәні, интерактивті және аналитикалық мүмкіндіктерді дамытуға

негізделуі керек деген тұжырым жасауға негіз болады.

Педагогикалық білім беру теориясында құзыреттілік маманның кәсіби іс-әрекеті барысында туындайтын мәселелерді нақты жағдайларға байланысты шеше алу мүмкіндігін анықтайтын интегралды сипаттама, ол үшін білім, кәсіби және өмірлік тәжірибе, құндылықтар мен қабілетті бірге қолдану қажет. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары білім беру жүйесін халықаралық деңгейде интеграциялау – құнды шешім болып табылады.

Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, көрсеткіштері, қалыптасу деңгейлері анықталып, әдістемелік жолдары негізделген мотивациялық, танымдық және іс-әрекеттік компоненттердің бірлігін құрайтын жүйе ретінде тәжірибеде сынақтан өткізіліп, тиімділігі дәлелденді.

3 БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК-ЭКСПЕРИМЕНТТІК ЖҰМЫСТАРЫ


3.1 CLIL интеграциялық технологиясы көптілді білім беру жағдайында педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды құралы

Бүгінгі таңда ақпараттық және коммуникативтік құзыреттілікпен қатар, көпмәдениеттілікте жаһандық білім беру қауымдастығының тануынша білім беру саласының негізгі құзыретті әрі жаһандық білім кеңістігін қалыптастырудағы басты бағыттарының бірі болып саналады.

1990 жылдары Еуропада көптілді дамыту саясатының аясында CLIL әдісі әзірленген. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың рөлі үнемі артып келеді. Негізгі құзыреттілігін қалыптастыруға CLIL әдісімен (Content and Language Integrated Learning) өткізілген ағылшын тілінде оқыту ықпал етеді. Бұл әдіспен оқытудың ерекшелігі, мұнда түрлі оқыту жағдайларда сабақ және оқу мақсаттарының берілген кезеңіне тиісті тілді пайдаланып, сабақты өткізу екі тілде (отандық және шетелдік) жүзеге асырылады.

CLIL әдісінің негізгі мақсаты – оқытушының сөйлесуін азайтып, керісінше студенттердің бір-бірімен сөйлесу дағдысын қалыптастыру.

CLIL әдісі бірнеше негізгі ұғымдардан тұрады. Оны келесі 10 суреттен көруге болады.



Сурет 10 - CLIL әдісінің негізгі ұғымдары

Content (мазмұны) – бұл ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыратын пәндік аймақтағы білім, іскерлік, дағды, яғни, өздігінен іздеу, талдау, таңдау, өңдеу және қажетті ақпаратты жіберу қабілеті мен іскерлігі.

Communication (байланыс) – сабақта шетел тілін үйренуге емес, шетел тілі білімін қосымша қолдануды ұсынатын тілде оқыту, осылайша, студенттер шетел тілін оқу кезінде қолданады, сондай-ақ, оны қалай пайдалану керектігін үйренеді. Бұл аспект коммуникативті құзырлықтарды қалыптастырады, себебі, тыңдай білу, сұрақтар қоя білу және оларға нақты жауаптар құрастыру, қарастырылатын мәселелерді мұқият тыңдау және белсенді талқылау, серіктесінің пікірін түсіну және оларға сыни баға беру жеке тілдік қатынас қабілетін дамытады.

Cognition (таным) – танымдық және ойлау дағдыларын дамытуды жүзеге асырады және бір немесе бірнеше оқу салаларында студенттердің жақсы

даярлығын қамтамасыз ететін білім беру құзыретін қалыптастыруға ықпал етеді.

Culture (мәдениет) – мәдениет тілін меңгеруді қамтамасыз ететін, әлемді тану жолдарымен, өзін мәдениет бөлшегі ретінде ұсынумен, балама мәдениетті ұғыну және қабылдаумен жалпы мәдени құзыреттілігін дамыту аспектісі болып табылады.

CLIL әдісі бойынша ағылшын тілінде жүргізу метапәндік байланыстарды қамтамасыз етеді және жаңа білім беру стандарты принциптерін дамытуда практикалық нәтижелерге жетуге мүмкіндік береді, атап айтсақ, мәдени хабардарлығын, интернационализациялау, тілдік құзыретін дамытады, тек оқуға ғана даярлығын емес, сонымен қатар жаңа білімін өмірде қолдана білуге және сәйкесінше өмірлік дәлелдемесін көтеруге, табысқа мақсатталған, сайып келгенде, басты мақсатқа қол жеткізуге – болашақ түлектердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, олардың ұтқырлығы мен тез өзгеретін өмірлік жағдайларға бейімделу қабілетін арттыруға әкеледі.

Педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту – білім сапасын көтеру құралы. Қазіргі ғылым мен техника дамыған қоғамда білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілігі дамыған, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етіп отыр. Білікті де білімді маман болу үшін әр ұстаз өз білімін заман талабына сәйкес кәсіби біліктілігін үнемі үздіксіз жетілдіріп отыруы тиіс. Педагог оқытудың жаңа әдістерін барынша жетік меңгеріп, неғұрлым шығармашылығы жоғары болса, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі соғұрлым кең болмақ. Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру оқытушылар үшін маңызды мәселе.

Осы мақсатта болашақ мамандарды заман талабына сай даярлауда оқыту үдерісінде пәндік-кіріктіру қажеттілігі туындап отыр, яғни, CLIL технологиясын пайдалану – бұл мәселені шешудің негізгі тәсілдерінің бірі.

Әлемдік тәжірибеде сәтті жүзеге асырылған тәсілдердің бірі CLIL деп аталатын пәндік-тілдік интеграцияланған оқыту деп аталады.

CLIL технологияны пайдалану – білім беру мәселелерінің айтарлықтай ауқымын шешуге мүмкіндік береді. Ана тілі емес (шетел) тілді және тілдік емес пәндерді бір мезгілде оқыту күтілетін оқыту мақсаттарына жетудің және кең ауқымды дағдыларды қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. CLIL-ды орта білім беру тәжірибесіне енгізу кезінде ықтимал қауіптерді болдырмау үшін педагог-психологтар осы әдістемені меңгеруі тиіс.

Оқытудағы кіріктірілген пәндік-тілдік тәсіл – кең түсінік, ол пәнді шет тілдері арқылы меңгерудің оқыту әдісін сипаттау үшін қолданылады. Оның негізгі мақсаты – пәнді меңгеру және шетел тілі бойынша тілдік дағдыларды жетілдіру. CLIL материалдық мазмұн мен тіл үйрену арасындағы теңгерімді талап етеді, онда тіл мазмұнды оқыту құралы ретінде пайдаланылады, ал мазмұн өз кезегінде тіл үйрену үшін ресурс ретінде қолданылады.

CLIL ұғымын (Content and Language Integrated Learning) Д.Марш [208] енгізді, оның келесі анықтамасы берілді: «Пәндік-тілдік кіріктірілген оқыту кез-

келген екі пәндік білім мәнмәтіне бағытталған, онда оқыту тілі ретінде қолданылатын қосымша тіл, яғни, негізгі емес/шетел тілінде оқытудың курсы жүргізіледі».

CLIL оқыту әдіснамасы бойынша келесі қағидат негіз болып табылады, ол бойынша білім алушылар үшін пәндер ана тілі болмайтын тілде оқытылады. Мақсаты – тіл оқу материалын меңгерудің құралы болып табылады.

Шетел ғалымдары CLIL технологиясының негізгі ұғымдарының арасында оның міндетті компоненттерін «4C» деп атайды:

- *пәнді оқытудың кең спектрінің негізгі пәндік-мазмұндық компонентін (Content)*, шет тілі арқылы арнайы терминологиялық базамен одан әрі қарай кәсіптік қызметке дайындығын қамтамасыз ету;

- *әлеуметтік-тілдік компонент (Communication)*, коммуникативтік дағдыларды дамытуға жағдай жасау, шет тілін тереңірек меңгеру және пайда болған құзыреттіліктерді қолданбалы мақсаттарда пайдалану мүмкіндігі;

- *танымдық-оқыту компоненті (Cognition)*, білім алушылардың мотивациялық құрамдас бөлігінің өсуіне, әртүрлі оқыту стратегияларын, оқу қызметінің нысандары мен түрлерін меңгеріп қолдануға себепші болады;

- *мәдени компонент (Culture)*, мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытуды, басқа елдер мен халықтардың мәдениетінің ерекшеліктерін білу мен түсінуді білдіреді.

Пәннің және тілдің кіріктірілген оқытуы CLIL-ді әзірлеген әдіснама мамандарының қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады [208]:

Көп жақты фокус:

- тілдің оқытуы пән мен тіл арқылы қамтамасыз етіледі;
- сабақтың мазмұны тілдік сабақтарда жетіледі;
- пәндердің кірігуі жүзеге асырылады;
- жаттығулардың көрінісі пәндердің кірігуі арқылы жүзеге асады;
- оқытудың рефлексиясы өткізіледі;

Қауіпсіз оқу ортасы:

- әдеттегі іс-әрекеттер мен тілдік модельдер қолданылады;
- оқытылатын тақырыптық және тілдік құрылымдар көрнекі түрде көрсетіледі;

- тіл қателіктері түзетілмейді, бірақ педагог-психолог тіл құрылымын дұрыс пайдаланудың үлгісін көрсетеді;

- тілдік білімді білу үшін түпнұсқалық (түпнұсқа) оқыту материалдары қолданылады;

Түпнұсқаға және дереккөзге жақын болуы:

- білім алушы ауызша және жазбаша дағдылары арқылы сөйлеуге, жазуға, сонымен қатар жетілу мүмкіндігін қолдана алады;

- білім алушы өзінің қызығушылығын ескере алады;

- оқу материалы білім алушының күнделікті өмірімен байланысты;

- бұқаралық ақпарат құралдарының және басқа көздердің нақты материалы пайдаланылады.

Белсенді оқыту:

- педагог-психологтан гөрі білім алушылар сабақта көбірек сөйлейді;
- білім алушылар өздерінің тілдік және білімді меңгеру дағдыларын дамыту және пәндік мазмұнды меңгеру үшін өздерінің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастырады;
- білім алушылар оқу нәтижелерін және оларға жету жолдарын сипаттайды;
- сабақта екі және одан да көп жұппен жұмысты тиімді ұйымдастыру үшін жағдай жасалады;
- білім алушы мен педагог-психолог әңгіме құру және түрлі тапсырмаларды орындау арқылы тақырып пен тілдік материалдардың мағынасын түсінуге қол жеткізеді;
- педагог-психологтың рөлі – сыныпта үш үдерістің мүмкіндіктерін құру және басқару, атап айтқанда, оқу үрдісіне, топтағы қарым-қатынастарды дамыту үдерісіне, өзара іс-қимыл жасауға, сондай-ақ жеке даму үдерісіне;

Негізгі құрылым:

Оқу үрдісінде педагог-психолог білім алушылардың тәжірибесіне, білімдеріне, дағдыларына, көзқарасына, нанымдарына, мүдделеріне сүйенеді;

Сабақты жоспарлау және өткізу кезінде білім алушылардың оқу стилі ескеріледі;

Шығармашылық және сыни ойлауды дамытуға назар аударылады;

- білім алушыға күрделі жағдайда болу мүмкіндігі жасалады, сонымен қатар оған эмоциялық жағынан оны жеңуге көмек беріледі;

Ынтымақтастық:

- оқытушылар педагогикалық қарым-қатынас пен ынтымақтастық үдерісінде пәндік сабақтарды, тілдік сабақтарды және тақырыптарды бірлесе жоспарлайды;


- ата-аналар білім алушылардың ана тілін және мәдениетін меңгеруге қолдау көрсетеді, сондай-ақ мақсатты тілді қолдануға мүмкіндік жасау үшін оқу процесіне қатысады;

- білім беру процесіне жергілікті қоғамдастық, лауазымдық ведомстволар, жұмыс берушілер мен басқа да мақсатты топтар тартылады.

Еуропаның әр елінде CLIL әдістемелік тәсілінің негізгі сипатын айқындағанда бес негізгі аспект ерекшеленеді. Ол мәдениет, әлеуметтік және тілдік ортаны қамтиды және пәндік пен білім беру міндеттерін шешуге бағытталған.

CLIL оқыту міндетті оқыту бағдарламасымен қатар бейресми қызметте де қолданылады. Ол бір сабақтан бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін. Оқыту тәсілі ретінде CLIL оқыту икемдігі, алдымен, уақыт санының өзгеруімен білінеді, ол мақсатты тіл арқылы сабақ беру мен оқытуға арналады. CLIL технологиясын пайдаланған жағдайда мақсатты тілде оқыту қарқындылығы өте өзгешеленуі мүмкін. Ғаламдық, мемлекеттік және жергілікті тілдік қажеттілікті назарға алып, оны қарқындылығы аз және қысқа мерзімді ретінде, сондай-ақ, үдемелі және ұзақ оқытуды ұйымдастыру мақсатында қолдануға болады.

CLIL-технологияның үш моделі белгілі. Оны келесі 11 суреттен көруге болады.



Сурет 11

Жоғарыдағы сызбадан көріп отырғанымыздай, әрбір модельдің қысқаша сипатын қарастыруды жөн көрдік.

CLIL-технологияның үш моделі белгілі:

- soft (жұмсақ) CLIL language-led деп аталатын, онда арнайы мәнмәтіннің лингвистикалық ерекшеліктеріне назар аударылады;
- hard (қатты) CLIL немесе subject-led онда пәндердің 50% шет тілінде оқытылады;
- үшінші модель аталған модельдердің арасында орта дәрежені иеленеді және кейбір пәндер шет тілінде оқытылғанда қолданылады (partial immersion).

Зерттеушілер CLIL технологиясы негізінде оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі нұсқасы мүмкін екенін атап өтеді: тілдік меңгеру, екі жақты білім беру, отбасында оқыту, көптілді білім беру (мысалы, Еуропалық мектеп, үштілді оқыту бағдарламасы), қарқынды оқыту бағдарламасы, эмигранттарды тілге оқыту (білім алушылар мен ересектер), халықаралық мектеп. Формальды оқытуда CLIL қолданған жағдайда оқыту тілі қолданылады. Ол бір сабақтан бірнеше жылға дейін созылуы мүмкін. Оқыту тәсілі ретінде CLIL оқыту икемдігі, алдымен, уақыт санының өзгеруімен білінеді, ол мақсатты тіл арқылы сабақ беру мен оқытуға арналады. CLIL – технологиясын пайдаланған жағдайда мақсатты тілде оқыту қарқындылығы өте өзгешеленуі мүмкін. Ғаламдық, мемлекеттік және жергілікті тілдік қажеттілікті назарға алып, оның қарқындылығы аз және қысқа мерзімді ретінде, сондай-ақ, үдемелі және ұзақ оқытуды ұйымдастыру мақсатында қолдануға болады.

Кесте 10 - Формалды оқытуда CLIL қолданған жағдайда оқыту тілі

Аспектiлер аты	Ерекшелiктерi
Мәдениеттiк аспектi	– басқа елдердiң мәдениетiн зерделеу және түсiну; – мәдениетаралық қарым-қатынас дағдысын дамыту; – көршi елдердiң, өңiрлер мен аз ұлттардың ерекшелiктерiн зерделеу; – мәдени өзара қарым-қатынасты кеңiнен түсiну.
Әлеуметтiк аспектi	– интеграциялануға әзiрлiк; – халықаралық үлгiдегi сертификатты алуға емтихан тапсыру мүмкiндiгi; – мектеп бағдарламасы шеңберiнде бiлiм беру деңгейiн арттыру.
Тiлдiк аспектi	– тiлдiк құзыреттiлiктiң жалпы деңгейiн арттыру; – коммуникативтiк дағдыны дамыту; – ана тiлiмен қатар шетел тiлiн терең түсiну; – ана тiлiмен қатар шетел тiлiне қызығушылықты дамыту; – қолданбалы мақсаттар үшiн шетел тiлдерiн пайдалану.
Пәндiк аспектi	– пәндi жан-жақты оқыту мүмкiндiгi; – шетел тiлi арқылы арнайы пәндiк терминологияға қол жеткiзу; – одан әрi оқытуға немесе жұмысқа әзiрлiк.
Оқыту аспектi	– әр түрлi оқыту стратегияларды қолдану мүмкiндiгi; – сынып жұмысының әр түрлi тәсiлдерi мен формасын қолдану; – бiлiм алушылардың мотивациясын арттыру.

10 кестеден көрiп отырғанымыздай, қазiргi таңда CLIL технологиясын қолдану арқылы табысты тәжiрибелерге қол жеткiзуге болатындығын айтуға болады.

CLIL-технологиялар – жаңа әдiс болып табылмайды. Еуропаның көптеген елдерiнде CLIL әртүрлi бiлiм беру мәнмәтiнiнде, балабақшаның жоғары топтарынан жоғары бiлiм беруге дейiн қолданылады. CLIL-технологияны Еуропа елдерi, мысалы, Финляндия, Венгрия, Литва, Эстония сынды Балтық елдерiнiң түрлi мектептерi тәжiрибеден өткiзуде. CLIL аталған елдерде табысты қолдану, бiзге бұл әдiстi ықтимал табысты деп есептеуге негiз болады.

Еуропалық бiлiм беру жүйелерiнде CLIL-технологиясын енгiзудiң оң әсерi көптеген зерттеулермен расталған. 1986 жылы Еуропалық комиссиямен, еуропалық бiлiм беру және бiлiм саласындағы саясатты зерделеу үшiн құрылған Эвридика (Eurydice) зерттеу ұйымының мәлiметi бойынша, CLIL Еуропалық Одақ елдерi көпшiлiгiнiң бiлiм беру жүйелерiнiң бiр бөлiгi болып табылады және оны пайдалану барысында тiлдiк оқыту тиiмдiлiгi айтарлықтай артқан [5, с.3].

D.Wolff [209] пікірі бойынша, еуропалық бiлiм беру проблемаларын талқылау барысында, соңғы онжылдықта CLIL әдiснамасы басым бағыттардың бiрi болып табылады. Аталған мәселеге назар аударудың басты себебi, Еуропалық комиссия, Еуропалық Одақтың (ЕО) әрбiр азаматының ана тiлiнен басқа екi тiлдi меңгеруiн ұсынады.

S.Dalton-Puffer [210] Еуропалық Одақтың өз азаматтарын ортақ нарық шеңберiнде кәсiби және жеке мобильдiлiк, сонымен қатар, кроссмәдениеттi және өзара түсiнiсу мақсатында өзге тiлдердi зерттеуге шақыратындығын

мәлімдейді. Шетел тілдерін білу, барлық еуропалық азаматтар үшін өмірлік маңызы бар жағдай болып табылады. Басқа тілдердегі қарым-қатынас когнитивті дағдыларды жетілдіреді, білім алушылардың ана тілін білу деңгейін арттырады және өзге елде еркін жұмысқа орналасуға немесе білім алуға мүмкіндік береді.

Бұл талапты қанағаттандыру үшін ЕО елдерінің көбінде білім берудің сан алуан дәстүрлері мен тілдік мазмұнға негізделген түрлі қостілді оқыту үлгілері әзірленді.

«Эвристика» баяндамасында айтылғандай, CLIL еуропалық білім беру контексінде өзіне таңғаларлықтай жылдам орын қамтамасыз етті. 1980 жылға дейін тек аздаған елдерде ғана пәндік мазмұн мен шетел тілдерін оқытуды кіріктіру қолданылған және негізінен тек элиталық мектептерде ғана.

Бүгінгі таңда, Еуропаның көптеген елдерінде жұмыс жүргізіліп жатырғандығын болжамдауға болады. Дания, Греция, Литва, Португалия және Кипр елдерінен басқа.

CLIL әдіснамасы тұрақты негізде немесе қысқа мерзімді жобалармен енгізілуде және бұл бастауыш және орта білім беру жүйесіндегі 3-тен 30%-ға дейінгі білім алушылары аталған мәндегі білім алатындығын келтіреді.

Барлық студенттер екі немесе үш тілде оқитын жалғыз елдер, Люксембург пен Мальта болып табылады.

Финляндияда CLIL оқыту ағылшын, неміс, француз және орыс тілдерінде жүргізіледі. Сондай-ақ, фин, швед және жергілікті сами халқының тілінде «тілді толықтай енгізу» бағдарламалары жүзеге асырылуда. Тіл оқытудың нысаны емес, оның құралы, сондықтан, шет тілі барлық сабақтарда және ана (фин) тілінен басқа барлық оқу пәндерінде қолданылады. Шет тілін формальді оқыту, арнайы сабақтарда жүргізіледі.

Испанияда Білім министрлігінің Британдық Кеңеспен (ағылшынша British Council), Британия және өзге де елдер арасындағы білім беру, мәдениет және өнер саласындағы ынтымақтастығы бойынша халықаралық ұйымымен бірлескен жұмысы 1996 жылы 80 мыңнан астам қостілді білім алушылардың пайда болуына себеп болды. Жалпы көп жылдық бағдарлама, білім алушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлеуін айтарлықтай арттырған өте табысты және инновациялық болып табылды.

Италияға аталған білім беру үлгісі 2009 жылы бейімделді, өз балаларымен ағылшын тілінде сөйлесетін 2100 бастауыш сынып білім алушыларының ата-аналары, қостілді білім берудің және шет тілі мен ана тілдерінде сауаттылық дағдыларын дамытудың нақты пайдасын атап өткен, ал аталған уақытта 55 педагог-психолог Британдық Кеңес тарапынан тұрақты оқыту мен қолдау тапты.

Италияның Білім беру министрі Стефанья Джаннини атап өткен: «Сапалы білім ұзақ уақыт бойы көптеген елдердегі реформалардың ортасында және барлығымыз оның еуропалықтар үшін, Еуропаның болашақ табыстары үшін қаншалықты маңызды екенін білеміз. Демократиялық қатысуға бағытталған тиімді басқару, барлық деңгейдегі білім беру мекемелеріне қажет – бастауыш,

орта және жоғары. Барлық білім алушылардың өмірде табысты болуы үшін тиісті біліктілікпен қамтамасыз ету үшін білім қажет».

Пәнді және тілді кіріктіріп оқыту саласындағы ең маңызды жетістіктердің бірі CLIL-технология – оқытудың Еуропалық стандарты болып табылады.

Стандарт заманауи тілдердің Еуропалық орталығының кәсіби-лингвисттер бағдарламасымен қаржыландырылатын CLIL-CD жобасы аясында құрылды. Себебі, Еуропа Кеңесінің мүше елдерінің CLIL бағдарламалары ұйымдастыруда, мазмұнында, қарқындылығында және тілдерді таңдауында ерекшеліктерге ие, пәнді және тілді кіріктіріп оқыту үшін педагог-психологтарды даярлауға арналған Еуропалық стандарт, CLIL педагог-психологтарының макродеңгейдегі әмбебап құзыреттіліктеріне баса назар аударады. Мұның барлығы CLIL контекстінде педагог-психологтарды даярлаудың бағдарламалық мазмұнын зерттеу, сонымен қатар, жалпыеуропалық кеңес беру процесі барысында анықталды. Стандартта ұсынылған бағдарламалық модульдер оларды әртүрлі аймақтық және ұлттық нұсқаларға бейімдеуге мүмкіндік береді.

Стандарттың үш модулінде пәнді және тілді кіріктіріп оқыту педагог-психологтың мақсатты кәсіби құзыреттіліктерінің он екі компоненті көрсетілген. Оны келесі 11-кесте арқылы жүйелеп, көрсетуді ұйғардық.

Кесте 11 - CLIL-технологиясы бойынша педагог-психологтың мақсатты кәсіби құзыреттіліктері

Құзыреттілік атауы	Сипаттамасы
1	2
Жеке рефлексия	Белгілі бір танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуды ұстану, білім алушылардың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына көмектесудің негізі болып табылады.
Пәндік-тілдік оқытудың негіздері	Пәндік-тілдік кіріктірілген оқытудың басты тәсілі болып, бұл арқылы білім алушылармен және өзге де мүдделі тұлғалармен конструктивті өзара әрекеттестік құрылады.
Пәндік және тілдік құзыреттілік	Пән мазмұнын табысты оқыту, ең алдымен тілді меңгерумен, ал тілді тереңдетіп оқыту пән мазмұнына байланысты. Тілдердің өзара байланыстылығын білуді және танымдық қабілеттіліктерді дамытудағы зерттеушілік тәсіл, пәннің мазмұны мен тілді зерттеуге де ықпал етеді.
Оқыту құзыреттілігін қалыптастыру	Педагог-психологтар өзін-өзі оқыту және бағалау құзыреттіліктерін қалыптастыруда білім алушыларға қолдау көрсетулері қажет, олардың конструктивті баға беру, алу және қабылдау/педагог-психолог мен сыныптастар кері байланысы барысында неғұрлым тәуелсіз болулары мақсатында.
Бағалау	Пән мазмұнын меңгеруге, содан кейін мақсатты (шетел) тілде тілдік дағдыларды бағалауға бағытталаып, күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттары нақты, анық белгіленуі тиіс.
Зерттеу және бағалау	Оқытушының әріптестері және басқа да мүдделі тұлғалармен бірге, оның ішінде білім алушылармен де, оқу іс-әрекетіне талдау жасап, таным психологиясы мен оқыту нәтижелілігінде CLIL мен мақсатты

	тілді меңгеру және жалпы оқу үшін маңызды тұжырымдама жасап, зерттеу нәтижелері мен бағалауды сын тұрғысынан қарастырып, түсіндіруі тиіс.
CLIL басқару	Оқу пәні мен тілді кіріктіре оқыту бойынша сапалы әзірleme – көптеген тұлғалардың, оның ішінде білім алушылар, ата-аналар, CLIL оқытушылары, басқа пәндердің педагогтары мен администраторлардың қатысуымен дайындалатын үлкен кешен.

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, әрбір құзыреттіліктің атауына қысқаша сипаттама беріп өтуді жөн көрдік.

Жеке рефлексия. Белгілі бір танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуды ұстану, білім алушылардың танымдық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуына көмектесудің негізі болып табылады.

Пәндік-тілдік оқытудың негіздері. Пәндік-тілдік кіріктірілген оқытудың басты тәсілі болып, CLIL негізгі сипаттамаларын және олардың ең озық оқыту әдістемелерімен байланысын түсіну болып табылады, бұл арқылы білім алушылармен және өзге де мүдделі тұлғалармен конструктивті өзара әрекеттестік құрылады.

Пәндік және тілдік құзыреттілік. CLIL пән мазмұнын табысты оқыту, ең алдымен тілді меңгерумен, ал тілді тереңдетіп оқыту пән мазмұнына байланысты. Тілдердің (ана тілі, өзге, шет тілі) өзара байланыстылығын білуді және танымдық қабілеттіліктерді дамытудағы зерттеушілік тәсіл, пәннің мазмұны мен тілді зерттеуге де ықпал етеді.

Оқыту құзыреттілігін қалыптастыру. CLIL педагог-психологтары өзін-өзі оқыту және бағалау құзыреттіліктерін қалыптастыруда білім алушыларға қолдау көрсетулері қажет, олардың конструктивті баға беру, алу және қабылдау/педагог-психолог мен сыныптастар кері байланысы барысында неғұрлым тәуелсіз болулары мақсатында.

Бағалау. CLIL тәсілі қолданылғанда ең алдымен пән мазмұнын меңгеруге, содан кейін мақсатты (шетел) тілде тілдік дағдыларды бағалауға бағытталып, күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттары нақты, анық белгіленуі тиіс. Мақсатты (шетел тілінде) тілді меңгеру нәтижелерін үш топқа бөліп қарастыруға болады: сөйлеу дағдылары, лингвистикалық білім, және мәдениетті түсіну (өз мәдениетінің құндылығын және мәдени алуандылық туралы түсінік қалыптастыру).

Зерттеу және бағалау. CLIL тәсілін қолданатын оқытушының әріптестері және басқа да мүдделі тұлғалармен бірге, оның ішінде білім алушылармен де, оқу іс-әрекетіне талдау жасап, таным психологиясы мен оқыту нәтижелілігінде CLIL мен мақсатты (шетел) тілді меңгеру және жалпы оқу үшін маңызды тұжырымдама жасап, зерттеу нәтижелері мен бағалауды сын тұрғысынан қарастырып, түсіндіруі тиіс.

CLIL басқару. Оқу пәні мен тілді кіріктіре оқыту бойынша сапалы әзірleme – көптеген тұлғалардың, оның ішінде білім алушылар, ата-аналар, CLIL оқытушылары, басқа пәндердің педагогтары мен администраторлардың қатысуымен дайындалатын үлкен кешен. CLIL оқытушысы өзін-өзі кәсіби

басқару принциптерін ұстанып, оқу үдерісінің ішкі және сыртқы қатысушыларымен CLIL-ға қатысты этникалық, оның ішінде гендерлік және басқа да инклюзивті мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуі керек. Жалпы алғанда, CLIL оқытушыларының Европа стандарты CLIL педагогтарды кәсіби дайындау бағдарламасын әзірлеу құралы болып табылады. Қазіргі отандық әдіскерлер де осы әдістің қолданылуын қарастыруда. Берілген әдіс үш тілде оқыту моделіне негізделген Кіріктірілген оқу бағдарламаларын енгізу барысында Назарбаев Зияткерлік мектептерімен кең қолданыс табуда.

Қазақстанның үш тілде оқытуды енгізу және CLIL-әдістемені [12, с.174] пайдалану бойынша тәжірибесін сипаттайтын жұмыста, 2012 жылы Назарбаев Зияткерлік мектептерінде тіл маңыздылығын, үш тілде оқытуды жүзеге асыруға мүдделі тараптарды, педагогикалық принциптерді, құндылықтарды, мақсаттарды анықтайтын негізгі шектік құжат болып табылатын үш тілде оқыту саясаты әзірленгендігі атап өтілген. Сонымен қатар, Назарбаев Зияткерлік мектептерінде үш тілді оқытуды енгізу жоспары, топтық оқыту және тілдік енгізудің CLIL тәсілдерін пайдалану бойынша педагог-психологтарға нұсқаулық (мазмұн мен тілдің интеграциялануы) әзірленген болатын.

Аталған стратегияның басты бағыттары мынадай:

- Үш тілде оқыту бағдарламасы қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тікелей оқыту;
- Жекелеген пәндерді мақсатты тілдерде оқыту;
- Сабақтан тыс іс-шаралар арқылы енгізілуде.

Сондай-ақ, негізгі пәндермен қатар тілдік пәндерде функционалдық сауаттылықты, коммуникативтік дағдылар мен сыни ойлау қабілеттілігін дамытуға бағытталған. Тілдік сабақтар күнделікті өмірмен байланысты тақырыптарды қамтып, педагог-психологтарға түрлі ресурстарды пайдалануға мүмкіндік береді. Тілдік пәндерде төрт түрлі дағдыларды дамытуға көңіл бөлінеді: оқылым, айтылым, тыңдалым және жазылым.

Бұл тәсілдің орындалуы педагог-психологтың рөлін түбегейлі қайта қарастыруға әкеледі. CLIL әдіснамасына негізделген оқу бағдарламасын құрастыру арқылы педагог-психолог пәннен шет тіліне (және керісінше) баса назар аудара алады немесе оқудың басымдықтарын шешу үшін ана тілін қолдануы мүмкін. Бұл пән педагог-психолог шетел тілін білуді үнемі жетілдіреді және өз жұмысын шетел тілі (ағылшын тілі) педагог-психологымен үйлестіреді деп болжанады, ол өз кезегінде пәнді қажетті дәрежеде таныса алады.

Мұндай интеграция педагог-психологтардан қызығушылықты, бастамашылық пен кәсіпқойлықты талап ететін өте күрделі міндет.

Тілдік және тілдік емес пәндер оқытушыларының бірлескен жұмысы көптеген формаларда болуы мүмкін. Мысалы, пән педагог-психологтары тіл оқытушылары жасаған жаттығулар мен тесттерді тексеретініне сене алады. Шетел тілінің оқытушылары өз сабақтарында осы тақырып бойынша лексикамен жұмыс жасай алады. Кейбір мектептерде тілдік және тілдік емес пәндердің педагог-психологтары бір уақытта бір сабақта жұмыс істей алады.

Педагогтар сабақ алдында, сабақта және сабақтан кейін бірге жұмыс істей алады.

Пән бойынша сабаққа дейін педагог-психологтардың ынтымақтастығы. Шет тілі оқытушысы педагогика және психология пәнінің оқытушысымен бірлесіп тапсырмаларды жасауға бірлесіп жұмыс жасай алады. Олар бірлесіп материалды іздеуге және таңдауға, материалды тіл тұрғысынан оның күрделілігін бағалауға, сұрақтар мен тапсырмаларды тұжырымдауға мүмкіндік береді. Шет тілі оқытушысы педагогика және психология пәнінің оқытушысы дайындаған тапсырмалардың дұрыстығын тексере алады.

Шет тілі оқытушысы білім алушылар (грамматика, мәтін жанр, терминология, қиын айтылу және т.б. лексика) пәндік сабақта және шет тілі сабақтарында осы тілдік материалмен жұмыс істей алатынын анықтайды. Ол үшін шет тілі сабағында аталған материалмен жұмыс жасайды.

Қандай тілдік аспектісіне білім алушы назар аударуы тиіс екенін білдіру үшін шет тілі оқытушысы қатемен жұмысты жүргізеді.

Шетел тілі оқытушысы және пән педагог-психологы бағалайтын айдарды түсіндіреді, сондықтан білім алушылар бағаланатын критерийлерді білетін болады.

Сабақ барысында педагог-психологтардың өзара әрекеттесуі

Шет тілі оқытушысы:

- тілге байланысты туындаған қиындықтар болған жағдайда білім алушыларға көмектесу;
- кері байланысты қамтамасыз ету және тілдерді қолданудың нәтижелі мысалдарын талқылау;
- типтік қателіктер бойынша жұмыс;
- өз сабақтарында жұмыс істеу үшін тілмен байланысты мәселелерді белгілеу;
- шет тілін үйретудің нақты стратегияларын қолданудың маңыздылығын түсіндіру немесе еске түсіру;
- білім алушыларға өздерінің ойларын білдіруге қажетті сөз тіркестерін және сөйлемдерді еске түсіру арқылы көмектесу;
- студенттердің жазбаша жұмыстарын жинау немесе олардың мәлімдемесінің жазылған бейне/аудио мысалдарын жинау.

Педагогика және психология пәнінің оқытушылары өздерінің пәндеріне қатысты сұрақтар бойынша көмек көрсете алады немесе кері байланыс өткізеді.

Педагогика және психология пәнінің оқытушыларының сабақтан кейінгі өзара әрекеті.

Шетел тілі оқытушысы:

- шұғыл араласуды қажет ететін қателіктерге кері байланыс немесе қатемен жұмыс істеу;
- қателіктермен жұмысты пәндік сабақ кезінде жасаған қателіктерді тақтаға жазу арқылы жасау;
- грамматика, лексика, айтылым бойынша қосымша жаттығулар жасау;
- білім алушыларды тақырыпты оқып-үйренуге қажетті айтылым дағдыларды дамытуға (тыңдау, сөйлеу, оқу, жазу) қосымша жаттығуды ұсыну;

- білім алушының бір үлгідегі қателіктерін анықтау үшін сабақ барысында алынған жазбаша жұмыстар, бейне және аудио жазбаларды қарау;

- тақырып бойынша материалдарды сабақтарда пайдалану.

Тілдік және тілдік емес пән оқытушылары білім алушылардың жұмысын бірлесіп бағалай алады.

CLIL мән мәтініндегі тілдік және тілдік емес пәндердің оқытушыларының ынтымақтастық бағдарламасы бірнеше бағыт бойынша өзара әрекеттесуді болжайды:

1. Шетел (ағылшын) тілінде пәндерді кешенді оқытудың оқу жоспарын бірлесіп әзірлеу.

2. Сабақ жоспарлау және оқу-әдістемелік құралдарды, ресурстарды және материалдарды пайдалану.

3. Оқу үдерісін басқару, сабақты өткізу.

4. Критериалды бағалаудың түрлері, формалары.

5. Пән мен тілді оқытудың кіріктірілген әдіснамасын меңгеру [13, с.50].

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы келесі деңгейлерге бөлінеді:

- қарапайым критерий бойынша мәтіннен қажетті ақпаратты іздеу (ең төменгі деңгей);

- көптеген критерийлер бойынша мәтіннен қажетті ақпаратты іздеу;

- мәтіннен қажетті ақпаратты іздеу, ақпарат үзінділері арасындағы байланысты тану, белгілі бірақ қайшы ақпаратпен жұмыс жасау;

- жасырын ақпаратты қамтитын үзінділердің бірізділігін немесе қисынын іздестіру және белгілеу, тапсырманы орындау үшін мәтіндегі қандай ақпарат қажет болатындығы туралы қорытынды шығару біліктілігі;

- мәтіннің мазмұнына қатысты түйін және болжам құрастыру, күрделі мәтіндерді түсіну және оларды түсіндіру.

Педагог-психологтың міндеті – білім алушыны ұғынып оқуға және тыңдау арқылы қабылдауға, сондай-ақ, түрлі типтегі мәтіндер құрастыру, әртүрлі дереккөздерден ақпарат алу, дереккөздерді пайдалану және оларға сілтеме жасау, кестелерді, диаграммаларды, сызбаларды, шартты белгілерді оқып және өз мәтіндерін дайындау барысында қолдану, мәтінмен жұмыс кезінде түрлі оқу стратегияларын жүзеге асыру.

Материалдарды іріктеуде педагог-психолог объективті түрде төмендегілерді бағалауы қажет:

- мәтіннің ақпараттық жеткіліктілігін;

- мәтінде келтірілген мәліметтердің нақтылығын;

- мәтіннің тілдік дұрыстылығын;

- белгілі бір жеке немесе нормативтік емес лингвистикалық бірліктерді белгілі бір жағдайда пайдаланудың стильдік тұрғыдан дұрыстылығы мен негіздемесін;

- мазмұнның білім алушылардың жасына сәйкестігін.

Жұмыс үшін мәтінді іріктеу және дайындау процесінде, коммуникативтік толық мәтін параметрлерін есепке алу және оның функционалдық-стильдік қатыстылығынан шығуы тиіс.

Аталған мәтінде тиісті тілдік құралдар пайдаланылады, ақпараттық-мазмұндық, логикалық-композициялық, тілдік және автор мақсаттарына сәйкес стилистикалық мәтін элементтері, автор атаулары оқырмандардың түсініктері және қиялдарымен сәйкес келеді, мәтін мақсатына сәйкес тура тілдік формулалар пайдаланылған, классикалық үш бөлікті құрылым, коммуникативтік артық фрагменттер жоқ: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, композициялық бөлімдердің пропорционалдылығы сақталады, материал логикалық бірізділікте ұсынылған.

Сөйлеу түрлерінің бір немесе бірнеше үйлесімділігі ұсынылған мәтіндерге артықшылық беру ұсынылады: талқылау, баяндау, сипаттау. Мәтіндегі сөйлеу түрлерінің әртүрлілігі тек білім алушылардың назарын белсенді етіп қана қоймай, сонымен қатар, педагог-психологтың тапсырмаларды құрастыруын жеңілдетеді.

Оқылым дағдыларын қалыптастыру үшін педагогика және психологиялық мазмұндағы мәтіндерге келетін болсақ, оларға қойылатын талаптар мына негізде көрініс тапқан:

1. Аталған сала үшін мәтіндер әдеттегі құрылымға ие болуы керек.
2. Ғылыми-көпшілік мәтіндерден оқу-ғылыми мәтіндерге біртіндеп көшу қажет.
3. Мәтіндер жиі кездесетін сөздер мен сөйлемдерді қамтуы, сөздерге тән лексикалық үйлесімділікті иллюстрациялауы қажет.
4. Мәтіндер білім алушылардың қызығушылығын тудыратын белгілі бір ақпарат бірліктерінің көлемін қамтуы керек.
5. Мәтіндер жас ерекшеліктеріне сәйкес болуы қажет және білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін қанағаттандыруы.
6. Мәтіндер коммуникативтік маңызды болуы керек және ауызша сөйлеу қызметінде жаңа сөздік қорды белсенділендіруге мүмкіндік беру арқылы оқу тобындағы қарым-қатынастың көзі ретінде қызмет жасауы қажет.

Пайдаланылушы тіл келесі мақсаттар бойынша оқи алады:

- мәтіннің мағынасын түсіну;
- нақты ақпарат алу;
- мәтіннің астарын түсіну және т.б.

Мақсатты бағытқа байланысты оқылым, ізденіс, танысу және көріп зерттеу болып бөлінеді [5, с.2].

Әрбір оқылым түрін үйрету технологияларын толығырақ қарастырайық.

Ең алдымен, кез-келген мәтінмен жұмыс барысында, үш негізгі кезең бөліп алынады: мәтін алды, мәтіндік және мәтін соңы. Мәтін соңы кезеңі, мәтін оқылым біліктілігін қалыптастыру құралы ретінде емес, продуктивті ауызша немесе жазбаша сөйлеу біліктілігін дамыту үшін ғана пайдаланылған жағдайда ғана қатынасады.

Мәтіндегі негізгі және екінші кезектегі ақпараттарды егжей-тегжейлі (толық) және нақты түсіну деңгейін көздейтін ізденіс оқылым, баяу өтеді, себебі, білім алушылар ұзақ уақыт есте сақтау мүмкіндігіне ие бола тұра, қайталап оқуға, аударуға, жүгінеді, коммуникативтік жағдайдың мәніне терең үніледі.

Ізденіс оқылымға табысты үйрету:

- шектеусіз уақыт ішінен баяу оқу түрі;
- жаңа тапсырмаларды шешу арқылы қайталап оқу;
- барлық мәтінді немесе оның фрагменттерін ана тіліне аудару;
- бастапқы жеңілдетілген мәтіндерді оқу, кейін күрделі (таныс емес материалға жақындаған кезде педагог-психолог ретінде);
- сөздікпен байланысты өздігінен оқу.

Мәтіналды кезеңнің мақсаты оқылым себебін қалыптастыру және оқырманның тақырыпты, мәтін көрнекіліктерін пайдалану арқылы болжамдау, мәтіннің мазмұнын ілгері сезіну біліктілігін дамыту болып табылады.

Аталған кезең бойынша тапсырмалар үлгілері:

- мәтін тақырыбын оқу, оған берілген көрнекіліктерді (болған жағдайда) қарастыру және мәтіннің тақырыбы мен мазмұны туралы болжамдар айту;
- мәтіннің тақырыбы бойынша ассоциограммалар құрастыру;
- сөздерді, сөйлемдерді ана тіліне аудару.

Педагогика және психология пәні оқытушысы мәтінді оқып шығу, оның мазмұнын түсіну және өз болжамдарын тексеру міндетін қояды. Ол үшін:

- білім алушылар өз болжамдарын тексеру мақсатында мәтінді алғаш рет өздігінен оқып шығады;
- қайталап оқу барысында түрлі тапсырмаларды орындайды: мәтінді мағыналық бөліктерге бөледі, мәтіннің әр бөлігінің негізгі ойын анықтайды, әр бөліктегі кілтті сөздерді бөліп шығарады, өздеріне ақпаратты белгілеп алып, жекелеген лексикалық бірліктердің мағынасын нақтылайды, мәтіннің жалпы мазмұны бойынша әңгімелеседі, мәтіннің жекелеген бөліктерін дауыстап оқып шығады.

Мәтіннен кейінгі кезең оқылған мәтінді мағына және түсінікті бақылау деңгейіндегі түсіну жетістігіне бағытталған. Оқылғанды түсінуді бақылау үшін білім алушыларды тілдік және тілдік емес белсенді шығармашылық қызметке белсенді араластыратын тапсырмалар берілуі мүмкін:

- сурет салыңыз, сызыңыз...;
- қайталап айтыңыз, айтыңыз ...;
- жазыңыз, құрастырыңыз, аяқтаңыз ...;
- аударыңыз, эквиваленттерді табыңыз, трансформациялаңыз ...;
- оқылған мәтіннің мазмұнына сүйене отырып, ұсынылған нұсқаларды қолдану арқылы сөйлемдерді аяқтаңыз.

Кіріспе оқу барысында оқырманның негізгі коммуникативтік міндеті барлық мәтінді жылдам оқу нәтижесінде (ағылшын тілі үшін минутынан 180 сөзден кем емес) онда қамтылған негізгі ақпаратты алу болып табылады. Егер мәтіннің қалған 25% мәтіннің мазмұнын түсінуге қажетті ережелерді қамтымаса, мазмұнының 75% -ын түсіну де жеткілікті.


Кіріспе оқуға үйретудің табыстылығы белгілі бір шарттардың сақталуына байланысты:

- уақыттың жетіспеушілігі режимінде (жылдам қарқын) жүргізу;
- ішінен оқуды бір ретті ұйымдастыру;

- негізгі ақпаратты түсінуді тексеру;
- ана тіліне аударуды алып тастау.

Тәжірибе үшін бұл оқылым түрінде 25-30% артық емес толық ақпаратты қамтитын, тілдік тұрғыдан жеңіл, салыстырмалы түрде ұзақ мәтіндер қолданады.

Мәтінмен жұмыс үш кезеңде жүзеге асырылады. Оны келесі 12-суретте көруге болады.




Сурет 12 - Мәтінмен жұмыстың кезеңдері

Суреттен байқағанымыздай, көріп оқу оқылып жатырған материал туралы жалпы түсініктеме алуды болжайды. Ол әдетте оқырманды қызықтырушы ақпараттың бар немесе жоқтығын анықтау мақсатында жарияланымның мазмұнымен алғашқы танысу кезінде орын алады.

Сонымен қатар, педагог-психолог оқылымның аталған түрі оқырманнан оқырман ретінде жоғары біліктілікке және жеткілікті көлемде тілдік материалға ие болуын талап ететіндігін ескеруі керек.

Көріп оқуды үйретудің үлгілік алгоритмін келесі 13-суретте көруге болады.



Сурет 13 - Көріп оқуды үйретудің үлгілік алгоритмі

Суреттен көріп отырғанымыздай, ізденіс оқылым мәтіндегі нақты ақпаратты іздеуге бағытталған. Оқырманға аталған кітапта, мақалада, энциклопедияда қандай ақпарат қамтылатындығы басқа ақпарат көздерінен белгілі. Сол себепті, осы мәтіндердің типтік құрылымынан шыға отырып, егжей-тегжейлі талдаусыз, ізденіс оқылымға итермелейтін нақты бөліктер мен бөлімдерге сілтеме жасайды.

Оқылымның аталған түріне үйретудің табыстылығын анықтайтын шарттар:

- ізденістің негізгі мақсаты – мазмұнды ақпарат;
- уақыттың жетіспеушілігі жағдайында оқылымды өткізу (жылдам, өте жылдам қарқын);
- ақпаратты мақсатты пайдалану туралы шешім қабылдау;
- мәтіндердің құрылымдық-композициялық ерекшеліктерін білу;
- мәтіннің экстралингвистикалық және когнитивтік тіректерін пайдалану;
- оқылымның аталған түрі үшін оқудың басталуы зерттелген мәтіндермен байланысты, яғни, таныстыру немесе зерттеу мақсатында оқылған мәтіндер;
- ішінен оқу формасында көлемі бойынша үлкен мәтіндерді оқу.

Келесі үлгідегі тапсырмалар болуы мүмкін:

- Тақырып бойынша (көрнекіліктер) мәтіннің тақырыбы мен мазмұны туралы болжам жасау.
- Сыртқы құрылым, мәтінді полиграфиялық рәсімдеу ерекшеліктері бойынша мәтіннің түрін (сипатын) анықтау.

- Кілтті сөздерді және басқа да сигналдарды іздеу арқылы, мәтіндегі қызықтыратын ақпараттарды бөліп алу.

- Алынған ақпаратты жалпылау, оны алдағы уақытта пайдаланудың өзектілігі мен келешегі тұрғысынан бағалау.

CLIL оқыту технологиясын өз жұмысында қолданатын мұғалімдер, оқыту нәтижесін бағалау мәселелеріне жиі тап болады. Әдетте, бірқатар сұрақтар туындайды және оларға әрдайым біртекті жауап беру мүмкін емес:

- нені бағалау керек – тілді білуді ме, оқу пәнін (контентті) меңгергенін бе?

- оқыту нәтижесін бағалау үшін қандай тілді (ана тілін немесе шетел тілін) қолдану қажет?

- бағалау құралдары қандай?

- оқытудағы прогресті қалай бағалауға болады?

- білім алушы CLIL бойынша оқыту процесінде туындаған қиындықтарды қалай жеңуі керек?

- ауызша/жазбаша сөйлеудің мазмұнын бағалау барысында тіл компонентін бағалауды қалай болдырмауға болады?

- дағдыны/процесті қалыптасу дәрежесін қалай бағалайды/өлшейді? Мысалы, жоспарлау/зерттеу және кез-келген ой қорытындыға келу қабілеті;

- топтағы жұмысты қалай бағалау керек (бағалау қажет пе)?

- әрі қарай оқыту нәтижелерін бағалау форматын анықтайтын анық мақсаттар мен міндеттер қою қажет. Ережеге сәйкес, бұл бірінші кезекте контентті білу не белгілі бір білікті немесе дағдыны дамыту дәрежесі және екінші кезекте тілдік біліктерді дамыту;

- түрлі тапсырмаларды қамтитын бағалаудың формальды және формальды емес тәсілдерін пайдалану;

- білім алушыларды алдымен оларға қолжетімді түрде алынған білімдер мен қалыптастырылған біліктер және дағдыларды бағалау критерийлерімен және форматымен таныстыру. Бұл жағдайда білім алушылар алдына қойылған міндеттерді көреді және түсінеді;

- пән мазмұнын бағалау барысында, мұғалім мүмкіндігінше қарапайым және түсінікті тілдік конструкцияларды қолдануы керек (бағалау оқыту тілінде жүргізілген жағдайда);

- тілдік компонентті бағалау, оқытудың және мәнмәтіннің нақты мақсаттарын есепке ала отырып жүргізілуі тиіс;

- ауызша бағалау шеңберінде жауап дайындау үшін белгілі бір уақыт бөлу маңызды («wait time» деп аталады);

- білім алушыларға лингвистикалық және пәндік жүктемені оңтайландыруға, сондай-ақ, зерттелуші тілде қарым-қатынасты ынталандыруға бағытталған скаффолдинг техникасын қолдану. Скаффолдинг мысалдары: өзгертіп айту, рөлдік ойындар, «think-pair-share», «jigsaw» технологиясы және т.б.;

- білім алушылар бақылау және бағалау процесіне белсенді қатысулары қажет (сыныптастарының жұмысын өзіндік бағалау және бағалау).

CLIL әдіснамасының авторлары қалыптасқан білімді бағалаудың негізгі

жиынтық (summative) және қалыптастырушы (formative) тәсілдерінің соңғысын таңдаған. Жиынтық бағалау білім алушының білімін белгілі бір мезетте таңбалайды (бөлімнің, семестрдің аяқталуы және т.б.) және формальді қорытынды тестілеумен байланыстырылады. Қалыптастырушы тәсіл – бұл өте күрделі бағалау жүйесі, себебі, ол білім алушылардың кезекті қадамдарына тікелей әсер етуді бағалау мақсатында тура «диагностикалық» сипатқа ие [5,с.6].


3.2 Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру бағдарламасының мазмұны мен жүйесі

Параграфтың мақсаты – болашақ педагог-психологтардың кәсіби маман ретінде өзін-өзі өзектендіру ерекшеліктерін, көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін тәжірибемен ұштастыра отырып қалыптастыру. Осыдан, негізгі мақсатқа бағдарланған «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты бағдарламаның мазмұны мен жүргізу әдістемесін сипаттау.

Жаңа қоғам педагог-психологы – ол рухани адамгершілігі жоғары, азаматтық жауапкершілігі мол, белсенді, жасампаз, рефлексияға қабілеті басым, экологиялық тұрғыдан білімді, шығармашыл тұлға, өзін-өзі дамытуға ұмтылысы бар, әдіснамалық қалыптасуының жоғары деңгейін сипаттайтын әлеуметтік, тұлғалық коммуникативтік, ақпараттық және біліктіліктің басқа түрлерін меңгерген біліктілігі жоғары маман болуы керек» [211, с.3]. Осы бағдарламалық идея біздің ғылыми ізденісіміздің де арқауы болды.

«Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты бағдарлама «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша білім алушыларға **тілдік, танымдық және психологиялық** үш бағытта кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру ретінде ұсынылады және оны келесі сызба арқылы көрсетуге болады (*В-Қосымшасы*).

Сызба 9 «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» атты бағдарламаның бағыттары



Бағдарламада ұсынылған бағыттардың әрқайсысы арнайы міндеттерімен, жұмыс түрлерімен ерекшеленеді және түпкілікті нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Сондықтан қалыптастыру эксперимент кезеңінде студенттердің іс-әрекеттері әр бағытта толықтырылып, кәсіби дағдылары жетілдіріліп отырды.

Тілдік бағыт. Мақсаты – шет тілдерін оқу үдерісінде білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту. Бұл бағыт бойынша эксперименттің негізгі міндеті студенттердің назарын ана тілінен басқа шет тілдерін жақсы меңгеруге бағыттау болды. Өйткені, оқушыларға психологиялық көмек көрсетуде ана тілмен қатар ағылшын, орыс тілдерін еркін білу маңызды болып келеді. Бұл екі себепке байланысты: оқушылар қазір ағылшын тілін ана тілі және орыс тілімен қатар жақсы біледі. Олардың көпшілігі шет тілінде еркін сөйлеуге тырысады. Сонымен қатар, мектептерде химия, информатика және т.б. жаратылыстану пәндері ағылшын тілінде оқытылады. *Негізгі зерттеу әдістері: байқау, түсіндіру, талдау және әңгімелесу.*

«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының шеңберіндегі «Кәсіби орыс (қазақ) тілі», «Кәсіби бағытталған шет тілі» пәндер арқылы жүзеге асырылады.

Білім беруді интенсивтендіру: «English Club» бағдарламасы (сабақтан тыс кезде арнайы бағдарламамен іске асырылды. (Қосымша Ж)

Білім беруді интенсивтендіру бағдарламасының миссиясы: ақпаратты иеленген адам әлемге иелік етеді. Атап айтқанда, бұл ақпараттық кеңістікке жол ашатын ағылшын тілін білуге қатысты. Өмірде жоғары деңгейлі мақсаттар қойып, оларға табысты жететін адамдар үшін әлем барлық түстермен ашылады.

Танымдық бағыт. Мақсаты: психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту арқылы білім алушылардың білімін, көзқарасын кеңейту, пәндік, тілдік және ақпараттық-коммуникативтік, мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағыттау. Сонымен қатар, академиялық оқу топтарында білім алушылардың аудиториядан тыс ұйымдастырылатын өзбетінше жұмыстарында білім алушылардың зерттеушілік дағдысы, өмір бойы оқу қабілеті, сыни тұрғыда ойлау қабілеті, шешендік өнер, көптілділік қабілеттерін қалыптастыруға арналады.

Негізгі зерттеу әдістері: CLIL технологиясы негізінде – байқау, түсіндіру, әңгімелесу, талдау, талқылау.

Базалық пәндер арқылы жүзеге асырылады:

1) «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» (2017-2018 оқу жылы, Педагогика және психология мамандығының жұмыс оқу жоспары; 7 семестр, 4 ECTS, 4 жылдық);

2) «Оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру» (2019-2020 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары; 7 семестр, 4 ECTS, 4 жылдық).

Психологиялық бағыт. Мақсаты: академиялық оқу топтарында психологиялық тренингтерді ұйымдастыру арқылы білім алушылардың ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті, кәсіби құзыреттілігі, көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысын қалыптастыру.

Негізгі зерттеу әдістері: байқау, түсіндіру, әңгімелесу, талдау, талқылау.

Базалық іс-әрекеттер: психологиялық тренингтер. Тренинг – маманды кәсіби әрекеттің нақты әдістері мен процедураларына кезеңмен, практикаға сүйене отырып, үйретуді қолдау. Жұмыс жағдайында тренинг білім алушылардың бір немесе бірнеше әрекет түрлерін нәтижелі орындауынан білім мен дағдыны меңгеру мүмкіндігіне бағытталады. Тренингтік жаттығулар

болашақ педагог-психологтардың тұлғалық өзгеруіне түрткі қызметін атқарады. Біздің зерттеу жұмысымыздың аясында қолданылған психологиялық тренингтер болашақ педагог-психологтардың біртұтас және орнықты дамуына, әрбір білім алушының ішкі мотивациясын жоғарылатып, кәсіби білімге ынталануына, тұлғалық сапалары мен педагогикалық құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Сонымен, кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыруға мақсат алған эксперименталды топтың жұмысы аталған үш бағыт негізінде жүргізіледі. Жүргізілген эксперименталды жұмыстың нәтижелері келесі 3.3 параграфта қарастырылады.

«Кәсіби бағытталған шет тілі» пәнінің мақсаты – ағылшын тілінде бұрынғы және қазіргі заманғы арнайы әдебиеттер арқылы педагогикалық тәжірибе жетістіктеріне негізделген педагогикалық-психологиялық білімдер кешені бойынша кәсіби коммуникативті шет тілдік құзыреттіліктерді қалыптастыру.

Міндеттері:

- Ауызша және жазбаша қарым-қатынас арқылы кәсіби өзара әрекет жасау қабілеттілігін қалыптастыру;
- Қандайда болмасын кәсіби қарым-қатынас жағдайында өзін адекватты ұстауға тәрбиелеу;
- Мамандық бойынша терминологиялық минимум алу керек;
- Болашақтағы кәсіби іс-әрекет жағдайында қажетті ақпараттарды алу құралы ретінде қолдану және мәтінді ағылшын тілінде оқи білу мен түсіне білу қабілеттілігі болу керек;

Ерекше айтып кететін «English Club» интенсивті бағдарламасы. Клубтың жұмысы өте мазмұнды болды (Қосымша Ж). Бағдарлама ағылшын лексикасы арқылы білім алушылардың танымдық аспектісін қамтыды. Клубтың модераторлары тәжірибелік топтың студенттері болды.

Сонымен, *Тілдік бағыт бойынша* пәндерді жүргізу барысында зерттеу авторы білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпалы зор екендігіне көз жеткізді.

Қалыптастыру эксперименті негізінен танымдық және психологиялық бағыттарында жүзеге асырылды. Жетекші болып «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы және «Оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру» [212] атты екі пән болды. Негізгі міндеті болып болашақ педагог-психологтарда кәсіби және жеке құзыреттерді қалыптастыру болды.

Зерттеудің негізгі әдістері – бақылау, сұхбат, талдау, сұхбат. Аталған бағыттардың мазмұнын жүзеге асыруға бөлінген жалпы сағат саны – 3 кредит. тілдік бағытта – 2 кредит, дәріс – 15 сағат, семинар – 15 сағат, білім алушылардың оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы – 30 сағат, білім алушылардың өзіндік жұмысы – 30 сағат.

Психологиялық және танымдық бағытқа бөлінген жалпы сағат саны – 1 кредит, дәріс – 15 сағат, білім алушылардың оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы – 15 сағат, білім алушылардың өзіндік жұмысы – 15 сағат. Эксперимент кезеңінде «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» және

«Оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру» пәндерінен оқу-әдістемелік кешен дайындауға қатыстық және осы пәндер бойынша лекция, семинар сабақтарында білім алушылардың оқу нәтижелеріне негізделген құзыреттіліктеріне Дублин дескрипторлары арқылы талдау жасадық. Мысалы, түсіну, қолдану, іске асыру және т.б. Осыған байланысты біздің эксперимент кезеңіндегі нақты іс-әрекетіміз жоғарыда аталған пәндер бойынша оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысының тақырыптарын құрастыру және оны іскес асыруға бағытталды. Оны келесі кестеден көруге болады (кесте 12).

Кесте 12 – «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» курсының оқу-тақырыптық жоспарына қосымша енгізілген тақырыптар (сабақтан тыс кезінде)

Тақырыптар	ОБСӨЖ	СӨЖ
Көптілді білім беру – әлеуметтік феномен ретінде	4	4
Білім беру саласындағы көптілді білім беру үдерістері	4	4
«Құзырет» «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының көптілділік жағдайлар контексіндегі түсініктері	4	4
Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің жаңа бағыттары: өз пәнін көптілді білім беру мәселелеріне бағыттау алуға негіз болатын білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті және көптілді білу жауапкершілігін сезіну қабілеттілігі мәні, мазмұны	6	6
Болашақ педагог-психологтың көптілді білім беру жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістері мен технологиялары	4	4
Көптілді білім беру жағдайына байланысты кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру тренингтері	4	4
Болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілігінің диагностикалық құралдары	4	4
Барлығы	30	30

Пәнді оқытудың негізгі мақсаты:

- болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілік саласындағы іс-әрекеттің негізгі білімдері, біліктері мен тәсілдерін игеруімен;

- тұлғаның көптілділік әлеуетін дамыту мен өздігінен жүзеге асыру тәсілі, іс-әрекетке және болашақта кәсібиліктің шыңына қол жеткізуге бағытталумен;

- өзін-өзі жетілдіруге бағдарланумен, жаһандық ойлауды дамытумен, кәсіби құзыреттілікке бағдарланған тұлғаны кәсіби дайындау барысында қалыптастырумен, оқу іс-әрекетіне танымдық қатынасын дамытумен анықталынады.

Осыған орай, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда келесі міндеттер орындалады:

- көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттіліктің мәні мен маңызы туралы;
- болашақ педагог-психологтардың білімдерін жалпылау және жүйелеу;
- болашақ мамандығы бойынша кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруды теориялық талдау.

«Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» элективті курсын оқыту нәтижесінде болашақ педагог-психологтар біледі:

- көптілді білім беру жағдайындағы кәсіби құзыреттілік туралы жалпы түсінікті;
- көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыретті педагог-психолог ретінде оқыту мен тәрбие үдерісінде технологиялар мен әдістерді қолдану ерекшеліктерін;
- кәсіби құзыретті маманға қойылатын талаптарды.

«Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» элективті курсы нәтижесінде:

- болашақ педагог-психологтар кәсіби құзыреттілікке байланысты негізгі ұғымдар мен ережелерін игеріп, сабақтарда және өзіндік жұмыс барысында өзінің танымдық іс-әрекетін басқарудың құзыреттілік әдіс-тәсілдерін, кәсіби және рухани мәселелерді шешуде игерілген білімдерді пайдалану біліктерін қалыптастырып, көптілді ойлау іс-әрекетін жүзеге асыру тәсілдерін меңгеруі, көптілді білім беру жағдайындағы жетістіктерді талдау негізінде шығармашылық іс-әрекеттің жүзеге асырылуын білетін болады.

«Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» курсының оқу-тақырыптық жоспарына қосымша енгізілген оқытушының басшылығымен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОБСӨЖ) тақырыптарының мазмұнына тоқталсақ, курс бойынша ОБСӨЖ қысқаша жинағын Д-Қосымшасынан көруге болады.

1-тақырып: Көптілді білім беру – әлеуметтік феномен ретінде.

Интеграция тұрғысындағы көптілді білім беру құрылымдары, мемлекеттің білім берудегі саясатын, жұмыспен қамтылуын, кадрларды даярлау, халықаралық ұйымдардың әлемдегі және аймақтағы рөлінің күшеюінің объективті және қарқынды іс-әрекетінің көрінісі ретінде түсініктері мен білімдерінің қалыптасуына әсер етеді. «Көптілді білім беру» ұғымы және оның қолданысқа ену себептері, оның жағымды және кері әсеріне талдау жасайды. Қазіргі таңда әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістердің үлкен жылдамдығын ескере отырып, болашақтағы білім беру жүйесіне әлемдегі жетекші білім беру ұйымдарының күтілетін нәтижелері мен әсері қандай болады деген сұрақтарға жауаптар қарастырылады. «Көптілді білім беру», «тұлға», «білім беру» категорияларының өзара интеграциялануының мағынасын анықтау.

2-тақырып: «Білім беру саласындағы көптілді білім беру мәселесі».

Әлемдік білім кеңістігі және білім берудегі көптілді білім беру туралы терең теориялық және практикалық тұрғыда және салыстырмалы педагогика негізінде зерттеулерді қажет ететін ашық сұрақтардың бірі екендігін түсінеді. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі ұлттық білім беру жүйесінің даму сатысы мен

кірігуі әлемдегі білім берудің дамуының басым бағыттары.

«Көптілді білім беру», «көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі», «көптілді ойлау» ұғымдардың пайда болуының ықпал еткен факторларын қарастыру. Білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді жаһандық даму тенденцияларымен ұштастыра шешу жолы:

- педагогикалық жаңа идеялар, әдістер, технологиялармен қатар, әлемдік жаңғыру үдерістерінің элементтерінің бірлігі ретінде

- Көптілді білім беру жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы, білім берудің жаңа моделінде іскерлік сипаттар мазмұндалады.

3-тақырып: «Құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының көптілді білім беру жағдайлар контексіндегі түсініктері.

Көптілді білім беру жағдайындағы «Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік ұғымдарының мәні мен мазмұны» бойынша қазіргі кезде «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілікті» қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері ғылыми еңбектердің әдіснамалық негізі, теориялық жаңалықтары.

Білім беру саласында болашақ педагог-психологтардың құзыреттілігі - олардың қалыптасқан тұлғалық сапасын және белгілі бір саладағы іс-әрекетке қатысты жинақталған тәжірибесімен байланыстылығы. Оқыту үдерісінде «құзыреттілік» ұғымы білім алушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы. Бүгінгі күні шетел ғалымдарының еңбектеріндегі кәсіби құзыреттілік анықтамалары «тереңдетілген білім», «міндетті шешудегі теңдік жағдайы», «қызметті орындаудағы қабілеттілік» ұғымымен мағыналасады. «Кәсіби құзыреттілік» адамның өзіндік кәсіби деңгейімен, тәжірибесімен және өзіндік қабілеттерімен ерекшеленіп, оның түрткі болған талпынысын, үздіксіз өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру, іске деген шығармашылық және жауапкершілік қатынасымен анықталады.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі – оның мақсат, мән, құрылым, құрал тәсілдер жөніндегі ақпараттануын, кәсіби қызметті (білім), осы қызмет технологиясын меңгеруін (біліктілігі, дағдысы), педагог-психолог қызметінің маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ететін педагогтың жеке психологиялық сапаларын жетілдіру және стандартты емес тапсырмаларды орындаудағы қабілеті. Атап айтқанда, тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру дамыту және оқыту үдерістерінің салдары ретінде қарастырылады. Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттерінің көрсеткіштері.

4-тақырып: Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың пәнін көптілділік мәселелерге бағыттай алуға негіз болатын білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті және көпмәдениеттілік жауапкершілігін сезіну қабілеттілігінен тұратын кәсіби құзыреттілігінің мәні, мазмұны.

Көптілді білім беру жағдайында білім алушыларды тиімді тәрбиелеу үшін көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтар аталмыш кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруі:

- көптілді білім берудің мәнін түсіну;
- тұлғаны көптілді білім беру жайындағы мәселелер мен көпмәдениеттілікке үнемі және тұрақты назар аударуға бағдарлау;
- дүниежүзіндегі түрлі ұлттардың мәдениеті мен тілі, салт-дәстүріне қызығушылықпен құрмет көрсету;
- дүниежүзіндегі әлеуметтік және табиғи үдерістерді танып білуде жүйелі ойлау дағдылары мен тілдік қарым-қатынасы;
- көптілді білім беру мәселелерін шешуге үлес қосуда өз мүмкіндіктерін сезініп пайымдауы;
- жалпы әлемдік, жалпы ұлттық өз ісінде өзіндік тактикасы мен стратегиясын құра білуі сияқты сапалары мен практикалық мәселелерді шешу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

Сондықтан оқу бағдарламасының ұсынылған тақырыбында көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің жаңа бағыттары өз пәніне қатысты көптілділік мәселелеріне бағыттала алу, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті және көпмәдениеттілікке жауапкершілікті сезіну қабілеттілігі болып талданады.

5-тақырып: Болашақ педагог-психологтың көптілді білім беру жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістері, технологиялары мен психологиялық тренингтері деп аталады.

Тақырыпты ашу аясында зерттеу барысында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің дайындығын қалыптастырудың әдістерін айқындадық. Оларға ең алдымен кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ОБСӨЖ жүргізудің инновациялық формаларын, сонымен қатар арнайы құрастырылған тренингтерді, оқытудың белсенді әдістерін жатқыздық. Бұл әдістеме өзіміз ұсынған «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» элективті курсы жүргізуде тәжірибеде қолданылды. Ал формалар топтық, жұптық, шағын топтық ұжымдық жұмыстар түрінде ұйымдастырылды.

Диссертациялық жұмысымызды тәжірибелік-эксперимент барысында ұсынылған бағдарламаның «Психологиялық» бағыттағы жүргізілген жұмыстарды сипаттап, оны келесі кесте арқылы көрсетуге болады. Осы бағытта жүргізілген психологиялық тренинг-семинарлардың мазмұнын Е-Қосымшасынан көруге болады.

Кесте 13 - «Психологиялық бағыттағы жүргізілген жұмыстардың мазмұны

Танымдық бағыт: Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы пәні бойынша қолданылатын әдіс-тәсілдер	Психологиялық бағыт: Психологиялық тренингтер	Сағат саны
Дәріс	1. Өзінің «Менін» ұғыну.	2
Семинар	2. «Командалық даму».	2
СОӨЖ	3. «Креативтілік туралы пікір қалыптастыру».	2

Ойталқы әдісі	4. «Тұлғалық өсу».	2
CLIL әдісі	5. «Кәсіби өсу».	3
Портфолио	6. «Эмпатияны дамыту».	2
Белсенді оқыту әдісі	7. Психологтың кәсіби сапалары	2

Жоғарыдағы қарастырылып 13-кестедегі әрбір бағыттың мазмұнына тоқталдық. Мәселен, дәріс – жоғары мектеп оқу үдерісіндегі оқытуды ұйымдастырудың ертеден келе жатырған маңызды формаларының бірі. Білім алушыларды білім, ғылым саласындағы жаңа бағыттар жайлы түсініктер беру үшін негізінен жаңа идеяны насихаттау, жаңа хабарламалар жасау, жаңа тәжірибені жеткізу мақсатында қолданылатын кең тараған оқыту формасының бірі болып табылады.

Бұл – негізінен жоғары оқу орындары мен қосымша білім беру мекемелерінің оқу үдерісінде қолданылады. Дәрістің маңызды сапасы оның ғылымилығы, өмірмен байланыстылығы, өміршеңдігі. Дәріс барысында ақпараттың ғылымилығы, оның дәйектілігі мен дәлелділігі қамтамасыз етілуі керек. Алғашқы университеттердің пайда болғанына көп жылдар өтсе де, дәрісті оқу мен оны дайындау әдістемесінің өзгергеніне қарамастан, дәріс жоғары мектептегі оқытудың тиімді формасы болып отыр.

Дәріс мынадай өте маңызды міндеттерді шешуге тиісті:

- ғылыми негіздері туралы білім беру;
- ғылым ұстанымдарымен, заңдылықтарымен таныстыру;
- ғылымға қызығушылығын ояту;
- білімді тәжірибеде қолдану жолдарын үйрету;
- зерттеушілік шығармашылығын дамыту;
- ізденімпаздық мотивтерін қалыптастыруға тәрбиелік әсер ету;
- білім алушылардың өздігінен жұмыс істеуіне бағыт-бағдар беріп отыру.

Әрине, дәрістің жоғары оқу орындарындағы оқыту үдерісін ұйымдастырудың және білімнің сапасын арттырудағы идеалды формасы деп қабылдауға болмайды. Дегенмен, біздің тәжірибемізде дәрістің жаңа инновациялық формалары қолданылды. Оларды жүргізу үшін нақты алгоритм түзілді. Алгоритммен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты – оқыту үдерісін үздіксіз және толық деңгейде бақылау, сонымен қатар, ізденіс қабілетін дамыту. Түзілген алгоритм негізінде жұмыс жасау болашақ педагог-психологтардың өз бетінше білім алу, танымдық белсенділікті, білім сапасын арттыруға, кәсіби сауаттылықты дамытуға ықпалы мол деп есептейміз.

Курсты өту барысында қолданылған дәріс және оның инновациялық формалары, семинар, тренинг, коуч және т.б. Аталған білім беру формалары негізінен интерактивті жағдайда өтілуі ойластырылды.

Педагогтардың жаңашылдық әдістер мен технологияларды меңгеруі білім саласын жаңғыртудың негізгі саласының бірі. Оның түпкі мақсаты – білім алушылардың танымдық белсенділігінің негізінде оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру. Сондықтан егер өткен уақыттарда таным үдерісін біз «білім беру», «оқыту», «үйрету» деп түсінсек, бүгінгі уақытта бұл түсініктерді белсенді және интербелсенді әдістерге негізделген «білім алу/игеру», «оқу»,

«үйрену» деп ұғыну деген болар едік. Мұндай ұстаным бүгінгі күні әлемде жүріп жатырған жоғары оқу жүйесінде Болон үдерісінің идеяларын толық қамтып, өзінің мазмұнын осы үдеріспен байланыстыруы ЖОО-ның жұмыстарына елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Белсенді әдістер немесе белсенді оқыту дегеніміз «белсенділік» деген ұғымнан туындайды. Адамның білім алуының белсенділікке негізделуі Л.С.Выготский [20, с.382] және В.Фромкин [213, с.60] ұсынған сананың қоғамдық-тарихи сипаты туралы идеяларынан бастау алады. Соның негізінде П.И.Зинченко [214, с.544], А.А.Леонтьев [142, с.288] және т.б. әрекеттің құрылымын және сананың білім алуға әсерін зерттеді.

Педагогика оқулықтарында белсенді оқыту әдістері төмендегіше сипатталады:

1) білім алушылар мен оқытушының оқу барысындағы өзара іс-қимыл, амал мен тәсілдердің жиынтығы;

2) білім алушыларды жаңа идеяларды іздестіру, шығармашылық белсенділігін, ойлау әрекетін жаңа мәселелерді шешуге ынталандыратын педагогикалық ықпал ету әдістері мен тәсілдері.

Дәстүрлі оқыту мен қазіргі таңда кеңінен қолданылып жатырған біріккен шығармашылық, ынтымақтастық педагогикасы аясында пайда болған оқыту жүйесі бойынша сабақтың басты мақсаты – санаткерлік, рухани, физикалық қабілеттерін, қызығушылығын, дәлелдерін дамыту, ғылыми-материалистік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Ал сабақтың мазмұнына келер болсақ, ол – таным тәсілдерін, айналадағы орта мен өзінде болып жатырған қоғамдық және жеке адамға қатысты маңызды қайта құруларды меңгеру. Ынтымақтастық педагогикасы аясында құрылған оқытудың қозғаушы күші деп шығармашылық қуаныш, өзінің өсуін сезіну, білімін жетілдіру, өзіне сенім арту танылады. Ал жұмыс әдісі – біріккен қызмет, іздену, танымдық әңгіме, пікірталас, оқытушы мен студенттің ынтымақтасу мүмкіндігі. Озық сабақ ұйымдастыру үдерісі оқушымен біріккен мақсатқа жету, сұрақтарға жауап іздеу, әртүрлі өмірлік міндеттерді шешу, ұжымдық мақсаттың орындалуы, игерілуге тиіс материалды уақыт шеңберіне сыйғызу, топтық және жеке жұмыстардың болуы арқылы жүзеге асады.

Соған сәйкес студент әрдайым ұжымдық еңбекке етене араласып, ізденіс үстінде болып, жаңалықты қабылдауға даяр күйде болуы тиіс. Жоғары мектептегі оқытудың басты нәтижесі – студенттің игерген білімін тәжірибеде пайдалана білуі, өзін жетілдіріп отыруы, кәсіби тұрғыда өзін шыңдап отыруы.

Осы тұста оқу материалы белсенді практикалық әрекет негізінде меңгеру жүзеге асады. Мұндай сабақтар өткізу – жеке, топтық, ұжымдық алуан пікір алмасуға, олардың арасындағы өзара іс-қимылдың бағытын дұрыс арнаға салып отыру, білімгерлердің оқу мәселелерін ұжымдасып шешуіне жағдай жасайды. Белсенді оқыту әдістерін сауатты пайдалану білім алушылардың танымдық белсенділігінің деңгейінің артуына, сын тұрғысынан, шығармашылық ойлау қабілеттерінің жетілуіне мүмкіндік береді.

Жоғары оқу орындарында қолданылатын белсенді оқыту әдістеріне: ой талқы, алгоритм бойынша мәселе шешу, нақты жағдаяттарды талқылау,

жатады. Сонымен қатар, білім алушыларды белсенді жағдайға қоятын: проблемалық дәріс, дәріс-консультация, дәріс пресс-конференция, дәріс-әңгіме, дәріс-дискуссия, дәріс-зерттеу, кері байланыс элементтері қолданылған дәріс сияқты түрлері кеңінен қолданылады.

«Ойталқы» – күрделі мәселелердің шешімін бірлесе іздеу жолымен білім алушылардың ойлау қабілеттерін белсендіру әдісі (оны американдық психолог А.Осборн ұсынған). Оқу үдерісіндегі «ойталқы» ешкімнің мәжбүрлеуінсіз, білім алушылардың өз еріктерімен біріккен 5-6 білім алушы бар топтар арасында жүреді. Мұнда ешқандай сын, өзін-өзі сынау болмайды, ең тосын, тіпті шындыққа жанаспайтын идеяның өзі де қабылданып, топтық сараптаудан өтеді. Рейтинг жолымен пән мазмұнындағы күрделі де өзекті тақырып таңдалады.

Әуел баста жарнамалық бизнесте қолданылған «ойталқы» әдісі адамның шығармашылық ойлауына қозғау салу мақсатынан туындағаны белгілі.

Бұл әдістің негізгі міндеттері:

- мүмкіндігінше, көп идеяларды жинақтау;
- ғылымға немесе оқуға қатысты мәселелерді шешу;
- білім алушының шығармашылық ойлауын дамыту;
- ынтымақтастықты дамыту.

Ойталқы әдісі – топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған түрлі идеяларын өз ішінде талқылап, ортақ келісімге негізделгендерін жазып ұсыну әрекеті. Бұл әрекет жүргізуші тарапынан нақты белгіленген уақытқа сыйымды түрде орындалуы шарт.

«Ойталқы» әдісінің ережелері:

1. «Ойталқы» әдісі кезінде сынамау, бағаламаңыз, талқыламаңыз және қорғамаңыз. «Ойталқы» әдісінің міндеті – белгілі бір шектеулі уақыт аралығында сандаған жаңа идеялардың тууына мүмкіндік беру. Идеяларды бағалау, талқылау және іріктеу оның келесі сатысының міндетіне енеді.

2. Топ мүшелері қандай болсын, ойына келген идеялардың, шешімдердің, мысалдардың барлығын ортаға тастауы қажет. Әрбір идея толық айтылуы тиіс. Келесі кезеңде жаңа идеяларды ойлап отырғаннан гөрі сол айтылғандарды електен өткізіп, ішінен ақылға сыйымдысын таңдау оңай болады.

3. Бұл кезеңде идеялардың сапасынан гөрі санының көп болуына назар аударылады. Идеялар саны көп болған сайын, олардың ішінен қажеттілерді табу оңайлайды деген сенімділік те арта түседі. Егер жеке жұмыс істесеңіз, онда басыңыздағы барлық идеяларды қағазға түсіріп алыңыз.

4. Айтылғандардың ішінен енді жаңа идеяларды ажыратып алыңыз. Оларға түсінік беру мен түзетулер енгізуде де шығармашылық шабыт қажет. Топ мүшелерінің қай-қайсысы да идеяларды жетілдіруге, басқа нұсқаларын ұсынуға құқылы. Сондықтан қолыңызда бар идеяларды тағы бір екшеп қарау артық болмайды, мүмкін олар тағы бір жаңа идеялардың тууына алғышарт қалыптастыруы ғажап емес.

Биік нәтижеге жетудің кілті мен ережесі – қатысушылардың белсенділігінен туындайтын достық қатынастың қалыптасуы.

«Ойталқы әдісі» кезеңдері:

«Ойталқы» кезеңдерін мақсатты айқындау, қатысушылардың пікірлерін айтуға бағыттау, басқалардың ойларын жетілдіру мақсатында қолдану, ойларының дұрыс құрылуы деп қарастыруға болады.

«Ойталқы» әдісінің соңында жеке адам немесе топтар айтылған ойлардан жалпы қорытынды жасау үшін үдерістің нәтижесін қарастырады. Шағын топтар бірлесе отырып мәселені шешеді, содан кейін сол ойларын жалпы топ алдында талқылауға ұсынады (әр топтан әртүрлі өкілдер сөйлейді). Барлық жұмыс өте жылдам әрі ұйымдасқан түрде атқарылады. Бұл әдіс тек қана қарым-қатынас мәдениетіне үйретіп қоймайды, сонымен қатар білім алушылардың шығармашылық әлеуетін арттырады, ойлаудағы жасаңдық пен біртектіліктен арылтады.

Білім алушылар оқу-тәрбие барысында қолданылатын тиімді әдістер өзара немесе интербелсенді әдістер болып табылады. Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру үдерісіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «akt» – «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз бір-бірімен қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Демек, «интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни, «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші – өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқыту білім игеру үдерісін төмендегідей ұйымдастыруды қарастырады:

- барлық үйренушілерге бірлескен таным үдерісіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;
- әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғануына мүмкіндік жасау;
- үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру;
- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік бағытын (көзқарас, дүниетаным) ұстану.

Жоғары оқу орындарында қолданылатын белсенді және интербелсенді әдістер мен технологиялары білім алушылардың интеллектуалдық, шығармашылық деңгейін жоғарылатып, креативтілігін дамытады. Интербелсенді әдістер білім алушылардың өздік және өзіндік дамуына, олардың өз мүмкіншіліктері мен ұстанған құндылықтарын түсінуге және бағалауға жетелейді.

Семинар – білім алушыларды білім, ғылым саласындағы жаңа бағыттар жайлы түсініктер беру үшін негізінен жаңа идеяны насихаттау, жаңа хабарламалар жасау, жаңа тәжірибені жеткізу мақсатында қолданылатын кең тараған оқыту әдістерінің бірі. Семинардың маңызды сапасы оның ғылымилығы, өмірмен байланыстылығы, өміршендігі. Бағдарлама бойынша

болашақ мамандардың өзін ойландыруға бағытталған семинар оқытудың интербелсенді әдістері мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы өткізу тиімді деп санаймыз.

Интербелсенді семинар сабағында оқытушы интерактивті әдістерді қолдану арқылы білім алушының еркін ойлануына, ақыл-ойын дамытуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға, ұжымдық іс-әрекетке, тіл байлығын жетілдіруге, жан-жақты ізденушілігін арттыруға жағдай жасайды. Ал оқытушы үшін тиімділігі, ол түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың мәнін терең ашуға, аудиторияны толық қамтуға, әр білім алушының білім деңгейін анықтауға, оларды ізденіске, өз бетінше жұмыс істеуге және барлығын бағалауға болады.

Жоғары оқу орындарында интербелсенді семинар (практикалық) сабағын өтуде оқыту әдістерінің интерактивті түрлерін пайдалануға болады. Интерактивті оқыту әдістерінің түрлері: топтармен жұмыс, пікірталас, оқу пікірсайысы, «Сократтық ойындар», ойындық жобалау, дөңгелек үстел, конференция сабақ және тағы басқалар жатады.

Көрсетілген интерактивті әдістердің кейбірінің семинар (практикалық) сабақта қолданылуына тоқталып өтсек. Интербелсенді семинар сабағында интерактивті оқыту әдістерін қолданудың негізгі мақсаты оқытылып отырған курстағы мәселелерді білім алушылардың меңгеру деңгейін, олардың ұстанымдары қаншалықты нық екендігін анықтау және бүгінгі күндегі күрделі, өзекті мәселелерді талдауға, өзіндік пікір айтуға, іздене білу қабілеттерін шыңдау болып табылады.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына байланысты кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсері болған жұмыстардың бірі студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізетін өзіндік жұмыстары (ОБСӨЖ). Олар бойынша білім алушылар жасаған жұмыстар: глоссарий, ұғымдарды талдау, венн диаграммасын толтыру, слайд презентация, эссе жазу, кроссвордтар құрастыру, жоспар құру т.б. түрінде ұйымдастырылды.

Білім алушылардың оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмыстары – нақты жағдайды есепке ала отырып, педагогикалық үдерісті немесе белгілі бір құбылысты, мәселені зерттейтін ғылыми тәжірибе. Педагогикалық тәжірибеге сүйеніп, оқу-тәрбие үдерісінің тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін, үлгілерін, мазмұнын тексере алады. Сондай-ақ, кез-келген пән бойынша белгілі бір сұрақтарды немесе міндеттерді шешу барысында білім алушылар жүргізетін жеке, топтық, ұжымдық іс-әрекет нәтижелері.

Осындай әрекет барысында білім алушыларда мынадай дағдылар қалыптасады:

- білім алушының теориялық білім деңгейін арттырады;
- теориялық білімін тәжірибеде қолдану дағдыларын бекітеді;
- білім алушының өз бетінше зерттеу біліктерін қалыптастырады;
- оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізе білу дағдысының қалыптасуына әсер етеді;
- талдай білуге және күтпеген жағдайларда жол таба білуге үйретеді;

- мамандығына, пәнге қызығушылығын оятады;
- білім алушының жеке «ішкі» қабілетін ашады, сөйлеу мәдениетін дамытады.

Зерттеу жұмысымыздың эксперименттік бөліміндегі тәжірибелік сабақтарда білім алушылар мәселені талқылауға қатысу барысында алған мәліметтеріне әрі қарай тереңдей түсу, ол білімдерді өз бетінше толықтыру, теориялық білімді тәжірибемен салыстыру сияқты мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар, білім алушыларды белсенді қатыстырудың жолдарын іске асырудың құралдары тиімді пайдаланылады. Мұндай сабақтар барысында болашақ педагог-психологтар хабарламалар жасау, ойларын толықтыру, талдау, өзіндік талдау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік алады. Семинар сабақтарында білім алушылар оқытудың белсенді әдістерін тиімді қолдана отырып, өзіндік талдау, сыни ойлау, ой қорыту, жинақтау, өзінің жеке пікірін қорғау арқылы әрбір тақырыптың мазмұнын терең меңгереді.

Біздің ойымызша, болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға тиімді әсер ететін әдістің бірі – портфолио жинақтау. Бұл әдіс шетелдік оқу орындарында қолданылатын кең тараған білім алушының білімдегі жетістіктерін, тұлғалық дамуын қадағалайтын басты құрал.

Портфолио – білім алушының оқу үдерісіне қатысымшылдығын көрсететін жұмыстардың жиынтығы ретінде оқудың тиімділік деңгейін айғақтайды, оқу үдерісінің білім алушы үшін қандай нәтиже беретіндігін көрсетіп, білім алушылармен кері байланыс құру тәсілі болып табылады. Бұған қоса портфолио білім алушылардың бірлесе жұмыс жасап, оқытушылармен әрекеттесуге септігін тигізеді, өйткені ол білім алушылардың жетістіктері мен дамуы динамикасын талдау жұмысына білім алушылардың өздері мен оқытушының қатысуын талап етеді. Портфолио – білім алушылардың оқуын қорытынды әрекет (емтихан) бойынша бағаламай, үдеріс бойынша бағалау мүмкіншілігін береді. Қазіргі кезде портфолионы электрондық түрде қолдану жиі кездеседі.

Портфолио бірнеше қызмет атқарады:

- жинақтаушы – білім алушының жұмысының жиынтығы;
- үлгі (модель) – білім алушының жеке оқу траекториясын қалыптастырудың құралы, өйткені ол әр білім алушыға оқудың өзіндік стратегиясын айқындап, қажетті материалдар мен жұмыс түрлерін таңдау мүмкіншіліктерін береді;
- ой-толғаныс пен шығармашылық тудырушы – білім алушыларға оқу-үйрену және кәсіби тұрғыдан қажетті әдістер мен тәсілдердің қолдануын ұғынып, оларды қолдану мен өзгерту мүмкіншіліктерін береді.

Портфолионың білім алушылардың кәсіби мәнді сапаларын дамытуда келесі мүмкіндіктері бар:

- оқытушы үшін – білім алушылардың жетістіктерімен танысып, олардың маңыздылығын айқындау мен бағалау;
- білім алушы үшін – тұлғалық тұрғыдан дамып, мотивация мен өзіндік

жетістіктер, кемшіліктер мен мүмкіндіктер туралы түсініктерінің өзгеруіне байланысты әрі қарай жетістіктерге жету;

- оқу орны үшін – білім алушылардың мүмкіндіктерін (әлеуетін) айқындап, соған байланысты оқу бағдарламалары, сабақ беру әдістемесі мен оқу үдерісін ұйымдастыруды білім алушылардың мүмкіншіліктеріне байланысты өзгерту;

- жоғарыда көрсетілген барлығы үшін – қажет болған жағдайда жасаған жұмыстары туралы құжаттар мен дәлелденген есеп беру.

Портфолио – материалдардың қарапайым жинағы ғана емес. Бағалауда портфолионың нақты мазмұнымен бірге материалдардың қалайша таңдалып алынғандығы және оларды дәлелдеу базасы да бағаланады.

Білім алушылар портфолиоға өздерінің түсініктері, ой-толғаныстары мен дәлелдеулерін көрсетіп келесідей материалдарды жинақтайды:

- өткізілген пікірталастардың қорытындылары;
- оқыған материалдарының (кітап, дәріс, зерттеулер) конспектілері;
- мәселені шешудің өзіндік ұсыныстары;
- эссе мен басқа да жазу үлгілері;

Басқаша сөзбен айтқанда, портфолио үшін ең басты мәселелер – есеп беру (дәлелдер келтіру) және ой-толғаныс (рефлексия).

Портфолионы құрастыру үшін білім алушыларға оның формасына (құжаттар мен тапсырмалардың тізімі мен реттілігі) және әр құжаттың мазмұнына қойылатын талаптар туралы талаптарды тыңғылықты түсіндірген жөн.

Соның бірі мысалы (Лоне Йоренсен мен С.Хансен, 2004) педагогикалық тәжірибе бойынша есеп беруде білім алушылардың келесідей тапсырмаларды орындауын ұсынады:

- оқу/оқытуға деген өзіндік көзқарастарын келтіру;
- кәсіби дағдыларды әрекеттер арқылы көрсету;
- сабақ жоспарларын құрастыру;
- сабақтарда тәртіпті қалайша қадағалайтындықтарын көрсету;
- оқытылып жатырған пәннің мазмұнын білетіндігін көрсету;
- оқу бағдарламасын білетіндігін көрсету;
- білім алушылардың жұмысын әртүрлі критерийлер бойынша бағалай білу;
- әртүрлі оқу құралдары мен ресурстарын талдау, құрастыру және қолдану;
- өзінің кәсіби деңгейін бағалау.

Әдетте портфолионың екі түрін ажыратады: өсу портфолиосы (мұнда білім алушының жеке тұлғалық және кәсіби дамуы көрсетіледі) және нәтижелер портфолиосы (жыл бойы қол жеткізген ең елеулі нәтижелер). Алайда, портфолионың түрі білім алушы пен оқытушының мақсаттарына орай таңдалатындықтан, оны әртүрлі тұрғыдан құрастыруға болады.

Кесте 14 - Портфолионың түрлері (М.Лебедева мен О.Шилова бойынша)

Мақсаты бойынша	Меншікті портфолио	Білім алушылар өздері үшін құрастырады
	Есеп беру портфолиосы	Білім алушылар оқытушы үшін құрастырады

	Портфолио-жоба	Білім алушылар өз әрекеттерін ұйымдастыру үшін құрастырады
Мазмұны бойынша	Жетістіктер портфолиосы	Білім алушылардың белгілі бір уақыт аралығындағы жұмыстарының жинақтамасы (немесе материалдың қомақты бөлігі бойынша) жұмыстары
	Ой-толғаныс портфолиосы	Білім алушының мақсаттарға жетуін бағалау (Білім алушының өзін-өзі бағалауы)
	Мәселені шешуге бағытталған портфолио	Нақты мәселені шешудің мақсаттарын, шешу үдерісі мен нәтижелерін көрсететін барлық материалдар
	Тақырыптық портфолио	Белгілі бір тақырып (немесе модул) аумағында білім алушылардың жұмысын көрсететін материалдар

Портфолио біз ұсынып отырған «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» деп аталатын элективті курсты оқыту барысында пән мазмұнына қарай жетістіктер портфолиосын жинақтау тапсырылды. Білім алушыларға оны жүргізуге қойылатын талаптар мен бағалау критерийлері алдын-ала беріліп қойды. Білімгерлер қызыға айналысқан бұл жұмыс олардың пәнді игеру деңгейлерін анықтауға ықпал етті.

Бұл ретте біздің зерттеуімізге сәйкес, болашақ педагог-психологтардың алдағы кәсіби іс-әрекетінің өнімділігін арттыру үшін ішкі күштерін, оның әлеуетін дамыту маңызды болады. *Сол себептен, құрастырылған психологиялық тренингте мына мәселелерге баса назар аударылды:*

- тұлғаның кәсіби жетістіктерге жетуге бағдарлануы;
- ішкі мотивациясының болуы, болашақ педагог-психологты дамыту мен тәрбиелеу;
- ынтымақтастыққа қабілетті танымдық іс-әрекеттің субъектісі ретінде болашақ педагог-психологтардың өзін-өзі дамытуы;
- дамыта оқытуға сүйене отырып, оқытудағы табыстылықты арттыру тактикасының болуы.

Психологиялық тренингтің негізгі ерекшеліктері болашақ педагог-психологтардың өзін-өзі дамыту кезеңдерін жүзеге асыру болып табылады:

- өзін-өзі жетістіктерге жетуге деген қажеттілікті қалыптастыру;
- өзінің жетістіктері мен кемшіліктеріне өзіндік талдау жасау;
- өзін-өзі ретке келтіру;
- рефлексияны жетілдіру;
- болашақ педагог-психологтардың өзіндік санасын білім беру субъектісі ретінде дамытуға көмектесу.

Осыған орай, психологиялық тренинг көптілді білім беру жағдайында еңбек етуге қажетті кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағдарланған. Ол үшін құзыреттілікті дамытуға негіз болатын мәнді сапаларын қалыптастыруға бағытталған жұмыс түрлерін қамтиды.

Болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына қажетті кәсіби сапаларына мына төмендегілер жатады:

- эмпатия, креативтілік, эмоциялық тұрақтылық, бақылағыштық, тыңдай білу білігі, жауапкершілік, рухани-адамгершілік, рефлексия және т.б.

Психологиялық тренингтердің мақсаты: болашақ педагог-психолог мамандығы бойынша білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Міндеттері:

- болашақ педагог-психологтардың сыни ойлауын дамыту;
- болашақ мамандықтарына қажетті кәсіби маңызды қасиеттерін дамыту және өзін-өзі дамытуға, өзектілендіруге дайын болуға ықпал ету;

- өзінің педагогикалық көзқарастары мен ұстанымдарын талдауға, тұлға және кәсіби маман ретінде жеке қасиеттерін ескеруге дайын болу мотивациясын қалыптастыру және олардың кәсіби іс-әрекеттің дамуына әсерін тигізетінін ұғындыру, мамандыққа деген қатынасындағы маңызды өзгерістерді өндіру қабілеттерін қалыптастыру;

- өзін-өзі тану мен дамытуда белсенді позициясын ұстануға бағдарлау және рефлексиялық ойлауын дамыту.

Психологиялық тренингті құрастыру барысында мәдени білім беру үдерісінің көптілділік ұстанымы, полимәдениеттік толеранттылық ұстанымы, мәдениеттер диалогы ұстанымы, тұлғаның өзін-өзі белсендендіру ұстанымдары басшылыққа алынды.

Эксперимент барысында болашақ педагог-психологтар алдымен кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тренингінің негізгі бағыттарымен танысты. Соның ішінде, өзіндік жұмыстарды орындау арқылы көптілді білім беру жағдайында болашақ маманның кәсіби-маңызды қасиеттерін дамыту жолдарын зерттеп, оның әдіс-тәсілдерін игерді. Нәтижесінде кәсіби құзыреттілікке әсер ету маңыздылығын ұғынып оқытушының басқаруымен психологиялық тренингтердің жоспары әзірленді.

Ұсынылып отырған бағдарлама мазмұнында төмендегі тақырыптар қамтылған психологиялық тренингтер өткізу қарастырылған:

1. Өзінің «Менін» ұғыну.
2. «Командалық даму».
3. «Креативтілік туралы пікір қалыптастыру».
4. «Тұлғалық өсу».
5. «Кәсіби өсу».
6. «Эмпатияны дамыту».
7. Психологтың кәсіби сапалары.

Өзінің «Менін» ұғыну жаттығулары болашақ педагог-психологтардың өзінің әлсіз және мықты қасиеттерін ұғынуға көмектеседі және оларды біртұтас қарастыруға мүмкіндік береді, өз мінез-құлығының түрткілерін анықтауға, оларды түсінуге ықпал етеді.

«Командалық даму» жаттығулары топта бірлесе жұмыс жасауға, өзгенің пікірін қабылдауға және оны тыңдай білуге үйретеді, ынтымақтастықта жұмыс істеу стилімен танысады.

«Креативтілік туралы пікір қалыптастыру» жаттығуы шығармашылық үдерістің кезеңдерін және креативтіліктің көрініс беруіне теріс ықпал ететін

кедергілерді ұғынуға ықпал етеді. Тренингтегі жаттығулар көптілді білім беру жағдайында тұлғаның негізгі қасиеті ретінде қарастырылатын креативтіліктің белгілі бір жақтарын дамытуға бағытталған: ерекшелік, танымалдық, тапқырлық, сыни ойлауы, бақылағыштық және т.б.

«Тұлғалық өсу» жаттығулары жаңа тәжірибені сезіну, өз құндылықтарын ұғыну, шығармашылық ойлауын оятуға бағытталған, танымдық іс-әрекетіне, жалпы қабілеттілігін дамытуға, кез-келген іс-әрекетте тұлғаның жетістігін қамтамасыз етуге, кәсіби міндеттерді саналы түрде ұғыну арқылы тұлғалық жауапкершілік сферасын түсіну, өз жауапкершілігіне сәйкес әрекет ету механизмдерін игеруге көмектеседі. Сонымен қатар болашақ мамандығы бойынша кәсіби нормаларды орындаудың маңыздылығын түсінеді.

«Эмпатияны дамыту». «Эмпатия» ұғымымен таныстыру. Жаттығулар болашақ педагог-психологтардың өзінің сезімдері мен сезінулерін ұғыну, психологиялық бақылағыштықты дамыту, серіктесінің вербалды емес белгілерін, «оқу» дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Педагогикалық қызметтегі «эмпатияның» маңыздылығын түсіну. Сонымен қатар, рефлексиялық ойлауды дамытып, өз іс-әрекетінің нәтижелерін өзіндік бағалауға сыни тұрғысынан қарау дағдыларын жаттықтырады. Рефлексияның дамуы барлық жаттығулардың аяқталуымен сұрақтар арқылы анықталынады. Рефлексияның дамуы өз ойлары мен сезінулерін үнемі айтып беру арқылы олар кері байланыспен толықтырылып тұрады.

Тренингтің атрибуттары: рөлдік ойындар, сахналау ойындары, жаттығулар мен тапсырмалар. Тренингтің өтілу реті тренингке қатысушылардың белсенділігінің көрініс беруіне ықпал етті: физикалық (түрлі суреттер салынды, түрлі қимыл-қозғалыстар жасады); коммуникативтік (сұрақтарды талқылап, сұхбатқа түсті, топтық жұмыста қатынастар орнатып, идеяларды ұсынды), танымдық (интеллектуалдық), қосымшалар мен түзетулер, өз пікірлерін білдірді, өз тәжірибесімен бөлісті, проблеманың себебін анықтады, жеке немесе топтық идеялар туындап, оларды талдап, дәйектемелер келтірді.

Сонымен қатар, кәсіби құзыреттілікті дамытуға арналған тренингтерді жүргізу барысында болашақ педагог-психологтар оқытушымен бірге өзінің кәсіби құзыреттілік қасиеттерін сезінуге дағдыланды. Ол үшін оқытушы оларға жеке немесе ұжымдық міндеттерді шешу варианттарының көптүрлілігін көру қабілеттілігін дамытуды ұсынды. Болашақ педагог-психологтарға кәсіби, яғни, педагог-психологтық жағдайға байланысты мәселелерді шешу тапсырмалары берілді. Оның барысында болашақ педагог-психологтар мәселені шешудің көптүрлі жолдарын ұсынып, ең тиімдісін анықтай алды. Осылайша, болашақ педагог-психологтардың кәсіби қасиеттерін дамыту үшін олардың ойлау жылдамдығын, тапқырлығын, бақылағыштығын, қиялын дамытуға бағдарланған психологиялық жаттығулар ұсынылды. Мысалы, «шатасу» жаттығуы барысында сыни ойлау арқылы шешімді талап ететін топта мәселелік жағдаятты моделдеді. Топтағы идея берушіні орындаушысын және ұйымдастырушысын анықтауға мүмкіндік берді.

Біз көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттіліктің маңызын

болашақ педагог-психологтарға түсіндіру үшін біріншіден, оның сипаттамасымен таныстырдық, одан кейін тұлғаның шығармашылық қабілеттерін дамытуға ортаның ерекшеліктерін бірге зерттедік. Осындай тренингтік сабақта болашақ педагог-психологтар топ болып, арнайы шығармашылық ортаны құру барысындағы міндетті түрде келесі қағидалардың сақталуын қамтамасыз ету керектігін түсініп, қорытынды жасадық, тұлғаның өзін-өзі белсендендіру ұстаным негізінде құрылады:

- ортада әр тұлғаның ерекшеліктері ескеріледі;
- жұмыс барысында тұлғаға өз шығармашылық әлеуетін жүзеге асыруға еркіндік берілді.

Нәтижесінде бірлескен шығармашылық әрекет болашақ педагог-психологтардың ынтымақтастық, шыдамдылық, ынталылық сияқты көптілді білім беру талаптарына сай адами қасиеттерді ұғынуына ықпал етеді, олардың өз күшіне, өзінің қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктеріне сенімдерін арттырды, жауапкершілікке, дербестілікке тәрбиелейді.

Жүргізілген осындай тренингтік сабақтардың ерекшеліктері: тренингтік сабақта субъект-субъектілік қатынастар орнатылады, оқытушы мен тренингке қатысушылар арасындағы байланыстар субъектілік көзқарас тұрғысынан құралады.

Сонымен, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру тренингтерін жүргізу барысында ең бастысы – білім алушылардың танымдық әрекеттен болашақ мамандығы аясында өзін-өзі жетілдіруге, өзінің көптілді білім беру жағдайындағы өзгерістердің жағымды жағына қарай ұмтылыстарын қалыптастыру бағытында кәсіби-шығармашылық іс-әрекетінің элементтерін орындауға және сол іс-әрекетке дайындық барысындағы өзінің әрекеттеріне баға беруге, оларды талдауға бағытталды. Зерттеу жұмысының нәтижелілігі – тренингке қатысқаннан кейін болашақ педагог-психологтардың қарым-қатынас барысында өздерін ұстауы, сөйлеу мәнері мен мәдениетінің жоғарылағандығын аңғартады.

Қазіргі уақытта ең басты мақсат – болашақ педагог-психологтарды өзінің тұлғалық, кәсіби қорларын пайдалануға және тұтас педагогикалық қызметтің жеке жүйесін құра білуге үйрету болып табылады. Сондықтан тұлғаның кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды жоғары оқу орындарында білім беру жағдайында ұйымдастыру үдерісінің біз ұсынып отырған модель жүзеге асырған жағдайда өзбетімен білімін дамыта алатын, дүниетанымы кең, көптілді ойлауға бейім тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдаймыз.

Тұлғалық деңгейінің жоғарылаған сәтінде болашақ педагог-психологтың коммуникативті құзыреттілігі – өз ісіне деген жауапкершілігі артып, табандылығы, батылдығы қалыптасады. Бұл сапалар оның өз мақсаттарына жетуге бастайтын алғашқы деңгейі деп түсінеміз.

Инновациялық оқытуда қолданылған әдістің бірі – коучинг (ағылш. coaching – оқыту, жаттықтыру) – консалтинг және тренинг әдісі, классикалық консалтинг пен тренингтен айырмашылығы – коуч кеңес және қатаң ұсыныстар бермейді, ол шешімді клиентпен бірлесе отырып іздестіреді. Ал психологиядан айырмашылығы коучингтегі мотивацияның бағытында. Коучпен жұмыс істеуде

белгілі бір мақсатқа, өмірде және жұмыста жаңа позитивті тұжырымдалған нәтижелерге жету ұйғарылады. Егер анықтаманы талдай кетер болсақ, коучинг адамға немесе компанияға мақсатқа, нәтижеге жетуге көмектеседі. Коучингті меңгерген маманды «коуч» не «коучер» деп атайды.

Коучингтің басқа әдістерден жалпы айырмашылықтарын да қарастырып өттік. Енді артықшылықтарына ден қойсақ: коучинг – өте табиғи, яғни, коучингте жалпылау немесе жалпылама шешім деген жоқ. Әр қойылған мақсат, әр табылған шешім сол адамның не компанияның ерекшеліктері мен артықшылықтарына тән болады. Коучинг – өте икемді, өмірдің кез-келген саласында қолдануға мүмкіндік береді және өте тиімді, коучингті қолдану арқылы уақытты да, ақшаны да әлдеқайда тиімді етіп қолдануға болады, коучинг – адамды жауапкершілікке тәрбиелейді, жауапкершілік өте кең және терең мағынасында.

Коучинг адамды өзінің шын арман-мақсаттарымен, құндылықтарымен түйістіреді. Бұл тізімді әлі де жалғастыра беруге болады, бірақ біз ең маңыздыларын атап өттік. Айтылғандарды қорытындылай келе жасайтын тұжырымымыз: коучинг қазіргі кезде болашақ мамандарды дайындауда, олардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытуды тиімді шешуге орасан зор мүмкіндік беретін әдістің бірі.

Осы айтылғандардың тәжірибелік жұмыстар барысындағы тиімділігін эксперимент кезіндегі бақылау және эксперимент топтарындағы көрсеткіштер нәтижелері келесі 3.3 параграфта қарастырылады.

3.3 Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс қорытындылары

Параграфтың мақсаты – болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына сәйкес құзыреттіліктерінің бастапқы жағдайын анықтау және қалыптастыруға бағытталған мақсатты ұйымдастырылатын тілдік, танымдық және психологиялық бағыттағы ұйымдастырылған жұмыстардың тиімділігін тексеру, нәтижелерінің дәйектілігін дәлелдеу.

Зерттеу мәселесі бойынша жүргізілген эксперименттік жұмысымыздың базасы ретінде Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті. Эксперименттік жұмысымызға университеттің 5B010300 – «Педагогика және психология» мамандығы, 6B01101 – «Педагогика және психология» бағдарламасының білім алушылары қатысты. Олардың жалпы саны – 240 (бақылау тобына – 100 және тәжірибелік топқа – 140 білім алушы).

Эксперименттік жұмысты бастамас бұрын оны ұйымдастырудың ретін жоспарладық:

Эксперименттік-тәжірибелік жұмысты жүзеге асыру алгоритмі:

- Эксперименттік (ЭТ) және бақылау топтарының (БТ) білім алушыларының кәсіби құзыреттілік, көптілді білім беру жағдайына байланысты білімдегі басымдылықтар жайындағы бастапқы деңгейлерін, олардың өзара

сәйкестігін айқындау.

- Эксперименттің мазмұнына сай жүргізілген жұмыстардың топқа әсер ету жағдайларын анықтау.

- Алынған мәліметтер бойынша эксперименталды және бақылау топтарының соңғы нәтижелерінің айырмашылықтарын айқындап, сипаттау.

Жұмыстың 3.2 параграфында қарастырылған біз дайындаған бағдарламаның мазмұны мен жүйесі заманауи кәсіби құзыреттіліктерді дамытуды көздейді. Осы бағдарламаның тиімділігін дәлелдеу үшін зерттеу жұмысымыздың құрылымдық-мазмұндық сипаттамасын жүйелеп, алгоритмін келесі 15 кесте арқылы беруді жөн көрдік.

Кесте 15 – «Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру» бойынша тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың құрылымдық-мазмұндық сипаттамасы

Бағыт атауы	Білім берудің интенсивті компоненттері	5B010300 – «Педагогика және психология» мамандығының ҚР МЖМБС құзыреттілік атауы	6B01101 – «Педагогика және психология» ББ құзыреттілік атауы	Зерттеу әдістері	Дидактикалық әдістер мен стратегиялар
1	2	3	4	5	6
Тілдік (эксперименттің 1-2 кезеңі: анықтаушы, қалыптастыру)	Кәсіби бағытталған шет тілі. «Кәсіби орыс (қазақ) тілі», «English Club» жоспары	Әлеуметтік-этикалық: мемлекеттік тілді, ұлтаралық қарым-қатынас тілді меңгеруі, бір шет тілін қолдана білуі; өзінің кәсіби еңбегінің нәтижесі үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезінуі, кәсіби бірлестікпен қарым-қатынас жасай білуі қажет.	Пәндік және жеке тұлғалық: Білім алушылардың пәндік және жеке білім беру нәтижелерінің психологиялық- педагогикалық диагностикасын жүзеге асыру, стандартты түзету-дамыту әдістері мен технологияларын қолдану. Жалпы құзыреттілік: психологиялық-педагогикалық білім берудің мақсатымен міндеттерін түсіну құзырлылығына ие болуы.	Байқау талдау, сауалнама	Белсенді оқыту, ынтымақтастық оқыту педагогикасы
Танымдық (эксперименттің 2-3 кезеңдері: қалыптастырушы, бақылау)	1. «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» пәні; 2. «Оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру	Жалпы құзыреттілік: психологиялық- педагогикалық білім берудің мақсаты мен міндеттерін түсіну құзырлылығына ие болуы; Кәсіби құзыреттілік: кәсіби психологиялық мүмкіндіктерін пайдалану	Кәсіптік; Жеке тұлғалық: Білім алушылардың кәсіптік өзін-өзі айқындауын белсендіру үшін білім беру үдерісі субъектілерінің дамуы мен дамуының психологиялық проблемалары бойынша психологиялық консультациялар жүргізу.	Бақылау, байқау, сұхбат, сауалнама	CLIL технологиясының стратегиялары: Көп жақты фокус; Қауіпсіз оқу ортасы; Түпнұсқаға және дереккөзге жақын болуы; Белсенді оқыту;

15 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
		негізінде еңбек тиімділігін көтеруге даярлығының болуы. Экономикалық ұйымдастыру, басқару: оқушылар ұжымын басқару дағдыларын меңгеруі; психологиялық-педагогикалық менеджмент бойынша білімін жүйелі көтеріп отыруы қажет.			Ынтымақтастық
Психологиялық (эксперименттің 2-3 кезеңі қалыптастырушы бақылау)	Психологиялық тренингтер	Жалпы құзыреттілік: психологиялық-педагогикалық білім берудің мақсаты мен міндеттерін түсіну құзырлығына ие болуы; Кәсіби құзыреттілік: кәсіби психологиялық мүмкіндіктерін пайдалану негізінде еңбек тиімділігін көтеруге даярлығының болуы.	Психологиялық және педагогикалық: Критериалды (формативті және жиынтық) бағалау стратегиясын қолдану; оқу нәтижелерінің жетістіктерін тіркеу қабілеті; психологиялық-педагогикалық орта жағдайын талдау және білім беру үрдісіндегі қауіптерді болжау, олардың алдын-алуды жүзеге асыру.	Бақылау, сауалнама, әңгімелесу, пікірталас	CLIL технологиясының стратегиялары: Қауіпсіз оқу ортасы; Түпнұсқаға және дереккөзге жақын болуы және т.б.

Эксперименттің құрылымдық-мазмұндық сипаттамасынан көріп тұрғанымыздай, әрбір бағыт болашақ педагог-психологтың қазіргі заманғы құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған және белгілі бір кезеңде іске асырылады.

Зерттеу мақсатымызға сәйкес, тілдік бағытты зерттеу эксперимент жұмыстарының анықтаушы және қалыптастырушы кезеңдерінде жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысының анықтаушы кезеңінде тілдік бағытта байқау, сауалнама, дидактикалық процесті бақылау және т.б. зерттеу әдістері жүргізілді.

Анықтаушы кезеңде ең алдымен, «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарларын саралап, талдадық. Осы талдаулар барысында «Кәсіби бағытталған шет тілі», «Кәсіби орыс (қазақ) тілі» пәндерін оқыту арқылы білім бакалаврларының бойында *әлеуметтік-этикалық, пәндік және жеке тұлғалық құзыреттілігін* қалыптастыруға бағытталғандығын байқадық. Мысалы,

- қазақ (орыс), ағылшын тілдері бойынша теориялық білімдерін шетелдік лексика арқылы тереңдетіліп, практикалық тілдік дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді;

- қазақ (орыс), ағылшын тілдері бойынша лингвистикалық құзыреттілікті дамытуға бағытталу;

- мемлекеттік және басқа тілдердегі ерекшеліктер табысты және жағымды іскерлік коммуникацияны көрсетеді және тіл мәдениетін меңгеруге мүмкіндік береді;

Әлеуметтік-этикалық құзыреттілік: мемлекеттік тілді, ұлтаралық қарым-қатынас тілді меңгеруі, бір шет тілін қолдана білуі; өзінің кәсіби еңбегінің нәтижесі үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезінуі, кәсіби бірлестікпен қарым-қатынас жасай білуі қажет.

Пәндік және жеке тұлғалық құзыреттілік: Білім алушылардың пәндік және жеке білім беру нәтижелерінің психологиялық-педагогикалық диагностикасын жүзеге асыру, стандартты түзету-дамыту әдістері мен технологияларын қолдану.

Жалпы құзыреттілік: психологиялық-педагогикалық білім берудің мақсаты мен міндеттерін түсіну құзырлылығына ие болуы.

Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың *кәсіби құзыреттілігін* қалыптастыруда «Кәсіби бағытталған шет тілі», «Кәсіби орыс (қазақ) тілі» пәндерінің маңыздылығын айқындау үшін сауалнама сұрақтары құрастырылып, студенттерге жүргізілді.

Жүргізілген сауалнама сұрақтарының мазмұны:

1. Қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық саласында қай тілдерді жиі қолданылады?

2. Болашақ педагог-психологтың оқу-кәсіби саласындағы пайдаланатын негізгі тілдік ортасы қандай болуы мүмкін?

3. Қазіргі қоғамдағы тілдің үштұғырлы саясатын қалай түсінесіз?

4. Күнделікті қолданыста қай тілге сүйенесіз? Себебі:

5. Қазақ тілінің рөлін қалай бағалайсыз?

Жүргізілген сауалнама сұрақтарының мазмұнын талдайтын болсақ, мысалы:

Бірінші сұраққа 140 студенттің 81-і, 58,2% әлеуметтік-тұрмыстық салада жиі қолданылатын қазақ, орыс, ағылшын тілдері десе, ал қалған 59 студент – 41,8% қазақ, өзбек, түрік, орыс және т.б. тілдерінің әлеуметтік-тұрмыстық салада кеңінен қолданылатындығы жайында жауап берген.

Екінші сұраққа, болашақ педагог-психологтың оқу-кәсіби саласындағы пайдаланатын негізгі тілдік ортасы заманауи талаптарға сай үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) болуы мүмкін деп жауап бергендердің саны – 52%, 73 студент, тек қазақ тілінде болуы мүмкін деп жауап бергендер – 28 студент, 20%, қалған 39 студент 28% қазақ, орыс тілдерінде болады деп сенімді түрде берген жауаптарын байқатты.

Үшінші сұраққа, қазіргі қоғамдағы тілдің үштұғырлы саясатын 54 % 76 студент – болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігі мәселесімен байланыстырса, 30 студент 21% – қоғамның өркениет дамуындағы мәселемен түсіндірсе, 34 студент 25% – еліміздің 30 елдің қатарына кірудегі әлеуметтік-экономикалық саясатымен байланыстырып, түсіндіруге тырысқан. Соңғы екі сұрақтың пайыздық көрсеткіштері: 80-і, 58,3 % әлеуметтік-тұрмыстық салада жиі қолданылатын қазақ, орыс, ағылшын тілдері десе, ал қалған 60 студент – 41,9% қазақ, өзбек, түрік, орыс және т.б.сүйенетін тілдерін атады. 90% студент қазақ тілінің рөлін жоғары бағалайды, келешегі бар тіл деп түйіндейді.

Жоғарыда жүргізілген сауалнаманың мазмұнын талдау, тілдік бағыттың қалыптасу деңгейлері диссертациялық жұмыстың 2.3 параграфындағы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінде көрсетілген деңгейлерге сәйкес анықтадық. Мысалы, жоғары деңгей – 54,7%, орта деңгей – 20,5%, төмен деңгей – 31,6% екендігін анықтадық.

Сонымен, бізге «Кәсіби бағытталған шет тілі», «Кәсіби орыс (қазақ) тілі» пәндерін оқытумен қатар, олардың бойында практикалық білім, іскерлік, дағдысын қалыптастыру үшін арнайы бағдарламалар дайындаудың қажеттілігін байқатты.

Қалыптастырушы кезеңде аталмыш пәндерді оқыту білім алушылардың әлеуметтік-этикалық, пәндік және жеке тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді. Дегенмен, білім алушылардың пәндік және тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру, көптілді білім беруді қарқынды дамыту мақсатында «English Club» жоспары бойынша жүйелі жұмыстар жүргіздік.


«English Club» жоспарының мақсаты – болашақ педагог-психологтарды көптілді ортада психологиялық қызмет көрсетуге даярлау және олардың тілдік, пәндік және жеке тұлғалық құзыреттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндіктер жасау.

Қалыптастыру кезеңінде бастапқыда жүргізілген сауалнама сұрақтары студенттерге қайта алынып, тілдік бағыт бойынша жүргізілген тәжірибелік жұмыстың нәтижесін келесі 16-кесте арқылы көрсетуді ұйғардық.

Кесте 16 - «Тілдік» бағыт бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері

Деңгейлері	Эксперименттік топ % (140 студент)	Бақылау тобы % (100 студент)	Эксперименттік топ % (140 студент)	Бақылау тобы % (100 студент)
	Қалыптастырушы экспериментке дейін		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
Жоғары	77 (54,7)	44 (44)	92 (65,7)	46 (46)
Орта	29 (20,5)	24 (24)	30 (21,1)	27 (27)
Төмен	45 (31,6)	22 (22)	18 (13,2)	27 (27)

Жоғарыдағы кестеден байқап отырғанымыздай, авторлық бағдарламаның бірінші бағыты бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының оң нәтиже бергендігін және қалыптастыру жұмыстарының тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар, авторлық бағдарламаның бірінші бағыты бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстарының қалыптасу динамикасының өсуі, яғни дамуы бар екендігін көруге болады. Оны келесі 14 суреттен көруге болады.



Сурет 14 - «Тілдік» бағыт бойынша көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу динамикасы

Жоғарыдағы суреттен, болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуында анықтаушы экспериментке қарағанда әлдеқайда ілгерілеушілік бар екендігі байқалады. Дегенмен, біз дайындаған бағдарламаның тілдік бағыттағы зерттеу жұмыстарын одан әрі жетілдіру үшін, екінші бағыт – танымдық бағыттағы жұмыстардың маңызы зор.

Екінші бағыт – танымдық бағыттағы жұмыстар 6B01101 – «Педагогика және психология» бағдарламасы жұмыс оқу жоспарына сәйкес, «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы», «Оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру» пәндерін оқыту арқылы жүзеге асырдық. Зерттеу жұмысының барысында білім беру бағдарламасын құрастыруда, аталмыш пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешен даярлауда және осы пәндердің ОБСӨЖ сабағына қосымша тақырыптар енгізіп өз үлесімізді қостық. Мәселен, «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» курсы бойынша ғылыми-әдістемелік ұсынысымыз бойынша диссертациялық жұмыстың 3.2 параграфында айтылып өткен.

Зерттеу жұмысының қалыптастыру кезеңінде біз ұсынған *танымдық бағыттың негізгі мақсаты*: білім алушылардың бойында жалпы, кәсіби, экономикалық ұйымдастыру, басқару, жеке құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейді. Осы мақсатты жүзеге асыруда білім алушылардың психологиялық білімдерін, көзқарасын кеңейту, *пәндік, тілдік және ақпараттық-коммуникативтік, мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруға* бағыттау жұмыстары жүргізілді.

Жоғарыда сипатталған әдістемелер зерттеу барысында жүргізілген тәжірибелік экспериментте сыннан өткізілді. Олар біз басшылыққа алып отырған CLIL технологиясының стратегияларына жатады. «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы», «Оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру» атты элективті курстардың мазмұнын жүзеге асыру барысында білім алушылардың дара тұлғалық қабілеттерін, кәсіби әрекетін жаңашылдық талаптарға сай ұйымдастыру, пәніне қатысты жаһандық жаңалықтарды тиімді пайдалана алу, кәсіби ұтқырлықпен таныту, әлеуметтік субъектілермен әрекеттесе алуды меңгерту сипатындағы жаттығулар мен тапсырмалар сынақтан өткізілді. Сонымен қатар, академиялық оқу топтарында білім алушылардың аудиториядан тыс ұйымдастырылатын өзбетінше жұмыстарында білім алушылардың зерттеушілік дағдысы, өмір бойы оқу қабілеті, сыни тұрғыда ойлау қабілеті, шешендік өнер, көптілділік қабілеттерін қалыптастыруға арналады.

Әр тақырыптың мазмұнына сай таңдалып алынған әдістер мен жұмыс түрлерінің ең алдымен тақырыптың мазмұнын терең ашудағы әлеуетіне баса назар аударылды. Мазмұнның мағынасын ашуға көмектесетін әдістерді дұрыс таңдау міндетін жүктеді. Сонымен қатар білім алушылардың біз іздестіріп отырған кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасуына тиімді әсер етуі ойластырылды. Таңдалған әдістермен білім алу жұмысын ұйымдастыруда білім алушылардың субъектілігіне, бірлесіп тануға, білім мен тәжірибе жинақтауға жағдай жасалуына, талданып отырған жағдаятты басынан өткізулеріне көңіл

бөлінді. Болашақ педагог-психологтарға өте қажет педагогикалық әрекетті жүзеге асырудағы шығармашылық, өзін-өзі ұйымдастыра алу мен жасаған жұмысына рефлексия жасай алуға қабілеттіліктің дамуына ықпал ету басты назарда ұсталды. Бұл бағыттың мақсатын жүзеге асыру мақсатында білім алушылармен бірге бақылау, байқау, сұхбат, сауалнама жүргізілді.

Қойылған мақсаттарға сай «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы», «Оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру» атты элективті курстарды жүргізуде қолданылған белсенді әдістерден мысалдар келтіруді жөн көрдік.

Зерттеу жұмысын жүргізу барысында дайындалған элективті курстың алғашқы «Көптілді білім беру – әлеуметтік феномен ретінде» тақырыбын өтуде білім алушыларды белсендіру үшін алдымен білім алушылар топтарға бөлініп, «көптілді білім беру» дегенді қалай түсінесіңдер деген сұрақ арқылы ой талқы әдісі қолданылды. Ойланып бірлескен пікірлерін қағазға түсіру үшін берілген 3 минуттан соң, алынған жауаптарда: «көптілді білім беру әлемдік құбылыс, ғаламдану, интеллектуалдық индустриялар экономикасы, ақпараттық қоғам болу, техникалық революция және т.б.» деген пікірлер білдірді.

Бұдан кейін топтарда білім саласындағы көптілді білім беру үдерістердің көріністеріне мысалдар келтіру тапсырылды. Білім алушылар оларға Болон үдерісінің енуі, шетелдерге барып оқу, тағылымдамалардан өту, шетелдік ғалымдардың университетке шақырылуы, жаңа технологиялардың пайдаланылуы сияқты мысалдар келтірді. Әрі қарай оқытушы мультимедиялық презентация пайдалана отырып, көптілді білім беру феноменіне тоқталады. Бұл жағдайда да ол білім алушыларды талдау, түсіну әрекетіне қатыстырып отыру ойластырылды.

Сабақ соңында кері байланыс жасау үшін «Мен бүгін не үйрендім?», «Оны қайда пайдаланамын?», «Болашақ педагог-психолог ретінде нені жасауға машықтандым?» түріндегі сұрақтарға жазбаша жауап жазу сұралды.

Осылайша ұйымдастырылған сабақ білім алушыларды ең алдымен белсенді ізденуші жағдайына қойып, субъектілігінің жетілуіне ықпал етті деуге болады. Бастысы болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру, көптілді білім беру мәселелер, олардың білім жүйесіне әсері туралы білімдері толықтырылды, өздерінің соған байланысты кәсіби дайындығы деңгейінің жоғары, қажетті сапаларының қалыптасқан болуы керектігін ұғынды. Оларды біз сабақтан кейін жүргізілген кері байланыс парақтарын талдау барысында анықтадық.

«Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы», «Оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру» атты элективті курстың ОБСӨЖ сабағын жүргізу барысында бақылау тобы білім алушылары жұмысымыздың алдыңғы бөлімінде сипатталған *портфолио* жүргізіп отырды. Білім алушылар портфолиосы олардың пәннің мазмұнына сай жинақтаған материалдарынан, өз шығармаларынан, семинарларда және ОБСӨЖ сабақтарында дайындаған сызба, кестелерінен тұрды. Білім алушылардың пәнді оқу негізінде қол жеткен білімдік жетістіктерін бағалау үшін осы құрал таңдалып алынды. Портфолионы бағалауда оның құрылымына, білім алушының ойлау дербестігіне,

шығармашылық деңгейіне, сонымен қатар олардың өзін-өзі сәйкесінше бағалау дағдыларына назар аударылды.

Төменде пәнді жүргізу аясында жүргізілген білім алушылардың портфолиосын бағалау критерийін келтіріп отырмыз (кесте 17).

Кесте 17 - Білім алушылардың портфолиосын бағалау

Критерийлер	Қойылатын балл	Білім алушының өз бағасы	Оқытушының түйіндемесі
Барлық бөлімдер қамтылған	2		
Өз тарапынан бөлім енгізген	5		
Портфолионы жинақтауда зерттеу әдістерін пайдалануы	10		
Портфолионы жинақтаудағы дербестік	10		
Материалдарды безендірудегі шығармашылық	8		
Портфолионың білім алушы үшін пайдасы (қорытынды жасау)	10		
Материалдарға берілген пікірлер	5		
Білім алушының ой-толғанысынан туындаған материалдар	10		
Портфолионы жариялау, қорғау (презентация)	10		
Барлық балл саны	70		

Жоғарыда сипатталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың қорытындысын шығару үшін 3.2 тарауында көрсетілген авторлық сауалнама мен тесттер бойынша қайта бақылаулар жүргізіліп, нәтижелер алынды. Енді қалыптастырушы эксперименттің қорытындыларына тоқталайық. Авторлық сауалнаманың нәтижелері.

Кесте 18 – Білім алушылармен жүргізілген авторлық сауалнама кестесі

Сауалнама сұрақтары	Ия	Жоқ	Білмеймін
1	2	3	4
Көптілді білім беруден тыс қалуға бола ма?	74%	9%	17%
Болашақ педагог-психологтарға көптілді білім беруге байланысты жаңа құзыреттіліктер болуы керек пе?	79%	7%	14%
Қазіргі білім алушылар арасындағы қарым-қатынаста көптілді білім беру жағдайындағы құзыреттіліктер бар деп ойлайсыз ба?	80%	5%	15%
Көптілді білім беру жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілікке болашақ педагог-психологтар өз бетінше бейімделе ала ма?	70%	16%	14%
Қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында арнайы құзыреттіліктерді қалыптастырудың қажеттілігі бар ма?	75%	10%	15%

1-сұрақ бойынша білім алушылар «Көптілді білім беруден тыс қалуға бола ма?» деген сұраққа 74% – «Ия», 9% – «Жоқ», 17% – «білмеймін» деп жауап берді. Ал, «Болашақ педагог-психологтарға көптілді білім беруге байланысты жаңа құзыреттіліктер болуы керек пе? - деген 2 сауалға: 79% – «Ия» десе, 7% – «Жоқ», 14% – «білмеймін».

Сауалнамамыздың нәтижесін одан әрі толықтыру барысында «Қазіргі адамдар арасындағы қарым-қатынаста көптілді білім беру жағдайындағы құзыреттіліктер бар деп ойлайсыз ба?» деген 3 сұрақтың нәтижесі 80%-ы – «Ия», 5%-ы – «Жоқ», 15% – «білмеймін».

«Көптілді білім беру жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілікке болашақ педагог-психологтар өз бетінше бейімделе ала ма?» - деген 4 сұраққа 70% – «ия», 16% – «жоқ», 14% – «білмеймін» - деп жауап берді. Білім алушылардан осындай нәтижелер алдық.

«Қазіргі қашықтықтан оқыту жағдайында арнайы құзыреттіліктерді қалыптастырудың қажеттілігі бар ма?» - деген 5 сұраққа 75% – «ия», 10% – «жоқ», 15% – «білмеймін» - деп жауап берді.

Сонымен, білім алушылардан алынған жауап нәтижелері олардың кәсіби құзыреттіліктерді дамытудың қажеттілігін және оған дайындығын, қоғамға аса маңыздылығын көрсетіп отыр.

Дегенмен, әлі де болса білім алушылардың күрделі тақырыптарды кеңінен талдауға, өздігінен ізденіп, дербес шығармашылық жұмыспен айналысуға батыл қадамдарының болмауы арнайы берілген тапсырмаларды орындауда оқытушының көмегінсіз жұмыстар атқарудан бас тартулары білім алушыларды өз білімдері мен түсінігін тәжірибеде кеңінен қолдану қажет екенін аңғартты.

Бақылау топтарында алынған көрсеткіштер анықтаушы эксперименттің көрсеткіштерін қайталады. Сонымен эксперименттік топтағы білім алушыларының зерттеу мәселемізге сәйкес төмендегідей білім қалыптасқанын аңғардық:

- Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің мәні және оларды пайдалану бағыттары туралы білімі;

- Алған білімді білім алушылардың жас және дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып, педагогикалық, оқу-тәрбиелік және ғылыми-әдістемелік міндеттерді шешу үшін нақты көптілді білім беру жағдайында педагогикалық жағдаяттарда қолдана білу;

- Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі негізінде білім беру мекемелерінің педагогикалық үдерісін құра білу;

- Болашақ педагог-психологтардың әртүрлі іс-әрекетін көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілік негізінде ұйымдастыру;

- Шығармашылық жұмыспен айналысу дағдыларын меңгеру;

- Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі негізінде оқу-тәрбие жобаларын жасау және жүзеге асыру;

- Инновациялық іс-әрекет түрлерімен шыңдалу дағдысы.

Эксперименттік және бақылау топтарын салыстыра келіп, эксперименттік


топта оң өзгерістер динамикасы ұсынылған, бұл көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілік бойынша қалыптасқан білімдерінің деңгейі жоғары білім алушылар тобының пайда болғанын және зерттелетін сапаның төмен деңгейінде тұрған білім алушылар санының азаюын көрсетеді. Бұл көрсеткіштер төменде берілген әдістемелер арқылы тексерілді.

Осыған байланысты Т.И.Ильиннің «ЖОО-да білім алу мотивациясын зерттеу» әдістемесін жүргізуді жөн көрдік. Себебі, бұл әдіс арқылы болашақ педагог-психологтардың бәсекеге қабілетті маман болуы үшін көптілді меңгеруі және оған қызығушылықтың сәйкес келуін анықтау мақсатында жүргіздік. Жұмыстың нәтижелерін төмендегі кестеден көруге болады (Кесте 19).

Кесте 19 – Т.И.Ильиннің ЖОО-да білім алу мотивациясын зерттеу әдістемесінің нәтижелері

Шкалалар	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы
	Қалыптастырушы экспериментке дейін		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
«Білім алу» шкаласы	9,3%	10,3%	14,47%	11,37%
«Мамандықты игеру» шкаласы	8,27%	8,27%	13,43%	10,33%
«Диплом алу» шкаласы	13,43%	12,4%	3,10%	9,30%

Болашақ педагог-психологтардың ЖОО-да білім алу мотивациясының жағымды өзгергенін, мұндағы қалыптастырушы экспериментке дейін, қалыптастырушы эксперименттен кейінгі алынған нәтижелер арқылы кестеден байқаймыз.



Сурет 15 - Болашақ педагог-психологтардың ЖОО-да білім алу мотивациясының динамикасы

Диаграммадан эксперименттік топтың білім алуға мотивациялары (47%) және мамандықты игеру шкаласы бойынша нәтижелерінің жоғарылағанын байқаймыз. Мұны дәлелдеу үшін таңдау үлгілеріне арналған Уилкоксон Т-критерийі келесі формула бойынша есептеледі:

$T = \sum Rr$. Мұндағы $\sum Rr$ – көрсеткіштің типтік емес өзгерістерге сәйкес дәрежесінің қосындысы. №19 кестеден алынған 2 айырмашылық оң және тек 1-теріс екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіштің өсу бағытына ауысуының маңыздылығын білдіретін гипотезаны тұжырымдауға болады:

H_0 : Көрсеткіштің ұлғаю жағына қарай жылжудың қарқындылығы оның азаю жағына қарай жылжудың қарқындылығынан аспайды.

H_1 : Көрсеткіштің жоғарылау жағына қарай жылжу қарқындылығы оның төмендеу жағына қарай жылжу қарқындылығынан асады. Қатарлар бағаны бойынша қосындысы $\Sigma=6$. Бақылау сомасын есептеу негізінде матрицаның дұрыс жасалуын тексеру:

Бағандағы сома мен бақылау сомасы бір-біріне тең, демек, саралау дұрыс жүргізілгенін білдіреді.

Енді типтік емес өзгерістерді қарастырамыз, бұл жағдайда - теріс. Бұл ранг сомасының «сирек» ауысуы эмпирикалық Т-критерий мәнін құрайды:

$$T = \sum Rr = 3 = 3$$

Кесте бойынша $n=3$ үшін Вилкоксонның Т-критерий өлшемі үшін критикалық мәндерді табамыз:

$$T_{кр} = (p \leq 0.01)$$

$$T_{кр} = (p \leq 0.05)$$

Бұл жағдайда маңыздылық аймағы солға қарай бағытталады, егер «сирек» болса, бұл жағдайда теріс ауысулар мүлдем болмаса, онда олардың дәрежелерінің қосындысы нөлге тең болатын еді. Бұл жағдайда Т эмпирикалық мәні қажет емес аймақта: $T_{эмп} > T_{кр}(0,05)$. H_0 болжамы қабылданбайды.


Көрсеткіштің оң ығысу қарқындылығы теріс ығысу қарқындылығынан жоғарылайды ($p < 0,05$). Бұл біздің зерттеу жұмысымыздың нәтижелерінің сенімділігі мен болжамын растайды.

Эксперимент барысында студенттердің *Өзіндік даму деңгейі анықталды*. Мұндағы жұмыстың нәтижесінде болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілік бойынша білімдердің қалыптасқанын байқауға болады. Берілген сауалнама бойынша білім алушылардың 81% жоғары дұрыс жауаптар берді. Әдістемелердің нәтижелері кестеде көрсетілген:

Кесте 20 - Өзіндік даму деңгейін анықтау тестінің нәтижелері

Өзіндік даму деңгейін анықтау тесті		Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы
		Қалыптастырушы экспериментке дейін %		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
Өзіндік даму деңгейлері	Төмен	40%	43%	10%	40%
	Орташа	30%	33%	37%	40%
	Жоғары	30%	24%	53%	20%

Болашақ педагог-психологтардың өзіндік даму динамикаларын келесі диаграммадан да көруге болады. Мұндағы 1-қалыптастырушы экспериментке дейін, 2-қалыптастырушы эксперименттен кейінгі нәтижелері көрсетіліп тұр.



Сурет 16 – Болашақ педагог-психологтардың өзіндік даму динамикасы

Қалыптастырушы эксперименттің нәтижесінде тәжірибелік топ көрсеткіштерінің пайыздық үлесінің жоғарылағанын байқадық. Енді білім алушылардың өздерін дамыту бойынша мақсатты белсенділік танытулары, өзіндік ізденістерінің жоғарылауы болашақ педагог-психологтардың болашақта көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттіліктерін сәйкестендіріп, қоғам талабына сай жауап береді деген сенімді байқауға болады. Бұл «Өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз» атты әдістеменің нәтижелерінде көрсетілген. Эксперименттік топ білім алушыларының бойында шығармашылық қабілеттерін бағалауы эксперименттік топқа дейін 38%-ды құраса, эксперименттен кейін 53%-ды құрады. Бұдан білім алушылардың бойындағы шығармашылық әлеуеттің мүмкіндіктерінің арасындағы кедергілерін жеңгенін Дж.Роттер әдістемесі және кәсіби құзыреттіліктің компоненттеріне сәйкес әдістемелер арқылы анықтадық (кесте 21, 22)


Кесте 21 - «Дж.Роттер бойынша бағалау локусын зерттеу» әдістемесінің нәтижелері

Дж.Роттер бойынша бағалау локусын зерттеу	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы
	Қалыптастырушы экспериментке дейін		Қалыптастырушы эксперименттен кейін	
Вариант А	12, 40%	14, 47%	19, 63%	15,50%
Вариант В	11, 60%	16, 53%	18, 37%	15,50%

Қалыптастырушы эксперименттен соң экстерналдардың (А) саны өскенін байқаймыз. Сонымен, кәсіби құзыреттіліктің компоненттеріне сәйкес әдістемелердің нәтижесі келесі көрсеткіштерді анықтауға мүмкіндік берді:

Кесте 22 – Кәсіби құзыреттіліктің компоненттеріне сәйкес әдістемелердің нәтижесі

Көрсеткіштері	Деңгейлері	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы	Тәжірибелік топ	Бақылау тобы
		Қалыптастырушы экспериментке дейін %		Қалыптастырушы эксперименттен кейін %	
1	2	3	4	5	6
Мотивациялық	Төмен	40	43	27	40
	Орташа	30	27	40	33
	Жоғары	30	30	33	27
Танымдық	Төмен	37	33	20	30
	Орташа	40	40	37	37
	Жоғары	23	27	43	33
Іс-әрекеттік	Төмен	37	33	24	33
	Орташа	37	37	43	40
	Жоғары	27	27	33	27



Сурет 17 - Кәсіби құзыреттіліктің көрсеткіштеріне сәйкес әдістемелердің нәтижесі

Қалыптастырушы эксперименттен кейін эксперименттік топтың компоненттері бойынша көрсеткіштерінің жоғарылағаны диаграммадан байқалады. Білім алушылардың көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өз бетінше

берілген тапсырмалар бойынша орындалған жұмыстар нәтижелері, түрлі тақырыптарда өткізілген пікірталастар, әңгімелер мазмұны олардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін өзгерісін байқатты.

Қорытындылай келе, тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың танымдық бағыттағы зерттеу жұмыстары көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне қатысты теориялық білімдерін, іскерлік дағдысын арттырудағы мүмкіндігінің зор екендігіне көз жеткіздік. *Бұл зерттеу жұмысының алға қойған мақсаттарының орындалғанын, зерттеудің ғылыми болжамының дәлелденгендігін көрсетеді.*

Бағдарламаның үшінші бағыты – психологиялық бағыттағы зерттеу жұмыстары. Бұл бағыттың мақсаты – білім алушылардың жалпы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді.

Тәжірибелік эксперименттік жұмыста болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайына қажетті құзыреттіліктері мен қасиет сапаларын қалыптастыруға бағытталған психологиялық тренингтер жүргізілді. Олардың тақырыптары жұмысымыздың 3.2. бөлімінде берілді. Психологиялық тренингтердің әр тақырып бойынша білім алушылар, яғни, болашақ педагог-психологтар белгілі бір кәсіби маңызды қасиеттермен танысып, педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетіндегі олардың маңыздылығын ұғынды. Жалпы бұл тренингтерде қолданылған әдістемелер CLIL технологиясының стратегияларымен сәйкес келіп тұр және біз таңдаған психологиялық бағыттағы әдістемелер мен сауалнамалар, тесттер кәсіби құзыреттіліктің көрсеткіштеріне сәйкес таңдалды. Нәтижесінде ғылыми тұрғыдан дәлелденген төрт әдістеме іріктелді және авторлық сауалнама әзірленді. Құрастырылған авторлық сауалнаманың мазмұнын *Ә-Қосымшасынан* көруге болады. Оларды жүргізу үшін эксперименттік және бақылау топтары анықталып, жасалған жоспарға сәйкес таңдалған психологиялық бағыттағы әдістемелерді пайдалана отырып, диагностикалық жұмыстар жүргізілді. Жүргізілген психологиялық бағыттағы әдістемелер мен сауалнамалар, тесттердің толық мазмұнын *А-Қосымшасынан* көруге болады.

Тренинг барысында көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологқа маңызды деген кәсіби қасиеттерді дамыту бойынша жаттығулармен таныстыру ұсынылды, тұлғалық және кәсіби өсу мотивациясын дамытуға ықпал етті. Сонымен, болашақ педагог-психологтардың өз мамандығына деген сүйіспеншілігін, жауапкершілігін дамытуға арналған тапсырмалар кіріктірілді. Солардың бірі *«Менің сүйікті мамандығым» тақырыбындағы семинар-тренинг.*

Семинар-тренингтің негізгі міндеті – болашақ педагог-психологтардың өздерінің кәсіби мамандығына бейімделуіне дағдыландыру.

«Менің сүйікті мамандығым» атты семинар тренинг жоспары төмендегідей кадамдардан тұрды:

1. Сергіту сәті;
2. Түстер бойынша топтастыру;

3. Ситуациялық тапсырмалар;
4. «Менің сүйікті мамандығым» жаттығуы;
5. «XXI ғасыр педагог-психологы ол қандай?» (топтар эссе, бес жол өлең, ассоциация т.б. қорғау)

Сергіту сәті «Австриялық жаңбыр» ойыны түрінде ұйымдастырылды. Бұдан соң гүл бейнесіндегі түстер бойынша білім алушылар 4 топқа бөлініп отырады. Әр топқа ситуациялық тапсырмалар беріледі.

I-топ.

1. Сіз мектепте педагог-психологсыз пән мұғалімі үнемі қоңырау соғылғаннан кейін сабаққа кешігіп келетін оқушы туралы шағым айтты. Сіздің іс-әрекетіңіз?

2. Сіз бірлестік жетекшісісіз, бірлестігіңіздегі педагог-психологтар берілген тапсырманы дер кезінде орындамады, сізге директор шұғыл түрде тапсырманы орындауға бұйрық берді, не істер едіңіз?

3. Сіз мектепте педагог-психологсыз, қабылдауыңызда бір педагог-психолог отыр, үстіңізден есік қақпастан екінші педагог-психолог кіріп келді. Осы іс-әрекетке қандай сипаттама берер едіңіз?

4. Сіз оқушылармен психологиялық сабақ өткізіп жатырсыз. Сабақ үстінде бір педагог-психолог рұқсатсыз кіріп, кешірім сұрамастан хабарландыру айтып, білім алушыларға зілді сөйлеп кетті. Сіздің көзқарасыңыз?

II-топ.

1. Жас маман психолог мектепке келді. Сіз оған тәлімгер болып тағайындалдыңыз. Оның сабақ беруден тәжірибесі аз. Ең алғашқы көмегіңіз?

2. Ұжымда жас ерекшеліктері әртүрлі педагог-психологтар бар. Ұжымда сыйластық пен достық қарым-қатынас орнату үшін қандай іс-шараларды көбірек өткізген дұрыс деп ойлайсыз?

3. Сіз өз ұжымыңыздағы бір педагогтың педагогтік іс-әрекетке жатпайтын олқылығының куәгері болдыңыз. Не істер едіңіз? (Дұрыс кеңес бересіз бе, немқұрайлы қарайсыз ба?)

4. Әріптесіңіз отбасы жағдайына немесе денсаулығына байланысты 1-2 күн жұмысты алмастыра тұруын өтінді. Келісесіз бе? Келіспеген жағдайда неліктен?

III-топ.

1. Адамда бәрі де әдемі болуы керек: «Ақылы да, ойы да, келбеті де, әдебі де, мінез-құлқы да, киген киімі де, жүріс-тұрысы да». Психолог маманы ретінде осы туралы не айтар едіңіз?

2. Сіз 1-ші сабаққа ұйықтап қалдыңыз, әрине жұмысқа кешіктіңіз, оқушылардың алдына қалай кіресіз? Не себеп айтасыз?

3. Сіз журнал толтырар алдында журнал толтыру ережесімен толық танысасыз ба? Сіз қалай толтырасыз? Бұл жөнінде бірінші кімнен көмек сұрайсыз?

4. Сіз тәжірибеңіз мол педагог-психологсыз немесе мұғалімсіз сізден әріптесіңіз әдістемелік көмек сұрады. Көмектесе аласыз ба?

IV-топ.

1. Сіздің тәжірибеңіз мол болғанымен, өз тәжірибеңізде кездеспеген қиын сауал кездесті. Кімнен, қайдан көмек аласыз?

2. Сіздің ойыңызша мектепте «қиын» педагог-психолог бар ма?

3. Біздің топ ұйымшыл да тату топ қатарына жата ма? «Иә» деген жағдайда дәлелденіз, «жоқ» деген жағдайда қандай кеңес берер едіңіз?

4. Оқушыларды «ҰБТ»-ға психологиялық дайындыққа өз ұсынысыңыз, бөлісетін тәжірибеңіз.

«XXI ғасыр педагог-психологы ол қандай?» тапсырмасын топтар эссе, бес жол өлең, ассоциация, схема түрінде үлгісін жасап қорғады. Бұл жаттығуларды орындауда болашақ педагог-психологтардың жеке индивидуалдық іс-әрекет стилін табуға көмектесу үшін әрбір қатысушымен кері байланыс орнатылады. Бұл жерде жекелік индивидуалдығын басу ізімен емес, өзіндік «Мені» мен кәсіби мүмкіндіктерін ашудағы үйлесімділік пен толық жетілуді табу.

Тренингке қатысушылар оқытушымен бірлескен іс-әрекетке белсенді қатысып, өзіндік тәжірибесін кеңейтіп, жүйеледі. Бұл тренинг арқылы біз болашақ педагог-психологтардың ғаламдық білімдік кеңістікте еңбек етуге сәйкес педагог-психолог тұлғасына қойылатын талаптар, оның нобайы, өз таңдаған мамандығына деген құрмет, педагогикалық қызметте кездесетін қиындықтарды шешу, педагогикалық ұтқырлықты қалыптастыруға мүмкіндік алды.

Қалыптастырушы эксперимент барысында қолданылған тиімді әдістердің бірі – *пікір алмасу*. Өткізілген осы жұмыс түрінен келесі мысал оның тиімділігін айқындайды.

Пікір алмасу тақырыбы: «Мен барлығына жауаптымын».

Оны ұйымдастыру үшін алдымен төмендегідей сұрақтар әзірленді:

1. Жауапты болуды сіз қалай түсінесіз?

2. Жауаптылықтың көрінісі қандай?

3. Қандай жауапкершілік алудан қорқасыз?

4. Жауапсыз адамдардан қоғамға зиян бар ма?

Пікірталас «жауаптылық» ұғымының мәнін ашудан басталды. Ақтаушылар және жақтаушылар болып бөлінген екі топ өз жауаптарын былайша білдірді. Жауаптылық – ол «өз ісіне жауап беру», «тәрбиелі адамның белгісі», «ең алдымен өзінің алдындағы ішкі жауапкершілігі» деген ойларын дәлелдеді.

Білім алушылар жауаптылықтың көрінісіне «ұятқа қалдырмау», «өзіне де, өзгелерге де ілтипаттылық», «ақылдылық», «даналық», «табыстылық», «мұқияттылық» ұғымдарын жатқызды.

«Сіз өзіңізге қандай жауапкершілік алудан қорқасыз?» деген сұраққа екі жақтың қатысушылары да «басқалардың өмірі үшін мойнына жауапкершілік алудан», «туған туыстарының тағдыры үшін», «жалпы адамдар үшін», «қоғамдағы келеңсіздіктер үшін» сынды жауаптар беріп, оның белгілі бір дәрежеде «құрбандыққа бару» екендігі деген дәйектемелер келтірді.

«Жауапсыз адамдардан зиян бар ма?» сұрағына «ия» немесе «жоқ» жауабын беріп, ойлары мен пікірлерін қорғау тапсырылды. Соның нәтижесінде «жауапсыз адамдарға» – «өз сөзіне жауап бере алмайтындар», «ақырының неге

апаратынын ойламайтындар», «маубастар», «үндеместер», «қой аузынан шөп алмайтын жуастар» деген сипаттамалар беріп, ондайлардың қоғам үшін пайдасынан зияны көбірек екендігіне нақты аргументтер келтірді.

Пікірталас соңы «Мен жауаптымын» сұрағына блиц жауаптар берумен жалғасып, «өзім үшін», «отбасым үшін», «жақындарым үшін», «білім мен жұмысым үшін», «айналамда болып жатырған үшін» деген жауаптар алынды.

Бұл педагогикалық әдіс – білім алушылардың белсенділігін тудырып, «жауаптылық» сияқты ұғымның құрамаларын айқындауға, осы сапаны болашақ өз қызметімен байланыстыру тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік берді және оның барлық адамда болуға тиісті құзыреттілік екеніне көңіл бөлінді. «Жауапсыздықтың» салдарын ашып көрсету арқылы өз бойларында бұл қасиеттің болмауы үшін үнемі жұмыс жасап отырудың қажеттілігін сезінді. Біздің алдымызға қойылған міндет осылайша өз шешімін тапты.

Сонымен, *қалыптастырушы эксперимент* барысында біз көптілді білім беру жағдайына байланысты *жаңа құзыреттіліктердің барлығына қатысты жұмыстар жүргізуге тырыстық*. Элективті пән мазмұнында жоспарланған мәдениаралық қарым-қатынас біліктеріне байланысты ұйымдастырылған *коучинг* маңызды болып келді.

Коучинг білім алушыларды сабаққа психологиялық дайындаудан басталды. Ол үшін білім алушылардан ұлттық киімдерін киген әр ұлттың өкілдері бейнелеген суреттерді тандап алу сұралып, олардың ерекше қасиеттерін, салттарын айтып беру, солардың атынан жақсы тілек айту тапсырылды (5 минут). Бұдан соң ой шақыру әрекеті бойынша «Мәдениаралық қарым-қатынас біліктері» туралы не білетіндері, қалай түсінетіндіктері жайлы ойлану, пікірлесу тапсырылды. Білім алушылар алдымен жеке, сосын жұпта, одан кейін топта жұмыс жасады. Әр топ атынан сөйлеген білім алушы өздерінің қорытынды түйінді ойларын ұжым алдында ортаға салды. Оқытушы идеялардың қайталанбауын ескертті.

Теориялық материал (10 минут) презентация көрсету арқылы таныстырылды. Топтық жұмыс (10 минут) білім алушылар үлестірме материалдардан «мәдениет адамы», «көпмәдениетті орта», «көпмәдениетті білім», «көпмәдениетті тәрбие», «толеранттылық» ұғымдарына байланысты ақпараттарды өз беттерінше оқып талдады. Түсініктерін кесте, суреттер арқылы бейнелеп көпшілік алдында қорғады. Бұдан соң бейне жазбадағы әр түрлі дене қимылдарын жасау арқылы сергіту сәті жасалды (3 минут).

Топтық жұмыс (15 минут) таратылып берілген кәртішкедегі қағаздардағы жағдаятты тапсырмаларды оқып, олардың кейіпкерлерінің әрекетіндегі көпмәдениеттілік, толеранттылық, көптілділік, өз ана тілін білмеу сияқты жетістіктер мен кемшіліктер талданды, шағын пікір алмасу ұйымдастырылды. Білім алушылар «мәдениаралық қарым-қатынас білік» ұғымының мәнін ашып, кейбір түйткілді мәселелерді шешудің жолдарын өздері ұсынды.

Соңғы қорытынды *рефлексияда* (5 минут) білім алушылар таратылып берген стикерлерге «Мен не үйрендім?», «Маған сәттер қиындық туғызды?», «Менің айтар ұсынысым» деген сұрақтарға өз ойларын жазды. Жүргізілген

коучинг білім алушылардың көптілді білім беру білім жағдайында қажетті мәдениаралық қарым-қатынас біліктілігінің мазмұнын, қызметін түсініп, өздерінің болашақ педагогикалық әрекеттерінде басшылыққа алуды меңгерді. Бірлесіп жұмыс жасау, бір-біріне құрмет көрсету, өзгеше пікірлерді қабылдай алу, ақпаратпен жұмыс жасау сияқты қасиеттерін дамытты.

Білім алушылардың көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда өз бетінше берілген тапсырмалар бойынша орындалған жұмыстар нәтижелері, түрлі тақырыптарда өткізілген пікірталастар, әңгімелер мазмұны олардың кәсіби құзыреттілігінің деңгейін өзгерісін байқатты.

Сонымен, жүргізілген тәжірибелі-эксперименттік жұмыстардың негізінде біз дайындаған бағдарламаның көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерінің зор екендігіне көз жеткіздік.

Бұл зерттеу жұмысының алға қойған мақсаттарының орындалғанын, зерттеудің ғылыми болжамының дәлелденгендігін көрсетеді. Мәселен,

- Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында анықтаушы, қалыптастырушы, бақылау экспериментінің нәтижелері талданды;

- «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негіздері» бағдарламасының мазмұны мен жүйесі айқындалды;

- Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделінің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді;

- Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың формалары, құралдары мен әдістері анықталды.

- Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың практикалық маңыздылығы артты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық зерттеудің басты нысанасы болып табылатын болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру мәселелері төңірегіндегі ресми құжаттарды, философия, педагогика, әлеуметтану, психология ғылымдарындағы еңбектерді және жоғары оқу орындары мен мектептердегі білім беру бағдарламаларын талдап, зерделеудің нәтижесі төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

1. Қоғамда әлеуметтік, мәдени үдеріспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық – білім. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың қажеттілігін негіздеу болып табылады. Болашақ педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын мәселелер мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілет, білім алушы іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі, іскерліктер мен дағдылардың жиынтығынан тұрады.

2. Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі – зерттеу мақсаты мен пәнін көптілді білім беру мәселелеріне бағыттай алуға негіз болатын білімдері, ақпараттық, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ұлттық және әлемдік жауаптылықты сезіну қабілеттерінен тұратын, көптілді азаматты қалыптастыруға дайындығын көрсететін олардың кіріктірілген күрделі сапасы болып табылады.

3. «Көптілділік», «көптілді білім беру», «құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының мәнін нақтылауда жеке авторлық анықтамалар беріледі. *Көптілділік* – әлеуметтік ортада жеке адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін бірнеше тілдік құралдарды пайдалану арқылы қарым-қатынас жасауы. *Көптілді білім беру* – білім беру кеңістігінде қоғамның қажеттіліктеріне байланысты оқу жоспарындағы пәндерді қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде меңгеруді мақсат ететін үдеріс болып табылады. *Құзыреттілік* – жеке тұлғаның өмірде алған білімі мен тәжірибесін өзбетінше қолдана алу. *Кәсіби құзыреттілік* – тұлғаның кәсіби дамуында белгілі бір ғылым саласы бойынша білімі, ептілігі, дағдысының болуы және оларды тиімді қолдана алу қабілеті.

4. Педагогика және психология ғылымдарында әдіснамалық тұғырларға сүйену – әлеуметтік педагогикалық құбылыс, жалпы мәдени өрістегі педагогикалық әрекет ретінде педагог-психологтың зерттеу мәдениетін қарастыруға, білім және ғылым саласында фактілер, құбылыстар, механизмдер мен заңдылықтарды жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді. Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары: тұлғалық, мәдениеттанымдық, коммуникативтік және құзыреттілік негізге алынып, айқындалады. Бұл тұғырлар Қазақстанның даму стратегиялары негізінде жүйеленді.

5. Мектептегі жаңартылған білім беру мазмұны мен ЖОО-да білім беру бағдарламаларын талдау негізінде олардың өзара байланысы мен

сабақтастығын дамытудың қажеттілігі туындады. Білім беру мазмұнында болып жатқан соңғы әлеуметтік-саяси реформалардың әсерінен білім алушыларды жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша оқыту және қашықтықтан білім беруде психологиялық қызметтің мазмұны күрделеніп, педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің ауқымы кеңейіп жатқандығы нақтыланады.

6. «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша соңғы жылдардағы қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық даму мен білім беру саласындағы реформалар бәсекеге қабілетті, заманауи тұрпатты мамандар даярлаудың қажеттілігінен өзінің кәсіби, пәндік саласына айрықша көңіл бөлуді, жеке тұлғаның бойындағы іскерлік, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруды көздейтіндігі айқындалады.

7. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастырудың қажеттілігі оқу-тәрбие процесінде маңызды мәселе болып саналады. Өйткені, оқу-тәрбие процесінде студенттердің жас және дара ерекшеліктеріне сай көптілді білім беру жағдайында педагогикалық-психологиялық білім, ептілік, дағдысын қалыптастыру қажет. Осыған орай, зерттеу жұмыстарының нәтижесі болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаудың қажеттілігін туындатты. Сонымен қатар, моделдеудің нәтижесі көптілді білім беру жағдайында заманауи талаптарға сай кәсіби құзыреттілігі қалыптасқан бәсекеге қабілетті педагог-психолог тұлғасын анықтауға бағытталады.

8. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру тілдік, танымдық және психологиялық үш негізгі бағытта кешенді бағдарлама: CLIL технологиясы әдістемелері, «English club» көптілге бағыттау интенсивті іс-шаралары, элективті курстар, психологиялық тренингтер арқылы жүзеге асады.

9. Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының барысында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыруда оқу-тәрбие процесінің мүмкіндіктері мен «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» кешенді бағдарламасының мазмұнын жүзеге асыру, оның тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін анықтауға бағытталған.

10. «Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» кешенді бағдарламасының тиімділігі анықтаушы, қалыптастыру, бақылау эксперименттік-тәжірибелік жұмыстардың мазмұнында сынақтан өткізіліп, ғылыми болжамы дәлелденді.

Қоғамдағы көптілді білім берудің қарқынды дамуын есепке ала отырып, жоғары оқу орындарындағы болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған зерттеу жұмысын қорытындылай келе, төмендегідей **ұсыныстарды** жасауға мүмкіндік берді:

1. Әлемдегі қазіргі жағдайға байланысты көптілді білім берудің мазмұнын түсініп, оған болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін сәйкес қалыптастыруды маңызды мәселе деп зерделеп, болашақ педагогика және

психология білім беру бағдарламаларын даярлау ісін көптілділік білім беруге бағыттаудың ғылымы мен тәжірибелік жүйесін дамытуды кеңінен қолға алу;

2. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілді білім беру жағдайында қалыптастырудың маңызын дұрыс жолға қою үшін «Педагогика және психология» білім беру бағдарламалары мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін жетілдіру;

3. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттіліктерін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыруда жоғары оқу орнының көптілді оқу топтарына тілдік, психологиялық бағыттағы заманауи виртуалды элективті, МООС курстарын енгізу;

4. Оқу-тәрбие үдерісінде студенттерді өзін-өзі дамытуға, шығармашылықтарын жетілдіруге ықпал ететін танымдық бағыттағы іс-шараларға қатыстыру.

Болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беруге байланысты кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру өте ауқымды күрделі мәселе. Сонымен қатар алғаш рет зерттелініп отырғандықтан, оның барлық қыр-сырын бір ғылыми жұмысқа енгізу мүмкін емес. Болашақта бұл бағыттағы ізденістер әлемдік азаматтарды тәрбиелеудің психологиялық астарын зерттеу тұрғысында өзінің жалғасын табуы тиіс деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2020 жылғы 1 қыркүйек // <http://memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek.html> (2020 ж. 1 қыркүйек).
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана: Ақорда, 2007. – №319-III ҚРЗ // <http://www.edu.gov.kz> (2008 ж.10 қаңтар).
- 3 «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы, №1118 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы қаулысы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000909> (2012 ж. 5 шілде).
- 4 Қазақстан Республикасы Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2010.
- 5 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. //Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы, №988 қаулысы
- 6 Педагогтің кәсіби стандарты // «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы, №133 бұйрығына қосымша.
- 7 ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. - 2019, желтоқсан 31. - №250.
- 8 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Үздік отыздыққа апарар «100 нақты қадам» бағдарламасы. - 2015, мамыр – 20.
- 9 Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». – Астана, 2007 ж. 28 ақпан.
- 10 Үш тілді білім беру жағдайында жұмыс істейтін педагогикалық кадрларды даярлаудың қолданыстағы бағдарламаларының мазмұнын талдау. Талдамалы анықтама. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 51 б.
- 11 Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: «Қазақстан» баспасы, 1971. – 171 б.
- 12 Балаян Л. Сталин и Хрущев. – М.: Вече, 2003. - 174 с.
- 13 Дешериев Ю.Д., Хасанов Б. Язык национального общения. - Алматы, 1997. - Б. 49-53.
- 14 Хасанов Б. Үштілділік-біртарапты тілдік үдеріс – Алматы, 2013. Б.22.
- 15 Мартине А. Основы общей лингвистики / пер. с франц. Серия «Лингвистическое наследие XX века». - изд. 2. – М.: URSS, 2004. – 224 с.
- 16 Филин Ф.П. Происхождение русского, украинского и белорусского языков. - М.: Ком Книга; URSS, 2006. - 82 с.
- 17 Костомаров В.Г. Наш язык в действии: Очерки современной русской стилистики. - М.: Гардарики, 2005. - 287 с.
- 18 Коменский Я.А. Педагогическое наследие. – М.: Педагогика, 1989. – 416с
- 19 Пиаже Жан. Психология интеллекта. – СПб., 2003. – 70 с.

- 20 Выготский Л.С. Собрание соч. - М.: Педагогика, 1982. – С. 382-393.
- 21 Жумагулова Б. Полиязычие – путь в будущее // Казахстанская правда. – 2004, август - 17.
- 22 Коваль О.П. Межкультурная коммуникация студентов // Менеджмент в образовании. – Алматы, 2004. - №3. - С. 147-151.
- 23 Аренова А. Көпмәдениеттілікке үйрету – маңызды мәселе // Қазақстан мектебі. - 2003. - №2. – Б. 20.
- 24 Ершов В.А. Поликультурное образование в системе общеобразовательной подготовки учащихся средней школы: автореф. ... канд. пед. наук. - М., 2000. - 85 с.
- 25 Дмитриев Г.Д. Многокультурное образование. – М.: Народное образование, 1999. - 45 с.
- 26 Кожахметова К.Ж. «Поликультурное образование в условиях многонационального Казахстана: сущность и особенности» // Сборник докладов. – Алматы, 2000. – 83-91 с.
- 27 Надырмағамбетова М. Көпмәденилік Білім Болашағы // Қазақстан мектебі. - 2004. - №12. – Б. 30.
- 28 Карбаева А. Роль культуры педагогического общения в поликультурном пространстве // Высшая Школа Казахстана. – Алматы, 2003. - №5. – С. 106-109.
- 29 Шультер Б. Многоязычное образование как путь к решению языкового ущемления в образовательных системах Центральной Азии//CEMERA, С.20.
- 30 Баймуханова К.Т. Формирование этнокультурной среды в условиях многонациональной школы // Менеджмент в образовании. – 2003. - №1. – С. 273-279.
- 31 Жетписбаева Б.А. Казахстан: образование в условиях полиязычия// Педагогика. – 2008. - №6. - С. 124-125.
- 32 Grimes Barbara. F. Ethnologue: Languages of the World. Dallas: Summer. - Institute of Linguistics, 1992. – P.25.
- 33 Comrie Bernard. The World's Major Languages. - New York: Oxford University Press, 1987. - P.20.
- 34 Crystal David. The Cambridge Encyclopedia of Language. - Cambridge: Cambridge University Press, 1987. - P.15.
- 35 Dutcher. Nadine in collaboration with G. Richard Tucker. The use of first and second languages in education: A review of educational experience // World Bank, East Asia and the Pacific Region, Country Department III. - Washington, 1994. – 30 p.
- 36 Tucker Richard G. A Global Perspective on Bilingualism and Bilingual Education: Implications for New Jersey Educators. – Carnegie: Mellon University, 2003. – P. 40.
- 37 Wallace Lambert E. The two faces of bilingual education // NCBE Forum. - 1980. - №3. – P. 50
- 38 Alan Pritchard Ways of Learning. Learning theories and Learning styles in the Classroom-Oxford University Pres, 2014
- 39 Walter Stephen L., Patricia M. Davis and Ronald Morren. Explaining

- multilingual education. Prepublication draft. - Dallas: SIL International, 1999. - P.20.
- 40 John W.Creswell. Qualitative inquiry and research design: choosing among five approaches University of Nebraska, Lincoln, 2007
- 41 Nakata Kenji. Mirror of Language: The Debate on Bilingualism. - New York: Basic Books, 1986. - P.16.
- 42 Кунанбаева С.С. Современная теория и практика иноязычного образования (на казахском языке). – Алматы: ҚазХҚ және ӘТУ Абылай хан атындағы, 2010. – 324 с.
- 43 Гаипов Д.Ә. Көптілділік – жетістікке жету жолы // «Шоқан Тағылымы-10» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Көкшетау, 2005. – Т. 2. – 20 б.
- 44 Кулибаева Д.Н. Опыт формирования международно-стандартных уровней владения иностранным языком (английский язык, международный бакалавриат). – Алматы, 2002. – 216 с.
- 45 Халеева И.И. Основы теории обучения пониманию иноязычной речи: (Подгот. переводчиков). - М.: Высш. шк., 1989. – 236 с.
- 46 Берденова С.Ж. Взаимосвязанный подход в обучении русскому, казахскому и немецкому языкам // Инновационные технологии в трёхязычном образовании: труды научной школы профессора М.Р.Кондубаевой. – Алматы, 2015. - С. 105-116.
- 47 Жорабекова А.Н. Формирование профессиональных компетенций будущего учителя на основе полилингвального подхода: дис докт. пед. наук. - Туркестан, 2015. - 147 с.
- 48 Сүлейменова Ә.Д. Тіл білімі сөздігі. Сөздік // Сорос-Қазақстан қоры / ред.Ә.Д.Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
- 49 Темиргалиева С.З. Обучение аргументации в сфере письменного иноязычного общения в условиях межкультурных профессионально-педагогических контактов (французский язык, педагогические специальности языкового вуза): автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы: Каз.ун-т междунар. отнош. и мир.яз. им.Абылай хана, 2008 – 25 с.
- 50 Байболсынова С.Е. Мәдени дәстүр және отаршылдық саясат // ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2004. - №4. - С. 65-66.
- 51 Исаев М.К. Фонетические особенности английской речи казахов. - Алматы: КазУМОиМЯ, 2004. - 322 с.
- 52 Хасанұлы Б. Мемлекеттік тіл: әлеумет және жастар. – Алматы, 2013. – 106 б.
- 53 Габдуллина Г.А. Метод экономического анализа как способ познания экономического субъекта. – М., 2010. - 50 с.
- 54 Шаймерденова Н.Ж. Язык и этнос: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 248 с.
- 55 Ибраева Ж.Қ. Психоллингвистика негіздері: оқу құралы. – Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2010. – 125 с.
- 56 Steven Pinker The Language Instinct. The New Science of Language and Mind: Penguin Books – Massachuget, 2015.

57 ЮНЕСКО-ның тұжырымдамасы. Образование в многоязычном мире: Установочный документ ЮНЕСКО. – Париж, 2003. – 38 с.

58 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015 – 13 б.

59 Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан». – Астана, 2007. - 28 ақпан.

60 Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы.

61 Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1800000401> (2018 ж. 2 шілде).

62 «Білім туралы» Закон «Об образовании» от 27 июля 2007 года, №319-III // Казахстанская правда. – 2007, август – 15. - №127.

63 «Тілдер туралы» Закон Республики Казахстан «О языках» от 11 июля 1997 года // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z970000> (2005 г. 1 январь).

64 Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года // <http://adilet.zan.kz/rus/search/docs/va=КОНС> (2001 ж.21 желтоқсан).

65 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы // Указ Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года, №1118 // <https://wksu.kz/kk/ucheba/magistratura-23/normativno-pravovye-akty/-> 7.12.2010

66 Fullan M. The New Meaning of Educational Change. – М.: 2006. – 272 с.

67 Вербицкий А.А., Бакшаева Н.А. Психология мотивации студентов: учебное пособие. – М.: Издательство – Логос, 2006. – 184 с.

68 McLaren P. Life in Schools: An Introduction to Critical Pedagogy. – 2007. - 417 с.

69 Barber M. The Learning game: Arguments for the an Education Revolution. – 2007. – 349 с.

70 Кузьмина Н.В. Предмет акмеологии. – СПб.: Политехника, 2002. - 189 с.

71 Bruner J. The culture of Education, - 2006. - 223 с.

72 Хмель Н.Д. Біртұтас педагогикалық процесті жүзеге асырудың теориясы мен технологиясы: оқу құралы. - Алматы: Print-S, 2005. - 139 б.

73 Маркова А.К. Психология профессионализма. Международный гуманитарный фонд. - М.: Знание, 1996. - 312 с.

74 Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. дис. - Түркістан, 2006. - 312б.

75 Беркімбаев К.М. Болашақ экология мамандарын кәсіби даярлаудағы информатикалық пәндерді оқыту үрдісінің педагогикалық жүйесі: пед. ғыл. док. ... дис. - Түркістан, 2006. - 283 б.

76 Әбдіғапбарова Ұ.М. Оқушыларды тәрбиелеуде қазақ ұлттық ою-өрнек

- өнерін пайдалануға студенттерді даярлау: пед.ғыл.док. ... автореф. - Алматы, 1998. - 23 б.
- 77 Жарықбаев Қ. Жалпы психология. - 5-ші бас. өңделіп. - Алматы: Эверо, 2004. – 378 б.
- 78 Джакупов С.М. Психологическая структура процесса обучения. - 2 изд. - Алматы: Казак университет, 2009. - 308 с.
- 79 Перленбетов М.Ә. Тұлға қасиеттері мен психикалық процестердің байланысы: психол. ғыл. док. ... автореф.: 19.00.01. - Алматы, 2010. - 39б.
- 80 Жиенбаева Н.Б. Коммуникативная парадигма современного образования. – Алматы, 2012. – 43 с.
- 81 Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері. – Өскемен, 2007. - 37 б.
- 82 Тұрғынбаева Б.А. Болашақ мұғалімдердің әлеуетін дамыту: кәсіби шығармашылық жолында. – Алматы: Полиграфия-сервис К, 2012. - 316 б.
- 83 Абсатова М.А. Теоретико-методологические основы формирования поликультурной компетентности старшеклассников: дис. ... док. пед. наук:13.00.01. - Алматы, 2009. – 38 с.
- 84 Тажибаев Т.Б. Мағына құрылудың жалпы қоры - тұлға құрылымының негізі: пед. ғыл. канд. ... автореф.– Алматы, 2006.
- 85 Айжанова Г.К. Психологические модели педагогической деятельности (системный подход) в формировании самоактуализации подростков в целостном педагогическом процессе // Вестник Актюбинского университета. - 2000. - №1. - С. 9-15.
- 86 Кунакова Г.У. Развитие монологической речи как основа коммуникативной компетентности студентов-казахов // Вестник Академии Педагогических Наук Казахстана. - 2019. - №4. - С. 96-101.
- 87 Қурманалина Ш.Х. Дидактические основы совершенствования профессиональной подготовки учителей начальных классов в условиях педколледжа. – Алматы, 1995. - 188 с.
- 88 Кудайбергенова К.С. Құзырлылық білім сапасының критерийі: әдіснамалық және ғылыми-теориялық негіздері. - Алматы, 2008. - 328 б.
- 89 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. док. ... автореф. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.
- 90 Меңлібекова Г.Ж. Бастауыш сынып мұғалімдерін дайындаудың кәсіби-дидактикалық құзіреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. док. автореф. - Астана, 2003. - 50 б.
- 91 Қасқатаева Б.Р. Болашақ математика мұғалімінің кәсіби дайындауда оның әдістемелік құзырлылығын қалыптастыру: пед. ғыл. док. автореф. 13.00.08. – Алматы, 2009. – 50 б.
- 92 Семёнов М.В. Педагогические условия формирования профессиональной компетентности будущих педагогов в вузе: автореф. ... док. пед. наук. - Караганда, 2005. - 28 с.
- 93 Ферхо С.И. Формирование профессиональной компетентности

учителей по использованию электронных учебных изданий в процессе обучения: автореф. ... канд. пед. наук. – Алматы, 2004. - 24 с.

94 Н.Ә.Назарбаев Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру (мақалалар, сұхбаттар, баяндамалар, сараптамалық түсініктемелер және анықтамалық материалдар). – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2017. – 512 б.

95 Есімғалиева Т.М. Көптілді білім беруде болашақ педагогтардың тілдік мәселесі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2018. - №3(59). - Б. 93-97.

96 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2003, желтоқсан 26 // <http://www.eni.kz/downloads/tyzhyrymdamasy.pdf> (2004 ж. 27 қаңтар).

97 «Білім туралы» Закон «Об образовании» от 27 июля 2007 года, №319-III // Казахстанская правда. – 2007, август 15. – №127.

98 Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2007, ақпан - 28.

99 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012, желтоқсан - 14.

100 Құнанбаева С.С. Заманауи шет тілінен білім берудің теориясы мен тәжірибесі. – Алматы, 2010 – 340 б.

101 Жетпісбаева Б.А. Көптілді білім беру жүйесінде шет тілі сабақтарында ақпараттық технологияларды қолданып студенттердің коммуникативті құзыреттіліктерін қалыптастыру жайында // Қазақстанның ғылымы мен өмірі = Наука и жизнь Казахстана. - 2010. - №6. - Б. 226 – 232.

102 Гаипов Д.Ә. Қазақ-түрік лицейлерінде ағылшын тілін оқытудың үлгісін жасау арқылы көптілді білім берудің ұтымдылығын арттыру: пед. ғыл. канд. ... дис.: 13.00.01. – Астана, 2007. - 69 б.

103 Кулибаева Д.Н. Методические основы управления образовательной системой школ международного типа. – Алматы, 2006. – 480 с.

104 Ter-Minasova S.G. Language and intercultural communication. - 2000. - p.259.

105 Берденова С.Ж. Формирование коммуникативной компетенции полиязычной личности учащихся 5 класса общеобразовательных школ Казахстана с русским языком обучения: дис. ... канд. пед.наук: 13.00.02. – Алматы, 2006. – 5 с.

106 Жорабекова А.Н. Формирование профессиональных компетенций будущего учителя на основе полилингвального подхода: дис. ... докт. филос. PhD. – Туркестан, 2015. - 38 с.

107 Сулейменова Э.Д. Языковые процессы и политика. - Алматы: Казахский университет, 2011. – 117 с.

108 Ахметжанова З.К. Сопоставительное языкознание казахский и русский язык. – Алматы, 2005. – 408 с.

109 Альмухамбетов Б. Эстетическое воспитание учащихся IV-VII классов

средствами национального изобразительного искусства: дис. ... докт. пед.наук. – Алматы, 1991. - 394 с.

110 Толеубекова Р.К., Аманова А.К. ЖОО-да болашақ мамандардың құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері // Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2016. – №3(122). – Б. 364-369.

111 Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед.ғыл.докт. ... автореф. – Қарағанды: Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ, 2005. – 40 б.

112 Оразбаева К.О. Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: филос. докт. PhD ... дис. – Алматы, 2016. – 40 б.

113 Аманова А.К. Болашақ педагог-психолог мамандарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: филос. докт. PhD ... дис. – Астана, 2017. - 143 б.

114 Стариченок В.Д. Большой лингвистический словарь. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 810.

115 Жетпісбаева Б.А. Көптілдік білім берудің теоретикалық-әдістемелік негіздері. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 50 б.

116 Садыкова А.Н. Уроки жесткой конкуренции. - Юнион Консалтинг Групп, 2007. - 20 с.

117 Аманбекова Е.Д. Полиязычное обучение: проблемы и перспективы // Көптілділік жоғары білім беру контекстінде: респ. ғыл.-практикалық конф. мат. – Караганда: из-во КГМУ, 2015. – 334 с.

118 Нысанбаев Ә. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2002. - 720 б.

119 Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С. Словарь социоллингвистических терминов. – Алматы: Казахский университет, 2002. – 170 с.

120 Таккер Р. Сталин. История и личность / пер. с англ. - М.: Издательство «Весь Мир», 2006. - 864 с.

121 Краевский В.В. Общие основы педагогики. - М.: Изд. центр Академия, 2003. – 256 с.

122 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Педагогика, 1981. – 186 с.

123 Скаткин М.Н. Дидактика средней школы. Некоторые проблемы современной дидактики: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов / под ред. Скаткина М.Н. - 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Просвещение, 1982. - 319 с.

124 Бателаан П. Межкультурное образование - больше, чем долг. – М.: Просвещение, 2002. – 243 с.

125 Шаповалов В.К. Консультирование по карьере: учебное пособие. – М.: Академический проект, 2008. – 281 с.

126 Лебедева Н.М. Этнопсихология: учебник и практикум для академического бакалавриата. – М.: Издательство Юрайт, 2019. – С. 37.

127 Қожахметова К. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика: оқу құралы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1998. - 130 б.

- 128 Сигуан М., Макки У. Образование и двуязычие. - М.: Педагогика, 1990. - 181 с.
- 129 Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауы. – 2018 жылғы 10 қаңтар. https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
- 130 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы, №1118 Жарлығы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы, №205 Жарлығы.
- 131 Қазақстан Ұлттық энциклопедия / бас ред. Б.Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2004. – Т. 6. – 25 б.
- 132 Арцишевская Е.И., Кабардов М.К. Типы языковых и коммуникативных способностей и компетенций // Вопросы психологии. - 1996. - №1. - С. 34-49.
- 133 Холодная Н.А. Психология интеллекта. – Томск, 1992. – 345 с.
- 134 Митина Л.М. Личностное и профессиональное развития человека в новых социально-экономических условиях // Вопросы психологии.-1997.-№4.- 122 с.
- 135 Присяжная А.Ф. Профессионально-личностное становление и развитие педагога на основе формирования прогностической компетентности: учебное пособие. – Челябинск: Челябинский ГПИ, 2005. - 110 с.
- 136 Рыжков М.В. Ключевые компетенции: возможности применения // Стандарты и мониторинг в образовании. - 1999. - №4. - С. 21-22.
- 137 Милорадова Н.Г., Ишков А.Д. Формирование мотивационной компетентности // Гуманитарное сознание: проблемы, поиски, перспективы. - М.: МГСУ, 2008. - С. 137-142.
- 138 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. - 2003. - №5. - С. 34-42.
- 139 Крутецкий В.А. Возрастные психологические особенности подростка. - М., 1970. - 65 с.
- 140 Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. - Алматы, 1998. - 320 с.
- 141 Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь для студентов высших и средних педагогических учебных заведений. - М., 2001.- 283 с.
- 142 Koshierbaeva A.and ets. Educational management: – Textbook for undergraduate majors group «Education» - Almaty, 2016. - p.270.
- 143 David Myers., Jean Twenge. - Social Psychology, - 2007. - p.35.
- 144 Шеръязданова Х.Т. Психология общение в дошкольном образовании: теория и практика. – Алматы, 2015. - 154 с.
- 145 Измайлова М.А. Психология и этика торговли: учеб. пособие. – М.: Академия, 2009. – 176 с.

- 146 Әбішева Ж.А. Тұлғаның психодиагностикасы: оқу әдістемелік құралы / Ж.А.Абишевамен авторлық бірлестікте. - Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ; Coru Land, 2013. - 70 б.
- 147 Щуркова Н.Е. Педагогическая технология. – М.: Педагогическое общество России, 2002. - 224 с.
- 148 Кан-Калик В.А. Учителю о педагогическом общении. – М.: Просвещение, 1987. – 190 с.
- 149 Журавлев В.И. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических вузов и педагогических. – М., 1990. - 60 с.
- 150 Ларионова Г.А. Информационно-деятельностный подход к обучению студентов вуза и принципы его реализации // Вестник Оренбургского государственного университета. – 2003. - №1. - С. 18-21.
- 151 Сушкова Н.А. Педагогические условия формирования межкультурной компетенции методом погружения // Вестник Тамбовского университета. - 2009. - №7. - С. 212-215.
- 152 Пошаев Д.Қ. Педагогика, педагог және заман талабы: оқу құралы. – Шымкент: ОҚМУ, 2007. - 40 б.
- 153 Yessimgaliyeva T.M. Forming diagnostic competence of psychology teachers in a university setting // Thinking Skills and Creativity. – Netherlands, 2020. – Vol. 38, №100708. – P. 1871–1871 // <https://www.sciencedirect.com/journal/thinking-skills-and-creativity/vol/38/suppl/C> (2020, 11 август).
- 154 Зайцева О.Б. Формирование информационной компетентности будущих учителей средствами инновационных технологий: автореф. ... канд. пед. наук. - Брянск, 2002. - 19 с.
- 155 Беляев В.И. Маркетинг. Основы теории и практики: учебник. – М: Издательство КноРус, 2009. - 87 с.
- 156 Нургалиева Г.К. Психолого-педагогические основы ценностного ориентирования личности: дис докт. пед.наук. - Алматы, 1993. – 336 с.
- 157 Құсайынов А.Қ. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. – Алматы, 2013. - 196 б.
- 158 Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы.– Алматы: Қарасай баспасы, 2013.- 384 б.
- 159 Aronson Elliot., Timothy D.Wilson. - Social Psychology, 2004. – p. 40.
- 160 Асмолов А.Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. - М.: Смысл, 2007. - 528 с.
- 161 Каган М.С. Введение в историю мировой культуры. – СПб., 2000. – Книга 1. - 30 с.; – СПб.
- 162 Хомский Н. Язык и мышление / пер. с англ. Б.Ю.Городецкого. – М.: Изд. МГУ, 1972.- 123 с.
- 163 Адольф В.А. Инновационное деятельность педагога в процессе его профессионального становления. – Красноярск: Поликом, 2007. – 192 с.
- 164 Абульханова К.А. Социальное мышление личности. Современная психология: состояние и перспективы исследований. Социальные

- представления и мышление личности. - М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2002. – Ч. 3. - С. 88-103.
- 165 Мищенко Л.И. Индивидуальность подростков в рамках системного исследования с позиций пола. – М., 2017. - 75 с.
- 166 Прохорова М.В. Возрастные особенности мотивации трудовой деятельности работников коммерческих организаций // Акмеология. Научно-практический журнал. – 2016. - №1(57). - С. 119-124 // <http://akmeology.ru/data/documents/1-57-2016-Akmeologiya-Tom-1-Osnovnoi.pdf> 2016 г. 12 октябрь.
- 167 Рогов Е.И. Психология общения. – М.: КНОРУС, 2018. - 260 с.
- 168 Савельев А.Новый вызов // Высшее образование в России. - 2002. - №1. - 112 с.
- 169 Zhanpeissova K and ets. Pedagogy: Textbook for undergraduate majors group «Education» - Almaty, 2016. -p.310
- 170 D.P.Schultz., S.E.Schultz. – A History of Modern Psychology. - 2015. - p.16
- 171 Реан А.А. Психология адаптации личности: учебно-научное издание. – М., 2004. - 87 с.
- 172 Klaus Schwab. – The Forth Industrial Revolution. - 2016. – p.75
- 173 Прохорова А.В. Активный Мозг: Руководство для пользователя. – М., 2015. - 96 с.
- 174 Дегтерев В.А., Ларионова И.А.Кластерный подход в модернизации педагогического образования //Педагогическое образование и наука.- 2017, №6 – С.18-22.
- 175 Вардарян Ю.В. Тренинг психологической безопасности студента педагогического вуза: профессионально-развивающие возможности и ограничения // Российский научный журнал. - 2014. - №2(40). - С. 146-151.
- 176 Новикова Т.В. Толерантность в профессиональной деятельности журналиста: дис. канд. филол. наук:10.01.10. – М., 2007. - 160 с.
- 177 Kolumbayeva Sh. and ets. Theory and methods of educational work. Textbook for undergraduate majors group «Education». - Almaty, 2016. - 220 p.
- 178 Theory and practice of cognitive activity formation of future specialist (Kosherbaeva A.and ets.) – Austria, 2015.
- 179 Зеер Э.Ф. Психология профессионального образования: учеб. пособие для студ. Высш. учеб. заведений. - М.: Издат. Центр «Академия», 2009. - 378 с.
- 180 Бахметова Ю.Н.Интерактивные методы обучения студентов как часть практико-ориентированного подхода в образовании. – М., 2016. - 278 с.
- 181 Слостенин В.А. Педагогика: учебное пособие. - М., 1997.- 354 с.
- 182 Яковлев Е.В., Яковлева Н.О. Педагогическое исследование: содержание и представление результатов. – Челябинск.: Изд-во РБИУ, 2010. – 317 с.
- 183 Ильязова М.Д. Формирование инвариантов профессиональной компетентности студента: ситуационно-контекстный подход: дис. ... докт. пед. наук: 13.00.08. – М., 2011. - 290 с.
- 184 Хуторский А.В. Педагогика: учебник для вузов. Стандарт третьего

поколения. - СПб.: Питер, 2019. – 608 с.

185 Зими́на Н.А. Психология социального взаимодействия. - Нижний Новгород, 2017. – 214 с.

186 Репета Л.М. Формирование информационно-исследовательской компетенции учащихся общеобразовательных учреждений : автореф. канд. пед. наук: 13.00.01. – Челябинск, 2013. - 23 с.

187 Савельева С.С. Инновационные тенденции в сфере российского образования // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2015. – Т. 13. – С. 2476–2480 // <http://e-koncept.ru/2015/85496.htm> (2015 г. 25 апрель).

188 Богословский В.А. Методические рекомендации по проектированию оценочных средств для реализации многоуровневых образовательных программ ВПО при компетентностном подходе. – М., 2007. -147 с.

189 Хуторской А.В. Педагогическая инноватика: методология, теория, практика. – М.: Изд-во УНЦ ДО, 2005. - 60 с.

190 Анторопов Л. Актуальные вопросы педагогики и психологии высшей школы. – Новосибирск, 2015. - 70 с.

191 Кузьмицкая А. Психологическая компетентность в профессиональной деятельности современного директора среднего специального учебного заведения. – Тверь, 2013. - 102 с.

192 Тонконогая Е.П. Основные направления в развитии образования взрослых на современном этапе. – СПб., 2007. - 38 с.

193 Митина Л.М. Психология профессионального развития учителя: учебно-методическое пособие. – М.: Флинта, 2014. – 40 с.

194 Құрманалина Ш.Х. Педагогика. – Алматы, 2016. - 368 б.

195 Кенжебеков Б.Т. Методологические подходы к исследованию развития профессиональной компетентности специалиста // Профессиональное образование. – 2004. – Вып. 5. – С. 178.

196 Менлибекова Г.Ж. Социальная компетентность, сущность, структура, содержание // Высшая школа Казахстана. - 2001. - №4-5. - С.153-159.

197 Қасқатаева Б. Болашақ математика мұғалімін кәсіби дайындауда оның әдістемелік құзырлылығын қалыптастыру: пед. ғыл. канд. ... автореф.: 13.00.08. - Астана, 2003. - 30 с.

198 Семенова М.В. Методика преподавания иностранного языка. – М., 2014. - 36 с.

199 Еспенбетов Б.Ж. Ши тоқу өнеріндегі халық мұрасының көркемдік дәстүрі. Еліміздің экономикасын мемлекет иелігінен алу жағдайындағы білім мен ғылым проблемалары. - 2001. – Кітап 1. - Б. 228-234.

200 Жолдасбекова К.А. Формирование креативного мышления студентов специальности «дизайн» // Международный журнал экспериментального образования. - 2015. - №11. – С. 664-665.

201 Nałaj G. Assessing interbank contagion using simulated networks // Computational Management Science. – 2013. - №10(2-3). – P. 157-158.

202 Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения. – М: Феникс, 2012. - 205 с.

- 203 Овчарова Р.В. Практическая психология образования. - М.: Академия, 2003. - 448 с.
- 204 Фроликова О.А. Эффективная коррекция для первоклассников в играх и упражнениях. – М., 2013. - 23 с.
- 205 ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2007.
- 206 Нургалиева Г.К. Ценностное ориентации личности: методология, теория, практика формирования. – Алматы: АГУ им. Абая, 1994. – 44 с.
- 207 Құсайынов А.Қ. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: педагогика және психология. – Алматы: Мектеп баспасы ЖАҚ, 2002. – 256 б.
- 208 Marsh D. Content and Language Integrated Learning: The European Dimension – Actions, Trends and Foresight Potential. – OUP, 2002. – 204 p.
- 209 Wolff D. Bilingualer Sachfachunterricht in Europa: Versuch eines systematischen Überblicks (Content and Language Integrated Learning in Europe. An attempt at a systematic overview) // http://anglistik.univie.ac.at/fileadmin/user_upload/dep_anglist/ARAL_2011_CLIL_article.pdf (2011 г. 15 декабрь).
- 210 Dalton-Puffer C. Content-and-Language Integrated Learning: From Practice to Principles // Annual Review of Applied Linguistics // http://typo3.univie.ac.at/fileadmin/user_upload/dep_anglist/ARAL_2011_CLIL_article.pdf (2011 г. 2 сентябрь).
- 211 Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 2005.
- 212 Білім беру бағдарламасының паспорты. Абай атындағы ҚазҰПУ: 6B01101 – «Педагогика және психология» ББ. – Алматы, 2019 ж.
- 213 Fromkin V., Rodman R., Hyams N. An introduction to language.-2003.-83 с.
- 214 Зинченко П.П. Непроизвольное запоминание: избранные психологические труды. – М.: Институт практической психологии; Воронеж: НПО «МОДЭК», 1996. – 544 с.

ҚОСЫМША А

Т.И.Ильиннің «ЖОО-да білім алу мотивациясын зерттеу» әдістемесі

1. Сабақ барысындағы қолайлы атмосфера – өз ойларын еркін жеткізу атмосферасы
2. Әдетте мен үлкен күшпен жұмыс жасаймын
3. Басымнан өткен қобалжулар мен қолайсыз жағдайлардан кейін менде жиі бас аурулары болады
4. Мен өзімнің ойымша менің болашақ мамандығыма қажетті пәндерді өз бетіммен меңгеремін
5. Сізге тән қасиеттердің қайсысын сіз жоғары бағалайсыз? Жауабыңызды қасына жазыңыз
6. Мен «өмірді таңдаған мамандығыңа арнау керек» деп ойлаймын
7. Мен сабақ кезінде қиын мәселелерді қараудан рахат аламын
8. Біз оқу орнында жасайтын жұмыстардың көбінің мәнін түсінбеймін
9. Мен таныстарыма болашақ мамандығым туралы зор қуанышпен айтамын
10. Мен оқу үлгерімім орташа студентпін ешқашан жақсы болмаймын, сондықтан күш салудың қажеті жоқ
11. Менің ойымша, біздің уақытымызда жоғарғы білім алу міндетті емес
12. Мен мамандығымның дұрыс таңдалғандығына нық сенімдімін
13. Сізге тән қасиеттердің қайсысынан арылғыңыз келеді? Жауабыңызды қасына жазыңыз
14. Емтиханда қолайлы жағдай туса мен қосымша қосалқы құралдарды қолданамын (конспекттер, шпаргалкалар)
15. Өмірдің ең керемет уақыты – студенттік шақ
16. Менде шамадан тыс мазасыздық және ұйқының үзілуі болады
17. Менің ойымша мамандықты толық меңгеру үшін барлық оқу пәндерін бірдей дәрежеде терең меңгеру қажет
18. Мүмкіндік болса мен басқа оқу орнына түсер едім
19. Мен әдетте алдымен оңайлау жұмыстарды жасаймын, ал қиындарын кейінге қалдырамын
20. Мен үшін мамандық таңдауда біреуін таңдау қиынға соқты
21. Мен кез-келген қолайсыз жағдайдан кейін тыныш ұйықтаймын
22. Мен өзімінің мамандығымның өмірде моральды қанағаттану мен материалды ауқаттылық беретініне нық сенімдімін
23. Маған менің достарым менен жақсы оқитын секілді
24. Мен үшін жоғарғы білім дипломының болуы өте маңызды
25. Ойымдағы оқу орындарының арасында осы оқу орны ең қолайлы
26. Менің администрацияның ескертуінсіз оқуға күш жігерім жеткілікті
27. Өмір мен үшін әрқашан ерекше шиеленістермен байланысты
28. Емтиханды аз күш сала отырып тапсыру қажет

29. Мен аз қызығатын жоғары оқу орындары
30. Сізге тән қасиеттердің қайсысы сізге оқуға кедергі келтіреді? Жауабыңызды қасына жазыңыз
31. Мен өте қызықты адаммын, бірақ менің барлық қызығушылықтарым болашақ мамандығыммен байланысты
32. Уақытында орындалмаған жұмыс немесе емтихан туралы мазалаулар маған жиі тыныш ұйықтауға кедергі келтіреді
33. Жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейінгі жоғары жалақы мен үшін маңызды емес
34. Топтың жалпы шешімдерін қабылдау үшін менің көңіл-күйім жақсы болу қажет
35. Мен қоғамда қалаған орнымды алу үшін, әскерге барудан босатылу үшін жоғарғы оқу орнына түсуіме тура келді
36. Мен ақпаратты емтихан үшін емес, өз мамандығымның иесі болу үшін меңгеремін
37. Менің ата-аналарым өз істерінің мамандары, мен соларға ұқсағым келеді
38. Жұмыста алға жылжуым үшін мен жоғары білімді болуым керек
39. Сізге тән қасиеттердің қайсысы сізге оқуға көмектеседі? Жауабыңызды қасына жазыңыз
40. Мен үшін менің болашақ мамандығыма тікелей қатысы жоқ пәнді меңгеру өте қиын
41. Мені алда кездесуі мүмкін қиындықтар мазалайды
42. Менің берілген оқу орнына таңдауым ақтық
43. Менің достарым жоғары білімді, мен олардан қалғым келмейді
44. Топты бір нәрсеге көндіру үшін маған қарқынды жұмыс жасауға тура келеді
45. Әдетте менің көңіл-күйім қалыпты және жақсы
46. Мені болашақ мамандығымның ыңғайлылығы, тазалығы, оңайлығы қызықтырады
47. Жоғарғы оқу орнына түскенге дейін бұл мамандыққа қызығушылық танытып, ол туралы көп оқығанмын
48. Мен меңгеріп жатқан мамандық болашағы мол және ең маңызды
49. Бұл мамандық туралы менің білімім сенімді таңдау жасауға жеткілікті

«Өзіндік даму деңгейін анықтау диагностикасы»

(Е.П.Никитин, Н.Е. Харламенкова) сауалнамасы

Сауалнама мақсаты: Студенттің өзіндік дамуға деген қабілетін анықтау.

Сауалнамаға нұсқау: Төменде келтірілген пікірлермен қаншалықты келісетініңізді немесе келіспейтініңізді анықтаңыз.

Сауалнаманың жауап нұсқалары: бұл менің шынайылығымға толық сәйкес келеді – 5 ұпай; жоққа қарағанда, иә жауабы басым – 4 ұпай; иә және де жоқ – 3

ұпай; шынайылығыма сәйкес келмейтін секілді – 2 ұпай; мүлдем сәйкес емес – 1 ұпай.

Сауалнаманың сұрақтары:

1. Мен өзімді тануға ұмтыламын.
2. Мен қаншалықты жұмыспен немесе үй шарушылығымен айналыссам да, даму үшін уақыт табамын.
3. Пайда болған кедергілер, сәтсіздіктер менің белсенділігімді стимулдайды.
4. Мен кері байланысты іздеймін, өйткені бұл өзімді тануға және бағалауыма көмек береді.
5. Мен арнайы уақыт бөле отырып, өзімнің іс-әрекетіме рефлексия жасаймын.
6. Мен өзімнің тәжірибем мен сезімімді талдаймын.
7. Мен көп оқимын.
8. Мені қызықтыратын сұрақтар бойынша, мен көп пікірталасқа түсемін.
9. Мен өзімнің мүмкіндігіме сенемін.
10. Мен ашық болуға ұмтыламын.
11. Қоршаған адамдардың маған деген ықпалын мен саналы түсінем және сеземін.
12. Мен өзімнің кәсіби дамуымды басқарамын және жағымды нәтижелер аламын.
13. Мен жаңаны игеруден қанағат аламын.
14. Менің алатын жауапкершіліктерім мені қорқытпайды.
15. Мен өзімнің қызмет бабында өсуімді жағымды қабылдар едім.

Сауалнаманың нәтижелері:

Сауалнама нәтижелерінің интерпретациясы

55-75 ұпай – студенттердің өзіндік дамуға белсенділігі анық байқалады;

36-54 ұпай – өзіндік даму деңгейі жүйесінің ішкі және сыртқы жағдайларға тәуелділігі;

15-35 ұпай – тоқталған өзіндік даму.

Е.И.Роговтың «Өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз» сауалнамасы

Сұрақтар студенттің танымға қызығушылығын, өзіне сенімділігін, тұрақтылығын, көру және есту жадымен тәуелсіздікке деген ұмтылысын, ойын жинақтауды диагностикалауға мүмкіндік береді.

«Өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз»

Тестке нұсқау: Ұсынылған жауаптардың бірін таңдаңыз:

1. Сізді қоршаған әлемді жақсартуға болады деп санайсыз ба?
а) иә; б) жоқ; в) иә, бірақ тек кейбір заттарды.
2. Қоршаған ортаның өзгеруіне сіз өзіңіз қатыса аламын деп ойлайсыз ба?
а) иә, көп жағдайда; б) жоқ; в) иә, кейбір жағдайларда.
3. Сіздің кейбір идеяларыңыз шұғылданатын ісіңізге айтарлықтай

жақсарым (прогресс) әкеледі деп санайсыз ба?

а) иә; б) менде бұндай идея қайдан туындауы мүмкін? в) мүмкін, керемет нәтиже болмаса да айтарлықтай сәттіліктер болуы ықтимал.

4. Сіз болашақта принципті тұрғыда бір нәрсені өзгерте алатындай маңызға ие боламын деп ойлайсыз ба?

а) иә, мүмкін; б) болу мүмкіндігі аз; в) мүмкін.

5. Сіз бір жұмысты бастар алдында жұмысыңыздың нәтижелі болатынына сенімдісіз бе?

а) әрине; б) менің қолымнан келе ме? - деген жиі күдік мазалайды;

в) сенімсіздікке қарағанда, сенімділік басым

6. Сізде қазіргі уақытта сіз мүлдем білмейтін іспен шұғылданғыңыз келетін сәттер бола ма?

а) иә, мені белгісіз нәрселер қызықтырады; б) жоқ; в) барлығы істің өзіне және мәніне байланысты.

7. Сізге таныс емес іспен шұғылдануға тура келеді. Ол істе жоғары жетістіктерге жетуді көздейсіз бе?

а) иә;

б) егер қолдан келсе – жақсы;

в) егер ол тым қиын болмаса, онда иә.

8. Егер сіз білмейтін іс сізге ұнаса, онда сіз ол іс туралы барлығын білгіңіз келе ме?

а) иә;

б) жоқ, ең негізгісіне үйрену керек;

в) жоқ, мен тек өзімнің қызығушылықтарымды қанағаттандырамын.

9. Сіз сәтсіздікті бастан кешірсеңіз, онда:

а) ойға сиғысыз болса да, белгілі уақыт аралығында қарсылық танытамын;

б) оның жүзеге аспайтынын түсінген бойда, бірден қолымды сілтеймін;

в) кедергілерді жеңу мүмкін емес болып көрінгенше өз ісіммен

шұғылдануды тоқтатпаймын.

10. Мамандықты таңдау керек:

а) өзіңнің мүмкіндіктеріңізге қарап және болашағына байланысты;

б) тұрақтылығына, маңыздылығына, мамандықтың қажеттігі мен оған деген сұранысқа қарай;

в) мамандық қамтамасыз ететін абырой мен артықшылыққа байланысты.

11. Саяхаттау кезінде жүріп өткен бағытыңызда оңай бейімделе аласыз ба?

а) иә; б) жоқ; в) егер орын ұнаса және есте қалса, онда әрине.

12. Әңгімелесуден кейін онда айтылғандарды бірден есіңізге түсіре аласыз ба?

а) иә; б) жоқ; в) маған қызықты заттардың барлығын есіме түсіремін.

13. Сіз бейтаныс тілдегі сөздердің мағынасын білмесеңіз де буындарға

бөліп қатесіз қайталай аласыз ба?

- а) иә;
- б) жоқ;
- в) қайталаймын, бірақ айна қатесіз емес.

14. Бос уақытыңызда сіз немен айналысқанды ұнатасыз:

- а) жеке қалып ойланғанды;
- б) көпшілікпен болғанды;
- в) көпшілікпен немесе өзім боламынын ба, маған бәрібір.

15. Сіз бір іспен айналысасыз. Сіз ол іспен айналысуды тоқтатасыз, егер:

- а) іс бітті және өте жақсы біткендей көрінеді;
- б) істелген іске разымын;
- в) одан да жақсы істеуге болатынына қарамастан, іс біткендей көрінеді.

Бірақ неліктен?

16. Сіз жалғыз қалғанда:

- а) бір нәрсе туралы қиялдағанды жақсы көресіз, абстрактты болуы мүмкін;
- б) қайткен күнде де өзіңізге нақты іс табуға тырысасыз;
- в) кей кезде қиялдағанды жақсы көресіз, бірақ ол сіздің ісіңізбен

байланысты.

17. Сізге бір ой келгенде, ол туралы ойлайсыз:

- а) қай жерде және кіммен болғаныңызға қарамастан;
- б) тек жеке қалғанда;
- в) тек тыныштық бар жерде.

18. Сіз өз идеяңызды қорғайсыз:

а) егер оған ұсынылған қарсылықтар сізге сенімді болса, одан бас тарта аламын;

- б) оған қандай қарсылықтар айтылса да, өз ойыңызда қаласыз;
- в) егер қарсылықтар тым күшті болса, сіз өз ойыңызды өзгертесіз.

Тест нәтижесін өңдеу және түсіндіру.

Тест нәтижесін өңдеу:

А жауабына – 3 ұпай, б жауабына – 1 ұпай, в жауабына – 1 ұпай. Сұрақтар сіздің қызығушылықтарыңыздың, өзіңе сенімділігіңіздің, тұрақтылығыңыздың, көру және есту арқылы есте сақтау, тәуелсіздікке деген ұмтылыс, абстракциялауға және назарыңызды шоғырландыруға қабілеттілігіңіздің шегін диагностикалады. Бұл көрсеткіштер шығармашылық мүмкіндіктеріңіздің көрсеткіштері болып табылады.

Тест нәтижесін түсіндіру:

Егер сіз 48 немесе одан жоғары ұпай жинасаңыз, сізде шығармашылық мүмкіндіктердің көпетеген түрлерін таңдауға мүмкіндік беретін маңызды шығармашылық мүмкіндіктер бар.

Егер сіз өзіңіздің мүмкіндіктеріңізді пайдалансаңыз, онда сізге шығармашылықтың түрлі формалары қол жетімді.

Егер сіз 27-47 ұпай жинасаңыз, сізде шығармашылығыңызды жүзеге асыруға мүмкіндіктер бар, бірақ кейбір кедергілер де кездеседі. Ең қауіпті – қорқыныш, ол міндетті түрде биік мақсаттарға бағытталған адамдарда.

Қорқыныш айналадағылардың кіналауынан қорқатын – әлеуметтік болуы да мүмкін. Кез-келген жаңа идея айналадағылардың таңдану, мойындамау, талқылау этапынан өтеді. Басқалар үшін үйреншікті емес, жаңа әрекеттер, көзқарастар, сезімдердің талқыға түсуінен қорқу шығармашылық белсенділікті кемітіп, шығармашылық тұлғаны жояды.

Дж. Роттер бойынша бағалау локусының диагностикалық
зерттеу әдістемесі
Тест нұсқау:

№	Вариант «А»	Вариант «Б»
1	Балаларды ата-аналары оларды жиі жазалайтындықтан сәтсіздікке ұшырайды	Біздің уақытымызда балалардың сәтсіздіктері ата-аналар оларға тым жұмсақ қарағандықтан болады.
2	Көптеген сәтсіздіктер сәттіліктің болмауынан болады.	Адамдардың сәтсіздіктері олардың өздерінің жіберген қателіктерінен болады.
3	Азғындық әрекеттердің жасалуының басты себебі – айналасындағылардың оған көнуі болып табылады.	Азғындық әрекеттерге айналасындағылар оларға қанша тосқауыл қоюға тырысса да, әрқашан болып тұрады.
4	Ақырында адамдар лайықты ықыласқа бөленеді.	Өкінішке орай, адамдар лайықты ықыласқа бөленбей жатады.
5	Оқытушылар білім алушыларға әділетті емес – деген пікір қате.	Көптеген білім алушылар олардың бағалары күтпеген себептерден болатынын түсінбейді.
6	Басшының сәтті болуы көбіне жағдайдың сәтті болуына байланысты.	Ікемді адамдардың басшы болмау себебі – олар өз мүмкіндіктерін дұрыс пайдаланбауынан.
7	Сіз қанша тырыссаңыз да кейбір адамдар сізді ұнатпайды.	Адамның айналадағылардың ұнату сезімін жаулай алмау себебі – басқалармен қатынас жасай алмағандығынан.
8	Адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің қалыптасуында – тұқым қуалаушылық басты рөл ойнайды.	Тек өмірлік тәжірибе ғана мінез-құлық пен іс-әрекетті анықтайды.
9	Мен «Болатын зат – болады» - деген мақалдың шынайылығын жиі байқаймын.	Менің ойымша, тағдырға үміт артқанша шешім қабылдап, әрекет еткен дұрыс.
10	Жақсы маман үшін қатал тексеріс те қиындық туғызбайды.	Тіпті жақсы даярланған маман да қатал тексерісті көтермейді.
11	Сәттілік – жақсы жұмыс істеуге байланысты.	Сәттілікке қол жеткізу үшін қолайлы сәтті жіберіп алмау қажет.
12	Әрбір азамат маңызды мемлекеттік шешімдерге ықпал ете алады.	Қоғамды қоғамдық орындарға ұсынылған адамдар басқарады, ал олардың қасында адамның бір нәрсені өзгертуі мүмкін емес
13	Мен жоспар жасағанда олардың орындалатынына сенімдімін.	Алдағыны жоспарлау әр кезде ақылды шешім емес, өйткені ол болатын жағдайға байланысты.
14	Оларды жақсы емес деп нақ айтуға болатын адамдар бар.	Әрбір адамның жақсы жағы бар.
15	Менің қалауларымның орындалуы әрқашан сәттілікпен байланысты емес.	Егер таңдау жасау қиын болса, мен тиын лақтырамын. Менің ойымша, өмірде осы тәсілге жиі жүгінуге болады.
16	Көбіне бақытты жағдайдың орын алуынан басшы болып кетіп жатады.	Басшы болу үшін адамдарды басқара білу керек. Сәттіліктің ешқандай қатысы жоқ.
17	Біздердің көбіміз әлемдік құбылыстарға маңызды әсерін тигізе алмайды.	Қоғамдық өмірге белсенді түрде қатыса отырып, адамдар әлемдік жағдайларды басқара алады.
18	Көптеген адамдар олардың өмірі	Шындығына келгенде сәттілік секілді зат

	қаншалықты кездейсоқ жағдайларға тәуелді екендігін түсінбейді.	болмайды.
19	Әрқашан өз қателіктеріңді мойындау керек.	Өз қателіктеріңді байқатпау керек.
20	Сіз шынымен де адамға ұнайтындығыңызды түсіну қиын.	Сіздің достарыңыздың көп болуы сіздің басқаларды өзіңізге ыңғайластыра алу қасиетіңізге байланысты.
21	Түптеп келгенде, бізбен болып жатқан сәтсіздіктер орны жақсы жағдайлармен толып отырады.	Көптеген сәтсіздіктердің барлығы қабілеттердің, біліктіліктің, еріншектіктің болуынан немесе бірге алынған барлық себептердің әсерінен болады.
22	Егер жеткілікті күш салса немқұрайлылық пен қаталдықты жоюға болады.	Күресу қиын заттар бар, сондықтан немқұрайлылық пен қаталдықты жоюға болмайды.
23	Кей кезде басшылардың мақтауы неге негізделгенін анықтау қиын.	Мақтау алу адамның қаншалықты жақсы жұмыс жасағандығына байланысты.
24	Жақсы басшы қол астындағылардан не істеуге міндетті екендіктерін олар өздері білуін күтеді.	Жақсы басшы әрбір қол астындағылардың әрбірінің жұмысы қайсы екенін нақ сездіреді.
25	Менімен болып жатқан оқиғаларға менің аз әсер етендігімді жиі сеземін.	Жағдай немесе тағдырдың менің өмірімде басты рөл ойнайтынына сенбеймін.
26	Адамдар айналасындағыларға мейірімділік танытпайтындықтан жалғыз.	Адамдарды өзіңе тарту пайдасыз: егер ұнатса ұнатады.
27	Адамның мінез-құлқы тікелей ерік күшіне байланысты.	Негізінен адамның мінез-құлқы топта қалыптасады.
28	Менде болып жатқан жағдайлардың барлығының себебі – өзім.	Кей кезде мен өмірімнің менің еркіме тәуелсіз бағытта дамып жатқанын сеземін.
29	Мен жиі басшылар басқаша емес тек солай істегендігін түсіне алмаймын.	Жұмыс орнының дұрыс басқарылмауы сол жерде жұмыс жасайтын қызметкерлердің өздеріне байланысты.

ҚОСЫМША Ә

Сауалнама Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ Өзіндік авторлық сауалнама оқытушылар мен студенттерге ЖҮРГІЗІЛГЕН:

Құрметті оқытушылар!

Ұсынылған сауалнамаға толық жауап беруіңізді сұраймыз. Барлық нәтижелер ғылыми мақсатта қолданылады.

Университет, факультет _____

Оқытушының аты-жөні _____

Сауалнама сұрақтары	Жауаптары (%)
Қазіргі білім берудің жаңаша оқыту үрдісінде «көптілді білім беру» ұғымына жаңаша көзқарасыңыз қандай?	
ЖОО көптілді білім беру қаншалықты маңызды орын алады? Қандай қиындықтар кездеседі?	
«...Балаға 7 жасқа дейін басқа тілдерді оқытуға болмайды...» деген тұжырымдамаға пікіріңіз?	
Көптілді білім беру студенттерге қандай мүмкіндіктер береді? Жауабын нақтылаңыз.	
Студенттердің тілді үйренуге деген қызығушылықтарын қалай оятуға болады? Себебін толықтай көрсетіңіз.	
Болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру негізінде оқу үдерісін жоспарлай және ұйымдастыра білуі үшін қандай қасиеттер мен құзыреттіліктерге ие болу керек деп ойлайсыз?	
Білім беру мазмұнын жанартуда педагог, психолог мамандарын көптілге даярлау туралы пікіріңіз?	

Қолдау білдіргендеріңізге рахмет!

Сауалнама

Құрметті студенттер!

Берілген сауалнамаға толық жауап беруіңізді сұраймыз.

Сауалнама нәтижесіндегі барлық ақпараттар ғылыми мақсатта қолданылады.

Университет _____

Факультет, курс _____

Студенттің аты-жөні _____

Сауалнама сұрақтары	Жауаптары (%)
Білім беру жүйесінің көптілділік арқылы жүзеге асуын қолдайсыз ба? Жауабын толық көрсетіңіз.	
Пәндердің көптілде жүргізілуі оқу үрдісінің нәтижелі болуына ықпал етеді ме? Анықтап түсіндіріңіз.	
Көптілді мамандардың дайындалуын қолдаймын, себебі.....	
Педагог-психолог мамандарының қандай тілді меңгеруінде қиындықтар туындайды? Себебін анықтаңыз.	
Сіз үшін болашақта педагог-психологтың кәсіби маман болып қалыптасуында көптілді тілді білу қаншалықты маңызды? Жауабын нақтылаңыз.	
Болашақ педагог-психолог маман ретінде көптілді білу болашағыңызға қажет деп ойлайсыз ба? Жауабыңызды толықтырып жазыңыз.	

Қолдау білдіргендеріңізге рахмет!

ҚОСЫМША Б

«Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтарда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыра отырып, адам бойындағы қасиеттерді қалай сақтай аламыз?»

тақырыптық жазба жұмысы

Максаты: «Кәсіби құзыреттілік» ұғымының мәнін қаншалықты дұрыс түсіне алатынын анықтау.

This image shows a full page of blank, lined paper. It features approximately 20 evenly spaced horizontal grey lines across its entire width, providing a guide for handwriting or typing. The paper itself is a clean, off-white color.

**«Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың
кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты
бағдарламаның жоспары**

«Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру негіздері» атты бағдарламаның жоспары		
Жобаның мақсаты: Көптілді білім беру жағдайында еңбек нарығы талаптарына сай жалпымәдени және кәсіби құзыреттіліктерді меңгерген бәсекеге қабілетті болашақ педагог-психологтарды даярлау. Қысқаша мазмұны: «Педагогика және психология» мамандығы бойынша білім алушылардың тілдік, танымдық және психологиялық бағытта кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру. Жалпы сағат саны – 3 кредит, яғни тілдік бағытта – 2 кредит, дәріс – 15 сағат, семинар – 15 сағат, білім алушылардың оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы – 30 сағат, білім алушылардың өзіндік жұмысы – 30 сағат. Психологиялық және танымдық бағытқа бөлінген жалпы сағат саны – 1 кредит, дәріс – 15 сағат, білім алушылардың оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы – 15 сағат, білім алушылардың өзіндік жұмысы – 15 сағат.		
Бірінші бағыт – тілдік бағыт	Екінші бағыт – танымдық бағыт	Үшінші бағыт – психологиялық бағыт
Бағыттың мақсаты: көптілді академиялық оқу топтарында білім алушылардың бірқатар педагогикалық-психологиялық элективті пәндерді ағылшын тілінде оқыту арқылы пәндік, тілдік және ақпараттық-коммуникативтік, мәдени құзыреттіліктерін қалыптастыру.	Бағыттың мақсаты: көптілді академиялық оқу топтарында білім алушылардың аудиториядан тыс ұйымдастырылатын өзбетінше жұмыстарында білім алушылардың зерттеушілік дағдысы, өмір бойы оқу қабілеті, сыни тұрғыда ойлау қабілеті, шешендік өнер, көптілділік қабілеттерін қалыптастыру.	Психологиялық бағыт – көптілді академиялық оқу топтарында психологиялық тренингтерді ұйымдастыру арқылы білім алушылардың ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті, кәсіби құзыреттілігі, көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысын қалыптастыруға бағытталады.
Пәндері: Кәсіби бағытталған шет тілі. «Кәсіби орыс (қазақ) тілі», «English Club» жоспары	Пәндері: «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы» пәні; «Оқу орындарында психологиялық қызметті ұйымдастыру» Аудиториядан тыс ұйымдастырылатын өзбетінше жұмыстарда қолданылатын әдіс-тәсілдер: Дәріс, семинар, ОБСӨЖ, Ой талқы әдісі, CLIL әдісі, Портфолио, Белсенді оқыту әдісі және т.б.	Психологиялық бағыттағы әдістемелер, сауалнамалар, тесттер: Т.И.Ильиннің «ЖОО-да білім алу мотивациясын анықтауға бағытталған зерттеу әдістемесі», «Өзіндік даму деңгейін анықтау диагностикасы» (Е.П.Никитин, Н.Е. Харламенкова) сауалнамасы, (Е.И.Роговтың) «Өзіңіздің шығармашылық әлеуетіңізге баға беріңіз» сауалнамасы, «Дж.Роттер бойынша бағалау локусын зерттеу» әдістемесі
		Психологиялық тренингтер: Өзінің «Менін» ұғыну, «Командалық даму», «Креативтілік туралы пікір қалыптастыру», «Тұлғалық өсу», «Кәсіби өсу», «Эмпатияны дамыту», Психологтың кәсіби сапалары.

**6B01101 – Педагогика және психология мамандығының студенттеріне
арналған «Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы»
элективті курсы бойынша
ОБСӨЖ сабағының қысқаша жинағы**

1-тақырып: Көптілді білім беру – әлеуметтік феномен ретінде.

Интеграция тұрғысындағы көптілді білім беру құрылымдары, мемлекеттің білім берудегі саясатын, жұмыспен қамтылуын, кадрларды даярлау, халықаралық ұйымдардың әлемдегі және аймақтағы рөлінің күшеюінің объективті және қарқынды іс-әрекетінің көрінісі ретінде түсініктері мен білімдерінің қалыптасуына әсер етеді. «Көптілді білім беру» ұғымы және оның қолданысқа ену себептері, оның жағымды және кері әсеріне талдау жасайды. Қазіргі таңда әлеуметтік, экономикалық және технологиялық өзгерістердің үлкен жылдамдығын ескере отырып, болашақтағы білім беру жүйесіне әлемдегі жетекші білім беру ұйымдарының күтілетін нәтижелері мен әсері қандай болады деген сұрақтарға жауаптар қарастырылады. «Көптілді білім беру», «тұлға», «білім беру» категорияларының өзара интеграциялануының мағынасын анықтау.

Көптілділік адамзат дамуының бағыты ретінде ертеректен жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі күні тек бір тілді ғана қолданатын халқы бар елдерді елестету мүмкін емес. Шындығында бір ұлтты ғана өркениетті мемлекет жоқ. Көпұлтты мемлекеттерде қалыпты жағдайда жұмыс жасауда көптілділікті қалыптастыру өте маңызды.

Көптілді білім беру теориясы мен практикасының пайда болуы мен дамуы үшін мынадай тарихи-педагогикалық алғышарттар қарастырылуы мүмкін:

- Тарихи жағынан қазақ тілі мен орыс тілі билингвизм табиғи жағдай, яғни, ана тілі ретінде қазақ, ресми тіл ретінде орыс тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздерін әзірлеу; оның функционалдық қызметін дамыту кеңестік лингвистикада қазақ тілі перифериялық жағдайы мен қазақ тілі оқыту мәселелерінде оқытушылық тәжірибесі жетіспеушілігі нәтижесінде фактордың шектелмеуі;

- теориялық виртуалды болмауы және ана тілі ретінде тарихи үстемдік орыс тілді және ағылшын тілін қазіргі қоғамның өмірлік маңызды функциялар белсенді болып, қазақ тілін оқыту мәселелерінде өзекті ғылыми-әдістемелік негіздемелер мен лингводидактикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының төмендемеуі;

- қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін және оны оқытудың мазмұнын қоса алғанда, білім беру жүйесіндегі басымдықты анықтайтын функционалдық пайдаланудың нақты деңгейін жариялау;

- әлемдік қоғамдастыққа интеграциялау үшін қажетті деңгейде институционалдық зерттеуді талап ететін қазақ қоғамының лингвомәдени кеңістігіне ағылшын тілін енгізу.

Қазіргі технологияның дамуы мен жаһандану әлемінде көптілді білім беру кеңістігін әлеуметтік және философиялық мәселелерді тұжырымдамалық шешу – басқа халықтардың тілдерін екінші бір халыққа ана тілімен қоса оқытуға бейімдеу, жалпы мәдениетін тану үшін белгілі бір жүйе ұсынудың әдіснамалық принципі болып табылады.

Көптілді жеке басын куәландыратын – ол белсенді көп тілді қолдау болып

табылады: сөйлеу жеке басын куәландыратын – жеке бірнеше тілде бір мезгілде сөйлеу қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кешенді психологиялық-физиологиялық қасиеттері; жеке қарым-қатынас – ауызша мінез-құлық және әртүрлі тілдік қоғамдардың өкілдерімен қарым-қатынас құралы ретінде бірнеше тілдерді пайдалану қабілеттерінің жиынтығы; сөздікке жеке немесе этносемантикалық-дүниетанымның симбиозы, бірнеше тілде лексикалық жүйесінде көрініс ықпалдастырушы бағытын, мінез-құлық эксперименттер бағалайды.

Көптеген тілдік тұлға тілден бөлек қаралмайды. Кейбір ғалымдардың пікірінше, тіл мәдениетке тұтастай алғанда жатады, ал басқалары тіл – бұл тек мәдениеттің жемісі. Тілдік тұлға бар жерде қызмет атқарса, тарих, мәдениет те тілдік тұлға айналасында қалыптасады. Тілдік тұлға дегеніміз – мәтіндерді жасайтын, сол мәтіндерді қабылдау қабілетіне ие, мәдени кодтарды шеше алатын тұлға.

Көптілді – бірнеше мәдениетті меңгерген тұлғаны қалыптастырудың негізі. Көптілді меңгерген адам әртүрлі қарым-қатынас жағдайында, әртүрлі ортада сөйлесе алатын, түсінетін тұлға.

Қазақстан үштілділіктің әлеуметтік кеңістігіне айналуға. Әлем халықтары бір-бірімен қатынасады, тілдік алмасулар жасайды, араласады, тілдесіп, бір-бірімен түсініседі. Әрқилы елдердегі әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдаяттарды, сауда, мәдениет жаңалықтарын, өндірісте қол жеткізген жетістіктерін әңгімелеп, әр елдің даму деңгейлерін, тұрмыс-жағдайын анықтайды, материалдық және рухани құндылықтарын бағалайды. Сондықтан көптілді орта қалыптастыру маңызды рөл атқарады.

2-тақырып: «Білім беру саласындағы көптілді білім беру мәселесі».

Әлемдік білім кеңістігі және білім берудегі көптілді білім беру туралы терең теориялық және практикалық тұрғыда және салыстырмалы педагогика негізінде зерттеулерді қажет ететін ашық сұрақтардың бірі екендігін түсінеді. Әлемдік білім беру кеңістігіндегі ұлттық білім беру жүйесінің даму сатысы мен кірігуі әлемдегі білім берудің дамуының басым бағыттары.

«Көптілді білім беру», «көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігі», «көптілді ойлау» ұғымдардың пайда болуының ықпал еткен факторларын қарастыру. Білім беру мен тәрбиелеудегі белгілі міндеттерді жаһандық даму тенденцияларымен ұштастыра шешу жолы - педагогикалық жаңа идеялар, әдістер, технологиялармен қатар, әлемдік жаңғыру үдерістерінің элементтерінің бірлігі ретінде.

Көптілді білім беру жағдайында ұлттық білім беру жүйелерінің дамуы және интеграциялануы, білім берудің жаңа моделінде іскерлік сипаттар мазмұндалады.

Бүгінгі күнгі көптілді білім берудің мақсаты әлем бірлестігінің жағдайында бәсекеге түсе алатын көптілді тұлғаны дамыту деп айқындалып жүр. Нәтижесінде көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби басқаруға, өздігінен дамуға, өздігінен жетілуге қабілетті тұлғаның қалыптасуы күтілуде. Сондықтан жоғары білім беруді жаңартудың негізгі құжаттарында ең негізгі мақсат білікті маман даярлау деп көрсетілген болатын. Ол жауапкершілігі мол, өз мамандығы бойынша халықаралық стандарт деңгейінде тиімді іс-әрекетке

кабілетті, кәсіби деңгейінің өсуіне ынталы, әлеуметтік және кәсіби бейімділігі жоғары, үш тілді: мемлекеттік тіл – қазақ тілін, ұлтаралық қатынас құралы ретінде орыс тілін, дүниежүзілік экономикалық кеңістікке кірігу тілі ретінде ағылшын тілін еркін меңгерген тұлға болуы тиіс. Бұл міндетті шешудің маңыздылығы Қазақстанның жаһандану жағдайында ұлттық білім жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ұмтылысымен анықталады. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыру бүгінде отандық мектептен маманның шығармашылық өзін-өзі жетілдіру саласын дамытуға, мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен Қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретіндегі рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистік белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына сәтті кірігу тілі ретінде енгізу бағытталған көптілді білім беруді енгізуді талап етеді. Бұл мәселенің бүгінде мемлекеттік деңгейде талқыланып, білім реформалары аясында қарастырылып келеді,-деп көрсеткен.

3-тақырып: «Құзырет», «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік» ұғымдарының көптілді білім беру жағдайлар контексіндегі түсініктері.

Көптілді білім беру жағдайындағы «Құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілік ұғымдарының мәні мен мазмұны» бойынша қазіргі кезде «құзыреттілік», «кәсіби құзыреттілікті» қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері ғылыми еңбектердің әдіснамалық негізі, теориялық жаңалықтары.

Білім беру саласында болашақ педагог-психологтардың құзыреттілігі – олардың қалыптасқан тұлғалық сапасын және белгілі бір саладағы іс-әрекетке қатысты жинақталған тәжірибесімен байланыстылығы. Оқыту үдерісінде «құзыреттілік» ұғымы білім алушылардың білімі мен тәжірибесін, дағдылары мен біліктерін белгілі бір мәселені шешуде қолдануы. Бүгінгі күні шетел ғалымдарының еңбектеріндегі кәсіби құзыреттілік анықтамалары «тереңдетілген білім», «міндетті шешудегі теңдік жағдайы», «қызметті орындаудағы қабілеттілік» ұғымымен мағыналасады. «Кәсіби құзыреттілік» адамның өзіндік кәсіби деңгейімен, тәжірибесімен және өзіндік қабілеттерімен ерекшеленіп, оның түрткі болған талпынысын, үздіксіз өз бетімен білім алу, білімін жетілдіру, іске деген шығармашылық және жауапкершілік қатынасымен анықталады.

Педагог-психологтың кәсіби құзыреттілігі – оның мақсат, мән, құрылым, құрал тәсілдер жөніндегі ақпараттануын, кәсіби қызметті (білім), осы қызмет технологиясын меңгеруін (біліктілігі, дағдысы), педагог-психолог қызметінің маңыздылығын түсінуін қамтамасыз ететін педагогтың жеке психологиялық сапаларын жетілдіру және стандартты емес тапсырмаларды орындаудағы қабілеті. Атап айтқанда, тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыру дамыту және оқыту үдерістерінің салдары ретінде қарастырылады. Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың компоненттерінің көрсеткіштері.

Құзыреттілік – өзінің іс-әрекетін тексеруге сәйкес тұлғаның тиісті құзыреттіліктерге ие болуы сапасы. Құзыреттілік – адам білімінің жаңа өлшем бірлігі. Педагогикалық ғылымда құзыреттілік білім мен тәжірибенің бірлігі,

бітірушінің шиеленіскен жағдайларды кәсіби, әлеуметтік және тұлғалық мәселелерін шеше алу дайындығы мен қабілеті ретінде қарастырылады. Құзыреттіліктің келесі құрылымдық компоненттері: мотивациялық, когнитивті (білімді), операционалды-іс-әрекет, құндылық-мағыналық, эмоциялық-еріктік, тұлғаның іс-әрекеті мен мінез-құлқын әртүрлі жағдайларда айқындайтын және әр түрлі жағдайларда шешуге бағытталады.

Ғалымдар «құзырет» ұғымын мектеп оқушысының әрекет ету әрекетін анықтау үшін жиі қолданады, ал «құзыреттілік» - оның іс-әрекетінің сапасын бағалау үшін қолданылады:

- «құзыреттілік» ұғымы құрылымы бойынша өзекті және қиын. Жоғары сынып оқушыларының құзыреттілік компоненттері әлеуметтік және тұлғалық маңыздылығынан вариативтілік, өзара тәуелділік, интегративтілік қасиеттеріне ие;

- оқу орнын бітірушінің құзыреттілігі әлеуметтілігімен, мәдениеттілігімен, пәнаралық, жүйелілігімен, тәжірибеге бағытталуымен, жағдайлылығымен, ынталандыруды қолданумен сипатталады;

- оқыту үрдісі тек қана нормативтік қызметті орындау үшін базалық құзыреттілікті қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар болашақта дамудың шығармашылық әлеуетін және құзыреттілікті жетілдіру қалыптастыру бағытталуы қажет;

- оқу орнын бітірушінің құзыреттілігі - бұл білім беру жүйесінің жеке тұлғаға ықпалының мақсаты мен нәтижесі.

Зерттеу жұмысын жүргізе отырып, болашақ педагог-психологтардың көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін:

- студенттің көптілді білім беру жағдайында кәсіби құзыреттілігін игеруге қызығушылығын арттыру;

- көптілді білім беру жағдайында кәсіби білімінің болуы мен оқытылатын пәндерінде қолдану алу;

- мектеп пәнін оқытуда және мектептен тыс жұмыста көптілді тәсілдерді енгізуді қамтамасыз ететін дағдыларға ие болуы.

Көптілді білім берудің өзегі - бұл көптілді тәсіл, оның мақсаты білім алушылардың көптілділікке қол жеткізуі, яғни оқылатын пәннің тақырыбы аясында ана тілінде, сондай-ақ шет тілінде қарым-қатынасты жүзеге асыру мүмкіндігін жүзеге асырады.

Болашақ педагог-психологтарды дайындауда төмендегідей кәсіби құзыреттіліктерді:

- кәсіби қызметті жүзеге асыруға болашақ мамандығының маңыздылығын түсіну;

- кәсіби міндеттерді шешуде теориялық және практикалық білімдерді қолдану;

- оқу үрдісінде тиімді әдістер мен технологияларды қолдана білу қабілеті;

- әртүрлі жұмыс түрлерін жобалау және ұйымдастыру қабілеті және тағы басқа құзыреттіліктерді игеруі қажет.

4-тақырып: Көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің жаңа бағыттары: өз пәнін көптілді білім беру мәселелеріне бағыттай алуға негіз болатын білімдері, мәдениаралық қарым-қатынас біліктері, ақпараттық біліктері, жергілікті

және көптілді білу жауапкершілігін сезіну қабілеттілігі мәні, мазмұны.

Көптілді білім беру жағдайында білім алушыларды тиімді тәрбиелеу үшін көптілді білім беру жағдайында болашақ педагог-психологтар аталмыш кәсіби құзыреттіліктерді меңгеруі:

- көптілді білім берудің мәнін түсіну;
- тұлғаны көптілді білім беру жайындағы мәселелер мен көпмәдениеттілікке үнемі және тұрақты назар аударуға бағдарлау;
- дүниежүзіндегі түрлі ұлттардың мәдениеті мен тілі, салт-дәстүріне қызығушылықпен құрмет көрсету;
- дүниежүзіндегі әлеуметтік және табиғи үдерістерді танып білуде жүйелі ойлау дағдылары мен тілдік қарым-қатынасы;
- көптілді білім беру мәселелерін шешуге үлес қосуда өз мүмкіндіктерін сезініп пайымдауы;
- жалпы әлемдік, жалпы ұлттық өз ісінде өзіндік тактикасы мен стратегиясын құра білуі сияқты сапалары мен практикалық мәселелерді шешу дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді.

«Айқындалған тұлғалық сапалар жиынтығы және инновациялық технологиялар аумағындағы теориялық білім мен практикалық біліктерінің бірлігі негізіндегі күрделі тұлғалық-психологиялық білім».

А.Л.Семёнов ақпараттық құзыреттілікті «жаңаша сауаттылық» деп анықтай отырып, оның құрамына адамның ақпаратты өзбетімен белсенді түрде өңдей алу, техникалық құралдар көмегімен қорытындылар шығару білігін жатқызады.

Мәдениаралық қарым-қатынас біліктері. Мәдениет – әлеуметтік фактор, қозғаушы күш болғандықтан, оның дамуы қоғамды ілгері жылжытады. Жеке адам мәдениеті мен қоғам талабы тікелей байланысты. Адам, оның қызметі мен өзара қатынасы бар жерде мәдениет бар. Демек, «мәдениет – адамдардың бірлесе ғылыми, моральдық-әлеуметтік, көркем және техникалық құндылықтар жасаудағы қарым-қатынастар жиынтығы» - деген тұжырымды қолдауға болады.

Жергілікті және ғаламдық жауапкершілікті сезіну қабілеттілігі – адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет, тұлғаның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді. Өсіп келе жатқан адамды жауаптылыққа тәрбиелеу - қазіргі заманның өзекті мақсаты. Өмір бойы білім алуға қатысты құзыреттіліктер ішінде тұлғаның өзінің, отбасының, айналасының, елінің, тіпті ғаламның алдындағы жауапкершілігін сезінуді бойына дарыту маңызды орын алады.

«Жауаптылық» ұғымы заманауи ғылымда құндылық бағдар және этикалық құқықтық категория ретінде қарастырылып, тұлғаның әлеуметтік орта, қоғам, мемлекеттен тәуелділігін көрсететін, оның жеке мінез-құлқының белгіленген нормативті үлгілерге сай болуын көрсетеді.

Адам – барлығы үшін жауапты. Мысалы: дұрыс таңдау жасау, үйлесімді қарым-қатынас, қоршаған орта, табандылық және жұмыс, тіпті бақыт, қуаныш пен махаббат үшін де. Жауапкершілікті өз мойнына алуда тұлғаның белгілі бір

сапалары, атап айтсақ, ерік күші мен тәртіптілігі қалыптасқан болуы керек. Жауаптылық өз-өзіне деген сенімділігін нығайтады және өмір дағдысын қалыптастырады. Себебі жауаптылықта өмірді толық бақылауға болады және адамның мұндай жағдайы оның ішкі құндылықтары мен жүрек дауысына сәйкес өз өмірін құруға мүмкіндік береді. Жауаптылық сонымен бірге өз өміріне қатысты кез-келген шешім қабылдауға және олар үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алуға құқық береді.

Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауаптылықпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып оған күрделі істерді атқаруға сенім артылады. Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы, көбінесе, оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді.

5-тақырып: Болашақ педагог-психологтың көптілді білім беру жағдайына байланысты кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру әдістері мен технологиялары.

Тақырыпты ашу аясында зерттеу барысында болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігінің дайындығын қалыптастырудың әдістерін айқындадық. Оларға ең алдымен кәсіби құзыреттілікті дамытуға бағытталған педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, дәрістің инновациялық формаларын, сонымен қатар арнайы құрастырылған тренингтерді, оқытудың белсенді әдістерін жатқыздық. Бұл әдістеме өзіміз ұсынған «Кәсіби қарым-қатынас психологиясы» элективті курсы жүргізуде тәжірибеде қолданылды. Ал формалар топтық, жұптық, шағын топтық ұжымдық жұмыстар түрінде ұйымдастырылды.

Педагогтардың жаңашылдық әдістер мен технологияларды меңгеруі білім саласын жаңғыртудың негізгі саласының бірі. Оның түпкі мақсаты білім алушылардың танымдық белсенділігінің негізінде оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыру. Сондықтан егер, өткен уақыттарда таным үдерісін біз «білім беру», «оқыту», «үйрету» деп түсінсек, бүгінгі уақытта бұл түсініктерді белсенді және интербелсенді әдістерге негізделген «білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп ұғыну деген болар едік. Мұндай ұстаным бүгінгі күні әлемде жүріп жатқан жоғары оқу жүйесінде Болон үдерісінің идеяларын толық қамтып, өзінің мазмұнын осы үдеріспен байланыстыруы ЖОО-ның жұмыстарына елеулі өзгерістер енгізуді талап етеді.

Белсенді әдістер немесе белсенді оқыту дегеніміз «белсенділік» деген ұғымнан туындайды. Адамның білім алуының белсенділікке негізделуі Л.С.Выготский және С.Л.Рубинштейн ұсынған сананың қоғамдық - тарихи сипаты туралы идеяларынан бастау алады. Соның негізінде П.И.Зинченко, А.А.Леонтьев, П.И.Гальперин т.б. әрекеттің құрылымын және сананың білім алуға әсерін зерттеді.

Педагогика оқулықтарында белсенді оқыту әдістерін төмендегіше сипатталады:

1) білім алушылар мен оқытушының оқу барысындағы өзара іс-қимыл, амал мен тәсілдердің жиынтығы;

2) білім алушыларды жаңа идеяларды іздестіру, шығармашылық белсенділігін, ойлау әрекетін жаңа мәселелерді шешуге ынталандыратын педагогикалық ықпал ету әдістері мен тәсілдері.

Дәстүрлі оқыту мен қазіргі таңда кеңінен қолданылып жатқан біріккен шығармашылық, ынтымақтастық педагогикасы аясында пайда болған оқыту жүйесі бойынша сабақтың басты мақсаты – санаткерлік, рухани, физикалық қабілеттерін, қызығушылығын, дәлелдерін дамыту, ғылыми-материалистік көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Ал сабақтың мазмұнына келер болсақ, ол – таным тәсілдерін, айналадағы орта мен өзінде болып жатқан қоғамдық және жеке адамға қатысты маңызды қайта құруларды меңгеру. Ынтымақтастық педагогикасы аясында құрылған оқытудың қозғаушы күші деп шығармашылық қуаныш, өзінің өсуін сезіну, білімін жетілдіру, өзіне сенім арту танылады. Ал жұмыс әдісі – біріккен қызмет, іздену, танымдық әңгіме, пікірталас, оқытушы мен студенттің ынтымақтасу мүмкіндігі. Озық сабақ ұйымдастыру үдерісі оқушымен біріккен мақсатқа жету, сұрақтарға жауап іздеу, әртүрлі өмірлік міндеттерді шешу, ұжымдық мақсаттың орындалуы, игерілуге тиіс материалды уақыт шеңберіне сыйғызу, топтық және жеке жұмыстардың болуы арқылы жүзеге асады.

Жоғары оқу орындарында қолданылатын белсенді оқыту әдістеріне: ойталқы, алгоритм бойынша мәселе шешу, нақты жағдаяттарды талқылау, жатады. Сонымен қатар студенттерді белсенді жағдайға қоятын: проблемалық дәріс, дәріс - консультация, дәріс пресс-конференция, екі кісі жүргізетін дәріс, дәріс - әңгіме, дәріс - дискуссия, дәріс – зерттеу, кері байланыс элементтері қолданылған дәріс сияқты түрлері кеңінен қолданылады.

«Ойталқы» – күрделі мәселелердің шешімін бірлесе іздеу жолымен студенттердің ойлау қабілеттерін белсендіру әдісі (оны американдық психолог А.Осборн ұсынған). Оқу үдерісіндегі «ойталқы» ешкімнің мәжбүрлеуінсіз, білім алушылардың өз еріктерімен біріккен 5-6 студент бар топтар арасында жүреді. Мұнда ешқандай сын, өзін-өзі сынау болмайды, ең тосын, тіпті шындыққа жанаспайтын идеяның өзі де қабылданып, топтық сараптаудан өтеді. Рейтинг жолымен пән мазмұнындағы күрделі де өзекті тақырып таңдалады.

Бұл әдістің негізгі міндеттері:

- мүмкіндігінше, көп идеяларды жинақтау;
- ғылымға немесе оқуға қатысты мәселелерді шешу;
- студенттің шығармашылық ойлауын дамыту;
- ынтымақтастықты дамыту.

Ойталқы – топ мүшелерінің белгілі бір тақырып бойынша белсенді жұмыс істей отырып, соған қатысты айтылған түрлі идеяларын өз ішінде талқылап, ортақ келісімге негізделгендерін жазып ұсыну әрекеті. Бұл әрекет жүргізуші тарапынан нақты белгіленген уақытқа сыйымды түрде орындалуы шарт.

«Ойталқы» ережелері:

1. «Ойталқы» кезінде идеяларды сынамаңыз, бағаламаңыз, талқыламаңыз және қорғамаңыз. «Ойталқы» әдісінің міндеті – белгілі бір шектеулі уақыт

аралығында андаған жаңа идеялардың тууына мүмкіндік беру. Идеяларды бағалау, талқылау және іріктеу оның келесі сатысының міндетіне енеді.

2. Топ мүшелері мейлі ол қандай болсын, әйтеуір ойына келген идеялардың, шешімдердің, мысалдардың барлығын ортаға тастауы қажет. Әрбір идея толық айтылуы тиіс. Келесі кезеңде жаңа идеяларды ойлап отырғаннан гөрі сол айтылғандарды електен өткізіп, ішінен ақылға сыйымдысын таңдау оңай болады.

3. Бұл кезеңде идеялардың сапасынан гөрі санының көп болуына назар аударылады. Идеялар саны көп болған сайын, олардың ішінен қажеттілерді табу оңайлайды деген сенімділік те арта түседі. Егер жеке жұмыс істесеңіз, онда басыңыздағы барлық идеяларды қағазға түсіріп алыңыз.

4. Айтылғандардың ішінен енді жаңа идеяларды ажыратып алыңыз. Оларға түсінік беру мен түзетулер енгізуде де шығармашылық шабыт қажет. Топ мүшелерінің қай-қайсысы да идеяларды жетілдіруге, басқа нұсқаларын ұсынуға құқылы. Сондықтан қолыңызда бар идеяларды тағы бір екшеп қарау артық болмайды, мүмкін олар тағы бір жаңа идеялардың тууына алғышарт қалыптастыруы ғажап емес.

Биік нәтижеге жетудің кілті мен ережесі – қатысушылардың белсенділігінен туындайтын достық қатынастың қалыптасуы.

«Ойталқы» кезеңдерін мақсатты айқындау, қатысушылардың пікірлерін айтуға бағыттау, басқалардың ойларын жетілдіру мақсатында қолдану, ойларының дұрыс құрылуы деп қарастыруға болады.

«Ойталқы» әдісінің соңында жеке адам немесе топтар айтылған ойлардан жалпы қорытынды жасау үшін үдерістің нәтижесін қарастырады. Шағын топтар бірлесе отырып мәселені шешеді, содан кейін сол ойларын жалпы топ алдында талқылауға ұсынады (әр топтан әр түрлі өкілдер сөйлейді). Барлық жұмыс өте жылдам әрі ұйымдасқан түрде атқарылады. Бұл әдіс тек қана қарым-қатынас мәдениетіне үйретіп қоймайды, сонымен қатар студенттердің шығармашылық әлеуетін арттырады, ойлаудағы жасандық пен біртектіліктен арылтады.

Студенттер мен білім алу барысында қолданылатын тиімді әдістер өзара немесе интербелсенді әдістер болып табылады. Интербелсенді оқу/оқыту бірінші мезетте білім игеру үдерісіне қатысушылардың тиімді қарым-қатынасына негізделеді. Ағылшын тілінен келген «интерактив» сөзі де осы ұғымды білдіреді: «inter» дегеніміз «өзара» мағынасында, ал «akt» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Демек «интербелсенді» дегеніміз диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші – үйренуші», «үйренуші — өзімен өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқыту білім игеру үдерісін төмендегідей ұйымдастыруды қарастырады:

- барлық үйренушілерге бірлескен таным үдерісіне белсенді араласуға мүмкіндік жасау;
- әрбір үйренушінің өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы ой толғануына мүмкіндік жасау;
- үйренушілер білімді өздігімен құрастыратын орта құру;

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік бағытын (көзқарас, дүниетаным) ұстану және т.б.

ҚОСЫМША Е

«Психологиялық және танымдық» бағыттағы жүргізілген жұмыстар

«Менің сүйікті мамандығым» тақырыбындағы семинар-тренинг.

Семинар-тренингтің негізгі міндеті – болашақ педагог-психологтардың өздерінің кәсіби мамандығына бейімделуіне дағдыландыру.

«Менің сүйікті мамандығым» атты семинар тренинг жоспары төмендегідей қадамдардан тұрды:

1. Сергіту сәті;
2. Түстер бойынша топтастыру;
3. Ситуациялық тапсырмалар;
4. «Менің сүйікті мамандығым» жаттығуы;
5. «XXI ғасыр педагог-психологы ол қандай?» (топтар эссе, бес жол өлең, ассоциация т.б. қорғау)

Сергіту сәті «Австриялық жаңбыр» ойыны түрінде ұйымдастырылды. Бұдан соң гүл бейнесіндегі түстер бойынша білім алушылар 4 топқа бөлініп отырады. Әр топқа ситуациялық тапсырмалар беріледі.

I-топ.

1. Сіз мектепте педагог-психологсыз пән мұғалімі үнемі қоңырау соғылғаннан кейін сабаққа кешігіп келетін оқушы туралы шағым айтты. Сіздің іс-әрекетіңіз?

2. Сіз бірлестік жетекшісісіз, бірлестігіңіздегі педагог-психологтар берілген тапсырманы дер кезінде орындамады, сізге директор шұғыл түрде тапсырманы орындауға бұйрық берді, не істер едіңіз?

3. Сіз мектепте педагог-психологсыз, қабылдауыңызда бір педагог-психолог отыр, үстіңізден есік қақпастан екінші педагог-психолог кіріп келді. Осы іс-әрекетке қандай сипаттама берер едіңіз?

4. Сіз оқушылармен психологиялық сабақ өткізіп жатырсыз. Сабақ үстінде бір педагог-психолог рұқсатсыз кіріп, кешірім сұрамастан хабарландыру айтып, білім алушыларға зілді сөйлеп кетті. Сіздің көзқарасыңыз?

II-топ.

1. Жас маман психолог мектепке келді. Сіз оған тәлімгер болып тағайындалдыңыз. Оның сабақ беруден тәжірибесі аз. Ең алғашқы көмегіңіз?

2. Ұжымда жас ерекшеліктері әртүрлі педагог-психологтар бар. Ұжымда сыйластық пен достық қарым-қатынас орнату үшін қандай іс-шараларды көбірек өткізген дұрыс деп ойлайсыз?

3. Сіз өз ұжымыңыздағы бір педагогтың педагогтік іс-әрекетке жатпайтын олқылығының куәгері болдыңыз. Не істер едіңіз? (Дұрыс кеңес бересіз бе, немқұрайлы қарайсыз ба?)

4. Әріптесіңіз отбасы жағдайына немесе денсаулығына байланысты 1-2 күн жұмысты алмастыра тұруын өтінді. Келісесіз бе? Келіспеген жағдайда неліктен?

III-топ.

1. Адамда бәрі де әдемі болуы керек: «Ақылы да, ойы да, келбеті де, әдебі де, мінез-құлқы да, киген киімі де, жүріс-тұрысы да». Психолог маманы ретінде осы туралы не айтар едіңіз?

2. Сіз 1-ші сабаққа ұйықтап қалдыңыз, әрине жұмысқа кешіктіңіз, оқушылардың алдына қалай кіресіз? Не себеп айтасыз?

3. Сіз журнал толтырар алдында журнал толтыру ережесімен толық танысасыз ба? Сіз қалай толтырасыз? Бұл жөнінде бірінші кімнен көмек сұрайсыз?

4. Сіз тәжірибеңіз мол педагог-психологсыз немесе мұғалімсіз сізден әріптесіңіз әдістемелік көмек сұрады. Көмектесе аласыз ба?

IV-топ.

1. Сіздің тәжірибеңіз мол болғанымен, өз тәжірибеңізде кездеспеген қиын сауал кездесті. Кімнен, қайдан көмек аласыз?

2. Сіздің ойыңызша мектепте «қиын» педагог-психолог бар ма?

3. Біздің топ ұйымшыл да тату топ қатарына жата ма? «Иә» деген жағдайда дәлелденіз, «жоқ» деген жағдайда қандай кеңес берер едіңіз?

4. Оқушыларды «ҰБТ»-ға психологиялық дайындыққа өз ұсынысыңыз, бөлісетін тәжірибеңіз.

«XXI ғасыр педагог-психологы ол қандай?» тапсырмасын топтар эссе, бес жол өлең, ассоциация, схема түрінде үлгісін жасап қорғайды. Бұл жаттығуларды орындауда болашақ педагог-психологтардың жеке индивидуалдық іс-әрекет стилін табуға көмектесу үшін әрбір қатысушымен кері байланыс орнатылады. Бұл жерде жекелік индивидуалдығын басу ізімен емес, өзіндік «Мені» мен кәсіби мүмкіндіктерін ашудағы үйлесімділік пен толық жетілуді табу.

Тренингке қатысушылар оқытушымен бірлескен іс-әрекетке белсенді қатысып, өзіндік тәжірибесін кеңейтіп, жүйелейді. Бұл тренинг арқылы біз болашақ педагог-психологтардың ғаламдық білімдік кеңістікте еңбек етуге сәйкес педагог-психолог тұлғасына қойылатын талаптар, оның нобайы, өз таңдаған мамандығына деген құрмет, педагогикалық қызметте кездесетін қиындықтарды шешу, педагогикалық ұтқырлықты қалыптастыруға мүмкіндік алады.

Топтық психологиялық тренинг рәсімі төмендегідей: Қатысушылар «Алғашқы әсер» ерекшеліктерін меңгереді. Жаттығу коммуникациялардағы ырықсыздық дағдысын, өзін-өзі таныстыру дағдысын, қарым-қатынастағы рефлексияны дамытуға мүмкіндік береді, сенім мен сенімсіздік тақырыбын көтереді, сынға деген қатынасты диагностикалауға, әлеуметтік қажеттілікке мінез-құлықтың бейімделуіне жол ашады.

Мазмұны: Адамның бойында басқа бейтаныс жанмен болатын қатынастардың сипатын жылдам анықтау қажеттілігі ырықсыз сезімдермен сақталған. Тренинг алдында мынандай хабарлама жасалды. Біздің арғы аталарымызға жолда оларға кім кездескенін барынша жылдам анықтау аса маңызды болды: Ықтималды жау ма? Ықтималды ниеттес жан ба? Ықтималды жаумен кездесу мүмкін опат болу қаупін төндірді. Ықтималды доспен (ниеттес

жанмен) жолығу қандай да бір көмектің болып қалуын білдірді (тіпті ортақ жауға бірігуге қатысты болса да). Сондықтан екі түрлі қателіктің кездесуі мүмкін болды: 1) дер кезінде жауды айырып танымау; 2) дер кезінде досты айырып танымау. Әрине, бірінші аталған қателік айтарлықтай қауіпті болды.

Пікір алмасу тақырыбы: «Мен барлығына жауаптымын».

Оны ұйымдастыру үшін алдымен төмендегідей сұрақтар әзірленді:

1. Жауапты болуды сіз қалай түсінесіз?
2. Жауаптылықтың көрінісі қандай?
3. Қандай жауапкершілік алудан қорқасыз?
4. Жауапсыз адамдардан қоғамға зиян бар ма?



Psychology Discussion Club



Title	Objectives	Form	Duty holders	Date
You and Your Study Experience*	Ask questions: 1.Where Are You Now? 2.Where Do You Want to Go?	Test, discussion	Sergazy S.A.	16.09
Psychology as a Science	Describe the difference between values and facts and explain how the scientific method is used to differentiate between the two.	Presentation, discourse	Ilyasova D.T.	14.10
Psychology field in Kazakhstan	Guest speaker Kazakhstan Psychologists Association	interview	Sergazy S.A. Chazhabayeva I.	18.11
Organizing Your Space	Recognize the importance of organizing your space to your best advantage for studying.	Checkpoint Exercises	Sergazy S.A.	02.12
Goals and Time Management*	1. Make short-, mid-, and long-term goals that are realistic and specific and commit to them. Set priorities for reaching your goals as a basis for time management.	Training exercise	Sergazy S.A.	20.01
Let's Talk about Success*	Understand that success in college means much more in the long term than simply passing or getting good grades. List steps you can begin taking immediately to ensure your success.	Discussion, Checkpoint Exercises	Sergazy S.A.	17.02
The Learning Cycle: Four Steps to Learning*	Understand and make effective use of the four steps of the learning process. Describe the different learning styles of different college students and recognize your own learning preferences.	Presentation Checkpoint Exercises	Ilyasova D.T.	17.03
Career Development Starts Now*	Define the difference between a job and a career. Guest Speaker	Interview	Sergazy S.A.	14.04
Behavioral and Molecular Genetics*	Outline the methods of behavioral genetics studies and the conclusions that we can draw from them about the determinants of personality. Explain how molecular genetics research helps us understand the role of genetics in personality.	Presentation, discourse	Ilyasova D.T.	05.05
*College Success by University of Minnesota, *Introduction to Psychology by University of Minnesota				



Psychology Discussion Club



Dear students and university officials,

This course is intended for those, who want to deepen their knowledge in the field of psychology, strengthen their english speaking skills and find new friends!

Event Timing:: 13:00-14:00

ҚОСЫМША И

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«ШЕСЕНОВ атындағы
КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ
УНИВЕРСИТЕТІ» ШЖҚ РМК



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

РГП на ПХВ «КАСПИЙСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ТЕХНОЛОГИЙ И ИНЖИНИРИНГА
имени Ш.ЕСЕНОВА»

THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
RSE "CASPIAN STATE UNIVERSITY OF TECHNOLOGIES AND ENGINEERING named after Sh.YESSENOV"

Қазақстан Республикасы,
130003, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 32 м/а.
Tel: +7 (7292) 42-57-01

Republic of Kazakhstan,
130003, Mangystau region, Aktau city, 32 mer.
Fax: +7 (7292) 42-57-77
http: www.yu.edu.kz

Республика Казахстан,
130003, Мангыстауская область, город Ақтау, 32 мкр.
E-mail: info@yu.edu.kz

№ 06-12/318

14. 05. 2019

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
Ғылыми жұмыс және
халықаралық ынтымақтастық
жөніндегі проректор
А.Т.Құлсариеваға

АНЫҚТАМА

Бұл анықтама Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің 6D010300-Педагогика және психология мамандығының PhD докторанты **Тілекші Мақсатқызы Есімғалиеваның** «Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін көптілді білім беру жағдайында қалыптастыру» тақырыбындағы зерттеу жұмысының эксперименті Ақтау қаласының Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқытушылары мен 5B010300-Педагогика және психология мамандығы студенттерінің арасында жүргізілгендігін растайды.

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі
проректор

А.М.Бостанова

Орындаған: Кошимова Б.А.
Телефон: +7 (7292) 425733
Email: bibatpa.koshimova@yu.edu.kz


001571

ҚОСЫМША К

Эксперимент кезінде өткізілген сабақтар



Кесте К 1



Кесте К 2



Кесте К 3



Кесте К 4



Кесте К 5